




# ЕЖЕЛГІ КАЗАКСТАН

арийлер сақтар ғұндар түркілер



# ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН

арийлер сақтар ғұндар түркілер



ар<sup>у</sup>на

Бас редакторы Алтынбек Сәрсенбаев

Редакциялық алқа: Ә.Нысанбаев, Б.Көмеков, Ә.Асқаров, А.Бейсенов, Т.Жұмаханов, К.Райымбеков, Б.Иманөлиев, Б.Жұматаев, Т.Шаңбай, Л.И.Тетенко, Қ.Байғабылова, Д.Алина

**ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН:** Қазақстан балалар әнциклопедиясы.  
Алматы. “Аруна” баспасы, 2002. 224 бет, илл.

Құрастыруышы-авторлар:  
Т. Жұмаханов, Т.Шаңбай, Б.Жұматаев, Л.И.Тетенко

Рецензент – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі Болат Қөмеков



ISBN 5-7667-3232-7

© “Аруна” баспасы, 2002



## Жас дос!

Сен қазір көп нәрсені білесің. Фалымдар адам баласы төрт-бес жастан бастап көрген-білгенін есте сақтауға қабілетті деп есептейді. Ал сен болсан, ондай сәби шақтан өлдеқашан өтіп кеткенсің.

Аулада асыр салып ойнап жүріп-ақ айналадағы бірталай құбылыстың мәнін түсіндің. Атаң мен әжеңнің, көкең мен мамаңның, ағаң мен әпкеңнің, құрбы-құрдастарыңның айтқан ертегілері мен жәй әңгімелерінен-ақ өзінді қоршаган орта туралы, бұрын өткен оқиғалар жайында көкірегіңе көп сыр түйдің. Ең алғаш үлкендерге еріп хайуанаттар бағына, циркке, театрға барған күн есінде ме?!

Мынау дүниенің мың сан таңғажайыптары көз алдында тұрды емес пе! Ал өзің тұратын ауылдан немесе қаладан ұзап шығып, табиғат аясында сे-руендеген сөттерің ше? Алыста тұратын туыс-қандарыңа қызырып барған жолсапарларды еске алшы. Сонда көзің көрген тосын жаңалықтан, кеудене құйылған бұла сезім өсерінен басқа бір өлемге тап болғандай күйге түстің емес пе.

Бұрын жәй қызық ойын сияқты қабылдайтын теледидар хабарларын қазір таңдаң, талғап көретін болғаның анық. Одан өзің бұрын көрмен фильмдер мен естімеген жаңалықтар іздейтінің де түсінікті. Соңғы кезде көптеген құрбыларың секілді бейнемагнитофоныңа жаңа бейнетаспалар іздеп, дүкен сөрелерін сүзіп шығатыныңды да білеміз. Тіпті, үйдегі компьютерінді

интернетке қосып алып, әлемдегі құрбыларыңың сол сөтте қандай хабар таратып жатқанын қадағалауды ұнатуың да мүмкін. Білуге құмарлық, жаңалыққа құштарлық, тосын дүниені тезірек көрге өуестік – барша адам баласының бойында бар қасиет.

“Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы”, – дейді қазақ халқы. Бұл мақалдың мәнін мектеп табалдырығын аттап, сан салалы білім негіздерін үйрене бастаған өзің де терең түсінген боларсың. Теледидар көріп, интернеттен жаңалық іздегенниң жөні бір басқа да, бүкіл дүниенің қылышы-қылышы құпияларын жүйе-жүйесімен түсіндіретін кітап оқығанның жөні бір бөлек.

Кітап өлемі де сан алуан түрге бөлінеді. Ең алғаш өзің құмарта оқыған ертегілер жинағы бар. Қызықты кино іспетті шым-шытырық оқигаларымен еліктіріп әкететін көркем шығармаларды да оқып көрдің. Фылымның әр саласының негіздерін үйрететін мектеп оқулықтары, тіпті, күнделікті серігің сияқты. Оларға қосымша компьютер, математика, тарих т.б. туралы танымдық кітаптарды оқып жүргеніңде күмәнданбаймыз. Бірақ мұның бәрі біртұтас білім мұхитындағы бір-бірінен оқшау жатқан ойдым-ойдым аралдар тәрізді. Оларды қалай біріктіру қажет? Міне, осы сұраққа өлемнің әр қиырындағы ғұламалар ежелден -ақ жауап іздеумен болған. Ақыры амалын тапқан. Олар тапқан амал – адамзат баласы білген білім негіздерін, басынан өткен оқигаларды, барлық заттар мен дүниelerді, табиғат нысандары мен құбылыстарын, ұлы тұлғаларды т.б. бір кітапқа жүйелеп, қысқаша түсіндіріп шығу болатын. Ол кітапты “ғылымдар тізбесі” немесе “энциклопедия” деп атаған. Мұндай алғашқы энциклопедияларды құрастырушылардың қатарында біздің ұлы бабаларымыз, қазақ даласынан шыққан ғұламалар Әбу Наср әл-Фараби мен Махмұт Қашқаридің болғанын біз мақтаныш етуге тиіспіз.

Кейін пайдалануға жеңіл болу үшін әр жастағы адамдарға, әр түрлі саланың мамандарына арналған энциклопедиялар шығатын болды.

Фылымның барлық саласын қамтитын, ересек адамдарға арналған көп томдық үлкен энциклопедияларды – әмбебап энциклопедия дейді. Сонымен қатар, жеке-жеке гылым салаларының ұғымдары мен жаңалықтарын жүйелеп баяндайтын салалық энциклопедиялар, жеке ғұламаларға қатысты ғана деректер жинақталған тұлғалық энциклопедиялар, әр жастағы бөбектерге арналған балалар энциклопедиялары, т.б. бар. Айтпақшы, олардың кейбіреулери өзіңде де жақсы таныс болар. “Әлемде талай қызық бар”, “Ол кім? Бұл не?”, “Негеш”, т.б. кітаптарды оқып шығуың да мүмкін. Бірақ бұл аталған кітаптардың бәрін кезінде Ресей баспағерлері құрастырган еді. Солардың кейбіреулери ішінара өзгерістермен қазақ тіліне аударылып жарық көрді. Олардан өзің тұратын елкеге, өз халқының тарихына, туған еліңдің табиғатына қатысты деректерді таба алмай жүргенің де сондықтан.

Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатымен “Аруна” баспасы қазақ энциклопедияшыларымен бірлесіп, алғаш рет еліміздің өз балалар энциклопедиясын шығаруды қолға алыш отыр. Он алты кітаптан тұратын алғашқы “Қазақстан балалар энциклопедиясында” еліміздің ежелгі замандардан күні бүгінге дейінгі тарихы, халқымыздың өзіндік дүниетанымы мен дәстүрлері, туған Отанымыздың табиғаты мен байлықтары, қазіргі заманғы ғылым-білімнің негіздері – бәрі-бәрі рет-ретімен жүйеленіп баяндалатын болады. Бұл кітаптардың атауы мен жарыққа шығу реті туралы қолыңдағы кітап мұқабасының соңғы бетінен толық мағлұмат ала аласың.

Сонымен, қолыңыздағы кітап – он алты томдық “Қазақстан балалар энциклопедиясының” алғашқы бөлігінің бірінші кітабы. Біз алғашқы төрт кітапты топтастырып, еліміздің ежелгі дәуірлерден қазіргі күнге дейінгі тарихын қамти-тын бұл бөлікті “Тарих Ата” деп атадық.

Неге Тарих Ата? Еліміздің балаларға арналған алғашқы энциклопедиясын біз неге Отанымыздың тарихын баяндаудан бастап отырмыз?

“Ең алдымен өзінді өзің таны!” Ежелгі грек

ғұламасы айтқан осы пікір білім құған, өлемнің құпия сырларын білгісі келген кез келген адам үшін өлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Өзін өзі толық білмеген адам өзге дүниені де біле алмайды. “Өзінді танығаның – хақты танығаның” – дейді біздің тағы бір ұлы бабамыз Қожа Ахмет Иасауи. Хақ деп отырғаны – ақиқат, дүниенің мәні.

Демек, әрбір адам, ең алдымен, өз елінің өткен тарихын, халқының салт-дәстүрлерін, туған Ота-нының табиғатын жақсы білуі керек. Сонда ғана ол өзге елдердің тарихын, басқа халықтардың дәстүрін, бүкіладамзаттық өркениет қазыналарын терең түсіністікпен қабылдай алады.

Жер бетіндегі адамзат біртұтас. Олар ежелгі замандардан бері бір-бірімен араласа жүріп гұмыр кешкен. Біздің ата-бабаларымыз да солай өмір сүрген. Қыыр шығыстағы Тынық мұхиттан бастап, батыстағы Атлант мұхитына дейінгі ара-лықта ежелгі ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолының ізі сайрап жатыр. Олар жақын көршілерімен ғана емес, алыстағы италиялықтармен де, германдықтармен де, мысырлықтармен де қарым-қатынас жасап, өзара ықпалдаса білген. Тек біз сол тарихты бұрын оқымай келдік. Өз тарихымыздан гөрі өзге елдер тарихынан көбірек хабардар болдық. “Тарих Ата” енді сені, қадірлі жас дос, өзіңің ата-бабаларының басынан өткізген шынайы тарихымен таныстырады. Сөйтіп сен туған елінде ежелгі дәуірлерден бастап бүгінгі күнгे дейін болған оқиғалардың ізімен саяхатқа шыққандай өсерге бөленесің, мол мағлұмат аласың.



*Алтынбек Сөрсенбаев,  
саясаттану ғылымының докторы*



ТАРИХ АТА

# АРИЙЛЕР

Біздің заманымыздан бұрынғы 3000 – 1000 жылдар аралығы.





Қаратаудың басында кеме қалған,  
Ол өулие болмаса неге қалған!

Халық жыры

Нұқ пайғамбар туралы азыз есінде ме, жас дос! Бүкіл жер-жашанды топан су басқаны туралы айтылатын еді гой онда. Сол кезде Нұқ пайғамбар ғұмыр бойы адал еңбекпен өмір сүріп, ақ ниетінен айнымаған адамдарды кемесіне мінгізіп, топан судан алып шықпаушы ма

## ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЛА ДӘУІРІНДЕ ӨМІР СҮРГЕН ТАЙПАЛАР

8



Суретте: Қазақстанда қола дәуірінде өмір сүрген тайпалардың тұрағы (П.Агаповтың реконструкциясы бойынша)

Қазақстанда қола дәуірінде өмір сүрген тайпалардың қоныс орындары өте көп. Өте ертедегі палеолит, мезолит, энеолит дәуірлерінің өзінде қазіргі қазақ жерінде адамдардың қоныстасып, өмір сүргеніне Бестөбе, Бөріқазан, Маятас, Ботай тағы басқа қоныс орындары дәлел. Осы қоныс орындарына археолог-ғалымдар қазба жұмыстарын жүргізгенде түрлі бұйымдар, тас құралдар, ыдыстар, қару жарак, құрал-саймандар табылған. Бұлардың барлығы ата-қоныс Қазақстан жерінде сол дәуірде өмір сүрген адамдардың тұрмыс-тіршілігін көрсетеді. Мұндай қоныстар қазақ жерінде жүздел, мындалап саналады.





еді. Бір қызығы – дәл осыған ұқсас аңызды Жер шарының әр қырын қоныс еткен халықтардың көпшілігі айтады. Тіпті Нұқ пайғамбардың кемесінің өз еліндегі биік таудың басында тас болып әлі қүнге қатып тұрганына өздері кәміл сенеді, өзгелерді де сендіргісі келеді. Мысалы, армян халқы сол кеме Аарат тауының басында десе, еврей жұрты оны Сион тауының басындағы Дәуіт пайғамбар сарайына қойылған деп сандыды. Ал біз – қазақ халқы Нұқ пайғамбардың қасиетті кемесі өулие тау Қарататуда қалғанына кәміл сенеміз.

Бұлардың бәрі – аңыз. Аңызға айналып бізге жеткен бағзы за-

## АРИЙЛЕР



9


Арбаны біздің арғы ата-бабаларымыз ойлап тапқан



мандар шындығы. Фалымдардың болжасы бойынша, ежелгі адамдар қоныстары жер бетінде осыдан 2,5 миллион жыл бұрын пайда болған. Ал Қазақстан фалымдары біздің еліміз аумағында ежелгі адамдар осыдан 1 миллион жыл бұрын қоныстана бастаған деп есептейді. Алайда біздің заманымыздан 40 – 35 мың жыл бұрын жер беті күрт салқындалап, құрлық бетін тұтасқан көк мұз басады. Жайқалған жұмақ жер беті бірте-бірте қақаған аязға оранып, адам да, аң да мың-мындалап қырғынға ұшырайды. Адамдардың тірі қалғандары үңгірлерді паналап, от жағуды үйренетіні осы кез. Бұрын жеміс теріп, өсімдіктердің

## АРИАНАМ ВАЙДЖА

10



Тұган жер келбеті

### АРИАНАМ ВАЙДЖА

– ертеде қазіргі Қазақстан мен Орта Азия жерінде тұрган арий тайпаларының түпкі Отанын осылай деп атаған. “Авеста” жинағында айтылатын арийлердің Отаны, тұрган жерлері Алтай, Памир таулары, Тянь-шань (Тәңір тау) жүйесі, одан ағып шығатын Әмудария (ол кезде Ардви деп аталған) және Сырдария (ол кезде Датьи деп аталған) өзенінің саяғасы деп көрсетіледі. Еділ (бұрын Ранха), Каспий (бұрын Варахуша) теңіздерінің жағалауығыныңда “Арийлер жері” деп аталағы. Қазақстан жерінен табылып жатқан мәдени және тарихи ескерткіштер арийлөрдің осы аймақта өмір сургенін көрсетеді.


Ежелгі адамдар қоныстары жер бетінде 2,5 миллион жыл бұрын пайда болған.



тамырын жинап, балық аулап, күші жеткен аңың етін гана қанагат тұтып үйренген адам баласы енді аңшылықты қөнігі көсіпке айналдыра бастайды. Ұжымдасып үлкен аңдарды қолға түсіретін ор қазуды, тастан үшкір қару-жарақтар жасауды үйренеді. Фалымдар мұны “тас ғасыры” деп атайды.

Бұл кезде құрлық бетін құрсаған көп мұз да бірте-бірте еріп, солтүстікке шегіне бастаған еді. Сірө, Нұқ пайғамбарға қатысты айтылатын жер бетін қаптаған топан су туралы аңыз да осы кезеңің шындығын бейнелейтін болса керек. Топан судан, ең алдымен, биік

### АРИЙЛЕР (Б.З.Б. IX ФАСЫРҒА ДЕЙІН)



Арийлер мекендереген аумақ

Тас ғасыры біздің заманымыздан бұрынғы 2 млн. – 6 мың жыл бұрынғы кезеңді қамтиды. Тас ғасыры ежелгі (палеолит), орта (мезолит), жаңа (неолит) дәуірлерге бөлінеді.



қыратты қоныс еткен адамдардың аман қалатыны белгілі. Осы адамдардың өзге аймақтағыларға қарағанда ертерек ес жиып, оң-солын бұрынырақ тани бастайтыны түсінікті. Біздің еліміз – қазіргі Қазақстанның аумағы дәл сондай қыратты аймақтардың бірі еді. Сондықтан біздің өлкені қоныстанған алғашқы адамдар, яғни біздің арғы ата-бабаларымыз қолға мал үйретуді, тас құралдардың орнына қолына қоладан жасалған қанжар мен найза ұстауды, ат жегіп арба мінуді, бір сөзben айтқанда, адами мәдениетті өзге аймақтағы тектестеріне қарағанда ертерек меңгерген.

## АНДРОН МӘДЕНИЕТІ

**12** **Андрон мәдениеті** – Қазақстан, Сібір және Орталық Азия жерлерінде мекендереген тайпалар мәдениеті. Бұл ескерткіштердің тұңғыш рет 1914 жылы Ачинск қаласының маңындағы Андрон деревнясының маңынан табылуына байланысты ғанағылымда осылай аталып кеткен. Бұл мәдениет Қазақстан жерінде сол дәуірде мекендереген тайпалар арасында кеңінен таралған. Осы мәдениет өзінің таралу аймағына және өзіндік ерекшеліктеріне қарай тарихи уш кезеңге бөлінеді. Алғашқысын “ерте кезең” деп атайды. Ерте кезеңге біздің заманымыздан бұрынғы XVII – XVI ғасырлардағы Петров мәдениетін жатқызады. Ал, екіншісін “орта кезең” деп атайды. Орта кезеңге біздің заманымыздан бұрынғы XV – XII ғасырлардағы Алакөл – Атасу, Федоров – Нұра мәдениеттерін жат-

қызады. Ал, үшіншісін “соңғы кезең” деп атайды. Соңғы кезеңге біздің заманымыздан бұрынғы XI – IX ғасырлардағы Сарығары, Бегазы – Дәндібай мәдениеттерін жатқызады. Андрон мәдениеті сол дәуірде өмір сүрген тайпалардың тұрмыс-салтынан мол мәлімет береді. Олар егін егіп, мал өсірген, аң аулап, құс атуды да көсіп еткен. Үйлерді шымнан, бөренелден салған, іргесіне тас қалаған. Алғашқы кезеңдегі қоныстарын биік дуалдармен қоршап, оны айналдыра оп қаздырған. Ал оның ішіндегі қала қебіне қамалға үқсаған. Орта кезеңдегі қоныстарында қамал болмаған. Қоныс ұлкейіп жүз, жүз жиырма үйге дейін жеткен. Соңғы кезеңде көшіп-қонуға ыңғайлы дөңгелек, құрастырмалы (диаметрі 6 – 10 метр) үйлерде тұрған. Олар мыс кендерін қазып

та пайдаланған. Олар адамзат өркениетінде металды шебер пайдаланған зергерлер болды. Сол кезеңді қола дәуірі деп атайдыны сондықтан. Діни наым-сенімдері бойынша құнгеле, отқа, қасиетті жануарларға табынған. Олардың бейнелері тастағы суреттерде, әшекей бүйімдарда көптеп кездеседі. Андрон мәдениеті кезіндегі тайпалардың тұрмыс-салты, кәсібі, қол өнері қазақ халқының тіршілігінде көп сақталған, яғни, ғылымда “андрон мәдениеті” деп аталатын өркениет бастауын біздің арғы ата-бабаларымыз жасаған.

Қола дәуірі б.з.б. 4 – 1 мың жыл бұрынғы кезеңді қамтиды. Кейіннен темір ғасырына ауысты.



Жер бетінде адам баласының алғашқы мәдениеттерінің мұндай орталықтары сирек. Мысалға, Қосөзен аймағы аталағын Евфрат пен Тигр өзендері бойындағы шумер мәдениетінің тарихын ғалымдар осыдан 6 мың жыл бұрынғы кезеңнен бастайды. Қытайдағы ежелгі мәдениет тарихы шамамен осыдан 5 мың жыл бұрын басталған. Біздің елімізде сакталған ежелгі мәдениет ескерткіштері де осылармен шамалас.

Сонымен, қазіргі Қазақстан жеріне бұдан 4 – 5 мың жыл бұрын өмір сүріп, бұл өлкені жер бетіндегі ежелгі мәдениеттердің орталығына айналдырган кімдер өзі? Олар немен айналысқан? Қалай гұмыр кешкен?

### АНДРОН МӘДЕНИЕТИ КЕЗЕҢІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРИ



Қазақстан жерін сол дәуірде мекендеген тайпалар арасында кеңінен тараған, әрі жоғары дамыған мәдениет түрі – сәндік өшекейлер көптеп кездеседі. Оған мына біздің заманымыздан бұрынғы VIII – VII ғасырлар аралығында жасалған шаш қыстырығыш пен білезік дәлел бола алады. Тек қана тіршілік қамы үшін ғана емес, әдемілік пен әсемдік үшін де талпыныс бастаудын сол дәуірден алады.

Қола дәуірінің асыл бүйімі шамасында жеткендердің ішінде мына пышақ пен қанжар да бар. Бұлардың нақтылы қай жерден табылғаны, қайда сақтаулы түрганы жайында толық мәлімет бар. Мысалы, мына пышақ біздің заманымыздан




бұрынғы X – VIII ғасырлар шамасында жасалған. Солтүстік Қазақстан облысы Шағылын қыстағынан табылған. Қазір Алматы қаласындағы Археология мұражайында сақтаулы. Ал, мына қанжар біздің заманымыздан бұрынғы XIII – XII ғасырлар шамасында жасалған. Орталық Қазақстан аймағынан табылған. Алматы қаласындағы Орталық Мемлекеттік мұражайында сақтаулы.



Фалымдар олар қалдырган мәдениет ескерткіштерін “Андрон мәдениеті” дейді. Бұл – шартты атау. Ең алғаш 1914 жылы Енисей өзенінің бойындағы Андроново деревнясының маңында сақталған қорғанды қазғанда ежелгі адамдар қауымдастырының бұрын ешкімге мәлім емес жаңа мәдени ескерткіштері табылған. Кейін дәл осындай ескерткіштер Алтай, Орталық Қазақстан, Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан өңірлерінен көптең кездескен. Фалымдар осынау кең-байтақ кеңістікте өмір сүрген адамдардың бір үлкен ұлсықа біріккен туыстас тайпалар болғанын анықтады.

### АНДРОН МӘДЕНИЕТІ КЕЗЕҢІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

14



Көне дәуірден бізге сақталып жеткен ескерткіштердің бір тобы – ыдыстар. Заттай де-ректер қола дәуірі тұрғындарының тұрмыс-салтынан бізге мағлұмат береді. Мысалы, жоғарыдағы жалпақ ыдыс Орталық Қазақстандағы Қотанемел бейітінен табылған. Шамамен біздің заманымыздан бұрынғы XIV – XIII ғасырларда жасалған. Үйдистың сыртындағы безендірілу мәнері кейінгі дәуірлердегі бұйымдарда да кездеседі. Біздің ата-бабаларымыз тұрмыста қажетті түрлі ыдыстарды жасап, оны пайдаланумен қатар, оған талғаммен қарап, безендіре отырып, өнер туындысын жасағанын осы бұйымдар дәлелдейді.

Ал, мына суреттегі ыдыс Шығыс Қазақстандағы Бесқұдық бейітінен табылған. Шамамен біздің заманымыздан бұрынғы XIV – XIII ғасырларда жасалған. Үйдистың сыртындағы безендірілу мәнері кейінгі дәуірлердегі бұйымдарда да кездеседі. Біздің ата-бабаларымыз тұрмыста қажетті түрлі ыдыстарды жасап, оны пайдаланумен қатар, оған талғаммен қарап, безендіре отырып, өнер туындысын жасағанын осы бұйымдар дәлелдейді.

Үйдистардың түрлі формада жасалып, ерекше өрнектермен әшекейленуі арғы ата-бабаларымыздың талғам деңгейінің биіктігін байқатады. Мына аузы тар әшекейлі ыдыс соның бірден-бір дәлелі. Бұл ыдыс Орталық Қазақстандағы Бегазы бейітінен табылған. Шамамен біздің заманымыздан бұрынғы X – VIII ғасырларда жасалған. Шындығында ыдыстың түрі, оның безендірілуі қолөнердің сол дәуірдің өзінде жақсы дамығанын көрсетеді.



тап, олардан қалған мәдени мұраларды өлгі деревня атауымен “Андрон мәдениеті” деп атады.

Ежелгі Қазақстан жеріндегі Андрон мәдениетін жасаған ұлыс құрамында әр түрлі туысқан тайпалар болғаны анық. Олардың ішіндегі ең белгілілері – арийлер мен турлар еді. Олар негізінен мал шаرعاшылығымен айналысқан. Жылқы, түйе, қой, сиыр өсірген. Егін де еккен. Алғашқыда олар кең байтақ даладағы шағын өзендер мен жылғалардың жағалауына қоныстанған. Жартылай жертөле үлгісіндегі үйлер салып, төбесін сабанмен жапқан. Жер жыртуға

### АНДРОН МӘДЕНИЕТИ КЕЗЕҢІНІЦ ЕСКЕРТКІШТЕРІ



Көне дәуірдегі тайпалардың егіншілікпен айналысқанын көрсететін көптеген құрал-саймандар қазақ жеріндегі ескі қоныс орындарынан табылуда. Қетпен немесе шот суармалы егіншілікпен айналысатын адамдардың құралы. Сыр өңіріндегі, жалпы қазақ даласындағы егіншілікпен айналысудың өте ертеде басталғанына осы бүйімдар дәлел бола алады.

Қола дәуірінде өмір сүрген тайпалардың тұрмыс-тіршілікте пайдаланған құрал-саймандарының бір түрі – шапа шоттар. Бұл Жетісү өңірінен табылған шапа шоттар біздің заманымыздан бұрынғы X – VIII ғасырларда пайдаланылған. Бұл құрал-саймандар ертеде жасалса да сапасы өте жоғары. Шапа шотты жасауға пайдаланылған металды ерекше шеберлікпен балқытып, пайдаланған.

Бұл құрал-саймандар да Жетісү өңірінен табылған. Шамамен біздің заманымыздан бұрынғы X – VIII ғасырларға жатады. Бұл дүниелер мыс қорыту және қола қую көсібінің сол дәуірдің өзінде дамығанын көрсетеді. Сондай-ақ, бұл саймандар сол дәуірде қолөнердің дамығанын байқатады. Бұл құрал-саймандарды өнер туындылары ретінде де тануға болады.



соқаны пайдаланған, егінді қол орақпен орган. Алайда негізгі шаурашылығы – мал өсіру болған.

Арийлер мен турлардың малды ауыл маңында баққаны белгілі болып отыр. Бір ауылда 10 – 20 отбасынан құралған бір рудың ғана адамдары тұрган. Эр отбасында 30 – 50 адам болған. Кейде бір руға жататын отбасылар бір ауылға симағандықтан қара шаңырақтан онша ұзамай жақын маңдағы өзен не көл жағалауынан жаңа қоныс салған. Осылайша рулық бірлестіктер қонысы бірте-бірте кеңеңе түскен. Қең байтақ далада әр ру оқшау өмір

### БЫЛҚЫЛДАҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

**16** Былқылдақ ескерткіштері – Қазақстан жерінде қола дәуірінде өмір сүрген тайпалар қонысы. Қарғанды облысы Шет ауданына қарасты Былқылдақ ескерткіштері үш топтан тұрады. Былқылдақ ескерткішінің жалпы саны 200-ден асады.

Бірінші топта 70-тен аса, екіншісінде 60, үшіншісінде 70 қоршау, гибадат орны, шыны тастар бар. Қабір-қоршауда жерленген адамдар мәйіті сол кездегі дәстүрге сай екі тізесін бауырына бүгіп, басын батысқа қарай қаратып жерленген. Ер адамдар жерленген қоршаулардан қару-жарактар табылса, әйелдер жерленген қоршаулардан қола моншақ, білезік, алтын сырға, андардың азу тістерінен жасалған алқа, тағы басқа көптеген бүйымдар табылды. Былқылдақ ескерткіштері қазақ даласының өте ертеден адамзаттың қонысы болғанын дәлелдейді.



Қазақстан жерін біздің заманымыздан бұрынғы XVI – IX ғасырларда мекендеген тайпалар ержүрек, батыр болғанын олар жасап, пайдаланған қару-жарактары дәлелдейді. Ежелгі қару-жарак шеберлері шынын садақтар, қанжарлар, найзалар және соғыс балталарының әр түрлерін жасалған. Мысалы, жоғарыдағы найза ұшығы сол кезеңде жасалған. Бұл найза ұшығы Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұражайында сақтаулы.



Қола дәуірдегі арий тайпалары түрлі еңбек құралдарын жасап пайдаланған. Қазақстан жерінен табылған жоғарыдағы ұзбекшілдік балта біздің заманымыздан бұрынғы X – VIII ғасырларда жасалған. Бұл бүйім өзінің сапасымен және сөнді жасалуымен де ерекшеленеді.

**Арийлер мен турлар бір ауылда 10 – 20 отбасыдан тұрган. Эр отбасында 30 – 50 адам болған.**



сүрген. Олардың араларын жүздеген шақырымдық кеңістік бөліп жатқан.

Бірте-бірте жеке рулар тұтас ұлыс болып бірігіп, іргелі мемлекетке айнала бастайды. Дәстүрлі мал шаруашылығының жағдайы оларды бірігүге мәжбүр еткен еді. Себебі жыл сайын өсе түскен мыңғырған мал бірте-бірте ауыл маңындағы өріске симайтын дәрежеге жетті. Ежелгі қоныстарының маңы тез тапталып, малды басқаша бағу қажеттігі туды. Енді бұрынғы отырықшы тұрмыстан гөрі жайылымдық мал шаруашылығының тиімділігі анық байқалды. Ол үшін кең

## ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАР



17

Мына суреттегі бір жарым оралымды шекелік сақиналар Қотанемел бейітінен табылған. Шамамен біздің заманымыздан бұрынғы XIV – VII ғасырлардың көмінде. Қол өнерінің үздік жасалған бұйымдары. Көне дәуірдегі осы сәндік сақиналар олардың талғамының биектігін байқатады. Сол кезеңде өмір сүрген апаларымыз берін аналарымыздың көзіндегі болбізге жеткен бұл сақиналар өзіне қанша сыр бүгіп жатыр десеңізші.

Жетісүдің шығысындағы “Мыңшұңқыр” зирағынан табылған қола сырға алтынмен жалатылған. Біздің заманымыздан бұрынғы XII – X ғасырлар түніндісі болып табылады. Дәңгелек сырғаның ортасына бірінің артында бірі тұрған екі ат бейнеленген. Бұл екі бұйым да алтын сияқты қымбат металды сол дәуірдің өзінде шеберлікпен пайдалана білгенін көрсетеді. Қос сәйгүлікті қатар сәндеген сырға қай аруға арналып жасалды екен?

Орталық Қазақстандағы Қойшоқты қорымынан табылған моншақтар тізбесі, біздің заманымыздан бұрынғы XVI – X ғасырлар бұйымы. Ұлы даланы қоныстанған тайпалардың салт-дәстүрін, әйел затына деген ұлкен құрметін осы әшекейлі, тамаша безендірілген бұйымдар дәлелдей түседі. Сұлулыққа іңкәрлік – сол дәуірдің өзінде адамзат баласының арман-тілегінің таза, мөлдір бастауы болған.




далада емін-еркін көшіп-қонып жүрген халыққа, өз бетімен жайылып жүрген малға сырттан қатер төнбеуі қажет еді. Адамның да, малдың да қауіпсіздігін тек іргелі мемлекеттік бірлестік қана қамтамасыз ете алатын.

Біртұтас тайпалық одақ түріндегі алғашқы мемлекеттің құрылуы адамдар қауымдастығының өз ішіне де, олардың шаруашылығына да бірқатар өзгерістер енгізді. Енді арийлер мен турлар қогамындағы адамдар үш топқа жіктеле бастады. Бірінші топты, әрине, елді сыртқы жаулардан қорғауға машықтанған, соғыс өнерін меңгерген қол-

## ТАҢБАЛЫ ТАСТАР – ПЕТРОГЛИФТЕР

18



Айрақты тауындағы таңбалы тастар

Таңбалы тастар – үнгір қабыргаларына, таулы жер тастарына немесе жеке бір тастарға шекілген суреттер мен түрлі белгілер. Қазақстан территориясында таңбалы тастар көптеп кездеседі. Олардың ең ірілері мыналар: Арпаөзен таңбалы тастары, Қаратая шимайлы таңбалы тастары, Қапшағай таңбалы тасы, тағы басқалар. Таңбалы тастар сол дәуірдегі адамдардың тұрмыс-тіршілігінен мол мәлімет береді, мысалы, Маңғышлақ өніріндегі Айрақты тауындағы мына бір суретті “Көшпендер өмірінен көрініс” деп атауға болады. Таңбалы таста жан-жануардың көшпендерілер өміріндегі орны айқын көрініс тапқан. Жеті жерінен жаралған таутеке суреті аңшылық өнердің де көшпендерілер өмірінде ерекше маңызды болғанын көрсетеді.



басшылар мен батырлар құрады. Бұларды ғалымдар “әскери ақсүйектер” деп атайды. Ақсүйек болатын себебі, олар – қоғамда ең жоғарғы мәртебе мен құрметке ие болған жандар еді. Екінші топты дүниенің құпия сырларын билетін, кейде ауру-сырқаудан адамдарды емдеп, оларға рухани жағынан жетекші бола алатын ой еңбегінің иелері –abyzdar құрады. Осылайша ой еңбегімен айналысатын адамдардың ерекше топ құрап, басқалардан бөлектенуі арийлер қоғамында жоғары өркениет белгілерінің қалыптасқанын көрсетеді. Абыздар өз ортасында ерекше сый-құрметке бөленген. Эскери ақсүйектер мен қара-

## АРПАӨЗЕН ТАҢБАЛЫ ТАСТАРЫ

Арпаөзен таңбалы тастары – Қазақстан жерінде қола дәуірден сақталған тастардағы таңбалы суреттер. Археологияғының бұл ескерткіштерді “Арпаөзен петроглифтері” деп атайды. Арпаөзен таңбалы тастары Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданына қарасты Абай қыстагына жақын Қаратайдың Келіншектау деген жотасында орналасқан. Қазақстан Фылым Академиясының археологиялық экспедициясы біздің халқымыздың арғы тарихынан мол мәлімет беретін құнды ескерткішті еki ret зерттеді. Арпаөзен таңбалы тастарындағы суреттердің жалпы саны үш жарым мыңдан асады. Арпаөзен таңбалы тастарындағы суреттер тақырыбының ауқымы аса кең. Дегенмен негізгі

тақырыбы аңшылыққа, жаугершілікке арналған, сондай-ак, жан-жануарлардың тіршілігіне ерекше көңіл аударылған. Аттарды, өгіз бен түйені жеккен соғыс және шаرعاшылық арбалардың суреттері кездеседі. Жартасқа салынған қос атты жауынгерлік арбалар біздің арғы бабалармыздың батырлық рухының биіктігін көрсетеді. Жартастарда салынған қайсібір суреттерде жылдың төрт мезгілінің ауысып келуі сияқты табиғи құбылыстар бейнеленген. Арпаөзен таңбалы тастарындағы кейір көріністер металдан, ағаштан, теріден жасалған күнделікті тұрмысқа қажетті заттарға да салынған. Ескерткіш біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың 2-жартысында салынған. Біздің арғы ата-бабалармыздың арбаны әскери көлік ретінде ойлап тауып, пайдаланғаны осы суреттердегі садақ, немесе наиза ұстаған қос атты жауынгерлердің арба үстіндегі бейнелері дәлелдейді.



19


Мына сурет Қазақстан жеріндегі Арпаөзен аңғарындағы таста салынған суреттердің бірі. Шамамен біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың 2-жартысында салынған. Біздің арғы ата-бабалармыздың арбаны әскери көлік ретінде ойлап тауып, пайдаланғаны осы суреттердегі садақ, немесе наиза ұстаған қос атты жауынгерлердің арба үстіндегі бейнелері дәлелдейді.



пайым халық абыздарды бәрін білетін өулие тұтып, олардың айтқан ақыл-кеңестерін үйіп тыңдаған, олар үйымдастырған рәсімдік шаралар мен билердің сиқырлы күші бар деп сенген. Арийлер қоғамындағы үшінші топты бақташылар, яғни қарапайым халық құраған. Бұлар ең тәменгі қара халық ретінде мал бағумен, егін егүмен, көші-қонмен айналысқан. Кейде қара халықтың арасынан шығып, көпшілікке белгілі батырға не абызға айналған адамдар да болған. Мысалы, атакты “Авеста” кітабының авторы Заратуштра түйешілер арасынан шыққан деген пікір бар.

### АРПАӨЗЕН ТАҢБАЛЫ ТАСТАРЫ

20



Арпаөзен таңбалы тастарының ішіндегі мына ерекше топты суреттерді ғылымда “Тіршілік тынысы” деп атайды. Таңбалы тастағы суретте түйе ма-

лына ерекше көңіл аударылған. Түйе қазақ халқының ерекше қастерлеп ұстаған малы екенін ескерсек, сонау қола дөуірден жалғасын тапқан дәстүр

екеніне көзіңіз жетеді. Түйе малын сол дөуірде қолға үйретіп ұстағанын түйенің тұсаулы және мұрындық кигізілуі суреті айқын көрсетеді.



Арийлер тайпалық одаққа бірігіп, біртұтас бірлестікке айналған соң, олардың шаруашылығында да ішінара жақарулар болған. Төрт түлік малдан көшпелі тұрмысқа қолайлы қой, жылқы, түйе өсіруге бұрынғыдан көбірек дең қойған. Әсірсесе, жылқыны ерекше құрметтеген. Фалымдар арийлер жылқысының үш түрлі тұқымы болғанын анықтады: тауда жүргө ыңғайлы аласа жылқы, ұзақ жүргө ыңғайлы шыдамды қазанат және қазіргі Түрікменстанның ахалтеке жылқысының арғы тегі саналатын үшқыр тұлпар. Әсірсесе, арийлер арасында үшқыр тұлпарлар қатты қадірленген. Әлемде алғаш рет екі

## ҚАРАТАУ ШИМАЙЛЫ ТАСТАРЫ

Қаратату шимайлыштары – біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдық пен ортағасыр аралығында өмір сүрген адамдардың тастарға шекіп салған суреттері. Археологияның оны “Қаратату петроглифтері” деп те атайды. Мұндай шекіп салынған суреттер Қарататудың шатқалдары мен сайларында өте көп. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысы Созак ауданына қарасты Қойбағар сайында 3045 таңбалы тасбар болса, Арпаөзеннен 2765 таңбалы тас табылған. Майдамтал, Үлкентүра тағы басқа жерлердегі таңбалы тастар осы Қаратату шимайлыштарын құрайды. Қаратату шимайлыштары негізінен көбінесе тік, қия жартастарға, сондай-ақ ірілі-ұсақты қойтастарға қашалып салынған. Бұл суреттер сол кезеңде өмір сүрген көшпелі тайпалардың тұрмыс-салтынан, әдет-ғұрпыштан, діни нағымдары мен

ырымдарынан мол мәлімет береді. Қаратату шимайлыштарында аңдар мен жануарлардың, құстардың суреттері салынған. Бұл суреттер түрлі тақырыптарға салынып, белгілі бір мағына береді. Мысалы, түйенің бейнесі байлық пен күштің символын білдірген. Ал, таутекеге ит қосу, садақпен ату, құс аулау сияқты суреттер аңшылық көріністерді білдірген. Адамдардың бейнесі салынып, олардың қылыштасып немесе сойылдасып тұруы батырлардың жекпе-жегін білдіріп, соғыс тақырыбына салынғанын көрсетеді. Жиырмасыншы ғасырдың соңғы жылдары табылған елуге тарта өскери және жүк арбалардың суреттері Қаратату шимайлыштарынан аса құнды туындылары болып есептеледі. Суреттерде Қарататуды мекендеген көшпелі тайпалардың аң мен құс, жанжануарларды ерекше

қадір тұтып, оларды киелі 21 ие, пір санағаны да бейнеленген. Бұның өзі Тәнірғе табынудың бір көрінісі болып табылады. Сол кезеңде өмір сүрген адамдардың салт-дәстүрі, таным ұғымы мыңдаған жылдардың ар жағында қалғанмен қазақ халқының дәстүрімен ұштасып жатыр. Қазақ халқы ешкінің иесін “Шекшек ата”, қойдың пірін “Шопан ата”, түйенің пірін “Ойсыл қара”, сиыр иесін “Зенгі баба” деп атаяу төрт түлік малды аса қадірлеуден туған. Қарататуда ұшырасатын көптеген суреттер, негізінен, мал өсірумен айналысқан тайпалардың көктемгі, күзгі мал төлдету, қүйек, күзем алу науқандарында өткізілетін салт-жораларды бейнелейді. Қаратату шимайлыштары – Қазақстанның жергілікті халқының ежелгі рухани өмірін көрсететін бірден-бір құнды көне мәдениет ескерткіші саналады.




доңғалақты арбаны ойлап тапқан арийлер оған үшқыр тұлпарларын қос-қостан жегіп алыш, сары далада сағымша жүйткіген.

Қазақстан аумағында арийлер қалдырган құнды мәдениет ескерткіштері өте көп. Олардың көпшілігі – жартастарға салынған суреттер. Мұндай сурет галереяларын ғалымдар петроглифтер деп атайды. Осыдан 4 мың жыл бұрын тасқа қашалған жартастағы суреттер Үстірт даласынан, Қарататудан, Жетісудан, Орталық және Шығыс Қазақстан өңірлерінен көптеп табылған.

Суреттерден арийлердің дүниені қалай түсінгені, қандай рәсімдік

### ҚАРАТАУ ШИМАЙЛЫ ТАСТАРЫ

22



“Арба үстіндегі жауынгер” – Қаратату шимайлы тастарының аса құнды туындыларының бірі. Бұл сурет ерлік рухын көрсетеді. Шамамен біздің заманымыздан бұрынғы 1-мыңжылдықтық бас кезі. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Арпаөзен сайындағы жартастан табылған сурет. Ат жегіп, арба міну, оны өз Отаның қорғау үшін өскери жорықтарға пайдалану қазақ даласын мекендерген тайпалардан бастау алғанына осы таңбалы тастардағы суреттер дәлел бола алады.

Карт Қаратату қойнауындағы Арпаөзен таңбалы тастары көптеген тарихи оқигалардан мәлімет береді. Мына суретте тайпалар соғысы бейнеленген. Түрлі қару-жарақ үстеган жауынгерлердің батыл қымылдары шынайы бейнеленген. Бірінің қолында сойыл, екінші біреуі қанжар, найза немесе бұзау тіс қамшы үстап айқасқа кірген, көшпенділер өміріндегі ерекше бір көрініс.

Итті қолға үстап үйреткені, оны аңшылықтағы басқа жағдайда көмекші ретінде үстеганы да осы суретте бейнеленген.




“Бұғы мен таутеке”. Бұл сурет те Қаратату шимайлы тастары тобына жатады. Аңшылар өмірі бейнеленген. Шамамен біздің заманымыздан бұрынғы 1-мыңжылдықтық ортасы. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Майдамтал сайындағы жартастан табылған сурет.



бilerdі билегені, қалай аң аулағаны, қандай мал баққаны, екі доңғалақты арбалары, абыздар мен батырлар туралы түсініктері, т.б. тура-лы толық мағлұмат алуға болады.

Арийлерден қалған тағы бір үлкен ескерткіш – “Авеста” кітабы. Бұл кітап діни өсиеттердің әлемдегі ең алғашқы үлгісі болып табылады. “Авестадағы” Ахура Мазда тәңірге мадақ жырлардың авторы – дала данасы Заратуштра болып саналады. Жоғарыда атап өткеніміздей, Заратуштра Каспий теңізінің шығыс-солтүстігін қоныстанған арий тай-пасындағы спитама руынан шыққан. Әкесі – Бозатты. Өзі түйе бақ-

### ТАМҒАЛЫДАҒЫ ТАҢБАЛЫ ТАСТАР



Күн Құдай. Тамгалы алқабы. Шу-Іле тауларының оңтүстік беті. Қола

дәуірі. Біздің заманымызға дейінгі 2-мыңжылдықтың жартысы.



23

Ойшыл. Тамгалы алқабы. Шу-Іле тауларының оңтүстік беті. Қола дәуірі. Біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың жартысы. Бұл екі суретте де адамның ойлау қаблетіне ерекше құрметпен қараған таным бейнеленген. Тайпага рухани жетекші бола алатын ой еңбегінің иесі, бәлкім, Абызды осылай таңбалап берген болар.



қан. Оның жырларында айтылатын құтты қоныс – “Арианам Вайджа” (арийлер даласы) қазіргі Қазақстанның оңтүстік-батысын қамтиды. Ардзи – қазіргі Эмудария, Датья – Сырдария, Варахуша – Каспий теңізі. Заратуштра бұл аймақта шамамен осыдан 3500 жыл бұрын дүниеге келіп, ғұмыр кешкен. Табиғат бойына дарытқан парасат пен таланттының арқасында арийлердің батыр ұлдары туралы жыр толғап, отыз жасқа толғанда дүниенің сырын өзге тайпаластарына қарағанда басқаша түсіндіруге тырысады. Ол Айға, Құнге, Отқа, Суға табынған бауырларын тек бір гана Құдай – Митраға (Ахура Маздаға) сиынуға шақырады.

### ТАМҒАЛЫДАҒЫ ТАҢБАЛЫ ТАСТАР

24



Өгіз үстінде тұрган Құн Құдай. Тамғалы алқабы. Шу-Іле тауларының оңтүстік беті. Қола дәуірі. Біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың жартысы. Қазақ халқының ұғымында жаңбыр шақыру үшін “тасаттық” беретін салт-дәстүр бар. Соның бастауы көне дәуірден екенін осы сурет танытады. Таңбалы тастардағы суреттер ұлы даланы мекендерген тайпалардың байырғы өмірінен мол мәлімет береді.



тік беті. Қола дәуірі. Біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың жартысы.



Митра Күн мен Айдың арасында өмір сүретін жалғыз ғана тәңірі деп есептейді ол. Бірақ оның бұл уағызы отандастарына ұнамайды. Әсіресе, турлар мен иссондықтар (қымыз ішушілер) бас имей қояды. Өз елінен қолдау таба алмаған Заратуштра туған елінен алыстағы Виштаспа патшадан қолдау табады. Ең алдымен патша әйелі Хумаос Заратуштраның жаңа дінін қабылдап, кейін Виштаспа басқа тайпаластарын жеңген соң, бұл ілім барлық көрші елдерге тарайды.

Шет елдің ғалымдары “Авестаны” парсы тілінің ескерткіші деп есептейді. Тіпті, олар арийлердің өзін үндіеуропа тілінде сөйлеген еді, кейін олар-

### БЕСТЕРЕК ТАҢБАЛЫ ТАСТАРЫ



25

Бестерек таңбалы тастары – Қазақстандағы қола дәуірінен сақталған ескерткіштер тобы. Бұл ескерткіштер Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы Бестерек ауылының жанындағы Қалба тауының етегіндегі жоталардан табылған. Бестерек петроглифтері қола дәуірінің біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың ортасы мен 1-мыңжылдықтың басы аралығын қамтиды. Бестерек таңбалы тастарындағы мына суретте аңдар бейнеленген. Аңдар мен жан-жануарлар бейнелері Бестерек таңбалы тастарында көптеп кездеседі.

Бесоба – Қазақстандағы қола дәуірінен сақталған обалардың бір тобы. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданындағы Бесоба ауылының маңынан табылған. Бесобадан табылған түрлі бүйімдардан басқа, онда көптеген таңбалы тастар бар. Соның ішінде “Әйел мен ерекек” таңбалы тасында мәңгілік өмір, үрпақ жалғастығы бейнеленген. Ұлы даланы мекендерген тайпалар, яғни біздің ата-бабаларымыз болашақ үрпақ тағдырына ерекше көңіл бөлген.

Балқаш көлінің солтүстік-шығыс жағындағы Бесоба жазығынан табылған өгіздің суреті. Бұл да қола дәуіріндегі тамғалы дәстүрімен салынған. Шамамен біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдық шамасы. Iрі қараны қолға үйретіп ұстая, көлік ретінде пайдалануды көшпендейлер ертеден бастаған. Қазақтың ұлы даласындағы таулар мен қыраттардағы таңбалы тастарды тарих шежіресі деуге болады.



дың бірқатары солтүстік Үндістанға, қазіргі Иран аумағына қоныс аударған деп санайды.

Бірақ мұның бәрі өлемдегі ең алғашқы өркениет ескерткіштерін кейінгі далалықтардан, яғни сіз бен бізден алыстатудың амалы ғана.

Арийлер мен турлардың қазіргі Қазақстан аумағында ғұмыр кешкені археологиялық деректер арқылы дәлелденген шындық. Бұл – бір. “Авеста” кітабындағы жырлардың да осы далада пайда болғаны жер-су атаулары арқылы дәлелденіп отыр. Бұл – екі. “Авеста” жырының парсы тіліне Заратуштра дүниеден озған уақыттан 1300 жыл кейін,

## ЗАРАТУШТРА

26



Арий – сақ дәуірінен сақталған алтын ыдыста адам бейнесі бедерленген.

Ол суреттер Заратуштра заманындағы тарихи оқигалардан сыр шертеді.

Заратуштра – адамзат тарихындағы тұңғыш пайғамбар, ақын. Шамамен бұдан 35 ғасыр бұрын Еділдің шығысындағы ұлы Тұран жерінде, мал баққан спитама жұрттында, киіз туырлықты көшпелі Поурушаспаның отбасында дүниеге келген. Заратуштра отыз жасында өлемді жаратқан Жалғыз ие – Құдайдың аян беруімен Ахура-Мазда асқан ақыл-білім иесіне айналып, Құдай аузынан естіген ұлы шындықты жұртқа жеткізбек боллады. Заратуштраның діни уағыздары, өлеңмен айтылған дұғалары өзінен кейін бірнеше ғасырдан соң ғана ескі парсы тілінде Иранда қағазға түседі. “Авеста” атты кітап болып жинақталады. Немістің атақты философи Фридрих Ницше “Заратуштра осылай деңен” атты философиялық толғау жазған.




яғни парсыларды билеген Ахемен өулеті заманында көшіріліп, хатқа түскені дәлелденген. Бұл – үш. Олар бұл кітапты қай тілден көшірді, неге көшірді? Бұл сұрақтардың жауабына тарих туралы әңгімеміздің келесі тарауында толығырақ тоқталамыз. Ал әзірге айтарымыз, арийлердің бір бөлігінің Солтүстік Үндістан жаққа қоныс аударып, сол өлкеде жаңа өркениет ошағын қалыптастыруға ықпал етуі өбден мүмкін. Бірақ, олардың бәрі түгел көшіп кетпеген. Негізгі бөліктері турлар да, асылар да, дахтар да атамекенінде қалып, тағы бір үлкен ұлыс, қазақтардың арғы тегі – сақтардың қалыптасуына ұйытқы болған.

## АХУРА-МАЗДА

### КҮНГЕ МАДАҚ

27

(Яшт 6, “Хуршед-яшт”)



Ахура-Мазда – Жалғыз Ие, аспан, жер және адамды жаратушы. Ахура-Мазда жалғыз жаратушы ретінде Заратуштраның ұстазы. Өзі жаратқан жер бетіндегі адамзат қорамын сақтаушы, сол қорамдағы тәртіпті реттеуші, қорғаушы және иесі. Заратуштраның “Тата” атты шығармасында Ахура-Мазда Жалғыз Ие ретінде түсіндіріледі. Ал “Авестада” жаңа пайғамбарлар пантеонының басқарушысы. Дуалистік танымның пайда болуынан кейінгі кезеңде Ахура-Мазда жақсылық пен жамандықтың күрес барысында жақсылықты қорғаушы ретінде көрінеді.

Ахура-Мазда шаттыққа бөленсін...  
Мәңгі жасаушы, жарық сыйлаушы, тұлпарлары  
қанатты. Күннің шаттығы – табыну мен мадаққа, бақ  
пен даңққа лайық. “Жаратқан жалғыз Иеміздей...”

Біз тұлпарлары қанатты,  
Мәңгілік Жарыққа,  
Күнге сиынамыз.  
Күн жарық шашқанда,  
Күн жылу шашқанда,  
Жұз мыңдағандар  
Құдіретті сезінеді,  
Содан соң Мазданың  
Сыйлаған Жерінде  
Жарық-нұр салтанаты үшін,  
Ақиқат салтанаты үшін  
Бақытын табады әр кім,  
Бақыт сыйлайды әр кім.  
Бақыт үшін сиынамын,  
Жалбарынамын және де  
Тұлпарлары қанатты  
Мәңгі жасайтын Күнге,  
Тұлпарлары қанатты  
Мәңгі жасайтын  
Жарыққа,  
Сиымды арнаймын  
Хаом шырынынынан,

Барсман шыбығынан,  
Сезім шұғыласынан,  
Әрі ойыммен, әрі ісіммен,  
Әрі ақиқат сезіммен  
Мен Күнге құрмет көрсетем.  
“Осы арқылы сиынамыз,  
Ахура-Мазда біздің  
Күнге сиынуымызды құп  
көрген”.

“Жаратқан Жалғыз  
Иеміздей...” (екі рет).  
Мәңгі жасаушы, Жарық сыйлаушы, тұлпарлары  
қанатты Күнге табынамыз  
әрі мадақтаймыз,  
қуат пен күш берсін оған.  
“Ақиқат – сыйдан артық...”.



Казіргі қазақ халқының дүниетанымында ежелгі арийлерден сакталып қалған наным-сенімдер өте көп. Біз әлі күнге дейін ежелгі атабабаларымыз тәрізді жылқы баласын қатты қадір тұтамыз, Күнге, Айға, Отқа, Суға табынамыз. Жаңа Ай туғанын көрген өжелеріміз “Жаңа айда – жарылқа, ескі айда – есірке” деп күбірлеп жатады. Ал тіліміздегі “ар”, “арыс”, “ару” сөздерінің бөрі арийлер бойында болған қадір-қасиеттерге сілтеп тұрғаны анық. Арийлер мен турлар қалыптастырыған мәдениет пен жауынгерлік дәстүрлерді солардың ата жүртүндә қалған үрпақтары – сақтар одан әрі жалғастырып әкетті.

## “АВЕСТА” – ЕҢ КӨНЕ КІТАПТАРДЫҢ БІРІ

28



“Авеста” – жер бетіндегі ең көне кітаптардың бірі. “Авеста” – Қазақстан, Орталық Азияда, Иранда, Эзіrbайжан, Ауғанстан жеріне таралған Заратуш-




тра ілімінің қасиетті жазбалар жинағы. Біздің заманымыздан бұрынғы 3-ғасырда гылымда “Авеста тілі” деп аталатын тілде хатқа түсінген. Арий дәуіріндегі ежел-

гі халықтардың өмірі, мәдениеті, діни наым-сенімдері, өдет-ғұрыптары жөнінде мол мағлұмат береді. 21 кітаптан тұрған, ал біздің заманымызға оның төрттен бірі ғана жеткен. “Авестаңың” осы сақталған бөлігінің екі нұсқасы бар.

Бірінші нұсқасы әртүрлі кітаптарды біріктіретін мінөжаттардан тұрса, екінші нұсқасында дін, құқық, табиғат, дүниенің жаратылуы туралы дұғалар және ән-үрандар көлтірілген. Ұзақ тарихи жолдан өтіп, қазіргі заманға жеткен бұл шығарма толықтырылып, өзгерістерге түсінен. “Авеста” – Заратуштра пайғамбардың рухани ілімі мен құдайға құлшылық ету уағыздары жинақталған кітап. Авеста уағыздары бүкіл мұсылман әлеміне тараған. Ислам мәдениетіне, оның ішінде сопылық ағымға ықпалы күшті болды. “Авестадағы” оқиғалар кейін түркі халықтарының көне эпостарында көрініс тапты.

# САҚТАР

Біздің заманымыздан бұрынғы IX – II ғасырлар аралығы.





Егер сен асыл тастарыңды лақтырып тастап,  
Садақ пен қорамсақты ғана асынып,  
Сақтардың ішінде ғана өмір сүрсөн,  
Онда мен сияқты сен де еркіндікте жүрер едің.

Анахарис. Б.з.б. 620 – 555 жылдар

Жас дос! Біз өткен тараудағы әңгімелізді арийлердің бір бөлігінің Солтүстік Үндістанға, тағы бір тобының қазіргі Иран аумағына қоныс аударуымен аяқтап едік қой. Бірақ негізгі бөлігінің ата жұртында қалып,

## САҚТАР

30



Сақ мүсіні. Қалпына келтірген антрополог Г.В. Лебединская

Сақтар – біздің заманымыздан бұрынғы 1-мыңжылдықта Орталық Азия мен Қазақстан, Шығыс Түркістан жерлерін мекен еткен тайпалар. Сақтар біздің аргы ата-бабаларымыз. Олар тарихта “скифтер” деген атаумен де белгілі. Есік қорғанынан табылған жазу сақтардың көне түркі тілінде сөйлегенін көрсетеді.



Сақ жауынгерлері (К.С. Ахметжановтың реконструкциясы бойынша)



сақтар деген атаумен әлемге белгілі болғанын айтқанбыз. Қандас туыстардың бірте-бірте бір-бірінен ірге ажыратып, жан-жаққа бөліне көшүі шамамен осыдан 2900 жыл бұрын болған оқиға еді.

Ата жүртта қалған негізгі ұлыс бұрынғы көшпелі түрмис салтын, дәстүрлі шаруашылығын ілгері дамытып, жерінің аумағын да кеңейте түсті. Алтайдан басталатын кең байтақ Еуразия жазығында оларға қарсы келетін бірде-бір күш жоқ еді. Оның үстіне арбаны алғаш ойладап тауып, желдей ұшқыр тұлпарларының құлағында ойнауды ұлы да, қызы да жас кезінен жақсы менгерген көшпелілер елі өз заманының ең қуатты

### САҚТАР



Сақ жауынгерлері (К.С. Ахметжановтың реконструкциясы бойынша)



Сақтар (М.В. Гореликтің реконструкциясы бойынша)



Сақ жауынгері (М.В. Гореликтің реконструкциясы бойынша)

мемлекеттерінің біріне айналған-ды. Олар ендігі қоланы тастанап, темір қорытуды да жақсы меңгеріп алған. Ал сақтардың алтынға байлығы туралы азызды естіген жұрт жағаларын ұстайтын. “Олар салт атпен де, жаяу да соғыса береді. Әдеттегісіндей, олар садақпен, найзамен және айбалтамен қаруланады, – деп жазды кейін, біздің заманымыздан бұрынғы V-ғасырдың ортасында өмір сүрген тарихтың атасы Геродот, – найзаның, жебенің, айбалтаның үшы мен жүзін жезден жасайды да, бас киімін – дулығасын, белбеуі мен шығыршығын алтынмен аптайды. Олар аттарына жезден өмілдірік-қап кигізеді. Жүгенін, ауыздығын

### САҚТАР (Б.З.Б. IX – II ФАСЫРЛАР)

32



Қазақстан аумағын мекендереген сақ тайпалары

Сақтарды грек тарихшысы Страбон өз еңбектерінде “азиялық скифтер” деп атаған. “Сақ”, “сақ” аты осыдан шыққан дейді. Қазақ тілінде “сақ”, “сақшы”, “сақа адам” деген ұғымдар бар. Бұл сөздер қазақтардың сақ үрпағы екенін дәлелдейді.



алтынмен жалатып, өрнектеп қояды. Олар темір мен күмісті тұрмыс-тіршілігі үшін қолданбайды, өйткені оларды бұл елден кездестіре алмайсың. Оның есесіне, алтын мен жездің көптігінде есеп жоқ”.

Ежелгі заман тарихшысы біздің ата-бабаларымыз сақтардың байлығы туралы, міне, дәл осылай тамсана жазған. Ал мыңғырған малының көптігі жағынан ол заманда сақтарға жетер ел болмаған. Халқы да өсіріп, кең даланы думанға бөлеген. Және қандай халық десенізші? Шетінен бірнеше тәуліктер бойы ат үстінен түспей, тіпті, ат жалына басын қойып үйықтап алып, қайтадан қан майдан соғысқа кірісіп кете беретін шы-

### КЕМЕРЛЕР – САҚ ТАЙПАСЫ



Сақ жауынгерлері (К.С. Ахметжановтың реконструкциясы бойынша)

Кемерлер – сақтардың Еуропага барған алдыңғы легі. Азов теңізі мен Қара теңіздің аралығын жайлаган кемерліктер шығыстан ауып келген көшпелілердің ұрпағы. Олар біздің заманымыздан бұрынғы 2 – 1 мыңжылдықтар аралығында Қара теңіз жағалауын, яғни “кемерін” жайлаушы халық ретінде тарихта белгілі болған. Қазіргі қазақ тілінде теңіз шайған жағалауды “кемер” деп атайды. “Су кемерінен асыпты” деген тіркес және басқа да жер аттары түркілердің тұп атасы кемерлер, яғни біздің арғы тегіміз екенін көрсетеді. Кемерлер екі теңіз аралығында мал өсіріп, аңшылық құрған. Олардың ерлікке толы өмірі бізге азыз бол жеткен.

мыр да өжет болған. Ежелгі гректер оларды атымен бірге жаратылған жандар яғни кентаврлар деп атап, ақыз кейіпкеріне айналдырған. Ал қыздары ше?! Олар да үлкен арбалардың үстіне тігілетін киіз үйлерде бала өсірумен, ас пісірумен ғана айналысып қоймай, қажет кезінде ерлерімен бірге жаугершілік жорықтарға араласуға дайын болған. Сол үшін де, олар қылыш пен найза ұстауға кедергі келтірмесін деп оң жақ анарларын жас кезінен сылып тастанап, болашақ шайқастарға өзірленген. Мұндай халыққа шабуыл жасауға, әрине, ешкімнің де төуекелі жетпес еди.

### МАССАГЕТТЕР – САҚ ТАЙПАСЫ

34



Сақ жауынгерлері (К.С. Ахметжановтың реконструкциясы бойынша)

Массагеттер – Каспий сырты мен Арал теңізі жағалауларын мекендерген тайпалар тобының атауы. Геродоттың айтуынша, Массагеттер көшпелі тайпалар болған. Олар соғысқа жаяу да, атпен де шыққан. Қару-жарақтары мен өшекей бүйымдары мыс пен алтыннан жасалған. Ахемен өулеті мемлекетінің негізін қалаған парсы патшасы Кир массагеттермен соғыста олардың падиша ханымы Томиристен (Тұмар) женіліп, қазатапты. Массагеттер Күнге табынып, оған құрбандыққа жылқы шалатын болған. Массагеттердің өмірі туралы деректер ежелгі грек ғалымдарының еңбектерінде көптеп кездеседі.




Сақтар арийлер мен турлардың ежелгі дәстүрін сақтап, көктегі Тәнірге сиынған. Құн мен Айға табынған, Жер ананы, Өзен ананы қасиетті санаған. Сібірдегі Енесай (қазіргі Енисей), Ілеана (қазіргі Лена), Қатынсу атауларының түп-төркінінде сақтардың осындай наным-сенімдерінің белгісі жатыр. Сақтар қайтыс болған ардақты адамдарын: патшаларды, ханзадаларды, батырларды о дүниеге асқан салтанатпен аттандырган. Бірнеше күн бойы марқұммен қоштасу рәсімін өткізіп, оны қабірге алтын сауытымен, қару-жарагымен, сүйікті тұлпарымен бірге жерлеген. Басына тастан қорған түрғызып, обадан мәңгілік ескерткіш қойған. Осын-

### ШОШАҚ БӘРІКТІ САҚ,



Шошақ бәрікті сақ (Тиграхуда). М.В. Баст – М.В. Гореликтердің реконструкциясы бойынша)



Арий – Сақ дәуірінен сақталған саф алтын ыдыс. Құлоба қорғанының олжасы. Біздің заманымыздан бұрынғы IV ғасыр бүйімі




дай сақ қорғандары шығыстағы Алтай тауынан батыста Дунайға дейінгі, солтүстікте Орал тауының орталығынан оңтүстікте қазіргі Ауганстан жеріне дейінгі кең байтақ аймақтан көп табылған. Тіпті, сақ қорғандары Жерорта теңізі жағалауынан да кездеседі. Алғашқыда ғалымдар бұл қорғандарды қазганда табылған алтын бұйымдардың көптігіне қайран қалады. Содан соң алтын бұйымдардың жасалу нақышындағы ерекше әсемдік пен ортақ тақырыптарға таңырқап, оған зергерлік өнердегі “аң стилі” деген атап береді.

Сақтардың қазіргі түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының

### АСЫЛАР – САҚ ТАЙПАСЫ

- 36 Асылар, исседондар – Қазақстан жерін мекендерген сақ тайпасы. Батыста Кіші Қаратаудың жарқа-бакты жотасы арқылы арыс тайпасымен шектесіп, жазықтағы Асы өзенінің аңғарынан бастап шығысқа қарай Талас, Шу, Іле өзендерінің аңғарларына дейін, Тарбағатай мен Алтайға дейінгі ара-лықты мекендердеген. Оңтүстіктен Тәңіртау шектеген. Жазға салым Сарыарқаны жайлап, сүйк түскенде Үстықкөлдің айналасындағы жайлы мекендерді қыстаған. Асылардың негізгі мекені – Жетісу өлкесі. Мал бағып, егін салып, кен өңдеумен айналысқан. Қола, алтын, күмістен қару-жарақ, еңбек құралдарын, зергерлік бұйымдарын жасаған. Жетісу өңіріндегі қорымдардан, ескі қоныс орындарынан асылардың тарихына қатысты мол деректер (бұйым, құрал-сайман, қару-жарақ т.б.) табылған.



Ежелгі сақтардың алтын қорытқан ошағы



түп атасы болғандығы ғылымда әбден орныққан ақиқат. Себебі, олардың ата жұртының орталығы – қазіргі Қазақстан аумағы болған. Ендеше олар неге сонау Еуропадағы Дунай өзенінің бойына дейін таралып, тіпті, кейбір тобы Жерорта теңізінің жағалауына асып кеткен?! Міне, осы сұраққа жауап іздей отырып, біз енді ежелгі дүние тарихшылары Геродот пен Старобон жазбаларында баяндаған, осыдан 2700 – 2600 жылдай бұрын билік құрған Ассирия патшасы Асархаддон мен парсы елінің патшасы Дарий I тасқа қашап жазып кеткен, әлемнің билеушісі А. Македонский шежірешілері қағазға түсірген қым-қуыт оқигалар арасына араласып кетеміз.

## ДАХТАР – САҚ ТАЙПАСЫ

Дахтар – Қаспий теңізінің шығыс жағын мекендерген көшпелі сақ тайпаларының бір тобы. Даҳтар – Арал теңізі мен Сырдарияның қыр жағында, Қаспий теңізі мен Әмударияның аралығында көшіп жүрген сақтардың бір тобы, олардың ең мықты тайпасы. Сақтар түгелімен Сырдария өзенінің оң жағын қоныс еткен. Құрамына массагет, дах, астак, қам, қамақ, аримаспы тағы басқа тайпалар кірген. Бұлар Кавказ тауын “Қап” тауы деп атаған. Жерінде Яксарт (Сырдария), Оксус (Өкіссу-Әмудария) деген үлкен өзендер болған. Даҳтар өжет, жауынгер халық болған. Александр Македонский (Ескендір Зұлхарнайын) Орта Азияға шабуыл жаса-



ған кезде Даҳтар бас-қыншыларға құшті қарсылық көрсетіп, сақ тайпаларының Македонскийге қарсы бірлескен құресіне қатысқан. Даҳтар жылқы, қой, түйе өсіріп, егін салған. Даҳтардың тұрмыс-салты, рухани тіршілігі кейінгі замандағы қазақтардың өмір сұру салтымен өте үқас болған. Сол кезде өмір сүрген сақ тайпалары сияқты даҳтар да Айға, Құнге, Отқа табынып, ата-баба рухын қадірлеген. Өлген адамдарының аруағын сыйласап, бір жыл өткен соң көп мал сойып, ас берген.

37

Геродот біздің заманымыздан бұрынғы 490/480 – 425 жылдар шамасында өмір сүрген ежелгі грек тарихшысы.



Жоғарыда атап өткеніміздей, сырттан ешбір жау ала алмайтын сақұлдысы жүздеген жылдарға созылған мамыражай тіршіліктен кемеліне келіп, толыспай ма?! Халқы да өсіп, мыңғырган малы кең далаға сыймайтын дәuletке ие болған ел енді не істеуші еді?! Эрине, ата жұртының өрісін кенейтіп, жаңа қоныстарды игерे бастайды. Айтпакшы, алдыңғы тарауда айтылған арийлердің бір тобының Солтүстік Үндістанға асып, енді бір тобының қазіргі Иранның солтүстігіне табан тіреуі де дәл осындай себептерге байланысты болатын. Қап (қазіргі Кавказ) тауын асып, Алдыңғы Азияға үдіре көшкен арийлердің сол тобы барған жерлерінде Мидия мемлекетін

## САРМАТТАР МЕН АЛАНДАР

38

Сарматтар мен аландар – біздің заманымыздан бұрынғы VI – III ғасырларына дейін Тобыл мен Дунай аралығын мекендейген тайпалардың жалпы атауы. Сарматтар негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Әуел баста отырықшы бөлігі ғана егін екти. Сарматтардың Еділ бойына, онтүстік Оралға және қазақ даласына қоныс аударуы, олардың II-ғасырдан бастап Шығыс Еуропа даласында үстемдік орнатып, Кавказ алды жазығына Доннан өтіп, солтүстік Қара теңіз жағалауына билік құруына өкелді. II-ғасырдың аяғында олар сақтармен одақтасып Диофант өскерлеріне қарсы шықты. Боспор өулетінің өзара жауласу соғыстарына қатысты. Боспор қалаларына біртінде қоныстана бастаған сарматтар, олардың тұрмысына, қогамдық өміріне және өскери

ісіне өсерін тигізді. Сармат патшасы Гatal Кіші Азия мемлекеттерін өз одағына кіргізді. Сарматтар Понтий патшасы Митридат VI-мен одақтасып Римге қарсы шықты. Сарматтардың шығыс тобы Орта Азия мемлекеттерімен, өсіресе, Хорезммен тығыз байланыста болды. Сарматтар бірнеше рет Кавказ бойына шабуыл жасады, ондағы жекелеген мемлекеттермен одақтасты. Сарматтардың бір бөлігі Рим империясының шекарасына жақын қоныстанды. Римдіктер Сарматтармен өскери қақтығыста болды. Біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында олардың ішінен аландар күшіне тусти. Сарматтардың Қара теңіз жағалауындағы үстемдігін IV-ғасырда ғұндар талқандады. Сарматтардың

бір бөлігі готтармен және ғұндармен бірігіп, халықтардың Ұлы қоныс аударуына белсene қатысты.



Сармат жауынгері (М.В. Гореликтің реконструкциясы бойынша)

Халықтардың Ұлы қоныс аударуы б.з.б. IV–VII ғасырларда болды. Ұлы қоныс аудару Рим империясының құлауына өсер етті.



құрады. Олай дейтін себебіміз, мидиялықтардың (ассирия тілінде – матайлықтар) қай халыққа жататыны туралы ғылымда соңғы кезге дейін ортақ тұжырым болмай келеді. Алғашқыда оларды парсы тілінде сөйлеген халық десе, кейін бұлардың қазіргі ирандықтардың арғы аталарынан мұлде басқа болғаны анықталды. Содан соң оларды каспи тайпасының (яғни сақ тайпасының) бірі болған, “каспи тілінде” сөйлеген деген тұжырым жасалды. Қалай болғанда да, сақтардың Алдыңғы Азиядағы оқиғаларға араласып, ежелгі грек тарихшыларының жазбаларына арқау болуына, олардың осы мидиялықтармен туыстық қарым-қатынастары себеп болған сияқты.

### САРМАТТАР МЕН АЛАНДАРДЫҢ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ



Сармат жауынгері (М.В. Гореликтің реконструкциясы бойынша)



Алан жауынгері (М.В. Гореликтің реконструкциясы бойынша)



Сармат жауынгері (М.В. Гореликтің реконструкциясы бойынша)

Страбон – көне грек тарихшысы әрі географы. Шамамен біздің заманымыздан бұрынғы 64/63 жылдары дүниеге келіп, біздің заманымыздың 23/24 жылдары қайтыс болған. 17 кітаптан тұратын “География” және бізге жетпеген “Тарихи жазбалар” еңбектерінің авторы. Еңбектерінде сақтар туралы мәліметтер беріледі.



Мидиялықтардан берірек, қазіргі Қара теңіздің жағалауында тағы бір сақ тайпасы – кемерліктер барып қоныстанған.

“Сақтардың (грекше скифтердің – ред.) айтуы бойынша, олардың халқы – ең жас халық, – деп жазады кейін тарихтың атасы Геродот, – оның шығу тегін былай таратады: әлі жан аяғы баспаған осынау елсіз мекеннің алғашқы иесі Тарғытай деген адам екен. Сақтардың айтуы бойынша, оның әкесі Зевс (Көк Тәңірі) шешесі Борисфен өзенінен жараптады...”

Ұлы Тарғытай бабамыз, сірә, арийлерден ата жұртта қалған тайпаларды ортақ ұлысқа үйітқан тұлға болса керек. Фалымдар арасында

## СОҒДЫ МЕМЛЕКЕТІ

**40 Соғды – Зеравшан және Қашқадария өзендерінің алабындағы өмір сурген ежелгі мемлекет. Басты қаласы Марканд (Самарқан) болды. Біздің заманымыздан бұрынғы VI – IV ғасырларда Ахемен мемлекетінің құрамына кірді. Соғдының негізгі халқы – көшпелі және отырықшы сақ тайпалары. Соғдылықтар парсы патшаларына салыққа күміс төлеп, қымбат бағалы тастар жеткізіп тұрды, ірі әскери күштер берді. Біздің заманымыздан бұрынғы 329 – 328 жылы Соғды тұрғындары Спитаменің басшылығымен Александр Македонскийге күшті қарсылық көрсетті. А. Македонский өлімінен кейін**

Соғды Селевки өuletі, Грекия-Бактрия патшалықтарына, ал біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында Кушан патшалықтарының құрамына енді. Соғдыны IV – V ғасырлардың аяғында ақ ғұндар, VI – VII ғасырларда түрік қағандығы, VII ғасырдың аяқ кезі мен VIII-ғасырдың басында арабтар жауап алды. Монголия және Қытайдан Мервке дейінгі негізгі көруен жолдарының бәрінде соғдылықтардың саудаегіншілік қоныстары болды. Афрасиаб, Пенжикент, Варахша, Қалай-Муг, тағы басқа жерлерден ашылған көптеген жаңалықтар соғдылықтардың мәдениеті мен өнерінің жоғары болғандығын дәлелдейді.

Латинча үқилемшілік олынған	Милдігача 2-асрдагы Нисо текстідан	Буково сүгб Езули	Мунчек, тепідан Езуудан	Милобий 4-асрдагы сүгб хужмат- паридан	Милобий 7-9- асрлардан сүгб Езули
,	۷۷۷	۰	۳۳	۶۶	
B	۲۲	۷۸	۷	۵	۷
C				۸۸	۸
H	۴				
W	۱	۳	۰۰	۰	
Z	۱	۳	۱		۱۱
X(H)	۲۲۰۰۰	۲۰	۴۴		
J	۷۷	۵۵	۴۴	۵۵	
K	۹۹	۷۷	۷	۹	۹
D (L)	۱۱	۳۳	۳۳	۱۱	
M	۷	۷۷	۷	۷	
N	۱۱	۱۱	۱۱	۱۱	
S	۷۷۷	۷۷	۷۷	۷	
P	۹۹۹	۹۹	۹۹	۹۹	
Č (S)				۷۷	۷
R	۹	۷۷	۷۷	۹	۹
Š	۷۷	۷۷		۷۷	۷۷
T	۱۱	۱۱۱	۱۱۱	۱۱۱	۱۱۱
h	.		۰۰	۷۷	۷۷

Соғды жазуы, – солтүстік семит, арамей жазуының бір түрі. Бірнеше нұсқада кездесетін Соғды жазуының көне және жаңа деп аталатын негізгі екі түрі бар. Соғды жазуы – көне мәдени ескерткіш.




қазіргі Тарбагатай тауының атауы осы Тарғытай баба есіміне байланысты қойылған деген де пікір бар. Ал оның шешесі Борисфен (қазіргі Днепр) еді деуі сақтардың өзен анаға сиынуынан туған сенім болса керек. Элде сол өзеннің жағасына қоныс тепкен сақ өкілінің ежелгі бабасы туралы аңыз бер өз қонысындағы үлкен өзенді байланыстырығысы келген ниеті ме екен? Қалай болғанда да, Қара теңіздің солтүстігін қоныс еткен сақтар атамекені – Алтай тауымен, қазіргі қазақ даласымен байланысын үзбеген.

Осыдан 2600 жыл бұрын сақтардың тағы бір тобы шығыстан батыс-

## АФРАСИАБ ҚАЛАСЫ

Афрасиаб – іргесі біздің заманымыздан бұрынғы 1-мыңжылдықта қаланған көне қала. Соғды мемлекетінің саяси-экономикалық орталығы. Самарқан қаласының шетінде ескі жұрты сақталған. Көне эпостарда Алып Ер Тоңға Соғды жерінің билеушісі болып, осы Афрасиабты салдырғаны айттылады. Афрасиаб қаласының қолөнерімен және саудамен айналысатын бөлігі – Рабад гүлдене түсті. Хасырда Самани өулеті тұсында қала мейлінше өркенеді. Афрасиаб өз кезінде дүние жүзіндегі ірі қалалардың бірі болды. Афрасиаб қамал мен 4 қатар қорғаныс қабыргалардан тұрады. Кейінгі дәуірде оның жағынан қазіргі жаңа Самарқан қаласы салынды.



41

Афрасиаб қаласының жаңынан Самарқан қаласы өсіп шықты. Көненің көзіндей көк күмбездер



қа қарай үдере көшеді. Олар өз тайпаластары кемерліктердің ізіне ере отырып Қап тауын асып, Мидия жеріне табан тірейді.

Мидиялықтар бұл кезде қаһарлы Ассирия патшалығының боданы еді. Жерорта теңізі жағалауына түгел өз ықпалын жүргізіп тұрған ассириялықтар өкіліне бұл төніректе қарсы келер күш жоқты. Соған қарамастан, артынан өзінің байырғы тайпаластарынан құралған тың күш келіп қосылғанын сезген мидиялықтар орталық өкіметке қарсы көтеріліске шығады. Алыс жолдан шаршап-шалдығып жеткеніне қарамай, Ишпақай бастаған сақ жауынгерлері көтеріліспілермен бірге біздің заманымыздан бұрынғы 674

## ТАРҒЫТАЙ МЕН ИШПАҚАЙ

**42** Тарғытай – сақтардың тұңғыш патшасы. Шамамен біздің жыл санауымыздан 1500 жыл бұрын өмір сүрген. Тарғытай жөнінде алғашқы мәлімет Геродоттың “Тарих” атты еңбегінде берілген. Тарғытай Қара теңіз жағалауына қоныс аударған көшпелілердің алғашқы легінің басшысы. Тарғытайдың Липоксай, Арпаксай және Қолақсай атты үлдары болған. Ұлы Тарғытай бабамыз арийлерден ата жүртта қалған тайпаларды ортақ ұлысқа үйітқан ірі тұлға. Фалымдар арасында қазіргі Тарбагатай тауының атауы осы Тарғытай баба есіміне байланысты қойылған деген де пікір бар.



Ишпақай – сақтардың көсемі. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы 600 жылдар шамасында өмір сүрген. Көптеген тарихи еңбектерде Ишпақай есімі кездеседі. Мысалы, М.И. Артамоновтың “Кемерлер мен скифтер” атты еңбегінде “қолда бар деректерге сүйенсек, скифтер жаңа қонысқа орналаса салысымен-ак, сол уақыттағы Алдыңғы Азия халықтарының арасында жүріп жатқан соғыс майданына бірден араласып кетіпті. Жыл қайыруымыздан бұрынғы 674-жылдың шамасында Ассирия өздеріне қарсы көтеріліске шықкан мидиялық тайпалармен соғысып жатқан болатын. Ассириямен екі арадағы соғыста скифтердің көсемі Ишпақай қазатапты”, – деген тарихи деректі мәлімет берілген.



жылы, яғни осыдан 2675 жыл бұрын Ассирияның қаһарлы патшасы Асархаддонға қарсы азаттық соғысына белсене араласып кетеді. Бұл соғысқа Ишпақай елінің алдында келген кемерліктер де қатысады. Мидиялықтар, кемерліктер, Ишпақай бастаған ишкүз сақтар бар, бір сөзben айтқанда, туысқан тайпалар одағының мұндай тегеурінді соққысы Асархаддонды әлсіретеді. Алайда, осы соғыста Ишпақай қаза табады.

Сөйтіп, қазақ даласынан шыққан ұлы бабамыз соңына ерген жүртқа жайлы қоныс табу үшін Қап тауын асып, ежелгі бауырларымен енді табыстым ба дегенде, сол бауырларының азаттығы жолындағы шайқас-

## АМОРГА МЕН АТЕЙ – САҚ ПАТШАЛАРЫ

Аморга – сақтардың бір тармагының патшасы. Грек тарихшысы Ктесийдің деректерінде Иран патшасы Кир шамамен біздің заманымыздан бұрынғы 535 – 534 жылдары Аморга елін шауып, Аморганың өзін тұтқынға тұсіреді. Зайыбы Әспеттер ханша көп әскермен барып оны босатып алады. Кейін одақтасы ретінде Кирдің Мидияға қарсы жорығына қатысады. Геродот жазбаларында Аморганы Омарг деп атаған.

Ассирия – біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың бас кезінде Тигр өзенінің орта ағысы тұсында, қазіргі Ирак территориясында құрылған ірі мемлекет.



Атей – сақ патшасы. 43  
Біздің заманымыздан бұрынғы IV ғасырда өмір сүрген, бытыраңқы сақ тайпаларын біріктіріп, сол ғасырдың 40-жылдары Азау (Азов) теңізінен Дунай өзеніне дейінгі жерді алыш жатқан орасан зор, дүние жүзі өркениетіне үлкен ықпал жасаған Сақ патшалығын құрды. Біздің заманымыздан бұрынғы 331 жылы Фракиядағы Александр Македонскийдің өкілі Зопириан патшалығының батысына басып кіріп, Ольвияны қоршады. Атей армиясы оларды түгелдей құртып жіберді. Атей біздің заманымыздағы бұрынғы 339 жылы Македония патшасы Филип II-мен соғыста қаза тапты.



та қаза тапты. Сүйегі ата жұрттынан алыста қалды. Бірақ оның есімі сол шайқастың арқасында тасқа қашалып, ежелгі дүние тарихшыларының жылнамаларына тіркеліп, бізге жетті. Ал оның баласы Партатура (Геродотта Прототий) мен немересі Мәди (Геродотта Мадиес) Ассирия елінің тарихындағы даңқты тұлғаларға айналады.

Мәселе былай болған еді: Ишпақай қаза тапса да, толастамаған көтерілістің қарқынынан үрейленген Асархаддон патша одактас сақ тайпаларының арасына жік салуға тырысады. Оның ең қорқатыны, өсіресе, сақтардың Азиядан Ишпақайға еріп келген жаңа тобы еді. Сондықтан

### АЛЫП ЕР ТОҢҒА

**44** Алып Ер Тоңға, Афрасиаб (шамамен б.з.б. VI – IV ғасырлар) – Тұран патшасы, қолбасшы, батыр, сақ, түркі жұрттының ұлы тарихи тұлғасы, айбынды көсемі. Алып Ер Тоңғаның Тұран аталған аса қуатты мемлекеті Әмудариядан Енисейге дейінгі жерді алып жатқан. Астанасы Пайкент, Баласағұн, Рамитан қалалары болған. Алып Ер Тоңғаның есімі Фирдаусидің “Шаһнамасы” арқылы жұртшылыққа кеңінен танылды. Алып Ер Тоңға есімі “Авеста” кітабында да кездеседі. Алып Ер Тоңға Бұхара қаласы қақпасына жақын жерге жерленген.

“Алыш” – сақтар мен ғұндар заманынан бері ел қорғаған батырлардың атына қосылып айтылатын мәртебелі есім. “Алыш” сөзі сол заманда күшті, батыр, қаһарман, ержүрек деген мағынаны білдірген.



Бұхар қаласының қақпасы



әкесінің орнына өз ұлысының билігін қолына алған Ишпақайдың ұлы Парратураға қаһарлы Ассирия патшасы өз қызын беріп, туыстық жолымен одақтасуға ниет білдіреді. Оның бұл ниеті орындалған. Өз әкесін өлтірген патшаның қызына үйленіп, орталық өкіметтің сенімді одақтасына айналған Парратура енді өз бауырларына қарсы шығады. Мидиялықтар мен кемерліктердің көтерілісін басып-жаншып, шайқас кезінде кемерліктер көсемі Теушпаны өлтіріп, осы еңбегі үшін қайын атасының келісімімен Мидия мемлекетінің билігін өз қолына алады. Парратура бабамыздың бұл ісі сатқындық па, әлде ұлысты сақтап қалудың амалын

## САҚТАР



Сақ тиграхауда және  
мидиялық. Персепольдегі  
(Иран) Ксерокс сарайы-

ның бедер бөлшектері.  
Біздің заманыздан бұрын-  
ғы V ғасыр.

Ахамендік сына жазу 45  
ескерткіштерінде сақтарды үш топқа бөледі.  
Олар: хаумаварға сақтары (амюрийліктер), тиграхауда сақтары  
(шошақ бөрікті сақтар), тъяй-парадарая сақтары  
(теңіздің арғы жағындағылар). Бұлар Орта  
Азияның оңтүстігін,  
Арал теңізінің  
төңірегін, Жетису алқабын мекендеген.



ойлаған саясаткерлік пе?! Өкінішке орай, бұл сұраққа, қадірлі жас дос, сіз бен біздің кесімді жауап табуымыз қын.

Партатураның қалай қайтыс болғаны белгісіз. Сірө, шайқас алаңында емес, өз ажалынан өлген болуы мүмкін. Жылнамашылар оның кейінгі тағдыры туралы ештеңе жазбаған. Есесіне олар Партатураның ұлы Мәди тұлғасына көбірек тоқталады.

Бұл кезде Партатура да, оның қаһарлы қайын атасы Асархаддон да бұл дүниеден өткен еді. Ассирия империясының тағына Ашурбанипал отырады. Ол біздің жыл санауымыздан бұрынғы 668 – 626 жылдары билік құрган.

### ТҮМАР ХАНЫМ (ТОМИРИС)

46



Томирис. Суретші А. Дүзелханов

Тұмар, Томирис – массагеттердің падиша-сы. Шамамен біздің за-манымыздан бұрынғы 570 – 520 жылдар ара-сында өмір сүрген. Мас-

сагеттер тарихта “ұлы сақтар” деген атпен де белгілі. Талай елді жа-улап алып, қан қақса-қан Кир патша осы сақтар елінің падишасы

Томиристің (Тұмардың) өзіне тұрмысқа шығуын қалайды. Ондагы ойы сол елді де өзіне қарату болған. Ол кезде Аракс деп аталған ұлы Эмудария өзенінің жағасында Тұмар падишадан Кир патша: “Еліңе қайт. Мен сенің ұсынысыңды қабылдай алмаймын. Елімді жерге қараталмаймын”, – деген жауап алады. Оған ашууланған Кир патша өзеннен көпір салып өтпек болады. Тұмар оған “Көпір салып өүре болма, бергі жағаға өт. Мен өскеріммен үш күндік жерге шегініп тосамын”, – дейді. Сол соғыста Кир патша ұлы қазақ жеріндегі Талас дала-сында ажалын табады. Тұмар ханым осы жеңістен кейін де көп жылдар ұлы сақ елін басқарған. Тұмар падиша арғы ата-бабаларымыздың рухын биіктеткен ұлы тұлға.



Жаңа патша тұсында да мидиялықтар мен кемерліктер тынши қоймайды. Ашурбанипал оларға қарсы қуресте тағы да бүлікшілердің өз туысы, Парташуранның ұлы Мәдиді пайдаланады. Мәди де Ашурбанипалдың қүйеу баласы болған деген дерек бар. Қалай болғанда да, Мәди Ассирия патшасының мұддесін қорғап, сақтардан құралған өз жасақтарының күшімен кемерліктерді тас-талқан етіп жеңеді. Шайқас үстінде кемерліктердің көсемі Лигдамисті, мидиялықтар көсемі Фраортты өлтіреді. Мәди тек оларды ғана бағындырып қоймай, Жерорта теңізінің бойын жағалап, Мысырга дейін жорық жасайды. Ежелгі гректердің сақтарды көріп, оларды атымен бірге

### АНАРЫС (АНАХАРСИС)

Анарыс, Анахарсис – сақ ғұламасы. Біздің заманымыздан бұрынғы VII – IV ғасырларда өмір сүрген. Тарихта “Скиф Анахарсис” деген атпен әлемге танылған. Анарыстың анасы эллиндік болған. Ол Эллиnde сол кездегі белгілі білім мен өнердің барлық саласын менгерген. Анарыс жөнінде Геродоттың “Тарих” еңбегінде айтылған. Платон “Мемлекет” деген еңбегінде Анарысты Гомер, Фалеспен қатар қойса, “Протагор” деген туындысында әлемдегі “жеті ғұламаның бірі” деп таныған. Анарыс Афинада өйгілі кеменгер Солонмен жақын дос болған. Оның есімі Аристотельдің “Аналитикасының” 2-кітабында, “Никомах этникасында” аталағы. Анарыс туралы мол мағлұмат. Лукианда да беріледі. Анарыстың көркем



бейнесін Плутарх жасаған, оның “Жеті ғұлама сауығы” аталағын еңбегінде Фалес, Солон, Переандр, Питтак, Биант, Хилон, Клеобулдармен қатар Анарыс та аталағы. Анарыс есімі Мишель Монтенниң “Тәжірибелерінде” екі жерде аталағы. Диоген Лаэртский “Атақты философтардың өмірлері, ілімдері, нақыл сөздері” аталағын кітап-

бында “Анарыс айтты” деген афоризмдер келтіреді. Оның дерегі бойынша, кеменің зәкірін, шығырлы дәңгелекті Анарыс ойлап тапқан. Кеменгер Анарыстан қалған: “Басқа пәле тілден”, “Татымсыз мың достан адад бір дос артық”, “Базар – адамдардың бірінбірі алдап-арбап, үрлап-жырлауы үшін әдейі жасалған орын”, “Элладалықтар қызық осы, мұнда сөзді ақылдылар айтады да, ал мәселені ақымақтар шешеді” сияқты, т.б. даналық сөздері бүгінге жетіп отыр. Анарыс шешендігін мойындағаның белгісі ретінде Афина зиялды қауымында “Скиф осылай сөйледі” деген мәтел тараған. Анарыс өмірі өз елінде аяқталған. Өлім аузында жатқан Анарыс: “Элладада мені ақылым сақтаса, туған жерімде қызғаныш құрбаны болдым” деген екен.




жаратылған адамдарға, яғни кентварларға теңейтіні де осы кез. Ежелгі еврейлердің сақтар жорығынан зәрелері ұшып, олар туралы діни кітаптарында жазатыны да осы түс.

Мәди сарбаздары бұл жорықтан Ассирияның айбынын асырып, бүкіл Таяу Шығыс халықтарының үрейін ұшырып оралады. Алайда оны мидиялықтар елінде ажал күтіп тұр еді. Шайқаста өлген әкесі Фараоттың орнын басқан мидиялықтардың жаңа көсемі Қиақар Мәдиді жанындағы серіктерімен бірге қонаққа шақырып, шарапқа мас қылады да, түгел қырып тастайды. Осылайша 28 жыл ат үстінен түспе-

## ГЕРОДОТ – ЕЖЕЛГІ ГРЕК ТАРИХШЫСЫ

48



Геродот (б.з.б. 490/480 – 425 ж. ш.) – ежелгі грек тарихшысы. Кіші Азияның оңтүстік батысындағы Галикарнас қаласында туған. Геродот Кіші Азияны, Вавилонды, Финикияны, Египетті, Киренаны, Фракияны, Эгей теңізіндегі кейбір аралдарды, Пелопоннес пен Орта Грекия қалаларын, Италия мен Сицилия қалаларын аралаған. Қара теңіздің батыс жа-

ғалауында болып, сақтар туралы мәліметтер жинаған. Геродоттың “Тарих” деп аталатын еңбегі аяқталмай қалған. Кейін аллександриялық галымдар оны 9 кітапқа бөліп “Музалар” деп атаған. Геродот еңбегінде көптеген тарихи материалдар қамтылған. Парсы елін және оның құрамына енген елдерді суреттеуге көп көңіл бөлінген. Да-рий I-нің сақтарға қарсы жорығын баяндай отырып, сақ елінің, олармен көршілес халықтардың тұрмысы, соның ішінде Хорезм, Парфия, Бактрия, Соғды тұрғындарының өмірі, қару-жарагы, киімі туралы біраз мәліметтер берген. Қазақ жерін мекен еткен сақ тайпаларының көптеген тарихи оқиғаларға араласуы, парсы патшасы Кирдің сақтар мен массагеттерге қарсы жорығы баяндалған.

Кир – біздің заманымыздан бұрынғы ежелгі парсы патшасы. Туған жылы белгісіз. Ахемен өулетінен шыққан ол 558 жылы парсы тайпалары одағын басқарған. 550 жылы Мидияны тізе бүктіріп, Мидия патшаларының ресми лауазымын қабылдады. 546 жылы Лидия мен Кіші Азиядағы грек қалаларын, 545 және 539 жылдар аралығында Орта Азияның едөуір бөлігін, 539 жылы Вавилонияны жауап алды. Кир патша 530 жылы Массагет тайпасына соғыс ашып, қазақ жеріндегі Талас даласында Тұмар (Томирис) падиша басқарған әскерден жеңіліп, қаза тапқан. Өркөкірек Кир патша қазақтың ұлы даласына қас ниетпен келіп, әскері Тұмар қолынан жеңілген.



ген, алыс жұртқа сақтардың даңқын таратқан Мәди бабамыз қапыда көз жұмады.

Ишпақайға еріп, Қап тауынан өрі асқан ишкүз сақтардың жағдайы Мәди қазасынан кейін күрт нашарлайды. Ақыры олар ата жұртына қайта оралуға шешім қабылдайды. Асқар-асқар тау етегін жағалап, баяғы бабалары өткен жолмен, Қара теңіздің солтүстік-шығысындағы кең байтақ ата қоныстарына қарай сапар шегеді. Осы оқиға туралы жылнамашылар айтатын тағы бір аңыз бар: ишкүз сақтары таудан өрі асып, ұзақ уақыт хабарсыз кеткен соң, артта қалған елін олардың құлдары бағын-

## БЕХИСТУН ЖАЗУЫ

Дарий I – Ахемен өuletінен шыққан парсы патшасы. Біздің заманымыздан бұрынғы 522 – 486 жылдары патшалық құрган. Дарий I-дің тұсында патшалыққа парсылар мен мидиялықтардан басқа Кіші Азия мен Кавказ, Орталық Азия, Қос өзен аралығы, Сирия мен Палестина, Мысыр, Үндістаның біраз аумағы бағынышты болды. Дарий I – Сырданияның солтүстігінде тұратын сақтармен, грек қала-мемлекеттерімен соғысып қателік жіберді. Оның әскері үлкен соғыстарға шыдамайтын еді. Біздің заманымыздан бұрынғы 490 жылы болған әйгілі Марафон шайқасынан көп ұзамай қайтыс болды. Дарий I ірі оқиғаларды биік жартасқа 3 тілде жаздырды. Ол жазу бүгінге дейін сақталған, жаңындағы қалашықтың атымен “Бехистун жазуы” деп аталады.



Бехистун сына жазуы – Парсы патшасы Дарий I өзінің женістерін тарихта қалдыру үшін Ирандағы Керманшах-Хамадан жолының бойындағы жартасқа біздің заманымыздан бұрынғы 516 жылы жаздырған жазулар. Бехистун сына жазуы екі бөліктен тұрады: жоғарғы жағында көтеріліске шыққан дүшпандарын аяғына жығып тұрған Дарий I-

нің бейнесі, оның айналасында және төменгі жағында көне парсы, эlam және вавилон тілінде 14 қатар етіп жазылған жазулар бар.

1837 жылы парсы қызыметіндеғі ағылшын офицері Генри Роулинсон арқанға байланып тұрып, 50 метр биіктікегі Бехустин сына жазуының көшірмесін алды. 1846 жылы Роулинсон Лондондағы Корольдік Азия қогамына сына жазуды оқудың кілтін тапсырды. Алайда, ол сенімсіздік туғызды. Француз Э.Боттаның Құйінжікте жүргізген қазбалары кезінде табылған қыш тактага жазылған сына жазу сөздіктері мен оқулықтары Бехистун сына жазуын оқуды жеңілдettі. Бехистун сына жазуында сақ тайпаларының құрылымы туралы құнды деректер сақталған.



дырып алыпты. Елу жылдай уақыттан соң, бұрынғы иелерінің қайтып келе жатқанын естіген құлдар жол тосып, оқ жаудырып, ишкүз сақтарды таудан түсірмей қойыпты. Ата жұрттан мұндай қарсылыққа тап боламыз деп ойламаған сақтар сәл абдырап қалса керек. Сол кезде олардың арасынан бір ақсақал “Тегі бұлар құлдар емес пе? Оқ атпайық, қамшымызды көтеріп қарсы шабайық” деп ақыл беріпті. Қамшыны көрген құлдар жөн-жөніне тым-тырақай қашыпты. Сөйтіп, алыс сапардан оралған сарбаздар ата жұртымен аман-есен қауышқан екен.

## ЕСКЕНДІР ЗҰЛХАРНАЙЫН

50 Александр Македонский, Ескендір Зұлхарнайын – ұлы қолбасшы, мемлекет қайраткері. Македония патшасы Филипп II-нің ұлы, Аристотельдің шәкірті. Эскери даярлығына әкесі басшылық еткен. Бүкіл саналы өмірі соғыста өткен. 338 жылы Грекияны жауап алды. 334 жылы Персияға қарсы соғыс ашып, парсы армиясын талқандады. Жерорта теңізінің шығыс жағалауындағы порттардың бәрін басып алды. 331 жылы А.Македонский армиясы Египетті, Вавилон, Сузы, Персеполь қаларын алды. Дарий III қайтыс болғаннан кейін А.Македонский өзін оның “занды мирабқорымын” деп жарияладап, шығыс монархына, орасан зор грек-македон-парсы мемлекетінің басшысына айналды. 330 жылы Иран таулы өлкесіне, 329 жылы Орталық Азияға басып кірді. Марақанды (Самарқанды) бағындырып, Сырдария бойындағы қалаларга ат-



танды. Александр Македонский әскеріне Орта Азия тайпалары мен халықтары күшті қарсылық көрсетті. Бұл күреске сол кезде Қазақстанның оңтүстік аудандарын мекендейген тайпалар, атап айтқанда, массагеттер белсene қатысты. Грек-македондықтар Сырдария бойындағы қалаларга бас салған кезде, олардың тылында көтеріліс шықты, бұған Спитамен басшылық етті. Сақ-массагеттердің көмегіне сүйеніп Спитамен грек-македон әскерлерін талай рет талқандады. Тек 3 жылдай уақытқа ғана

Македонский әскері Орта Азияның кейбір тайпаларын уақытша бағындырыды. Сырдарияның арғы бетінде тұратын тайпалар төуелсіз күйінде қалды. 327 жылы ол Индияға (Пенджабқа) жорық жасап, үнді әскерлерін женді. А.Македонский Вавилонды мемлекеттің астанасы етті. Ол жаңа жорыққа қызу өзірлік үстінде сол қалада қайтыс болды. А.Македонский өз заманында Дунайдан Үнді өзеніне дейін созылып жатқан ең ірі мемлекет құрды. Алайда ол қайтыс болғаннан кейін, мемлекет ыдырап құлады.



Бұл – сол кездің жылнамашыларынан қалған аңыз. Бірақ кейінгі қазақ халқының “Алпамыс батыр”, “Қобыланды батыр” жырларындағы оқиғаға қандай үқсас екенін аңғардың ба, жас дос!


Сақтар туралы жазба деректердің келесі тобы парсы патшалары Кир мен Дарийдің, әлемнің әміршісі атанғысы келген А. Македонскийдің сақ еліне жасаған жорықтарына байланысты хатқа түскен.

Ахемен өулеті билігін нығайтып, бұрынғы Ассирия империясы аумағын түгел жаулап алған парсы патшасы Кир II (Ұлы Кир деп те атайды) біздің заманымыздан бұрынғы 546 жылды билік басына келген. Жылна-

## ЕСІК ОБАСЫ

Есік обасы – Қазақстандағы біздің заманымыздың бұрынғы V – IV ғасырларда әмір сүрген сақ тайпаларының тарихы мен мәдениетінен хабар беретін аса көрнекті ескерткіш. Бұл ескерткіш Есік қаласының жаңындағы Есік өзенінің сол жақ жағалауында, Алматы қаласынан 50 шақырым жерде орналасқан. Есік обасына зерттеу жүргізгенде көптеген бүйімдар мен ыдыстар табылды. Ол ыдыстарды атап айтсақ: құмыралар, ағаштан істелген шара аяқтар, өрнек сапты ожау, күміс қасық, алтын жалатқан тостаған, т.б. барлығы – 31 бүйім табылды. Есік обаларынан табылған 4 мыңнан астам бүйімдардың көбі ал-

тыннан жасалған. Есік обасынан табылған алтын киімді сақ жауынгері мен 26 таңбадан тұратын жазуы бар күміс тостаған біздің аргы ата-бабаларымыздың өркениетінің ертеде қалыптасқанын әлем жұртшылығына танытты. Алтын адам – Қазақстанның азаттық символына айналды. Оның тұлғасы Алматының бас алаңына орнатылды. Төбе бөркіндегі қанатты тұлпарлар бейнесі Елтаңбамызға енді. Тостағандағы жазу Қазақстан жерін мекендереген сақ тайпаларының тілі көне түркі тілі болғандығын дәлелдейтін аса құнды жазу болып отыр. Есік обасынан табылған жаңа деректерді талдау қазақ жеріндегі сақтар әмірін жан-жақты тануға мүмкіндік береді.



Жетису өңіріндегі Есік қорғанынан табылған ыдыс. Қоңе Қазақстан керамикасы. Біздің заманымызға дейінгі VI – IV ғасырлар бүйімі.

Дарий I – Ахемен өулетінен шыққан парсы патшасы. Біздің заманымыздан бұрынғы 522 – 486 жылдары патшалық құрган.



машылардың кейбіреулері Кирді баяғы Мәдиді өлтіретін Қиақсардың ұлы Астиаг патшаның Мандана есімді қызынан туған жиені екен дейді.

Кир жан-жағындағы Лидия, Маргиана, Вавилон, Финикия мемлекеттерін түгел бағындырып болған соң, қаптаған қалың қолмен кең байтақ даладағы сақ еліне беттейді. Араг тенізін айналып, Соғды елін өзіне қаратқан Кир шамамен біздің заманымыздан бұрынғы 530 жылы Сырдария өзеніне келіп ат басын тірдейді. Бұл кезде Сырдарияның сар дала жағын сақтардың массажет тайпасы қоныс ететін. Кир шабуыл жасаған кезде

### ЕСІК ЖАЗУЫ

52 Есік жазуы – Қазақстандағы сақ дәуірінен сақталған жазба ескерткіш. Есік қорымынан сақ дәуірінен бізге жеткен алтынға сақ жауынгері мен оның дұлығасы, алтын сапты қанжары мен семсері, түрлі ыдыс-аяқ және жұмбақ жазуы бар күміс тостағаншаның сырт жағына ойылған 26 таңба екі жолға жазылған. Бұл жұмбақ жазуды белгілі түрколог-ғалым Алтай Аманжолов оқыған: Аға, саңа очкуқ! Без чөк! Буқун ічре (р?) азук і. Аудармасы: Аға саған бұл ошақ! Бөтен ел адамы тізенді бұк! Халықта азық түлік мол болғай! Бұл жазудың құндылығы: Қазақстан жерін мекендерген сақ тайпаларының тілі – түркі тілі екенін дәлелдейді. Сақтардың біздің арғы бабаларымыз екенін олардың тостағанға жазып кеткен тілі арқылы дүние жүзі таныды.



Есік қорымынан табылған күміс тостаған. Төменде сол тостағандағы жазу айқындалып берілген. Күміс тостағандығы жазулар көне түркі жазуының сақ дәуірінде пайдаланылғанын дәлелдейді.



массагеттерді Тұмар (грекше Томирис) есімді патшайым билеп тұрыпты. Тұмардың бұрынғы сақтар патшасы екені, оның өзінің де ақсүйектер түкімдін шыққаны, Спаргапис есімді жалғыз ұлы болғаны жылнамашылар жазбаларынан белгілі. Фалымдар осы уақытқа дейін Тұмардың қай сақ патшасының жесірі екенді, ата-тегінің кім болғандығы жөнінде әр түрлі болжамдар айтады.

Біздің ойымызша, массагеттер патшайымына ел аузында сақталған Алып Ер Тоңға (Фирдоусидің “Шаһнамесіндегі” Афрасиаб) патшаның қатысы бар төрізді. Тарихи деректерде Афрасиабтың соғыларды бағын-

### ЕСІК ҚОРҒАНЫНАН ТАБЫЛҒАН ЕСКЕРТКІШТЕР



Есік қорғанынан табылған құрбандық шырағданы. Шырағдан шамамен біздің заманымыздан бұрынғы IV – III ғасыр бүйімы.

Шырағдан үстінде құрбандықта шалынбақшы жылқы және адам бейнесі берілген.

Есік қорғанынан табылған өшекей жапсырмаларда түрлі андардың бейнелері ерекше талғаммен безендірілген. Пышак,

қанжарлардың сабында бейнеленген жапсырмалардағы құланның, аттың, бұғының суреттері сақ мәдениетінің бір айғары.



дырып, сақ ұлсының оңтүстік шекарасын кеңейткені, қазіргі Өзбекстандағы Самарқан қаласының орнына Афрасиаб аталатын қала салғаны туралы айтылады. Атақты парсы ақыны Фирдоуси де өзінің “Шаһнамесіндегі” Иран (парсылар) мен Тұранның (сақтардың) соғысы парсы батыры Рұstem мен Афрасиабтың шайқасы туралы жырлайды. Осы жырлар негізінде түсірілген Афрасиаб, Рұstem, Сиявуш туралы кинофильмдерді өзің де көрген боларсың?! Демек, халық жадында ұзақ уақыт сақталған, кейін XII ғасырда Махмұт Қашқари өзінің “Диуани лұғат ат-түрік” (Түрік тілінің сөздігі) аталатын энциклопедиялық еңбегінде жариялаған Алып Ер Тоңғаны жоқ-


### ЕСІК ҚОРҒАНЫНАН ТАБЫЛҒАН ЕСКЕРТКІШТЕР

54



Есік қорғанынан табылған алтын жүзіктер. Оның бірінің бетінде адам бейнесі түсірілген, ал екінші жүзіктің айналы қалқаншасы бар. Шамамен біздің заманымыздан бұрынғы IV – III ғасырлар бұйымы.


Сағ алтыннан тұратын бұл жүзіктер асқан шеберлікпен, үлкен талғампаздықпен жасалған.



Есік қорғанынан табылған алтын белдік бас. Белдік баста иірілген қабылан бейнеленген. Біздің заманымыздан бұрынғы V – IV ғасырлардың бұйымы.

Жетісу өңіріндегі Есік қорғанынан табылған қола қазан. Біздің заманымыздан бұрынғы VI – IV ғасырлар бұйымы.

Қазан сапасы және безендірілуі жағынан ерекше өнер туындысы ретінде де көз тартады.



Алтын адам

Алтын адам – Есік 55  
обасынан табылған алтын  
киімді сақ жауынгері.  
Жасы 17-18 шамасында-  
ғы сақ жауынгерінің  
мүрдесі қабірде басы ба-  
тысқа қараталып жатқы-  
зылған. Қабір ағаш  
қақпақпен жабылып,  
темір құрсаулармен  
бекітілген, еденіне тақтай  
төселген, ал адам қойыла-  
тын жерге алтын жапсыр-  
малармен безендірілген  
төсеніш салынған. Алтын  
адам киімі 4 мыңда жуық  
алтын өшекейлермен бе-  
zendірілген. Әшекейлер  
барыс, бұлан, таутеке, ар-  
қар, ат, түрлі құс  
бейнелерін беретін “аң  
стилімен” жасалған. Бас  
жағынан жақұт тастар-  
мен өшекейленген алтын  
сырға табылды. Бас киімі  
кейінгі қазақ киімі  
үлгілеріне ұқсас – биік,  
шошақ тәбелі. Мойнында-  
ғы дөңгелек жүзік сияқ-  
ты алтын алқа, іш  
көйлегі, көкірегінің тұсы,  
жеңі алтын тоғалармен




тау жырының басты кейіпкери Афрасиаб парсылар мен сақтардың арасындағы соғыс түсында өмір сүрген.

Сақтарға жорыққа шыққан жолында Кирдің соғдылықтарды жаулап алғанын білеміз. Сақ ұлсының соғдыларды билеуші Алып Ер Тонғаның парсылармен болған осы алғашқы шайқаста ерлікпен қаза табуы өбден мүмкін. Тіпті, оның Тұмар патшайымның ері болуы да ғажап емес.

Қалай болғанда да, Кир Тұмар патшайымның жесір қалғанын біліп келген. Содан да ол Сырдария өзенінің арғы бетінде тұрып, патшайымға өз елшісі арқылы сәлем жолдайды.

### АЛТЫН АДАМ

56 өрнектелген, саусағында екі алтын жүзік, камзо-лы құрастырылмалы ауыр белбеумен буылған. Белбеуге аңға ұқсас бей-нелер, 16 тоға жапсырылып, оң жағында қызыл қынапты ұзын семсер, сол жағында алтын плас-тиналар жапсырылған. Қынаға салынған темір қанжар – ақинақ, шал-бар балағы да алтын то-ғалармен өшекейленген. Киім үлгісі, жерлеу рәсімі, Алтын адамның Қазақстан жерінде өмір сүрген сақтардың көрнекті елбасының ұлы немесе жас көсем, өскербасы екенін айқын көрсетеді. Алтын адам – Қазақстанның азаттық символына айналды. Алтын адамдағы тұлпарлар бейнесі Елтаңбамызға енді. Алматы қаласының Республика алаңындағы Төуелсіздік монументінде Алтын адам бейнеленген.




Алтын адамның бас киімінің ұшында арқар бейнесі, сондай-ақ, таудағы құстардың, жылқылар мен жолбарыс-

тың, маңдайшасында мүйізді арқарлардың бейнелері мүсінделген өшекей жапсырмалармен безендірілген.



- Маган күйеуге ти! Елің де менің иелігіме көшсін! – депті өз сәлемінде женіске мастанған ожар Кир.
- Мәселе менің жеке өз басыма тіреліп тұрса мен келісер едім. Ал халқымның тағдыры сынға түсіп тұрған шақта, мен бұл тілегінді қабылдамаймын! – деп жауап қайтарады Тұмар патшайым.
- Онда тұрысатын жерінді айт! – деп қаһарланады Кир келесі елшісінен жолдаған сәлемінде.
- Мұның дұрыс! – деп жауап қайтарады оған Тұмар, – Қонақсың ғой. Асау дарияның қылтасында тосып алмай-ақ қояйын. Мен өз сарбаздарымды

### АЛТЫН АДАМ



Есік қорғанынан табылған Алтын адамның бас киімінің басындағы және маңдағы арқарлар бейнеленген жапсырмалар. Біздің заманымыздан бұрынғы V ғасыр.

Есік қорғанынан табылған Алтын адамның мойнына тарылған алтын әшекей. Екі ұшына жолбарыстың басы бейнеленген. Біздің заманымыздан бұрынғы V ғасыр.




дариядан үш күндік жерге шегіндірейін. Сен судан әскерлерінді өткізіп ал! Дариядан үш күндік қашықтағы кең далада армансыз шайқасамыз сосын.

Тұмар патшайым уәдесінде тұрады. Өз сарбаздарын үш күндік жерге шегіндіреді. Кир қолы асықпай дариядан өтіп, уәделі жерге қарай бағыт түзейді. Фалымдар соғыс кезде Кир қолы мен Тұмар сарбаздары арасындағы қан майдан шайқас қазіргі Талас алқабында болған деген пікірге ден қойып жүр.

Ең өуелі екі жақтың шолғыншы топтары кездеседі. Тұмардың ұлы Спаргапис бастаған сақтардың шолғыншы тобы Кир қолының шолғыншыла-

### АЛТЫН АДАМ

58



Есік қорғанынан табылаған Алтын адамның бас киіміндегі әшекей жапсырмалардың бірі. Құстар. Біздің заманымыздан бұрынғы V ғасыр.



Есік қорғанынан табылаған Алтын адамның бас киіміндегі әшекей жап-

сырмалар. Таудағы барыстар. Біздің заманымыздан бұрынғы V ғасыр.



Есік қорғанынан табылаған Алтын адамның бас киіміндегі әшекей

жапсырмалар. Жылқылар. Біздің заманымыздан бұрынғы V ғасыр.



рын тас-талқан етіп жеңеді. Қолға түскен олжаға масаттана қуаныш, ертерек жеңіс тойын тойлап жатқан жас ханзада Спаргалисті қапыда Кирдің негізгі күші қолға түсіреді. Әрі өзінің аңғалдық жасағанына, әрі тұтқынға түскен қор кейпіне күйінген Спаргалис өзін қанжармен жарып өлтіреді.

Ертеңіне ұлан-асыр ұлы шайқас басталады. Ұлынан айырылған қаралы Тұмар патшайым екі жақтың да күші сарқылуға айналған шақта майданға өзінің тың күші – “ер апалар” тобын қосады. Сол сәттен бастап, сақтар рухы көтеріліп, шайқас үстінде Тұмар Кир патшаның басын ша-

### АЛТЫН АДАМ



59



Алтын адам камзолы аңдардың бейнесімен, басқа да түрлі өшекейлермен безендірілген. Камзол құрастырмалы ауыр белбеумен буылған. Белбеуге аңға ұқсас бейнелер жапсырылған. Камзол жеңі алтын тогалармен безендірілген. Алтын адамның камзолы басқа да алтыннан жасалған әсем жапсырмалармен безендірілген. Бұл киім ұлгісі Алтын адамның Жетісу жерін мекендеген сақтардың көрнекті тұлғасы болғанын айқындайды.




уып түсіреді. Шайқас аяқталған соң, қаралы Тұмар патшайым Қирдің жансыз басын қан толы меске батырып тұрып: “Іздегенің қан еді гой, ал іш, ендеше!” депті. Осы кекті сөз Геродоттың “Тарих” атты еңбегінде жазылып, бізге жеткен. Парсы өскерлерінің қалғаны сақ жеріне патшаларының жансыз басын қалдырып, еліне қарай үдерे қашыпты.

Бұдан соң Парсы елінде өлген Қирден қалған тақ үшін қырқыс басталады. Үш жылға созылған осы дүрбелеңнің соңы Қирдің қүйеу баласы әрі бұрынғы бас қолбасшысы Гистапстың ұлы, Дарий I-нің билік басына келуімен аяқталады. Дарий I Ахемен өулеті мемлекетінің бұрын-

## БЕСШАТЫР ЕСКЕРТКІШІ

**60** Бесшатыр – сақ дәуірінің аса ірі ескерткіші. Қорым біздің заманымыздан бұрынғы VI – V ғасырларда салынған. Жетісу өңірі Желшатыр тауының бектерінде орналасқан. Қорым құрамында үлкенді-кішілі 31 оба бар. 18 оба қазылып зерттелген. Олардың ушеуі үлкен, қалғандары орташа және кіші обалар. Таспен жабылған 21 обаның алтауында шағын тастармен қоршалған ұзын тізбектер бар. Тізбектердегі көптеген тас плиталардың беттеріне таутеке, қабан, қасқыр сияқты аңдардың суреттері салынған. Үлкен Бесшатыр обасының маңындағы кейбір қоршаудың плиталарына түрлі таңба іспеттес суреттер де түсірілген. Олардың арасында күн рәмізіне

жақын тұрган немесе қазақтың “көз” таңбасына ұқсас дөңгелек бейнелер кездеседі. Мұндай тізбектер қорымның тек жерлеу орны ғана емес, сондай-ақ діни салт-жоралғылар шерулерін өткізетін ерекше салтанат орны болғанын да көрсетеді. Бесшатырдағы үлкен обаларға сақ ру басылары мен өскери көсемдерін жерлекен. Орташа обаларда бұлардан кейінгі өскербасылар мен атақты жауынгерлер жерленсе, кіші обаларда қатардағы жауынгерлер мен қарапайым адамдар жерленген. Қорымнан көбелек тәрізді өрнегі бар қысқа семсер-ақинақ, жебе ұштары, ағаш қалқан қалдығы, темір тоға, төрт ақық моншак және іші қуыс алтын түйіршіктерден бір-біріне дәнекерленіп жасалған екі моншак табылған.



Сақ дәуіріндегі сөндік бұйымның бірі – сырғалар әдемілігімен көз тартады.

Бұл сырғалар моншактармен безендіріліп, әдемі сыммен иіліп жасалған.




ғы қуатын қайта қалпына келтіріп алған соң, қайын атасы Кирдің кегін қайтаруға 300 мыңдық қолмен сақ даласына бірінші жорыққа аттанады.

Дарийдің сақтарға жасаған бірінші жорығы біздің заманымыздан бұрынғы 518 – 517 жылдары болған.

Бұл кезде массагеттердің қаһарман көсемі Тұмар патшайым өмірден өтсе керек. Жылнамашылар сақтардың осы кезеңдегі үш көсемінің есімін қағазға жазып қалдырыпты: Аморга (Геродотта – Омарг), Тамыр (Тамир) және Сакесфар. Сырдариядан өткен Дарийдің қалың қолына қарсы

## ЖАЛАУЛЫ ҚОРЫМЫНАН ТАБЫЛҒАН АЛТЫН БҰЙЫМДАР



Сап алтыннан жасалған бас киім өшекейі. Жетісу өңірі Жалаулы қазынасы. Біздің заманымыздан бұрынғы V – III ғасырлар бұйымы. Өзінің нәзік өшекейі шебердің қолынан шыққанын байқатады. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұражайында сақтаулы.

Сап алтыннан жасалған пластина. Конус тәрізді инелермен безендірілген. Жетісу өңірі Жалаулы қазынасы. Біздің заманымыздан бұрынғы V – III ғасырлар бұйымы.

Жетісу өңірі Жалаулы қорымынан табылған кісе белдіктің құрсаулары. Біздің заманымыздан бұрынғы V – III ғасырлар бұйымы.



алғашқы шайқас сақтар үшін сөтсіз аяқталады. Сақтардың бір тобының қолбасшысы Скунһа қолға түседі. Тіпті, үш көсемнің бірі Сакесфардың да тұтқынға түсіі мүмкін.

Сақтардың қалған өскері кең далаға қарай шегінеді. Осындай қысылтаяң шақта Ширак есімді жас жігіт сақ көсемдерінің алдына келіп, өзінің бұл қыын жағдайдан шығудың амалын тапқанын айтады. Көсемдер ақылдаса келе Ширактың айтқанына көніп, оның қол-аяғын байлап, өзін қанжоса қып сабап, сарбаздарының қонып шыққан жұртына тастап кетеді. Сақтардың соңынан өкшелей қуып келе жатқан парсылар қашқан жау-

### ЖЕТИСУ ӨҢІРІНЕН ТАБЫЛҒАН САҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

62



Жетису өңіріндегі Жалаулы қорымынан табылған сағ алтын жапсырмаллар. Жоғарғы жапсырмада құс пен бұғылар, төменгісінде бұғы бейнеленген. Біздің заманымыздан бұрынғы V – III ғасырлар бұйымы.

Құрбандық шырағданы. Біздің заманымыздан бұрынғы IV – III ғасырлар бұйымы. Жетису өңірі Ерейментау қыстағынан табылды. Орталық композиция: арқар, екі қасқыр және екі қарға.

Жетису өңіріндегі қорымдардың бірінен табылған құрбандық шырағданы. Біздің заманымыздан бұрынғы V – III ғасыр бұйымы.



ының жұртында қансырап жатқан Ширакты тауып алады, қол-аяғын шешіп, аузына су тамызады.

– Олар мені сатқын санап, осындаі жазаға тартты. Енді мен бұл сақтардан кегімді алмай қоймаймын. Мен сендерді тұра жолмен бастап апарып, сақтардың дәл төбесінен түсіремін, – деп жұлқынады Ширак. Парсылар оның сөзіне сенген.

Ширак парсыларды бастап, кең далаға қарай бет алады. Құн жүреді, тұн жүреді. Әйтеуір ұзақ жүреді. Сонда да даланың шеті көрінбейді. Жүре жүре сілелері қатып, сілекпелері шығып, шөлден қырыла баста-

### ТЕҢЛІК ҚОРҒАНЫНАН ТАБЫЛҒАН БҰЙЫМДАР

63



Алтынмен апталған түйреуіш ұштығы. Жетісу өніріндегі Тенлік қорғанынан табылған. Біздің заманымыздан бұрынғы III – II ғасырлар бұйымы.



Алтынмен апталған билік таяғы. Жетісу өніріндегі Тенлік қорғанынан табылған. Біздің заманымыздан бұрынғы III – II ғасырлар бұйымы.

**Жетісу өніріндегі**  
Тенлік қорғанынан табылған салт атты бейнеленген алтын жасырмалар. Біздің заманымыздан бұрынғы III – II ғасырлардың бұйымы.




ған парсылар алданғандарын бір-ақ біледі. Дарийдің сенімді қолбасшысы Ранаасбат қылышын қынабынан сурып алып Ширакқа шүйлігеді.

– Жеңіс деген осы! Ата жұрттымызды жаулап алмақ болған қан-құйлы жауды жалғыз өзім шөлге қамап, дымын құртып тұрмын, – деп саңқ етеді сонда Ширак.

Ширак осылай ата жұрты үшін жан тапсырған. Дарий болса, елді біріктіру үшін баяғы арийлердің Заратуштра кітабынан қабылдап алған Ахура-Мазда Құдайына сиынып, көктен жаңбыр тілейді. Сіркіреп өткен жаңбыр қалың

### ҚАРҒАЛЫ КЕҢІШІ

64



Қарғалы кенішінен 300-ге тарта алтыннан қақталып жасалған, алуан өрнекпен әсем-делген бүйымдар табылды. Соның ішіндегі ең бағалысы – қақтап жасалған алтын тәті. Қарғалы кенішінен басқа да қыш ыдыстар, жа-

пырақ төрізді қола пышақтар, дән үккіштер табылды. Қарғалы кенішінен табылған заттар Жетісуда біздің заманымыздан бұрынғы VIII – VII ғасырларда сақ мәдениетінің қалыптасу кезеңін көрсетеді.

Жетісү өніріндегі Қызыл тоған қорымынан табылған теңіз жағалауының үштығы. Қоладан жасалған бұл бүйымдар арқар бейнесінде жасалған. Біздің заманымыздан бұрынғы VII – V ғасырлар бүйимы.




әскерін шөлден құтқара алмайды. Сөйтіп, сақ елінен кек алуға келген Дарий әскерінің жартысын шөл далада қалдырып, еліне өрең жетеді.

Ол еліне жетіп алған соң, сақтарды жеңіп келдік деп жар салады. Өзінің жеңісін тасқа қашап жаздыртады. Тарихта “Бехистун жазуы” деп аталып кеткен сол сына жазудың біз үшін құндылығы – онда тұтқынға түскен сақ жауынгерлерінің киім үлгілері сол замандағы қалпында бедерленген.

Дарий өзінің сақтарды жеңгенін қаншама дақпыртқа айналдыrsa да өзі Ширактан көрген қорлығына іштей қатты күйінсе керек. Сол күйінгеннің өсері болар, ұзамай сақ даласына екінші рет жорық жасауга әзірленеді.

### САҚТАР ТҮРМЫСТА ПАЙДАЛАНГАН ЗАТТАР




Жетісу өңіріндегі Шұбарат қорымынан табылған өрнектелген

күмыра. Біздің заманымыздан бұрынғы III ғасыр бұйымы.



Түрмиста пайдаланылған зат. Темір сүргі Жетісу өңіріндегі Талғар және Қапшағай қорымдарынан табылған. Біздің заманымыздан бұрынғы VII – II ғасырлар бұйымы.



Жетісу өңірінен табылған ғұрыптық ыдыс. Біздің заманымыздан бұрынғы V – III ғасырлар бұйымы.



Дарийдің сақтарға қарсы екінші жорығы біздің заманымыздан бұрынғы 512 жылы болған. Бұл жылы ол жорықта 700 мындық қолмен мүқият даярланады.

Судан өту үшін 600 кеме жасатады. Жорықты мұлде басқа жақтан, қазіргі Дунай өзенінен өтіп бастайды.


Иданбарыс (Геродотта — Иданфирис) бастаған сақ өскери тағы да ески тәсілдерін қолданады. Дунайдан өткен 700 мың адамдың Дарий қолы алдарынан қылт етіп көрініп қойып, кең даланың ішіне қарай шегінген сақтарды қуа-қуа сілесі қатады. Ақыры қазіргі Ақтөбе облысының аума-

## ҚҰЙМА ҚАЗАНДАР

66



Ортағасырлардағы қала Алмату (қазіргі Алматы) маңынан табылған қоладан жасалған қазан. Біздің заманымыздан бұрынғы V – III ғасырлар бұйымы.



Жетісу өңірінен табылған қазан. Біздің заманымыздан бұрынғы V – III ғасырлар бұйымы. Бұл қазандардың барлығы Казақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұражайында сақтаулы.

Жетісу өңірінедегі қорымдардан табылған құрсау – қазан. Қанатты қосар қар және жас барыстың бейнесі. Біздің заманымыздан бұрынғы V – III ғасырлар бұйымының фрагменттері.



ғындағы Ор өзеніне келіп, ат басын тартқан Дарий Иданбарысқа өз елшісі арқылы ашу-ызыасын жолдайды:

— Ей, ақымақ! Сен неге бұлт-бұлт етіп қашқақтай бересің? Сен екінің бірін таңда. Егер сен өзіңің өскеріңің маған қарсы соғыса алатын қабілетіне сенсөң, онда қаңғыруынды тоқтатып, қолында жи да, майданға шық! Ал күшіңе сенбесөң, маған жер-суынды сыйла да мәмілеге кел!

Бірақ Иданбарыс Дарийдің бұл қоқан-лоқысынан айылын да жи-майды. Тарихтың атасы Геродот өз жылнамасында келтірген оның жауабы тіпті өр:

### ҚОРЫМДАРДАН ТАБЫЛҒАН БЕЛДІК БАСТАР



Жолбарыстың түйеге шабуылы бейнеленген белдік бастары. Жоғарғысы Орталық Қазақстан өңіріндегі Қарамұрын қорымынан табыл-

ған. Екіншісі Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі Тастағым қыстағынан табылған. Қоладан жасалған біздің заманымыздан бұрынғы V – III ғасырлар бұйымы.

Бұндай аң, жан-жануарлар бейнеленген белдік бастар қазақ жерінің түпкір – түпкіріндегі қорымдарда көптен кездеседі.



Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі Берікқара қорымынан табылған белдік басы. Онда арыстанның басы бейнеленген. Біздің заманымыздан бұрынғы III – II ғасырлар бұйымы.



Орталық Қазақстан өңіріндегі Нұрманбет қорымынан табылған белдік бастырмасы. Біздің заманымыздан бұрынғы V – III ғасырлар бұйымы.




– Менің жайым былай, патша, – дейді Иданбарыс, – Мен бұрын да, қазір де ешкіммен сескеніп, жалтарып көрген емеспін. Жайшылықта қалай өмір сүрсем, қазір де солай емін-еркін жүрмін... Біздің қаламыз жоқ, егіп қойған егініміз де жоқ. Біз қаламыз қирайды-ау, егініміз шықпай қалады-ау деп аландамаймыз, сондықтан да сендермен соғысқымыз жоқ. Егер де сендер қайткен күнде ебін тауып бізben соғысқыларың келсе, онда біздің ата-бабамыз жатқан қорымды тауып алып, соны қорлап көріндерші, біз сол қорым үшін қалай шайқасатынымызды сонда көресіңдер. Сондықтан да қай уақытта көңіліміз қаласа, сол кезде сен-

### ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНЕН ТАБЫЛГАН БҰЙЫМДАР

68



Оңтүстік Қазақстан  
өңіріндегі Нұрмамбет  
қорымынан табылған сабы  
өрнектелген қанжар.  
Біздің заманымыздан  
бұрынғы VII – VI ғасыр.



Талас алқабындағы  
қорымнан табылған  
қазан. Біздің зама-

нымыздан бұрынғы  
IV – III ғасырлар  
бұйымы.



дермен шайқасамыз... Саған жер мен судың орнына өзіңе лайықты сыйбағанды беріп жіберемін. Асықпа!..."

Иданбарыс қаһарлы жауына дәл осылай өктем жауап қайтарып қана қоймайды. Дариидің рухы сынғанын сезіп, бірден шешуші шайқасқа өзірленеді. Әскерінің бір тобын Дунай өзеніне Дариидің салған көпірін бұзуға аттандырып, қалған қолмен жау әскерін қоршай бастайды. Дарий осы сәтте ғана өзінің алданып, қалың сақ қолының ортасына түскенін бір-ақ біліп, жауынгерлерінің тез жол жүргуге жарамсыз жартысын сақ даласында қалдырып, Дунайдагы өткеліне жетуге асыгады. Оның

## БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНЕН ТАБЫЛҒАН БҰЙЫМДАР



Батыс Қазақстан өңіріндегі Нагорнен қорымынан табылған түрлі “аң стилінде” сағ алтыннан жасалған бұйымдар. Жапсырмаларда балық, құс, түйелер бейнеленген. Біздің заманымыздан бұрынғы VI – V ғасырлар бұйымы.



Батыс Қазақстан өңіріндегі Нагорнен қорымынан табылған түрлі “аң стилінде” сағ алтыннан жасалған бұйымдар. Жапсырмаларда балық, құс, түйелер бейнеленген. Біздің заманымыздан бұрынғы VI – V ғасырлар бұйымы.



Батыс Қазақстан өңіріндегі Покровка бейітінен табылған мөрлер. Бірінші мөр баспасымен берілген. Оnda патшаның құзғын құспен шайқасы бейнеленген. Екінші мөр халцедоннан жасалған. Біздің заманымыздан бұрынғы V ғасыр бұйымы.



Батыс Қазақстан өңіріндегі Нагорнен қорымынан табылған барақ ит басы бейнеленген ауыздық. Біздің заманымыздан бұрынғы VI – V ғасырлар бұйымы.



үрейленгеніндей бар екен. Откел сәл кешіккенде түгел бұзылып қалар еді. Әуперімдеп аргы бетке откен Дарий бұдан былай сақ даласын көрмestей болып, еліне зытады. Шынымен-ақ, парсылардың Ахемен әuletінен шыққан билеушілер бұдан кейін сақ даласына аттап баспаған.

Ахемен әuletінің түбіне Александр Македонский жеткені белгілі.

Жас кезінде ұлы философ Аристотельдің тәрбиесінде болған Александр Македонский әкесі Филипп II-нің орнына біздің заманымыздан бұрынғы 336 жылы Македония тағына отырды. Мысырды, Жерорта теңізі маңындағы мемлекеттерді, Ахемен әuletі құрған парсы империясының


## БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНЕҢ ТАБЫЛҒАН БҰЙЫМДАР

70



Батыс Қазақстан өңіріндегі қорғаннан табылған саф алтын шыты-

ралы моншакттар. Біздің заманымыздан бұрынғы V ғасырдың өшекей заты.



Батыс Қазақстан өңіріндегі Ногорнен қорымынан табылған тау қошқары бейнеленген белдік бас. Біздің заманымыздан бұрынғы VI – V ғасырлар бұйымы.



Батыс Қазақстан өңіріндегі Покровка бейітінен табылған ілдіргі. Ал-



тынмен қапталған қаяу. Біздің заманымыздан бұрынғы V ғасыр бұйымы.

Александр Македонский ірі қолбасшы, мемлекет қайраткері. Македония патшасы Филипп II-нің ұлы, Аристотельдің шөкірті.



аумағын түгел бағындырып болған соң, сақ даласына жорыққа аттанды. Әлемнің әміршісі атанғысы келген ұлы қолбасшы неге сақтарды бағындыруға аттанды? Оның назары дүние жүзінің өзге қызырындағы елдерге неге аумаған? Фалымдар Александр Македонский сақ даласының алтын байлығына қызыққан деп есептейді. Солай болса, солай шығар. Мінген атының жал-құйрығына дейін алтынмен өшекелейтін сақтардың көп алтыны туралы аңыз Алдыңғы Азия тұрғындарының санасына әбден сіңіп қалған болуы керек! Айтпақшы Македонскийдің әкесі Филипп патша да сақтардың алтынын іздеп, Дунайдан 20 мындақ қалың қолмен

### АМФОРА – САҚ ДӘУІРІНЕН ЖЕТКЕН ҮДЫС



Амфора. Бұл ыдыстың бетіне ат тұсап жатқан сақ тұлғасы бейнеленген.



бері өтпеп пе еді. Біздің заманымыздың бұрынғы 339 жылы болған бұл шапқыншылық кезінде сақ ұлысының 30 жасқа толған ең соңғы ұлы қолбасшысы Атей майдан даласында қаза табады. Жылнамашылар оның Филиппке айтқан “Қазынам толы болса, халқыма бөліп бермеймін бе? Тығып қойған алтыным да, көміп қойған күмісім де жоқ. Елімнің көз жасынан басқа ештеңе де таба алмассың, Филипп! Қабынып келіп, қағынып қайтарсың әлі...” деген сөзін өз шежірелерінде жазып қалдырган. Филипп дөл Атей бабамыз айтқандай, құр қол қайтқан.

Бірақ оның ұлы Александр сол жорықтан он жыл өткен соң, тағы да

### АРЖАН ОБАСЫНАН ТАБЫЛҒАН ҚОЛА ҚҰЙМА

72



Аржан обасынан табылған қола құйма. Біздің заманымыздан бұрынғы VIII ғасыр бұйымы. Тыва мемлекеттік мұражайында сактаулы.



Алтын тоға. Саф алтыннан жасалған Сақ дәуіріндегі бұйымдарды безендіруде жануарлардың, андардың суреттері мол қолданылған. Оның ғылымда “аč стилі” деп атайды. Мына алтын тоға да аč стилінде жасалып, онда атқа шабуыл жасаған қанатты барыс бейнеленген.

Аржан обалары – сақ дәуірінің ескерткішіне жатады. Тыва Республикасының Аржан және Тарлық елді мекендерінің аралығында орналасқан. Олардың табылған қару-жарактар, ат әбзелдері, әшекей бұйымдар сақ мәдениетінің орналасқан аймалының кең екенін көрсетті.



сақ даласына бағыт алады. Айырмашылығы – ол Дунайдан өтпейді, Арал теңізінің оңтүстігін айналып, Сырдарияға келіп ат басын тірейді.

Бұл біздің заманымыздан бұрынғы 329 жылы болған оқиға еді. Жарты әлемді жаулат алған ұлы қолбасшы өзінің мұздай құрсанған қалың қолына Сырдариядан өтіп, сақ даласын бағындыруға әмір берді. Бірақ Тамыр би бастаған сақ әскерлері македондықтарды кең даланың төріне өткізбей қояды. Әсірсесе, осы шайқаста Ботақан мен Сыпатай (Спитамен) батырлар ерекше ерлігімен көзге түскен. Мұздай құрсанған өз жасағына әйелдеріне дейін өршелене қарсы көтерілген жаугер халықты көріп, Ма-

### САҚ ДӘУІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ



Біздің заманымыздан бұрынғы III – I ғасырларда саф алтыннан жасалған үш белзікті шаш тұтқыш. Қазір Ресейде Санк-Петербург қаласындағы Эрмитажда сақтаулы.



73

**Филипп II-біздің заманымыздан бұрынғы 382 – 336 жылдары** әмір сүрген Македония патшасы. Александр Македонскийдің әкесі.

Біздің заманымыздан бұрынғы IV – III ғасырларда саф алтыннан жасалған белдік тоғасы. Алтын белдік тоғасында биік бәйтерек астында қайтыс болған жас өреннің басын құшақтал жылап отырған жас қызы мен ауыр қайғыға шомған жас жігіт отыр. Ол бірнеше аттың

тізгінің қос қолымен қыса ұстаған. Құпиясын қойнауына сақтаған ұлы дала әмірінің бір сөті белдік тоғасында айқын көрініс тапқан.

Сақ дәуірінен сақталған осындай ескерткіштер белгілі бір тарихи оқиғаларға негізделіп жасалғанын көрсетеді.




кедонскийдің жүрегі шайлыгады. Ұзамай ат басын мұлде басқа бағытқа, Үндістанға бұрып, сақ халқын өз жөнінде қалдырыпты деп сыр шертеді жылнамалар. Тіпті, оның кейбір сақ тайпаларымен одектасып, Үндістанды жаулауға бірге аттанған деген деректер де бар.

Жас дос! Батырлығы мен байлығы туралы азыз алыс қырларға жеткен біздің ежелгі ата-бабаларымыз, сақтар жайында жазылып қалған тарихи деректердің жалпы жүлгесі осындай. Эрине, көпшілігі олар қатысқан ұлы шайқастарға қатысты хатқа түскен. Алайда, соғысқа байланыссыз, сақ халқының батырлары ғана емес, дана ұлдары туралы да

### ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНЕҢ ТАБЫЛҒАН ЕСКЕРТКІШТЕР

74



Орталық Қазақстан өңіріндегі Тасмола қорымынан табылған қоладан жасалған кісе белдік пен белдік тастар. Біздің заманымыздың бұрынғы VII – III ғасырлар бүйімі.

Орталық Қазақстан өңіріндегі Қарамұрын қорымынан табылған жебе ұштары. Біздің заманымыздың бұрынғы VII – V ғасырлардағы сақ жауынгерлерінің қаруларының бірі.



маглұматтар өлем өдебиетінде жетерлік. Соның бірі – ежелгі өркениет орталығы Афина қаласында өмір сүрген ұлы ойшылдар Тоқсары (грекше Токсарис) пен Анарыс (грекше Анахарис) туралы дерек. Тоқсары – Қара теңіз жағалауын жайлайған сақ ұлсысындағы қарапайым отбасынан шығып, білім ізден Афинага барған сақ ғұламаларының бірі. “Токсарис сақтар еліне қайтып оралмаған. Ол Афинада қайтыс болды, кейіннен ұлттық қаһарман ретінде танылды. Элладалықтар оған жат жерден келген балгер-өулие ретінде жыл сайын құрбандық шалады” деп жазады біздің заманымыздан бұрынғы 170 – 190 жылдар шамасында өмір сүр-

### ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНЕҢ ТАБЫЛҒАН ЕСКЕРТКІШТЕР



Орталық Қазақстан өңіріндегі Тасмола қорғанынан табылған жапсырма – өшекейлер. Саф алтыннан жасалған бұл

**Анарыс, Анахарис – сақ ғұламасы.** Біздің заманымыздан бұрынғы VI – V ғасырларда өмір сүрген. Тарихта “Скиф Анахарис” деген атпен өлемге танылған.



жапсырма-өшекейлер “аң стилінде” жасалған. Біздің заманымыздан бұрынғы VII – VI ғасырлар бұйымы.



Орталық Қазақстан өңіріндегі Қарамұрын қорымынан табылған қола жапсырма. Жапсырма тау текесінің мүйізі түрінде жасалған. Біздің заманымыздан бұрынғы V – III ғасырлар бұйымы.



Орталық Қазақстан өңіріндегі Жыланды қорымынан табылған ілдіргісі және моншақтары бар сырғалар. Біздің заманымыздан бұрынғы VII – VI ғасырлар бұйымы.



ген грек жазушысы Лукиан кейін өзінің “Сақ және қонақ” деген шығармасында. Осы жазушының тағы бір “Токсарис және достық” шығармасында грек ғұламасы Мнесипп пен Тоқсарының достық туралы пікірталасы берілген.

Демек, Тоқсары – ежелгі өркениет тарихында өшпес із қалдырган тұлға. Бізге белгілісі, оның сақ даласынан Афинаға білім іздең барған жас ханзада Анарысты біздің заманымыздан бұрынғы 594 (немесе 568) жылды қарсы алғаны.

“Анахарсис – аңызға айналған сақ, өзінің Грекияға жасаған саяхаты

## БЕРЕЛ ҚОРЫМЫ

**76** Берел қорымы – Қазақстандағы сақ дәүірінен сақталған тарихи ескерткіш. Біздің заманымыздан бұрынғы V – IV ғасырларда салынған. Шығыс Қазақстан облысындағы Бұқтырма өзенінің оң жағалауында Берел ауылынан оңтүстік батысқа қарай 7 шақырым жерде, таулы аңғарда орналасқан. Қорым жалпы саны 30-дан астам 3 қорғандар тобынан тұрады. Ортасына орнласқан бірінші топ – 6 қорғаннан тұрады. Екінші топ – 12 қорғаннан тұрады. Үшінші топ – 9 қорғаннан тұрады. Кейінгі зерттелген бір қорған жер бетіндегі және мола ішіндегі конструкциялық құрамдары мен олардың архитектуралық шешімдері жағынан өте күрделі ескерткіш. Моланың түбінде қалың тақтайдан текшелеп жасалған, үсті бөре-

нелер мен бірнеше қабат тоз және бұтамен кезектесіп жабылған шарбақтың ішінде бүтін қарағайдан ойып жасалған табытта өлеуметтік мәртебесі өте жоғары ер адам мен әйелдің мумияланған мұрделерінің қалдығы табылды. Табытың қақпағының бұрыштарына алтынмен қапталған, қоладан құйылған періште іспеттес төрт құстың мүсіндері орнатылған. Моланың тоналғанына байланысты адамдардың аса құнды киімдері мен әшекей бүйімдарының көбі сақталмаған, бірақ өр алуан лақтырылған заттар табылды. Ер адамның өрілген, әшекейленген, терімен қапталған бұрымы және мұртының қалдықтары сақталған. Текше шарбақтың сыртында, оның солтүстік жағында, тоңың арасында қатып

қалған үш-үштен екі қатар және екі қабаттан жатқызылған аса құнды әбзелдермен әшекейленген 12 жирен аттың мұрделері сақталған. Аттармен бірге былғары ертөким, ою-өрнек беделенген бөстек, өмілдірік, құйысқан, киізден жасалған және жіптен тоқылған бүйімдардың бөлшектері, салпыншақтар, андар бедерлеген шағын ағаш текшелер, екі басты фантастикалық арыстан мен күшігеннің біріккен бейнесін көрсететін мүсіндер, тау текенің мүйізі іспеттес аттың маскалары, қалқан құлақ, қанатты және айдарлы күшігеннің мүсіні, т.б. жүздеген “андар стилімен” жасалған заттар табылды. Берел қорымынан табылған олжалардың маңыздылығы – атабабаларымыздың үздік мәдениеті, өнері, т.б. көрсетуінде.




кезінде даналығымен данққа бөленді және Солонның ықпалымен өмірін философияғынына арнады” деп жазған атақты грек философы Платон біздің ұлы бабамыз туралы. Тек Платон ғана емес, кейінгі грек жазушылары Диоген, Лукиан, Плутарх, Геродот та сақ данышпаны Анахарсис туралы тамсана жазып кеткен. Олардың жазулары бойынша, біздің ұлы бабамыз өз заманының кеменгерлері Солонмен, Фалеспен, Эзоппен ғылыми пікірсайысқа түскен. Өзінің шешенендігімен, даналығымен “жеті ғұламаның бірі” атанған. Анарыс айтыпты деп, жазылып қалған даналық ойлар, шешенендік сөздер ежелгі грек авторларының жазбаларында өте көп.

### ҮЛКЕН БЕРЕЛ ОБАСЫ



77

Үлкен Берел обасы



Берел қорымынан табылған ағаш әшекейлер

Ежелгі грек ғұламалары арасында кеменгерлікпен даңқа бөленіп, тұған халқының даналығын әлем ғұламаларына жеткізген Анарыс досы Солон дүниеден өткен соң, шамамен біздің заманымыздан бұрынғы 559 жылы еліне қайтып оралады. Бірақ көп ұзамай өз бауыры Сабылдың (грекше Савлий) қолынан қаза табады. Кейбір зерттеушілер Анарысты патша бауыры өзге елдің мәдениетін уағыздағаны үшін өлтірген десе, енді кейбір ғалымдар ұлы ойшыл кәдімгі пенделік қызғаныштың құрбаны болыпты-мыс дейді.

Сақ халқының батыр ғана емес, дана екенін де әлемге танытқан ұлы ғұлама осылайша қапыда өткен.

### АЛТАЙДЫҢ АЛТЫН АДАМЫ

78 Алтайдың алтын адамы – сақ дәуірінен сақталған ескерткіш. 1997 жылы Казақстанмен шекаралас Алтай өңірінің Локоть ауданы терриориясынан табылды. Алтайдың Алтын адамы Есік обасынан табылған Алтын адамға ұқсас, киімі алтын тогаларға толы. Алтын әшекей бүйымдар саны 1800-ден астам. Мүрде үстінде жабылған киіз жапқыштардан да алтын қырышықтары табылды. Археологиялық зерттеулер бұл адамның біздің заманымыздан бұрынғы V – IV ғасырда өмір сүрген сақ тайпасының өкілі екенін көрсетеді.



Берел обасынан 1989 жылы табылған әшекей. “Аңдар стилінде” жасалған бүйымда арыстанның бұғыға шабуылы бейнеленген. Сақ дәуірінде өмір сүрген ата-бабалармыздың үздік өнерінің көрінісі.

Кеменгер Анарыстан қалған аталы сөздер: “Татымсыз мың достан, адал бір дос артық”, “Басқа бөле тілден”, “Элладалықтар қызық осы, мұнда сөзді ақылдылар айтады да, ал мәселені ақымақтар шешеді”, “Элладада мені ақылым сақтаса, тұған жерімде қызғаныш құрбаны болдым”, т.б.




Әлем өркениеті тарихында сақтар батырлығы мен даналығы арқылы фана емес, ешкімге үқсамайтын зергерлік өнері арқылы да белгілі. Сақ қорғандарынан табылған алтын киімді ханзадалар денесі, олар тұтынған атын қару-жарақтар мен әшекей бүйімдар әлем өнертансушыларын таңдандырумен келеді. Бұрын белгісіз болып келген қорғандар күні бүгінге дейін табылуда. Сөйтіп, біздің даңқты бабаларымыздың шынайы тарихы, ұлы рухы айқындала түсуде.

Қадірлі жас дос! Сақтардың тікелей үрпағы мына сіз бен біздің еліміз дербестігін мемлекетке айналған соң Алматыдағы Республика алаңында

## ПАЗЫРЫҚ ҚОРҒАНЫ




Пазырық қорғанынан табылған түкті кілем. Біздің заманымыздан бұрынғы V ғасыр



79

Қазақстан жерін мекендейген сақ тайпалары ат үйретіп мінген, батыр да жауынгер халық болған. Оны Қазақстан жеріндегі қорымдардан табылған ат өбзелдері дәлелдейді. Сондай бүйімдардың бір тобы – ауыздықтар, үзенгілер. Бұл бүйімдар Шығыс Қазақстан жеріндегі Жаңа Шульба және Орталық Қазақстандағы Тасмола қорымдарынан табылған. Біздің заманымыздан бұрынғы VII – V ғасырлар бүйімы.





орнатылған Тәуелсіздік монументін өзің де көрген боларсың. Сол биік ескерткіштің ұшар басында барыстың үстінде тік-тік боп сақ жауынгері тұрған жоқ па? Ол – біздің ежелгі батыр да дана бабаларымыздың ұлы рухының қайта оянғандығының белгісі.

Бұл ұлы рух біздің бабаларымыз бойынан ешуақытта өшпеген. Эр түрлі тарихи себептер ықпалымен бір кезеңде тұтастығын жоғалтып, жеке-дара мемлекеттерге бөлініп кеткен сақтар рухын көп уақыт өтпей-ақ олардың басқаша аталған үрпақтары – ғұндар жалғастырды. Бұл енді келесі өңгімеміздің өзегі.

### АЛТЫН АДАМ

80



Батыс Қазақстан өлкесіндегі Жем өзенінің сол жағалауындағы Аралтөбе қорғаны 1999 жылы зерттелді. Аралтөбе қорған-қорымынан сақ дәүірін бейнелейтін көптеген бұйымдар, құрал-саймандар, ыдыстар табылды. Сондай-ақ, қорымнан ерек ен өйелдің мурдесі табылды. Ерекше құрметпен жерленген бұл адамның киімі алтынмен өшекейленген.

Батыс Қазақстан өңірінен табылған – Алтын Адам

# ҒҮНДАР

Біздің заманымыздан бұрынғы II ғасыр – біздің заманымыздың V ғасыр аралығы.





Сонымен осыдан 2400 жыл бұрын біртұтас сақ ұлысы ыдырады. Ұйыраған ұлыстың аймағы жүлмаланып, жат жүрттықтардың иелігіне көше бастады. Қара теніздің солтүстік жағалауына грек саудагерлері келіп қоныстанса, Дунай мен Дон (Дөн) өзендерінің арасына герман-дық гот тайпалары көшіп келді. Алайда кең байтақ Еуразияның кіндігі ержүрек сақтардан тараған ұрпақтар меншігі болып қала берді. Енді олар сарматтар (аландар), ауарлар (аварлар), қыпшақтар, қаңлылар, үйсіндер, сәнбiler, изилер, ғұндар (қытай жылнамаларында – хундер, Батыс Еуропа жылнамаларында – гундер) деген атаулармен жеке-

## ҒҮНДАР

**8 2** Ғұндар, хундар – түркі халықтарының арғы тегі. Тәңірлік дін ұстанып, түркі жазуын қолданған. Сөйлеу тілі де түркі тілі болған. Негізінен түпкі мекен-жайы қазіргі қазақ даласы. Бастанқы кезде Солтүстік Қытайда, Монголияда, Байқал өңірінде қоныстанған. Ендеши ғұндар тікелей біздің арғы ата-бабаларымыз. Ғұндар негізінен көшпелі болғандықтан мал өсіріп, аңшылық құрган, сондай-ақ, отырықшы өмір сүріп, егін салған. Кен қазып, металл қорытқан, саз балшықтан түрлі бұйымдар жасаған. Ер азаматтың бәрі жауынгер саналған. Ғұндар, яғни біздің ата-бабаларымыз табиғатынан батыр, ер жүрек болған.

Ғұн әскерінің негізі атты әскерден тұрды. Олардың қару-жараптары – садақ, семсер, қанжар, найза, бұғалық болған.



Ұлы Ғұн Ордасының әскерлері (К.С. Ахметжановтың реконструкциясы бойынша)



жеке мемлекеттер құрды. Бұлар өз алдарына мемлекеттік бірлестіктер болғанымен, араларындағы қандас туыстыққа байланысты кейде бірбірімен қосылып, кейде қайтадан іргелерін бөлекtek өмір сүріп жатты. Әсіресе, ғұндар құрган мемлекет өзге бауырлас мемлекеттерге қарағанда ертерек еңде көтеріп, қуатты елге айналды.

Бұл кезде Еуразия құрлығындағы саяси жағдай да өзгерген еді. Батыстағы Ассирия патшалары, Ахемен әулеті, Александр Македонский құрган алып империялар бірінен соң бірі ыдырап, тарих құрдымына сіңіп кетті. Енді олардың орнында Рим империясы пайда болды. Ал еліміздің шы-

## ҰЛЫ ҒҮНДАР ОРДАСЫ



Ұлы ғұндар туы

Ұлы ғұндар ордасы – ғұндар құрган ұлы мемлекет. Ғұн ұлысын құрган тайпалар түркі халықтарының арғы тегі. Ең алғашқы кезеңде қазіргі Солтүстік Қытай, Моңголия және Байқал өнірінде қоныстанған. Біздің заманымыздан бұрынғы 1-мыңжылдықта қалыптасқан ғұндар тайпасы, біздің заманымыздан бұрынғы 3-ғасырдың соңына қарай бірігіп мемлекет құрып, қуатты әскер қалыптастырады. Ер азаматтарының барлығы дерлік қатардағы жауынгер саналған. Ғұндардың әскерінің негізі атты әскерден тұрды. 24 тай-

палық одақтан құралған Ғұн ұлысымен алып Еуразия қос құрлығында тең келер бірде-бір мемлекет болған емес. Ғұндардың әскери қуаты, қаһарлы тегеуіріні қытайлықтарға Ұлы Қытай қорғанын салдыртты. Батыста Рим мемлекетінің құлауына ғұндар себепші болды. Ғұн ұлысы кейіннен қанатын жайып, Тынық мұхиттан Каспий теңізіне дейін, Үндістан, Иран, Ауғанстан, Днестр, Қап тауларына дейін жетті. Ғұн ұлысы қанатын жайып, тармақталып тарихта Азиялық Ғұн ұлысы (48 – 156 жылдар аралығы), Батыс Ғұн ұлысы (350 – 469 жылдар аралығы), Ақ Ғұн ұлысы (367 – 560 жылдар аралығы), Табғаш дәулеті (386 – 557 жылдар аралығы) қалыптасқан.



83

Ғұн. Қалпына келтірген антрополог Г.В. Лебединская. Этнография институты. Мәскеу каласы


Рим империясы – алғашында қала – мемлекет (б.з.б. 754 – 753 жылы) пайда болған. Кейіннен Еуропаның бірсызыра бөлігін, Солтүстік Африканы, Египетті, Кіші Азияны, Сирияны құрамына қосып алған мемлекет.



ғысында тағы бір алып мемлекет – қытайлардың Цинь империясы (біздің заманымыздан бұрынғы 221 – 207 жылдары билік құрған) өсіп келе жатты. Өздерінен бұрынғы сақтардың даңқты дәстүрлерін жалғастырган фұндардың Ұлы ордасы алғаш дәл осы Цинь империясының дәл жанынан, қазіргі Қытай аумағындағы Сарыөзен (Хуанхе) мен Саржазық (Ордос) өңірінде шаңырақ көтерген еді. Кейін Алтай асып, батыстағы Альпіге дейін жеткен, сөйтіп, Рим империясын құлатқан біздің даңқты ата-бабалармыз – фұндарды алғаш осылай атандырган да қытайлар (ғұн – қытайша хунну сөзінен шыққан). Сондықтан ұлы Фұн ордасының ал-

### ФҰНДАР (Б.З.Б. II ФАСЫР – Б.З. V ФАСЫР)

84



Фұндар мемлекеті қалыптасқан аумақ



ғашқы кезеңдегі тарихына шолу жасағанда сол замандағы қытай жылнамашылары жазып қалдырган деректерге сүйенеміз.

Жылнамашылардың дерегіне қарағанда, фұндардың да сақтар төрізді негізгі шаруашылығы көшпелі мал шаруашылығы болған. “Олардың салты-кәсібі мынау, – деп жазады қытай жылнамашысы Сыма Цян, – кең даланы кезіп жүріп, малын бағады және аң аулап күнелтеді. Кез келген қысылтаяң шақта қиналмастан жол тауып, айқаса кетуге даяр тұрады және қарсы келген дүшпанын туталақай етеді. Бұл олардың сүйегіне біткен қасиеті... Тәнірқұтынан бастап (қытайша – ша-

### ҰЛЫ ФҰНДАР ОРДАСЫ



Шығыс фұндар туы



Фұндардың қару-жарақтары



Қытайдың XIV ғасырдағы жазба еңбегінде келтірілген көшпелі фұн (“хунну”) суреті

Цинь империясы – б.з.б. IV ғасырда пайда болған мемлекет. Оның территориясына қазіргі Шэньсидің солтүстік-батыс бөлігі, Ганьсудың шығыс және Сычуаньның солтүстік бөлігі енді.



ньюй), қатардағы адамдарына дейін етті сүрлеп жейді. Тері-терсектен киім киеді. Төсеніші мен жамылғысы – киіз...”

Ұлы Фұндар ордасы алғашқыда 24 тайпадан тұрған. Эр тайпаның өз билері болған. “Әр жылдың басында ел билері, – деп жазады тағы бір қытай жылнамашысы Бань Гу, – тәңіркүттің бас ордасына іріктеліп келіп жиылады да, тәңірге тауап қылады. Ал жылдың бесінші айында Лұқшында ұлы құрылтай – той өткізеді. Онда ата-бабаларының аруағына, Көк Тәңіріне, жын-періге арнап тасаттық береді. Күзде, жылқы семіргенде, Тилиң өнірінде зор жинаалыс өткізіп, мал-басты түгендейді”.

### ФҰН ЖАУЫНГЕРІ


86



Фұн жауынгерлері ұстаган байрақтың бір түрі



Фұн жауынгерлері пайдаланған ыдыстың бір түрі




Фұн жауынгері (М.Ф. Гореликтің реконструкциясы бойынша)



Қытай авторының бұл дерегінен біз ұлы ғұндар ордасындағы мемлекеттік билік жүйесінің құрылымынан толық мағлұмат аламыз. Жиырма төрт тайпа өз алдына бір-бір ел мәртебесінде, дербес өмір сүрген. Бірақ оларды билеушілер жылына үш рет ұлы ордаға жиналышп, жалпы мемлекетке ортақ мәселелерді шешіп отырған. Жоғарыдағы жазбадан аңғарылатын тағы бір дерек – ғұндар Көк Тәңіріне сиынған, яғни Тәңір дінін ұстанған. Тәңірге, ата-баба аруағына бағыштап жыл сайын құрбандық шалған. Ғұндар елшілікке келген басқа мемлекеттің өкілдерін ұлы ордаға бетіне құл жағып кіргізетін болған. Бұл да ғұндар

## ҰЛЫ ҚЫТАЙ ҚОРҒАНЫ



Жорықтағы ғұнжауынгерлері. Ғұндар өскерінің негізі атты өскерден тұрғандықтан, олар жылқы малына ерекше мән берген. “Ерқанаты – ат” деген қанатты сөз бізге сол дәуірден жеткен. Ғұндар жылқының асыл тұқымдарын өсіріп, ат баптауды жетік меңгерген. Ғұндар ат үсті ойындарының негізін салған.

Қазақ халқының “теңге алу”, “қызың қуу”, “көкпар” тағы басқа ат үсті ойындары сол кезде қалыптасқан.



87

Ұлы Қытай қорғаны – ежелгі сөulet ескерткіші

Біздің заманымыздан бұрынғы IV – III ғасырларда салынған. Ғұндардың күшті мемлекет құрганы оларға ұнамады. Олар ғұндарды әлсіретудің жолын іздеді. Біздің заманымыздан бұрынғы 205 жылдан ғұндарды Мәде

басқарды. Мәде билік еткен жылдары Қытайдың шекаралық аудандарына жорықтар жасап, көрші елге күйрете соққы берді. Ғұндардың жауынгерлік құдыре-тінен сескенген қытайлықтар осы Ұлы Қытай қорғанын салдырған.



битеушісінің алдына кез келген жатжұрттық именіп кірсін деген нышан. Ал өз араларында қылмыс жасаған адамның қылышпен бетін тілген. Бір рет беті тілінген адамның екінші рет қылмыс жасауға жүргі дауаламаған. Қазақ тілінде өлі күнге дейін айтылатын “бетің тіліңгір” деген қарғыс сөз – сол замандардың жаңғырығы.

Цинь империясының билеушілері өздерінің солтүстігіндегі ұйысқан ұлы қөршілерінен қатты қауіптенген. Олардың жиі-жиі елші жіберіп, Ғұн ұлысының тұрмыс-тіршілігін, ішкі саяси жағдайын мұқият қадағалап отырғаны соны байқатады. Цинь билеушісі Ши Хуан

## МӘДЕ

**88** Мәде – ғұндардың әйгілі билеушісі. Туган жылы белгісіз. Мәде ғұндардан мықты әскери жасақ құрды. Ол Қытайдың шекаралас жатқан еліне бірнеше рет шабуыл жасап, соққы берді. Хан императоры Гаоцзу Мәденің алдында бас иіп, салық төлеп тұруға міндеттенді. Онымен, “тыныштық және туыстық туралы шартқа” қол қойып, ғұн мемлекетінің қуатын мойындаған. Керулен мен Онон алқаптары, Тибет, Шығыс Түркістан аумақтары ғұндарға қарады. Мәде Алтай өңірін түгел өзіне қаратты. Біздің заманымыздан бұрынғы 174 жылы Мәде қайтыс болды. Оның орнына баласы Лаушаң отырды. Мәденің есімі түркі халықтары арасына аңыз болып тараған.



Ұлы Мәде бейнесі



біздің заманымыздан бұрынғы 214 жылы жүз мың адамнан тұратын қалың қолмен Сарыжазықта отырған ұлы Ғұн ордасына шабуыл жасайды. Шабуылдың тұтқылдан болғаны сондай, ғұндар Сарыжазықты тастан шығуға мәжбүр болады. Қорғанысқа қолайлы алқапты өз иелігіне алған Ши Хуан ғұндардың қарсы шабуылынан қорғану үшін екі жылдың ішінде осы аймақтан ұзындығы 5000 шақырымдық, биіктігі 6 – 10 метр, ені 5 – 6 метр болатын үлкен қорған тұрғызады. “Ұлы Қытай қорғаны” деген атаумен тарихқа еніп, күні бүгінге дейін сакталған әлемдегі ең ұлы құрылыштардың бірі, міне, осылай пайда болған.

## МӨДЕ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

### МӨДЕ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

...Ойдағы ғұндар ұлы орданың жас тәңіркүты Мәдеге елші жіберіпті, – деп басталады аңыз. Елші Мәдеге өз көсемдерінің:

– Мәде тәңіркүт тақымы қатпаған жас бала гой. Оған әкесінен қалған дұлдұл тұлпарды мініп жұру жараса қоймас. Тұман тәңіркүттың мінген атын маған берсін, – деген өктем сәлемін жеткізеді.

Бұл – жас тәңіркүтты ашықтан ашық қорлау еді. Мәденің тәңірегіндегі ақылшылары мұндаі қорлыққа шыдамай, айқасып өлейік деп ақыл береді.

– Жоқ, – дейді Мәде, – түбі бір туысқанбыз. Бір ат үшін қырқысамыз ба? Ағайындықтың белгісі боп арамызда жүрсін.

Сөйтіп Мәде әкесінен қалған дұлдұл сәйгүлікті беріп жібереді. Бірақ ойдағы ғұндар көсемі Ұлы орданың жас тәңіркүтін

қорлауды мұнымен де тоқтатпайды. Ұзамай келесі елшісі келеді. Оның алып келген сәлемі бұрынғыдан да сорақы еді.

– Мәде жас қой. Жас адам сұлудың қадірін білмейді. Ана қойнындағы ханымын маған берсін, – депті ожар көсемі.

Бұл енді ұлы тәңіркүттың намысына тиіп, соғысқа шақырумен бірдей іс еді. Мәденің ақылшылары да мұны солай деп қабылдайды. Бірақ Мәде міз бақпайды.

– Астымдағы атым, қойнымдағы әйелім – елімнің садағасы. Ойдағы ағайынның көзі түсіп, қызыққан екен, барсын, ханымға айтындар: “қыз өріс деген, еліміздің елшісі болсын. Көз жасы құргайтын кез де туар”, – дейді Мәде тістеніп.

Ойдағы ғұндар мұнымен де тоқтамайды. Үшінші елші тағы келеді екпіндеп:

– Ұлы орда биыл Са-

рыжайлауға көшкелі жа-тыр деп естідім. Онда көшпей-ақ қойсын. Мен бір жыл Саржайлауды жайлап, ханым екеуіміздің үйлену тойымызды сонда жасамақ-пын, – депті мастанған ойдағы ғұндар бегі.

– Е, бір жылғы жердің түгі ештеңе етпес. Көшпесек, көшпей-ақ қоялық, – дейді Мәденің көнбістігіне әбден үйренген ақылшы билер.

– Жоқ, – дейді Мәде орнынан атып тұрып, – ағайынның алдыңғы екі тілегіне көнгенім: ат та, әйел де өзімдікі болатын. Ал жер халықтың иелігі. Бұл қорлыққа көнбейміз, соғысқа әзірленіндер!

Сөйтіп, Мәденің үрысқа сақадай сай әзірленген жасақтары өктемсіген ойдағы ғұндардың өскерін тас-талқан етіп, тәңіркүт ханымына үйленіп үлгермеген ожар бектің басын алышты-мыс.



Бұл кезде ұлы ғұн ордасының билеушісі Тұман тәніркүт еді. Тарихта жігерсіз, көрсекұзыар билеуші ретінде қалған бұл тәніркүттың тұсында ұйысқан ұлы ғұндар ордасы ыдырай бастайды. Бұрынғы 24 тайпадан тұратын мемлекет енді 54 ұлысқа бөлінген. Олардың арасында бізге белгілі болғандары сөнби, иузи, үйсін, қаңлы, дунхұн (ойдағы хундар) ұлыстары.

Цинь империясы сәті келгенде ғұндарға шабуыл жасап, бауырлас тайпаларды бір-біріне айдал салып қана қоймай, Ұлы орданың тәніркүттарына өз қыздарын беріп, оларды құдаландастық жолмен алдарап ұстау саясатын да жүргізген. Қытай қыздарынан туған ғұн

### ҮЙСІН ОРДАСЫ

**90** Үйсін ордасы – қазақ жеріндегі алғашқы мемлекеттердің бірі. Біздің заманымыздың II ғасырынан V ғасырына дейін Жетісу аймағында билік құрған. Үйсін ордасы батысында Шу, Талас өзендеріне, шығысында Тәңіртауга дейін, солтүстік Балқаш көлінен Ыстыққөлдің оңтүстік жағалауына дейін алып жатқан. Астанасы – Қызылқорған қаласы болған. Үйсін мемлекетінің халқы жартылай көшпелі болған. Жер өндеп, мал бағуды көсіп еткен. Үйсін ордасы өз дәүірінде қуатты мемлекет болғаны туралы ғылымда тарихи деректер мол. Үйсіннің ұлысбегі Елжайу би болған. Үйсін ордасын Елжайу би басқарған дәүірде халықтың тұрмысы жақсарып, ел іргесі тыныш болып, жаймашуақ өмір сурген.



Ғұн жауынгері (К.С.Ахметжановтың реконструкциясы бойынша)



тәңірқұтының мұрагері әкесінен соң билік басына келген жағдайда нағашы жүртүсінен ықпалынан шықпайды деп есептеген олар. Шынымен-ак, дәл осы саясат кейін ұлы ғұн ордасының ыдырауына алып келеді.

Тұман тәңірқұттың кіші әйелі де Цинь империясы билеушілерінің қызы еді. Осы әйел қартайған тәңірқұттың ғұн әйелінен туған ұлкен ұлы, тақтың занды мұрагері Мәдеден құтылышп, өз ұлын тақ мұрагері етуді ойлайды. Бұл ойына Тұман тәңірқұтты да көндіреді. Тұман ұлы Мәдені иузилерге аманатқа жіберіп, ол барды-ау деген кезде өзі қалың қолмен иузилерге қанды жорыққа аттанады. Мұндағы ойы – Мәдені

## ҚАҢЛЫ МЕМЛЕКЕТИ

Қаңлы мемлекеті – Орта Азиядағы ежелгі мемлекет. Бес аймаққа болінген: Ташкент көгалды орта ағысы бойы, Қазалыға дейінгі аудан, Сырдарияның төменгі ағысы және Хорезм. Қаңлы мемлекетін көшпелі, жартылай отырықшы тайпалар мекендейген. Сондықтан олардың ірілі-ұсақты қалалары болған. Тарихи деректерге қарағанда қаңлылар қабыргасы биік дуалдан соғылған үйлерде тұрған, қаңлылардың астанасы бір деректе “Битянь қаласы” деп көрсетілсе тағы бір мәліметтерде Отырар (Фараб), Шаш (Ташкент) деп те көрсетілген. Қаңлы мемлекеті біздің заманымыздан бұрынғы 36 – жылды ғұндармен бірігіп Қытай басқыншыларына қарсы құрескен. Қаңлы мемлекеті – тарихтан белгілі ежелгі мемлекеттердің бірі.



91

Ұлы ғұн жауынгерлері



иузилер қолымен өлтіру еді. Бірақ жымысқы саясаттың астарын түсінген Мәде иузилер ордасынан қашып шығып, еліне жетеді. Экемен баланың арасындағы арбасу ұзаққа созылмайды. Бірлесіп аңға шыққан бір сапарда тұзаққа Мәде емес, Тұман тәңірқұттың өзі түседі. Ол Мәдені қорғаган сарбаздар оғынан қаза табады. Сөйтіп Мәде ұлығын ордасының тәңірқұты болып жарияланады. Бұл біздің заманымыздан бұрынғы 209 жылы болған оқиға еді.

Мәде билік басына келген соң, ұлығын ордасының бұрынғы әскери қуатын қайта қалпына келтіруді қолға алады. Жасақтар-


### АҚ ФҮНДАР ҰЛЫСЫ

92



Ақ фұндар туы

Ақ фұндар ұлсысы – V – VI ғасырлардағы фұндар құрған ірі мемлекет. Ақ фұн ұлсысына Орта Азия, Ауғанстан, Пәкстан, Солтүстік және Батыс Үндістан, Шығыс Түркістан жерлері қарады. Ақ фұндардың астанасы – Балх қаласы болды. V ғасырдың басында герандық Сасани әулетімен қуресте Ақ фұндар жеңіске жетті. Сол жеңістен кейін герандықтар Ақ фұн ұлсысына салық төлеп тұрган. Жауынгер көшпелі тайпалар бірлестігі – Ақ Фұн ұлсысының негізгі тірегі түркілер болды. Ақ фұн ұлсысының құрамындағы тайпалар негізінен мал өсіріп, егіншілікпен айналысқандары да болған.



Ежелгі Балх қаласындағы ескерткіштердің бірі. Ауғанстандағы қазіргі Варирабад (Балх) қаласының жаңындағы көне қала



дың арасындағы темірдей тәртіп пен өскери даярлық ісі қайта басталады.

Алдымен ойдағы ғұндар (дунхулар), кейін изилер, сәнбiler, үйсіндер, қаңылар Ұлы орда тәңіркүтының төңірегіне топтастырылады. Мұндай тілекке көнбей, бауырлас ел үйсіндердің Нәнбиін өлтіріп, байлышын талан-таражға салған изилерді қатты жазалаған Мәде үйсін ұлысын қайта қалпына келтіріп, Нәнбидің ұлы Елжau биді ұлыс басшысы етіп тағайындауды. Ұлы ғұн ордасының ішкі бірлігін нығайтып алған соң Ұлы Қытай қорғанына ат басын тіреиді. Бұл кезде Қытай елінің ішін-

## БАЛАӘМІР



Тараз қаласынан табылған қалқан мен дұлға



Ғұн дәуірінен жеткен өшекей бүйымдар. III – V ғасыр



93

Балаәмір, Баламбер – Мәдеден кейінгі Ғұн ұлысының ұлы қолбасшысы. Балаәмір түсында Еділ-Жайықтан Днестр өзені жағалауына дейінгі кең-байтақ аумақ Ғұн ұлысына балынды. Ол Қара теңіз жағалауындағы сақтарды қосып алған соң 370 жылы Алан өскерін талқандады. 375 жылы остготтар мен вестготтарға қарсы соғыста жеңіске жетті.

Балаәмір Батыс Ғұн ұлысының іргетасын қалап, ірі мемлекетке айналуына күш салды.



де де үлкен төңкеріс болған еді. Цинь әулетін тақтан тайдырган Лю Бан біздің заманымыздан бұрынғы 202 жылы билік басына келіп, жаңа империя – Хань империясының (біздің заманымыздан бұрынғы 202 жылдан біздің заманымыздың 220 жылына дейін билік құрған) негізін қалады.

Ұлы Қытай қорғанының іргесіне келіп ат ойнатқан Мөдеге қарсы бір шара қолданбасқа Лю Банның амалы жоқ-ты. Ішкі Қытайдың барлық қуатын жұмылдырып, 300 мыңдық әскер жинаған Лю Бан Мөдеге қарсы жорыққа аттанады. Бірақ Мөденің соғысқа сақадай сай әзірленген сарбаздарынан тас-талқан болып жеңіледі. Қара басының

## БАТЫС ҒҮН ҰЛЫСЫ

94



Батыс ғұндар туы

Батыс ғұн ұлсы – ғұндардың Еуропада құрған мемлекеті. Батыс ғұн ұлсының негізі II ғасырда Каспий теңізінің жағалауында қазақ жерінде қаланды. Ғұндар сол өңірден өздерінің патшасы Балаәмір

жетекшілігімен батысқа аттанып, IV ғасырдың 70-жылдары Днестрге дейінгі жерлерді жаулап алды. Остготтар мен вестготтарды жеңіп, бағындырды. Ғұндардың Батысқа жорығы Халықтардың ұлы қоныс аударуына ерекше ықпал етті. Керчъ бұғазы мен Қырымдағы Боспор патшалығы да ғұндарға бас иді. 451 жылы Каталун қырғызының кейін Еуропада Ғұндарға қарсы тұратын ешқандай әскери күш қалмады.



Аттила

Аттила, Еділ (400 – 453/454) – әйгілі ғұн ұлсының билеушісі. Оның есімін ғұндар, кейіннен түркілер Еділ деп атаған. Еділ атты (орысша Волга) алып өзен атымен байланысты қойылған. Оны Аттила деп сол кездегі латын тілінде атаған, сондықтан ол Еуропада осы есімімен танымал болды. Аттила патша баласы болғандықтан жас кезінен білім алған.

Рим қаласында оқыған. Аттила бозбала кезінен әскер құрамында болып, шайқастарда ерлігімен көзге түсken. Кейіннен Аттила дарынды қолбашы ретінде көріне бастады. 434 – 442 жылдары Аттила мемлекет басына келгеннен бастап Ғұн ұлсы күшіне түсті. Аттила Еуропаны түгел бағындырған ғұн королі ретінде әлемге әйгілі болды. Аттила ғұндардың атағын жер жүзіне танытқан ерекше ұлы тарихи тұлға. Еуропа елдерінің өзі оның батырлығын, кемеңгерлігін мойындалп, бас иген. Соның бір белгісі – Еуропа мемлекеттерінде VI ғасырдан Аттила бейнесі мұсінделген алтын, күміс ақшалар шығарылған. Венгрияда Аттила есімімен аталатын көптеген көшелер, оқу орындары кездеседі.



амандығы қайғыға айналған Лю Бан Мөдеден шыбын жанына сауға сұрайды. Ұлы Ғұн ордасының тәңірқұтына қызын беріп, ғұмыр бойы алым-салық төлеп тұруға келіседі Хань империясының әміршісі.

Улкен елдің ұлы әміршісін алдына бас идірген Мөде бабамыз осылайша өз халқының ұзак жыл бақуатты өмір сүруін қамтамасыз етіпті. Осы соғыстан соңғы 23 жыл бойы Хань империясы Ұлы ғұн ордасына алым-салық төлеп тұрган. Өз елініңabyroyын көтерген Мөде тәңірқұт біздің заманымызға дейінгі 174 жылы 57 жасында кенеттен қайтыс болады. Оның орнына Мөденің үлкен ұлы Лаушаң Ұлы орда тәңірқұты

### АТТИЛА (ЕДІЛ)



95

“Атиланы тоқтатқан I Леон”. Рафаэль Санти. XV ғасыр



Ғұндардың Галлияға басып кіруі. Ортағасырлық миниатюра



тағына отырады. Лаушаң тәңірқұт тұсында да ғұн елі берекелі тіршілік етеді. Елдің ішкі бірлігі ажырамайды. Тек Үйсін ұлысына маза бермеген иузилар ғана қатаң жазаланып, Ұлы орданың тәңірқұты оларды батысқа қуады. Иузилар батысқа қоныс аударып, кейін қазіргі Ауганстан, Солтүстік Үндістан аймағында ақ ғұндар мемлекетін құрган. Лаушаң тәңірқұт біздің заманымызға дейінгі 161 жылы қайтыс болған. Қытай жылнамаларында одан кейінгі Ұлы ғұн ордасының билеушілері Сүйініш (б.з.б. 161 – 127 ж. билік еткен), Итжисе, Үбей, Ұшылу, Гоулиху, Цзюйдихоу, Коянды есімдері жазылып қалған.

### АТТИЛА (ЕДІЛ)


96



“Атила патша” деген сөз жазылып, Аттила бейнесі салынған медальон



Рим императоры Валентиннің қарындасты Онориямен (Аттиланың қалыңдығы) бірге. Үйдистағы сурет



Түркия суретшілері бейнелеген ұлы Аттила



Хань империясы ұзак жыл бойы достық пейіл танытып, ғұндарға алым-салық төлеп тұрса да, солтүстігіндегі қаһарлы көршілерін іштей ыдыратып, тіпті, жойып жіберу ниетінен айнымаған. Осы ниетін жүзеге асыру үшін олар ғұн ұлыстарын бір-біріне айдалап салу, ұлыс бектеріне өз қыздарын ұзату арқылы олардың болашақ мұрагерлерін бауырлағына тарту, сәті келгенде шапқыншылық жасау тәсілдерін қолданған.

Қытайлардың ғұндарға қарсы шапқыншылығының қайта күшеюі Сүйініш тәңіркүт тұсында басталған еді. Ал Қоянды тәңіркүт тұсында (біздің заманымыздан бұрынғы 91 – 74 жылдары билік құрган) мұндай

### БАТЫС ҒҰН ҰЛЫСЫНЫҢ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ



97

Мажар атты өскерінің Батыс Еуропадағы шайқасы. Миниатюра. 924 жыл. Лейден университетінің кітапханасы




шапқыншылықтар күшейіп, Ұлы Fұн ордасы оңтүстік және солтүстік бөліктеге ыдырайды.


Ұлы Fұн ордасының даңқты да, қайғылы тарихы ең соңғы ұлы тәңірқұт Шөже (қытайша – Чжи) тұсында аяқталады. Шөже Ұлы Орда тәңірқұты болып сайланысымен ғұн ұлысының халқын Хань империясының шапқыншылығынан сақтап қалу үшін жанталаса күреседі. Ұлы Fұн ұлысының оңтүстік бөлігінің мың сан қытай жұртына жұтылып бара жатқанын сезіп, аман қалған халқын Саям, Алтай тауларына көшіреді. Үйсін, Қаңлы ұлыстарымен күш біріктіруді ой-

### FЫНДАР

98



Fұн арбасы. Испан суретшісі Чека Улпианоның еңбегі (1860 – 1916)



Fұндар ойлап тапқан тас лақтыратын өскери құрал



Ат үстіндегі ғұн жауынгері. Мозаика, VI ғасыр



лайды. Ең соңында Ұлы орданы қаңлы ұлысына көшіріп, Хань империясының қалың қолына тойтарыс берудің қамын жасайды. Сол мақсатпен Талас өзенінің бойынан қорған тұрғызыған. Бұл қорған қазіргі Тараз қаласының орнында біздің заманымыздан бұрынғы 37 – 36 жылдар шамасында салынған. Шөже мұнымен де тынбай алыстағы Парфияға елші аттандырып, шығыстан төнген қауіп ертең олардың де басына төнетінін ескерtedі. Өзіне әскери көмек беруін өтінеді.

Бірақ мұның бәрі кеш еді. Парфиядан келген үш легион әскердің Хань империясының 300 мың адамдық қарулы тобына қарсы тұра алма-

### ҒҮНДАР ӘМІРІНЕҢ ҚӨРІНІС



99



сын Шөже бабамыз жақсы түсінген. Тіпті, ол Талас өзені бойында өзі салдырган қорғанының да қалың еліне пана болмасын білген. Сондықтан өзін тәңіркүтіміз деп сыйлайтын елінің басым көшпілігін батысқа қарай ұдере көшіріп, өзі шағын өскерімен қорған ішінде қалады.

Біздің заманымыздан бұрынғы 36 жылы Талас қорғанында (қазіргі Тараз қаласында) Хань империясының қалың қолы мен Шөже сарбаздары арасында болған бұл шайқас туралы жылнамалардағы деректерді тебіренбей оқу мүмкін емес. Шайқас бірнеше күн бойы тоқтамаған, тіпті, тұнде де жалғасқан. “Тәңіркүт өзі сауыт киіп, қамал ғимараты-

### ФҰНДАРДЫҢ РИМ ҚАЛАСЫН АЛУЫ

100



Римге шабуыл. Ватикан музейі. Саркофаг. IV ғасыр

Хань империясы – Қытайдағы Хань династиясы құрған мемлекет. Империяның негізін Лю Бан қалаған. Хань империясы біздің заманымыздан бұрынғы 206 жылдан біздің заманымыздың 220 жылға дейін өмір сүрген. Басқыншылық соғыстың нәтижесінде шекарасын кеңейткен



ның мұнарасына шықты, – деп жазады шайқастың соңғы күні туралы қытай жылнамашысы, – бәйбішелер мен ханымдардан өзге тағы да он адам қолдарына садақ алып, қорғанға ұмтылған әскерлерді көздең ата бастады. Сол арада тәңіркүтіңиң мұрнына оқ тиеді. Эйелдер де түгел оққа ұшады. Тәңіркүт өз жасақтарына қамал ішінде соғысуга бұйырады... Тұн ортасы ауганда орталық мемлекеттен келгендер (яғни қытайлар – ред.) қаланың ішіне кірді... Қала у-шу болып жатқан кезде қаңдыңиң он топқа бөлінген он мыңдан аса әскері қаланы қоршауға алып, оларға (яғни ғұндарға – ред.) көмектеседі. Тұнделете

## ҒҰН ДӘУІРІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Ғұн дәуірінің археологиялық ескерткіштері – Қызыр Шығыстан Орталық Еуропага дейінгі ұлан-байтақ жерге тараған ғұндардың көне ескерткіштерінің жиынтық атауы. Біздің заманымыздың V ғасырын қамтиды. Ғұн дәуірінің археологиялық ескерткіштері үш топқа бөлінеді: 1. Шығыс ғұндар ескерткіштері. 2. Қазақстан, Орта Азия, Еділ, Оңтүстік Орал жеріндегі ғұндар келіп, жергілікті тайпаларға араласуы нәтижесінде пайда болған ескерткіштер. 3. Қазақстаннан Оңтүстік Орал, Төменгі Еділ ар-қылы Еуропага барған жаңа бірлестіктің қалдырган ескерткіштері. Сақина, сырға сияқты өшекей бұйымдар, кілем және түрлі ыдыстар ғұн түрмисындағы биік талғам, жоғары мәдениеттің белгісіндей бізге жеткен.



101

Ғұн кілемінің бізге жеткен журнағы. Онда адам бейнесі шеберлікпен өрнектеліп берілген




өлденеше рет – деп жазады түркілер тарихының білгірі Лев Гумилев, Алтайдан үдерे көшіп, Еділ мен Жайық өзендерінің аралығына келіп орныққан ғұндар осы оқиғадан 2 ғасыр өткен соң Батыс Ғұн империясы деген атаумен бүкіл Еуропаны дүрліктірген. Жаңа мемлекетті кім құрды? Қалай құрылды? Ол туралы нақтылы дерек жоқ. Бізге белгілісі шығыстан келген Ұлы Ғұн ордасы, Үйсін мен Қаңды ұлыстары халқымен бірге жаңа мемлекеттің негізін қалауға баяғы сақтардан қалған тайпалар: қыпшақтар, ауарлар (аварлар), сарматтар (аландар), сондай-ақ угор тайпалары үлес қосқан. Бұл орайда, угор тайпалары-

### ҒҰН ДӘУІРІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

102



Ғұн кілемінің фрагменті



Найза мен жебенің ұштары.  
Ғұн дәуірі



Ғұн кілемінің фрагменті

Готтар – герман тайпалары. Олар батыс готтар (вестготтар) және шығыс готтар (остготтар) деп екіге бөлінетін. VIII ғасырда солтүстік Қара теңіз жағалауы, Дунайдың бергі бетінде де өмір сүрді.



ның, яғни қазіргі мари, коми, эстон, финн, т.б. қыыр солтүстік халықтарының арғы ата-бабаларының ғұндармен көршілес өмір сургенін, тіпті олардың арасында алыс тектік және тілдік жақындық болғанын айта кетуге тиіспіз.

Еуропа жылнамашылары “гундер” деп атаған жаңа мемлекеттің батыс елдерін дүрліктіре бастаған тұсы – Балаәмір (Еуропа халықтары тілінде – Баламбер) билік еткен кез. Балаәмір Батыс Ғұн империясының тағына біздің заманымыздың 574 жылы отырған. Ол, ең алдымен, Қап тауының солтүстігін қоныстанған ежелгі сақтардың бір

### ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАР



Ақтастан табылған ғұн алтын әшекейі



Күміс сақина. Орал өніріндегі Лебедевка қорғанынан табылған. Ғұн дәуірі



Ғұн дәуірінен жеткен әшекей бұйымдар – III – V ғасырлар бұйымы




бөлігі – аландарды бағындырады. Содан соң, Доннан Дунайға дейінгі ежелгі ата-бабаларының ата жұртын иемденген герман тайпалары – готтарды Дунайдан өрі асырып, қызып салады. Кейін готтар да, остготтар да, бургундар да ғұндармен одактасуға мәжбүр болды.


Балаәмірден кейін Батыс Ғұн империясының тағына отырган Жұлдыз (410 ж.) бен Қаратұн (412 ж.) де жаңа мемлекеттің іргесін бекіту ісін жалғастырган. Ал Руғила патша тұсында ғұндар Византия (Шығыс Рим империясы) мемлекетінің шекарасына дейін жетіп, Константинопольді (қазіргі Стамбул) қоршауга алады. Олардан қорғану үшін Византия королі

### ҒҰН ДӘУІРІНЕҢ ЖЕТКЕН ҮДЫСТАР

104



Керамиқадан жасалған ыдыс. Ғұн дәуірі




Қазақстанның көне керамикасы. Қазақ жері саз балшыққа бай, одан ғұн дәуірінде біздің бабаларымыз алуан түрлі ыдыстар жасаған. Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі Шашауқұм қалашығынан табылған құмыралар соның бір көрінісі. Эсемдеп безендірілген бұл ыдыстар III – V ғасырлар бүйімы.

**Византия империясы** – Рим империясы ыдырағаннан кейін пайда болып, IV – XV ғасырлар аралығында өмір сүрген. Астанасы – Константинополь (қазіргі Стамбул) қаласы болған.




413 жылы Константинопольді айналдыра жаңа Феодосия қорғанын салуга мәжбүр болған. Бірақ ғұндардың жойқын шабуылына ешқандай қорған тосқауыл бола алмайтын еді. Осыны түсінген король 430 жылы Батыс Ғұн империясымен келісімге келіп, көп мөлшерде алым-салық төлеп тұруға мәжбүр болады. Отыз жыл Еуропаны дірілдеткен Руғила патша 433 жылы қайтыс болған. Оның орнына інісі Ақтардың ұлы Біледі (европаша Бледа) таққа отырады. Бірақ оның билігі ұзаққа созылмады. Руғиланың екінші інісі Мыңзықтың ұлы Еділ (европаша – Атилла) 434 жылы жігерсіз Біледіні тақтан тайдырып, ел тізгінің қолына алды.

### ҒҰН ДӘУІРІНЕҢ ЖЕТКЕН ЕСКЕРТКІШТЕР




Саз балшықтан тұрмысқа қажетті бүйімдар жасау ұлы қазақ даласының барлық өңірінде кеңінен

таралған. Суреттегі қазан Жетісудағы Қараша қорымынан табылған. I – III ғасырлар бүйімі.



Ыдыс сынығы.  
Оңтүстік Қазақстан  
өңіріндегі Шашауқұм  
қалашығынан табылған. III – I ғасырлар.




I – V ғасырларда  
пайдаланылған ошақ  
тұғыры Оңтүстік  
Қазақстан өңіріндегі  
Шашауқұм қалашығынан табылған.



Еуропа әдебиетінде есімі аңызга айналған Еділ патша 447 жылы Византияға жаңа шабуыл жасады. Фұндар Балкан түбегін жермен жекесен етті және астанаға қауіп төндірді. Қелер жылғы келісімнің арқасында Дакия түгелімен ғұндардың иелігіне көшті. Бұдан кейін Еділ батысқа жорық жасауға даярланады. Көп ұзамай Еділ Шығыс және Орталық Еуропаның ұлан-ғайыр кеңістігін өзіне бағындырады. Бургундар, остготтар, франктер, т.б. тайпалар Еділ патшамен одақтас болып, оған өскери көмек көрсетуді міндеттеріне алды. Шығыс және Батыс Рим империялары ғұндармен есептесуге мәжбүр болды.

### ФҰН ДӘУІРІНЕҢ ЖЕТКЕН ЕСКЕРТКІШТЕР

106



Қазақстан жерін мекендеген тайпалар ертеден-ақ түрлі металдарды ертеден пайдаланған. Мысалы қалайы, жез тағы басқа металдарды өндіу, құю, соғу,

шеку өнерін еркін менгерген. Батыс Қазақстан өніріндегі Лебедевка бейітінен табылған жез құмыра ыдыс. Біздің заманымыздың II – IV ғасырларының бүйімі.



Спираль түрінде соғылған сырға. Фұн дәуірі.



Фұн сырғалары. Көкмардан зиратынан табылған. Біздің заманымыздың III – IV ғасырларының бүйімі.




Римдіктердің езгісінен құтылған Еуропа халықтары өділ патша Еділ туралы “Эллада”, “Хильдебрант туралы жыр”, “Нибелунга жыры” тәрізді дастандар шығарып, оның есімін аңалдырып жіберді.

“Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған” демей ме қазақ халқы өлі күнге дейін. 441 жылы Батыс Рим өміршісі III Валентиннің қарындасы Гонорий (кейбір деректерде Онорий) Еділ патшага хат жазып, өзінің оған ғашықтығын білдіреді. Бірақ ағасы Валентин қыздың бұл сезіміне үзілді-кесілді қарсы болып, бұғауда ұстап отыр екен.

Батыс Рим империясына тиісуге сылтау таба алмай жүрген Еділ

### ФҰН ДӘУІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

107



Фұн тайпаларының қолөнерінде пайдаланған ою-өрнектері. С.И. Руденконың археологиялық экспедициясы материалдарынан алынды




дерене 500 мың адамдың қалың қолмен жорыққа аттанды. Әуелі Рейн өзенінен өтіп, империяның Батыс Еуропадағы иеліктерін жаулап алған соң, 452 жылы атының басын солтүстік Италияға бұрып, қазіргі Милан қаласына келіп кіреді. Рим қаласы қол созым жерде ғана тұр еді. Ақылшылары Валентинге қаладан жасырын қашып кет деп кеңес береді. Бірақ Еділ патша Римге қызықпайды. Аштық пен індегі жайлаған Аппенин түбегін тастап шығады. Вестготтармен одақтасып, Еділге қарсы қол жинап ұлгерген римдіктер шайқасқа даярланады. Тарихта Каталун қырғыны деп аталатын әйгілі шайқас осы кезде болған. Бұрын-

### ФҮН ДӘҮІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРИ


108



Қарағаш түсында өмір сурғен ғұнның алтын өшекейі. Біздің заманымыздың IV – V ғасырлар бүйімі.



Жетісү өңіріндегі Ақтас қорымынан табылған сапты аяқ. IV – VI ғасырлар бүйімі.



Фұн дәүірінен сақталған білезік пен өшекей бүйім. Алтын, гранат, V ғасыр.


Каталун қырғыны. 451 жылы Рим империясының вестготтармен, франктермен одақтасқан қалың қолын Еділ өскері тас-талқан етіп жеңген шайқас. Екі жақтан 165 мың адам қаза болған. Бұл қырғын Рим империясының ыдырап, Еуропа халықтарының дербес мемлекеттерге бөлшектенуіне алғышарт жасады.



соңды болмаған бұл шайқаста екі жақтан 165 мың адам қаза болған. Еділ римдіктердің вестготтармен, франктермен одақтастасқан қалың қолын тас-талқан еткен. Сөйтіп, құдіретті Рим империясының ыдырап, Еуропа халықтарының дербес мемлекеттерге бөлшектенуіне алғышарт жасалды. Еділ патша Гонорийді алып, ордасына қайтты.


Ал келесі 453 жылы Еуропаны дүбірлеткен Еділ бабамыз кенеттен қайтыс болды. Еділдің қазасы туралы европалық драматургтер ондаған пьеса жазған. Ол пьесаларға арқау болған оқиға мынау: Рим империясын жеңіп, абыройы аспанға өрлең тұрган Еділ патшага бургунд королі өз қызы Ил-

### ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАР



109

Ғұндардың әшекейлік бұйымдары әдемілігімен көз тартады



Ежелгі ғұндардың көшпелі құрылымдары (XV ғасырдағы Қытай деректерінен)



дионаны ұзатады. Илдиона да Еділге өлердей ғашықтығын айтып өліп-өшеді. Бірақ екеуінің тойы болған алғашқы тұні таңсәріде қаһарымен Еуропаны дірілдеткен Еділ патша қыз қолынан қаза табады. Сүйген жарына опасызыңға жасаған бургунд ханшасын Гонорий өз қолымен өлтірген.

Елі үшін еңіреп туған Еділ патша осылай өмірден өтті. Оның орнына таққа отырған ұлы Еллақ та ұзақ билік құра алмаған. Руғила үрпақтары арасындағы тақ таласы нәтижесінде билік тізгіні Еділ патшаның кеңесшісі болған Едіге бидің ұлы Одоакерге түседі. Билер кеңесінің бұл шешіміне риза болмаған тақ мұрагерлері Еділ-Жайық

### РИМДЕГІ ЖЕНІС ҚАҚПАСЫ

110




Римдегі женіс қақпасы. Фұн дәуірі. 312 – 315 жылдар



бойына қайтып, дербес Хазар мемлекетін құрган. Ал Одоакер болса, 476 жылы батыс Рим империясының соңғы әміршісі Ромул Августулді тақтан құлатып, өзі оның орнына Рим королі болады. Сөйтіп, ғұн Одоакер – ыдырауга бет алған Батыс Рим империясын 17 жыл бойы басқарған соңғы әмірші болып тарихта қалды. 493 жылы Одоакер қаза тапқан соң, қасиетті Рим империясының тағы герман тайпаларына көшті. Ал Еуропада одан кейін де, IX ғасырға дейін әмір сүрген ғұндардың Уархұн (Аргұн деп те атайды) мемлекетін 791 жылы франктер әміршісі Ұлы Карл талқандаған.

### ҒҮНДАР ТҰРАҒЫНЫҢ КӨРІНІСІ






Міне, қадірлі жас дос, тарихи деректер біздің даңқты ата-бабаларымыз ғұндар туралы осылайша сыр шертеді. Артында өздері туралы жылнамалар мен аңыз әңгімелер қалдарған ғұндар да тарих сахнасынан көшті. Қазіргі Еуропада олардың ерлік жорықтарының қуәгеріндегі болып Хунгария (Венгрия) елі қалды. Одан беріде гагауздар отыр. Ал Еділ бойындағы ғұндардың даңқты дәстүрлерін жалғастырган Ұлы Бұлгария, Еділ Бұлгариясы, Хазар патшалығы сынды мемлекеттердің тарихы бөлек бір жатқан сыр. Бәрінен бұрын Ұлы Ғұн ордасынан Алтайда қалған қалың ел ендігі есін жиып, жаңа мемлекеттің негізін қалап ұлгерген еді.

### ҒҰН ДӘУІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

112



Ғұн даласы

# ТҮРКІЛЕР

Біздің заманымыздың V – XIII ғасырлар аралығы.





“Биікте Қек Тәнірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-тегім Бумын қаған, Іstemі қаған отырған. Оттырып, түркі халқының ел-жұрттың қалыптастырған, иелік еткен” “Күлтегін” жыры (ұлкен жазу). VII ғасыр.

**Жас дос!** Біз өткен тарауда сонау Саржазықта (Ордоста) ұлы мемлекет құрып, кейін Рим империясының астанасына дейін жеткен біз-

## АЛТАЙ – АТАЖҰРТ

114 Алтай – түркі халықтарының алғаш мекен етіп, өсіп өрбіген ата жұртты. Азия құрлығының орта тұсында орналасқан тау жүйесі. Сібір ойпатынан Гоби даласына дейін екі мың шақырымға созылып жатыр. Табиги шекарасы оңтүстігінде Қара Ертіс өзені, Зайсан көлі арқылы өтеді, батысында Қалба жотасы арқылы Алтай Сарыарқага ұласады. Жер бедері шыңды, құзды. Ең биік шыңы Мұстаудың абсолюттік биіктігі 4056 метр.

Алтайдың тау сілемдері осы шыңнан жан-жаққа созылып, бірте-бірте аласара түседі.

Алтайдың өрбір сай саласын қуалай ұлкендікішілі тау өзендері агады. Ертіс, Қаба, Қалжыр, Құршім, Нарын, Бұқтырма, Үлбі өзендері және Обь өзені саласына

жататын Ануй, Хатун, Бия, Енисей саласына жататын Абақан, Қобда өзендері, Алтынкөл, Марқақөл, Қаражал, Қамысжал, Дайын сынды 3500-ден аса көлдері бар.

Алтай – алтын, күміс вольфрам, молибден, сынап, тас көмір, қоңыр көмір, түрлі түсті асыл және өшекей тастарға бай.

Алтай жануарлар дүниесіне де аса бай. Қасқыр, қоңыр аю, бұғы, марал, барыс, ілбіс, бұлғын, құндыш, түлкі, ұлар, құр, кекілік, бөдени, тағы басқа жануарлар аса көп.

Алтайдың мал-жанға жайлы табигаты, асты-усті тола кен байлығы ертеден-ақ адамзаттың өмір сүруіне аса қолайлы жағдай тудырды.

Түркі өuletінің Алтай-дағы өмір тарихы біздің заманымыздан бұрынғы IV – V ғасырлардан басталады. Түркілер Алтайдан алтын, күміс, темір

қазып, оны қорытып, дұлыға қалпақ, сауыт-сайман соға бастаған. Археологтар Алтайдан VI ғасырда темір қорытқан орын тапқан.

Осынау темір қорытушылардың үрпағы Алтай түркілерінің Дулагат (“Дұлыға қалпақтылар”) тайпасынан шыққан Бумын 552 жылы “теміршілер көтерілісін” басқарып, Хангай жотасынан Қарпатқа дейін қанат жайған Түрік қағандығының негізін қалады. Түрік қағандығы 200 жыл салтанат құрды.

Түрік қағандығы тарағаннан кейін түркі этностарының қайта қоныстаңу процесі басталғаны белгілі. Бұл процесс Алтын Орда, Моголстан мемлекеті және Қазақ хандығы құрылғанға дейін жалғасты. Алтайды мекен еткен кейбір түркі тайпалары Қаспий, Еділ, Жайық, Еуроазия далаһына дейін қанат жайды.



дің даңқты бабаларымыз – ғұндар тарихы туралы сыр шерткенбіз. Есінде болса, Ұлы Ғұн ордасының соңғы тәңір құты Шөже (қытайша Шижи) бабамыз Талас қорғаны ішінде басқыншы жаумен арыстанша арпаласып, қаза тапты емес пе?! Оның батысқа үдерек көшкен елі Еділ мен Дунай аралығына жетіп, ол маңдағы бұрынғы сақтар ұлысынан қалған қандас бауырларымен, угор тайпаларымен араласып, Батыс Ғұн империясын құрап еді ғой.

Батыс ғұндардың одан кейінгі бүкіл Еуропаны дүр сілкіндірген қаһарлы жорықтарын сен енді жақсы білесің. Еділ батыр қапыда қаза

### КӨК ТҮРІКТЕР ОТАНЫ





тапқан соң, батыстағы ол билеген мемлекеттің бірте-бірте қуаты кеміп, қалай ыдырауға түскенінен де хабардарсың. Ал осы кезде ғұндардың шығыстағы ата мекені – қасиетті Алтай тауының қойнауында не болып жатыр еді? Батысқа көшпей, бұрынғы Ұлы Ғұн ордасының орнында қалған қалың елдің кейінгі тағдыры не болды? Міне, біздің ендігі өңгімеміз осы туралы.

Өз тарихында “мың өліп, мың тірілген” (Жұбан Молдағалиев) атабабаларымыз кейінгі ұрпағына “орнында бар оңалар” деген даналық сөз қалдырыпты. Бұл сөз жалпы адамзаттық түсініктегі “бар нәрсе

## КЕМПІРТАСТАР

116



Кемпіртастар: сол жағындағы – Алтайдан табылған балбал. VI – VII ғасырлар. Оң жағындағы – оңтүстік қыпшақ (қазіргі Ресей территориясына қарайды) даласындағы кемпіртастар. XI ғасыр.

Кемпіртастар – Қазақстандағы әдет-ғұрып, діни сенімдерге байланысты тастан мүсінделген адам пішіндері. Карпат маңынан Монголияға

дейінгі Еуропа мен Азия аралығындағы жазықтарда, Қырым, Солтустік Кавказ даласында кездігеді. Олар 4 топқа бөлінеді: 1) Қола дәүіріндегі кемпірта-


тар. 2) Қара теңіз маңындағы сақ дәүіріндегі кемпіртастар. 3) VI – IX ғасырлардағы түркі тілдес халықтардың кемпіртастары. 4) Еуропа даласындағы кемпіртастар. XIII ғасырдағы Еуропа саяхатшысы В.Рубруктің дәлелдемесіне орай ғалымдар кемпіртасты қыпшақтардың XI – XII ғасылардағы мәдени мұрасына жатқызыады. Ішінәра алан мен хазар тайпаларынан (VI – VIII ғасырлар) қалған мұрага да санайды. Кемпіртасты ескі түркі жазуында “блбл” (Балбал), орхон жазуында “балбық” деп таңбалайды. Қазақстанда балбалдар негізінен Баянауыл маңында, мүсін тастар Аласу, Қарқаралы, Бегазы, Жылдысбай, Жекешең пен Ерейментауда кездеседі.



жоғалмайды, жоқтан ешнәрсе бар болмайды” деген пәлсапалық түйінмен сабактасып жатыр.

Шынымен-ақ, Мәде тәңіркүт кезінде Хань империясының өзін алым-салық төлеп тұруға мәжбүр еткен ұлы ғұндар үрпақтарының жер бетінен із-түzsіz жоғалып кетуі мүмкін емес-ті. Оның үстіне, алдымен құйтырқы саясат жүргізіп, содан соң қанқұйлы жорықтар үйимдастырып, солтүстіктегі көршілерін қырғынға ұшыратқан қытайдың Хань өулеті империясының ғұмыры да ұзақ болмай шықты. Хань өулетін билік басынан тайдырған Цзань өулеті де тақта ұзақ отыра

### ТҮРІК ҚАҒАНДЫҒЫ



Батыс және Шығыс Түрік қағандықтары



алмады. Ішкі алауыздықтардан әлсіреген Қытай империялары қазіргі жыл санауымыздың 420 жылы батыс және шығыс мемлекетіне ыдырап тынды. Сірө, үлкен империялардың тағдыры еш уақытта да мәңгілік болмаса керек. Алайда бұрынғы біртұтас ұлыстың уақыт өте келе қайтадан бірігіп, елдігін қалпына келтіретіні де тарихи шындық.

Жан-жаққа бытырап кеткен бұрынғы ұлы ғұндар ұрпақтарының кейінгі тағдыры да дәл солай болды. Ең алдымен Алтай тауын паналаған Ашина (көкбөрілер) тайпасы ес жиды. Ашина тайпасының басқыншы жаудан қалай аман қалғаны туралы ұрпақтары айтқан азыз

### АЛТАЙ

118



Түркілердің атажұрты, алтын бесігі Алтайдағы Мұзтау шыңының биіктігі теңіз деңгейінен 4056 метр



әңгіме ерте замандарда-ақ Қытай және Еуропа жылнамаларына жазылып біздің заманымызға жеткен.

... Басқыншы жаудан пана іздеген бес жұз үйлі ғұн жұрты Сарыжайлаудан Алтайға үдере көшеді. Босқан жұрттың жолын тосқан дүшпандар бүкіл көшті қырып тастайды. Осынау қанды қыргыннан аяқ-қолынан айырылған жалғыз бала аман қалыпты. Тәңірдің жарылқауымен өлгі баланы көк бөрі тауып алып, сүтімен асырап, ер жеткізіпті. Кейін осы баладан көкбөрілер ұрпағы (яғни, Ашина тайпасы) таралыпты.

Әрине, бұл –аңыз. Осы аңыз әңгімені жат жұрттың кейін Ашина

### АТСУЫТҚАН ТАС МҰСІНІ



Атсуытқан тас мұсіні

Атсуытқан тас мұсіні – Қазақстандағы Қарғанды облысы Шет ауданы Атсуытқан тауының шығыс жағындағы шаршы қоршау ішіндегі тас мұсін. 1982 жылы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеген. Әр қабыргасы 3 метр, қақпа тастарды тігінен көміп құраған. Қоршау ішін тастармен толтырған. Арнайы

әкелінген ақ шақпақ тастар кездеседі. Мұсін жасаған тастың жоғарғы жағы жалпақтау. Тастың жоғарғы бөлігінде адамның бейнесі бедерленген. Қалың қабағы, үлкен көзі, мұрны, ұзын мұрты мен жалпақ, ұзын сақалы бейнеленген. Мұсіннің бейнелену тәсілі, қоршау құрылышы оның VI – VII ғасырларда жасалғанын көрсетеді.

119

Аяқкамыр күмбезі – Қазақстандағы XII ғасырдың ақырындағы сөулет өнері ескерткіші. Қарғанды облысы Жезді кентінен солтүстік-батысқа қарай 9 шақырым жерде орналасқан. Орталық Қазақстанның көрнекті ескерткіштерінің бірі болып табылады. Биік іргетастың үстінен тік бұрышты жобамен порталды-күмбезді пішінде салынған. Алдыңғы беті П әрпі сияқты жиектеліп, монумент портал түрінде әшекейленген. Кіретін қуыс түзу аркамен жабылған. Күмбезі күйдірілген кірпіштен қаланып, жарты оюлармен әшекейленген тақталармен қапталған. Шаршы негізден бұрыштарын кеміте қалау арқылы күмбез шығарылған. Архитектуралық құрылымы мен безендірілуі IX – XI ғасырлардағы осындай құрылыштарға тән.




тайпасынан тарап, қыр шығыстағы Хинган тауларынан Кавказға дейінгі ұлан-ғайыр аймақты бағындырған түркі жұртын кемсіту мақсатымен жылнамаларына жазып қалдырса, ал түркілердің өздері бөріні кие тұтқан, оның бейнесін өскери байрақтарының басына бедерлеген. Бөрі рухын пір тұту дәстүрі түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының да арасында күні бүгінге дейін бар:

Бөрілі менің байрағым,  
Бөрілі байрақ көтерсе,  
Қозады қай-қайдағым... – деп жырлайды XIX ғасырда өмір

### ЕРЕЙМЕНТАУ ТАС МҰСІНДЕРІ

120



Ерейментау тас мұсіндері

Ерейментау тас мұсіндері – Түрік қағандығы кезінде жасалған тас мұсіндер тобы. VI – VIII ғасырлар ескерткіші Қазақстандағы Ерейментау төңірегінде, Сілеті, Кедей, Торғай өзендерінің бойында жиі кездеседі. Торғай кенінен оңтүстікке қарай 8 шақырым жерде сүр граниттен

қашап жасалған үш мұсін бар. Жергілікті халық “Қос батыр” деп атайды. Сол замандағы шеберлер қою мұртты, белдігіне қару асынған, оң қолымен әдемі тостағанды омырауына дейін көтеріп, сол қолымен қылыш үстаған Түрік қағандығы кезіндегі өскер басы алыптардың келбетін, ал-


пауыт денесін жұмырладап, жақсы келтірген. Мұсіндерді граниттен қашап жасаған төрт бұрышты қоршаудың күншығыс іргесіне жерге қадап тұрғызған. Сол заманда батырларға, қоршау мен тас мұсін тұрғызу оларды еске түсірудің бір түрі саналған.



сүрген ақын атамыз Сүйінбай Аронұлы. Демек, бөрі бейнесіндегі өршіл рух біздің бәріміздің санамызың түбінде сонау ерте замандардан қалған. Сірө, осы ақыздың астарында тарихи оқиға жатса керек.

Тарихшылардың пікірінше, ұлы ғұндардардан қалған бір бөлек елдің Сарыжазықтан ұдере көшіп, Алтайдың қойнауындағы жан-жаяны тау қоршаған оқшау жазықты паналяғаны шындық. Олар осы жазықта бейбіт ғұмыр кешіп, өсіп-өнген. Бұл елдің көсемін Ашина (қытайша “Мейірімді бөрі”) деп атаған. Ол туралы дерек Қытай жыл-

## ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ



● Тараз      Ұлы Жібек жолының негізгі тармақтары

● Тараз      Ұлы Жібек жолындағы басты қалалар




намаларына 439 жылы жазылып қалған. Сірә, Ашина өзіне қаралған елдің тұз тағысы – көк бөрі рухына сиынуын салтқа айналдырса керек. Ал бұл тайпаға пана болған өлгі жан-жағын тау қоршаган оқшашау жазық құтты мекен туралы “Ергенекон” аңызын барша түркі халқы өлі күнге дейін тамсана айтады. Кейбір зерттеушілер қасиетті Ергенекон қонысы Алтайдың қазіргі Қазақстан, Ресей, Монгол, Қытай мемлекеттерінің шекаралары түйісетін тұсындағы Мұзтау шыңының маңында жатыр деп пайымдайды. Алтайды барша түркі халықтарының “алтын бесігіміз” деп қастерлейтіні, міне, сондықтан.

### АРҒАНАТЫ ТАС МҰСІНДЕРІ

**122** Арғанаты тас мұсіндері – түркілердің ортағасырдан қалған ғұрыптық ескерткіштері. Қазақстандағы Қарағанды облысы Ұлытау ауданындағы Арғанаты тауының Мық, Домбауыл, Айыршоқы қыраттарында орналасқан. Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеген. Мұсіндер жалпақ тастан қашалып, төртбұрыш, шаршы түрінде жасалған қоршаулардың шығыс жақ сыртына беті күншығысқа қаратыла тігінен орнатылған. Одан шығысқа қарай кішірек тас бағаналар немесе балбалдар тізбегі кездеседі. Мық тауының етегіндегі жергілікті тұрғындар арасында “Алып тас”, “Мықтың алaby” атанған мұсін сүр граниттен қашалған.

Мұсіннен ер адамның бет өлпеті, шоқша сақалымен, үлкен көзі, ұзын мұртының және аяқ-қолының бедері айқын

көрінеді. Оң қолына суын ішетін тостаған, сол қолына қылыш ұстаған. Екінші мұсін бұдан 200 метр қашықтықта орналасқан. Осы екі мұсінде жергілікті қазақтар “Қос алып”, “Қос батыр” деп атайды. Бұл мұсіндер VI – VIII ғасырларға жатады. Арғанатының Тұлпарас сілемінің барайынан VIII – XII ғасырларға жататын граниттен қашалып жасалған адам мұсіні табылды. Мұсінде әдемі жас әйелдің бет өлпеті кескінделген. Мұндай тас мұсіндер негізінен елге сыйлы адамдарға қойылған.



Арғанаты тауындағы тас мұсін

Түркілердің тарихы, өмірі, салты, ерлігі туралы “Ергенекон” атты ұлы эпос болған. Бізге үзінділері жеткен “Ергене” түркі тілінде “шатқал”, “қон” – қоныс мағынасын білдіреді. “Ергенекон”, яғни “Шатқалдағы қоныс” ұғымын білдіреді.



Сонымен, Ұлы Fұн ордасынан бөлініп қалған бір тайпа ел Алтай тауының қойнауына келіп панарайды. Соңынан өкшелей қуған басқыншы жаудан құтылып, Ашина көсемнің басқаруымен етек-женін жинайды. Алайда, олар Қытай империясының өктемдігінен құтылғанымен басқа бір топтың езгісіне түскен еді. Бұл топты қытай тарихшылары “жужандар”, ал Еуропа тарихшылары “аварлар” (түркіше ауарлар) деп атайды. Алғашында бейбіт елдерді тонаумен айналысатын, қашқындардан құралған қарақшылар тобы кейін өздерінше мемлекеттік бірлестік құрып, жужандар тайпасына айналады. Алтай

## АВАР ҚАҒАНДЫҒЫ

Авар қағандығы – Орталық Азияда (IV ғасырдың соны) және Шығыс Еуропада (VI ғасыр) өмір сүрген, түркі тілдес тайпалар мемлекеті. Мемлекетті қаған басқарды. В ғасырда қағандық екі бірлестікке бөлінді. Батыс қағандықтың билеушісі Шэлуннің ордасы Моңголиядағы Халха өзенінің бойында орналасты. Эске-ри сөтті жорықтар арқылы ол мемлекет жерін едөүір ұлғайтты. Авар қағандығы Орталық Азия мемлекеттері қатарынан берік орын алғып, аймақта көшпелі мемлекеттер жүйесінің қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Мемлекет 552 жылы аварларға бағынышты болған көне түркілердің күшімен құлатылды. Авар тайпаларының бір бөлігі Корея мен Солтүстік Қытайға, бір бөлігі батысқа ығысты. Батысқа ауған авар тайпалары қазіргі Қазақстан, Еділ бойы, Солтүстік Кавказды

мекендеген тайпалармен қосылып, Византия шекарасына қарай жылжыды. 558 жылы олардың Кандих бастаған алғашқы елшілігі Византияға келіп, әскери одақтас болуды ұсынды және қоныстануға жер сұрады. Византия аварларды кутригурлар мен шығыс славяндарға қарсы соғысқа пайдаланды. 567 жылы аварлар лангобардтармен бірлесіп, герман тайпаларын талқандады және Дунай жазығындағы, Панониядағы жерлерді иемденді. Онда VI ғасырдың 60-жылда-рында Авар қағандығы – Орталық Азия көшпелілерінің мемлекеттік бірлестігі құрылды. Оны көрнекті қолбасшы Баян хан басқарды. Қағандықтың орталығы Панония болды. Осы жерден аварлар франктарға, лангобардтарға, славяндарға жорықтар жасады. Олар Эльбадан Қавказға, Доннан Адриатикаға дейінгі жерлерге ықпал

жүргізіп отырды. Қаған әскерлері Дунайдың төменгі ағысын бойлап, Византияға қарасты жерлерге жорықтар жасап, Константинопольге дейін жетті. 592 – 598 жылда-ры және одан соңғы жылдары аварлар Балқанға дендел енді. Алайда 626 жылы аварлардың негізгі күші Константинополь тубінде талқандалды. Бұл Баян өuletінің биліктен кетуіне байланысты туган ішкі қайшылықтардан Авар қағандығы әлсіреген тұс еді. VII ғасырдың ортасында аварлар Солтүстік Қаратеңіз маңынан ығыстырылды, олардың негізгі территориядағы, Панониядағы билігі 680 жылдары Дунайда Бұлгар қағандығының құрылуына байланысты шектеле бастады. Аварлардың төл жазуы, дамыған мәдениеті мен өнері болған. Олар кілем, кестелі мата шығарған, күміс, сүйек, ағаш және темірден зергерлік бүйымдар жасаған.




тауының қойнауын паналаған босқын елді де өуелі солар байқайды. Тек байқап қана қоймай, өздеріне бағынышты етіп, Қенди Алтайдың тасынан темір балқытқызып, қару-жарап соқтыртады.

Жүжандар үшін темір балқытып, қару-жарап соғып жүріп-ақ, Ашина тайпасы өсіп өнеді. Әуелі саны көбейеді, содан соң елдің рухы оянып, жан-жағына көз сала бастайды. Олар бектерін түркү тұрақ көк, яғни көк тұргыны (туркі атауы содан шыққан), ал ел басын қаған деп атайдын.

Бұл кезде олардың оңтүстіктегі қаһарлы көршілерінің біртұтас им-

## ҰЛЫТАУ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

124



Ұлытау тас мұсіндері

Ұлытау ескерткіштері – Ұлытау тәңірегінде кезігетін тас мұсіндер шоғыры (VI – VIII ғасырлар). Түркі дәуірінен қалған тас мұсіндер қылыш, қанжар сияқты өскери қарумен, сауытпен пішінделген. Батырлар мен қолбасы көсем мұсіндерінің алдына балбалдар тізбегі қойылады. Балбалдар саны кейде 200-ге жетеді. Ерлер мұсін-

дерімен қатар аңызға айналған арулар мен ардақты аналарға да мұсін қойылған. Бұл тас мұсіндер пішінделген кісінің жас мөлшеріне орай қыз тас, келіншек тас, кемпір тас деп атала береді. Ұлытау ескерткіштері қазақ жерін мекендеген тайпалардың рухани мәдениетін, тұрмысын, салт-санасы, өнер тарихын көрсететін бірден-бір дерек болып табылады.

Жылышай тас мұсіндері – Қазақстанның Қарағанды облысында түрк қағандығы (VI – VIII ғасырлар) мен қыпшақ заманында (VIII – XIII ғасырлар) жасалған ескерткіш-мұсін тастандардың көрнекті тобы. Қағандық кезіндегі мұсіндер тас қоршаудың шығыс жақ іргесінде, беті шығысқа қарап тұрады. Жылышайдығы тас қоршаулардың жалпы саны сегіз, олардың әрқайсысының шығыс іргесінде бір-бір мұсін тастаны болған.

Оның үшеуі қираған. Бізге жеткен бес мұсіннің екеуі егде адамды, екеуі жеткіншек жастарды, соңғы мұсін орта жастағы әйелді бейнелейді. Бұл тас мұсін нәрестелердің қорғаушысы саналған Ұмайдың бейнесі болуы мүмкін.



периясы ыдырап, екіге бөлініп кеткенін жоғарыда айтқанбыз. Алтай тауының қойнауында күш алып келе жатқан жаңа тайпаға, ең алдымен, өзіне сенімді одақтас іздеген батыс Бей империясының билеушісі Тай-зу назар аударады. Сөйтіп, ол 545 жылы Ашина тайпасының сол кездегі қағаны (Ашинаның шебересі) Бумынға соғдылық Ань-Нопеньтоны мол силықпен елшілікке жібереді. Бумын қаған ұлы Қытай империясының елшісін құрметпен қабылдалап, одақтастық ниетпен шығарып салады.

Осы жыл Ашина тайпасы құрган жаңа мемлекет – Түрік қаған-

## ТҮРІК ҚАҒАНДЫҒЫ



Байырғы түркі бейнесі (Герасимовтың реконструкциясы бойынша)

Түрік қағандығы – (552 – 745) – түркі тайпаларынан біріккен ежелгі мемлекет. Оған алғашында түркі тайпаларының көсемдерінің бірі – Ашина басшылық жасаған деген жорамалдар бар. Түркілер өуелі Алтай мен Жетісуды мекендеді. Олар мал шаруашылығымен, аңшылықпен айналысты. Түрік қағандығының қоғамдық өмірінде

әскери іс маңызды орын алды. Түркілер 545 жылы тоғыз оғыз, 551 жылы жүржан тайпаларын өздеріне қаратты. 552 жылы Бумын өзін “қаған” деп жариялады. 555 жылы бүкіл Орта Азия түркілерге бағынды. Қағандықтың ордасы Орхон өзенінің жоғарғы сағасына көшірілді. Бумын қағанның әскери саясатын онымен тізе қосып, Истемі қаған жалғастырды. 553 – 572 жылдары Түрік қағандығына Солтүстік Қытай мемлекеттері – Чжоу мен Цинь бағынышты болды. Түрік қағандығы Византиямен одақтаса отырып, Ұлы Жібек жолына дербес бақылау жасау мақсатымен Иранмен соғысты. Соның нәтижесінде Әмударияның батыс жағалауы да Түрік қағандығына қарады.

Олардың Византиямен одағы бірнеше рет бұзылды. Ақыры 576 жылы түркілер Боспорды (Керчъ) алды, 581 жылы Херсонеске шабуыл жасады. Кейіннен Түркі қағандығы Шығыс және Батыс түрік қағандығына бөлініп кетті.

125

Түркі тілдері – Қыыр Шығыстан Жер Орта теңізі мен Үнді мұхитына дейінгі кең байтақ өлкеде тұрып жатқан елуден астам тұыс халықтардың тілі. Қазақ тілі – соның бір тармағы. Арғы ба-баларымыз түркілер бір тілде сөйлеген.



дығының халықаралық деңгейде ресми мойындалған жылы болып тарихта қалды.

Жаңа мемлекеттің іргесін қалаушы Бумын қаған, ең алдымен, тоз-тоз болып, әркімнің бодандығында жүрген қандас тайпалардың басын біріктіруді ойлайды. Қандастарының ішіндегі ең жақыны теле тайпасы еді. Олар да жужандарға алым-салық төлеп тұратын. Бірақ телелердің көсемі Бумын қағанға бағынғысы келмейді. Жужандардың езгісінен құтылу үшін оларға қарсы өз беттерімен жорыққа аттанады. Бумынның да күткені осы еді. Ол

### БУМЫН ҚАҒАН

- 126** Бумын – Түрік қағандығының негізін қалаушы қаған. Ашина тайпасынан шыққан Бумын қағандықты 542 жылдан 553 жылға дейін басқарған. Бумын қағаннан бұрын бұл тайпаны Ежен қаған, Иолығ қағандар басқарған. 542 жылы мемлекет басшысы ретінде таққа отырған ол түркі ескерткіштерінде Бумын қаған деп аталып, есімі тарихта мәңгі қалды. Бумын тұсында түркілер қағандығы күшейіп, олардың күшті өскері болған. Бумын қаған тұсында түркілер қытаймен сауда қатынасын орнатқан. Бумын қаған бастаған түркі өскері жужандармен соғысып жеңіске жеткен. Қытай және басқа да елдер Түрік қағандығын мойындал елшілер жібереді. Бумын қаған басқарған кезеңде түркі жүрті Алтай өңіріндегі солтүстік қыр өлкесіне толық иелік етті.



Көне түрік қағандығының штандарты




Алтай тауының шатқалдарын бойлап, теле өскерінің алдын тосады. Алғашқыда алдарынан самсап шыға келген қалың өскерден қатты қорыққан телелер олардың өз түркілері екенін көріп, жүректері орнына түседі.

– Қорықпаңдар, бауырларым! Жауласып, қан төккелі келген жоқпыз, түсініскелі келдік, – дейді атойлап алға шыққан Бумын қаған. Жұжандарға өздеріңің күштерің жетпейді. Ес жиып, бірігіп, ел болайық қосылып, қол бастасақ қана тәуелсіздік аламыз.

Теле өскерлері сол арада аттарынан түсіп Бумын қағанның өміріне

### ҚАРҚАРАЛЫ ТАС МҰСІНДЕРІ



Қарқаралы тас мұсіндері

Қарқаралы тас мұсіндері – түркі дәуірінен қалған тас мұсіндер тобы. Ол тас мұсіндерде негізінен батырлар, қолбасшы-көсемдер, билер менabyздар, жыршылар мен бақташылар бейнеленген. Тас мұсіндер саны 200-ге жетеді. Батырлар қару-жарақпен, хан мен билер қолына асатаяқ, беліндегі кісесімен бейнеленген.


Қарқаралы тас мұсіндерінің бет әлпеті, дене мүшелері, асынған қару-жарагы, қолындағы заттары шынайы, әрі тартымды жасалған. Қарақаралы маңында кезігетін тарихи ескерткіштер қазактың ежелгі мұсін өнерінің озық үлгілерінің бірінен саналады.



көнді. Сөйтіп, 546 жылы 150 мың отбасы бар теле тайпасы Түрік қағандығына қосылды. Кейін тоғыз оғыздар тайпалық бірлестігі аталаған телелер (ғалымдар қазіргі қазақ халқының құрамындағы телеу руының атауын осы телелерден таратады) үшін оғыз, қарлұқ, басмыл, ұйғыр тағы басқа тайпаларға бөлінген. Тұысқан екі тайпаның қосылуы жужан қағаны Анағұйдың зәресін ұшырады, бірақ түркілердің батыс қытай империясымен одақ құруынан сескенген ол Бумын қағанға ашық қарсы шыға алмай, ішінен тынады. Енді Бумын қағанның өзі Анағұймен қан майданда кездесіп, еліне ешбір

## ТОНЫҚӨК

128



Тонықек жазуы

Тонықек – Түрік қағандығының көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. VIII ғасырда Әмір сүрген. Тонықек түркілер елінің үш қағаны Елтеріс, Қапаған, Білге қағандарға ақылгөй кеңесші болған. Қеменгер ойшыл, қолбасшы батыр, дарынды ақын ретінде танылған. Тонықек Елтеріс қағанмен бірге Түрік қағандығын құру үшін болған көптеген жорықтарға қатысып, тамаша жеңістерге жеткен. Тонықек өз кезінде түркі халқының жауынгерлік даңқын дүниеге танытқан аса ірі қолбасшы. Тонықек түркі әскеріндегі ең жоғарғы дәреже – Апа Тар Хан, (мағынасы “түркі әскерінің саяси жетекшісі”) мәртебесіне ие болған. Ол-әлемді таңқалдырган “Тонықек” эпосының авторы. Бұл жыр-біздің бабаларымыздың даңқы мен ерлігін жырлаган мәңгілік өшпес мұра. Элем халқы осы жыр арқылы біздің арғы аталарымыздың ұлылығын таныған.



күмәнсіз еркіндік алып беруді ойлайды. Сөйтіп ол Анағұйға сәлем жолдап, сол замандағы тең дәрежелі елбасыларының одақтасу жоралғысын ұсынады:

– Бізбен тату тұрғысы келсе, қызын маған ұзатсын, – дейді Бумын.

Анағұй кеше өзінің қызметшісі болған тайпаның қазіргі көсемінің бұл қылығына қатты ашуланады.

– Менің күні кешегі боданым өйтіп басынбасын. Жынын қағып аламын, – депті Анағұй елшісінен жолдаған жауабында.

### ЕЛТЕРИС ҚАҒАН

Құтылық, Елтеріс білге – Шығыс Түрік қағандығының бірінші қағаны. Құтылық шамамен 650 жылы туып, 691 жылы қайтыс болған. Құтылық – оның шын есімі, ал Елтеріс Білге лауазымы. 682 – 687 жылдар аралығында Шығыс түркілер Құтылықтың қолбасшылығымен Қытайға қарсы азаматтық күрестің жеңісінен кейін өз мемлекеттерін қайта құрды. Күлтегін жазбасында айтылғандай Құтылыққа мемлекетті аяғына тік тұрғызу оңайға түскен жоқ. Құтылық Қытайға, басқа да сыртқы жауларға қол бастап 47 жорық жасаған. Соның ішінде ірі-ірі 20 шайқаста Құтылық басқарған қол ірі жеңіске жеткен. Құтылықтың әкесі де Ашина тайпасын бастап жорыққа қатысқан. Құтылық “Елтеріс білге қаған”, яғни “Елінің басын қосқан білгір данышпан” деген лауазымға ие болады.



129

Түркі жауынгері (М.В. Гореликтің реконструкциясы бойынша)

Шығыс Түрік қағандығы (582 – 745) – Қазақстан, Орталық Азия жерлерін қамтыған ежелгі мемлекет.

Бумын қағанга керегінің өзі осы еді. Ол Анағұйдың алым-салық жинауға келген өкілін жазага тартады. Батыс Бей империясының билеушісі Тай-цүмен одақтасып 451 жылы оның қызы Чанлеге үйленеді. Ал 452 жылы қыс айында жужандарға қарсы қалың қолмен жорыққа аттанады. Жорық сәтті аяқталып, жаңадан шаңырақ көтерген Түрік қағандығы жужандарды тас-талқан етіп жеңеді. Анағүй бұл күйікке шыдамай өзін-өзі өлтіреді. Жужандардың аман қалғандары батысқа қарай үдіре көшеді. Бұл біздің ата-бабаларымыздың шығыстағы үш ғасыр бойғы бодандықтан соң қайтадан азаттық алған,

### ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ КЕСЕНЕСІ

130



Қозы Көрпеш – Баян Сұлу кесенесі

Қозы Көрпеш - Баян сұлу ескерткіші – Қозы Көрпеш пен Баян сұлу қабіріне тұргызылған кесене. Семей өніріндегі Аяқөз өзенінің сол жағалауында орналасқан. Мазар шошақ күмбезді, қалақ тастан төрт қырлы жобамен қаланған. Биіктеген сайын сүйірлене береді. Жалпы биіктігі – 12 метр. Ескерткіштің қай ғасырда тұргызылғаны туралы тұжырымды дерек жоқ. Құрылыш үлгісі дыңға ұқсас болғандықтан, қазақ жеріне ислам діні тарамай тұрып салынған деген жорамал бар. Қозы Көрпеш – Баян сұлу ескерткішінің жанында тас мұсіндер болған. Осы тас мұсіндерді 1856 жылы Шоқан Уәлиханов қағаз бетіне нобайлаған. Онда қасиетті құты ұстаган үш әйел мен бір еркектің бейнесі суреттелген. Халық ақызында үш әйелдің бірі – Баян сұлу, екіншісі – сіңілісі Айғыз, үшіншісі – апасы, ер адам – Қозы делінеді. Қазір тас мұсіндер жоғалып кеткен.



Түрік қағандығы аталатын жаңа мемлекетінің іргесін бекіткенінің белгісі еді.

Амал не, бодандықта жұрген еліне бостандық алып берген Бумын қаған осы ұлы жеңілген соң ұзақ өмір сүрмелті. Сол 552 жылдың соңында қайтыс болады. Оның орнына таққа отырған ұлкен ұлы Қара Ыссық қағанның да билігі бір-ақ жылдан аспайды. 553 жылды кенеттен қайтыс болған оның орнына інісі Мұқан қаған болып сайланады.

Біртұтас Түрік қағандығының қуатының артып, аумағы шығыстағы Хинган тауларынан батыстағы Қара теңіз жағалауына жететіні де

## ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

Земарх – 568 – 569 жылдары түркі қағаны Истеміге барған Византия елшісі. Елшілікті Византия императоры II Юстин жіберді. Земарх елшілігі Византия мен Түрік қағандығы арасына тікелей сауда қатынасын орнатуды көздеуден туды. Шығыс Түркістандағы Текес өзені алабындағы Истемі қағаның ордасына жету үшін елшілік Кавказды, Еділді, Жайықты, Каспий теңізінің солтүстік жағалауы маңын, Хорезмді, Сырданияның бойын басып өткен. Осы елшіліктің жазбаларында бірқатар қызықты деректер келтіріледі. Ол Ордага жеткеннен кейін елшілердің от-алау арасынан өтіп, “жын-сайтаннан” тазалануға тиісті болғанын айтады. Орда салтанатын сипаттай келіп, ондағы жібек шатыр, күміс ыдыстарға толы арбалар, дөңгелекті алтын тақ – бәрі-бәрі түркі билеушісінің құдіретін білдіретінін жазады.

Ұлы Жібек жолы – Еуразия құрлығындағы сауда, керуен жолдарының жалпы атауы, біздің заманымыздан бұрынғы II ғасырдан XVI ғасырга дейін Орта Азия арқылы Қытайды Алдыңғы Азиямен байланыстыруды. Чжан Цяньның жасаған саяхаты нәтижесінде біздің заманымыздан бұрынғы II ғасырда ашылды. “Ұлы Жібек жолы” Сианьнан Ланъчжоу арқылы Дунхуанға апарады, бұл жерден жол екі торапқа бөлінеді: солтүстік жол Түрфан, Қашқар, Самарқан, Фергана алабын, ал оңтүстік жол Хотан, Жаркент, Балх және Мервті басып өтіп, Памирдің тау жоталары арқылы Үндістанға, сондай-ақ, Таяу Шығысқа апарады. Мервте оңтүстік және солтүстік жолдар қосылып, одан әрі батыстағы “Ұлы Жібек жолы” Ниса, Гекатомпил, Экбатана, Бағдад арқылы

Жерорта теңізінің шығыс 131 жағасындағы порттарға, Тир мен Антиохияға дейін созылыш жатыр. Қытай жібегі негізгі сауда тауары болды. “Ұлы Жібек жолы” I – II ғасырлар аралығында жақсы дамыды. 97 жылды қытай саяхатшысы Гань Ин Парсы шығанағына дейін, ал македониялық Май Тициан 100 жылды Ланъчжоуга дейін жеткенімен, жол қатынасының қындығы Қытай мен Рим арасында тікелей байланыс жасауға мүмкіндік бермеді. VII – X ғасырларда “Ұлы Жібек жолының” халықаралық маңызы арта түсті. XV ғасырдан Алдыңғы Азия мен Орталық Азия және Қытай халықтары арасында экономикалық және мәдени байланысты дамытуда “Ұлы Жібек жолының” рөлі зор болды. “Ұлы Жібек жолының” ұзындығы 7 мың шақырымнан асты.



дәл осы Мұқан қаған билік еткен түс. Содан болар, Мұқан қағаның есімі оған алым-салық төлеп тұрған қытай империяларының жылнамаларында ғана емес, батыстағы Византия мен оңтүстікегі Иран шежірешілерінің жазбаларында да жақсы сақталған.

Мұқан қаған таққа отырысымен елдің ішкі бірлігін нығайтуға күш салды. Ол өз әкесі Бумын қағаның інісі Іstemі тақ мұрагері деп жарияладап, оған жабғу лауазымын берді. Мұқан қаған мен Іstemі жабғу бір жылдың ішінде жужандарды (аварларды) Алтайдан қуып, Қас-

### ІСТЕМІ ҚАҒАН

132



Көне түркі жауынгері (М.В. Гореликтің реконструкциясы бойынша)

Түрік қағандығы (552 – 745) – түрік тайпаларынан біріккен ежелгі мемлекет. Әуелде Алтай мен Жетісуды мекендеген түркілер кейіннен қанатын жайып ұлы мемлекетке айналды.

Іstemі – көне түркілердің аргы аталары, ағасы Бумын қаған мен бірге қағандықтың негізін қалаушының бірі. Бумын қаған мен Іstemі қаған өз әскерлерімен шығыста Хинган жоталарынан бастап, батыста Кавказға дейін созылған ұлан-ғайыр аймақтағы көптеген тайпаларды бағындырган. Құлтегіннің құрметтіне қойылған ескерткіш авторлары Тонықек пен Иолық тегін Іstemі қағаның ақылды, жау жүрек болғанын, әрі соғыс өнерін жетік білгенін, соның нәтижесінде көп жыл ел билегенін баса айтады. 600-жылы жазда Бумын қаған мен Іstemі қаған Шығыс Рим императоры Маврикийге елші жіберіп, оған өздерінің “жаннаның жеті бөлігін”, яғни аяқ жетер бүкіл әлемді жеңіп алғанын хабарлаған.




пий теңізінен ары асырып жіберді. Іstemі жабғу елдің батыс бөлігін билеуге құқық алды. Іstemінің қарамағында 100 мың әскер болған. Ол осы әскерін он мыңдан он бөлшекке бөліп, әр бөліктің қолбасшысы-түменбасы тағайындаған. Кейін Түрік қағандығының батыс бөлігінің “он оқ елі” деп аталатын болғаны сондықтан. Іstemі жабғу шығыстасы кеден, қырғыз, түргеш, қыпшақ тайпаларын Түркі қағандығына біріктіріп болған соң, 554 жылы жужандарды қуып, батысқа жорыққа аттанады. 555 жылы батыс теңізіне (қазіргі Каспий теңізіне) жетеді. Сөйтіп, қазіргі Орталық Қазақстан, Жетісу, Батыс Қазақстан, Хорезм

### БІЛГЕ ҚАҒАН


Білге Қаған – Шығыс Түрік қағандығының қағаны. Шамамен 685 жылы туып, 734 жылы қайтыс болған. Білге атақты түркі батыры Құлтегіннің тузысы. Білге үлкен шайқастарға кіріп, жас кезінен ерлігімен көзге түседі. Қытай, Таңғұт елдеріне жасалған жорықтарға атақты Тонықек, ағасы Құлтегінмен тізе қоса бірлесіп қатысқан. Сыртқы жаулардың Шығыс Түрік қағандығына жасаған шабуылдарына Білге қаған мен Құлтегін бастаған қолталай рет тойтарыс береді.

716 жылы Қапаған қайтыс болған соң, Білге Шығыс Түрік қағандығының тағына отырып, “Білге қаған” лауазымын алады. Ел басқару ісінде атақты абыз, ақын Тонықекпен кеңесіп отырған, Құлтегінді бас қолбасшысы етіп қойған. Білге Қағанның тұсында Шығыс Түрік қағандығы іргесі берік күшті мемлекетке айналды.



133

Түрік қағандығының жауынгері (М.В. Гореликтің реконструкциясы бойынша)



Көне түрік дәуірінде сүйектен жасалған ертоқымның басы. Аңшының, жылқының және аңдардың суреттері бейнеленген.



аймағы түгелдей Түрік қағандығына бағынады. Еділдің жағасына жеткен соң, Іstemі соңындағы өскеріне қолын көтеріп:

— Аварлар (европалықтар жужандарды осылай атаған) түркілердің қылышынан аспанға ұшып құтылып кететін құс емес, олар теңіздің тұңғиығына сұңғіп, сумен жүзіп кететін балық та емес, олар қалай да жер басып жүреді. Эфталиттермен есеп айырысқан соң аварларға қайтып ораламыз, олар менің жауажүрек жауынгерлерімнің қаһарынан құтылмайды, — дейді, (Рим тарихшысы Менандр жазбасынан).

Рим тарихшысы жазып қалдырган “эфталиттер” деген кімдер еді?


### БІЛГЕ ҚАҒАН ЕСКЕРТКІШІ

134 Білге қаған ескерткіші

— көне түркі жазулары ішінде көлемі мен мазмұны жағынан ең үлкені. Аса ірі “Мәңгі тас” қатарына жататын ескерткіш. Ескерткіш түркі қағанатының атақты ханы – Білге қағанға арналған. Білге қаған дәуірінде Түрік қағандығы территориялық тұрғыдан кеңейіп бекіді, аса қуатты құдіретті мемлекетке айналды. Білге қаған ескерткішінде осы жайлы кеңінен мәлімет берілген. Онда Білге қағаннан басқа Бумын, Білге Құтылық, Іstemі қағандар мен басқа да батырлар мен даналардың елдің тұтастығын сақтау, оны қорғау, болашақ үрпаққа жеткізу сияқты ойлары жазылып, баяндалған. Білге қаған ескерткішінде Білге қағаның інісі Құлтегін, дана Тонықөк жайында да жырланады. Ескірткіш о баста тасбақа жонына, күншығысқа қаратып орналасқан.



Білге қаған ескерткішінің бір бөлігі





Білге қаған ескерткіш-кешені – құлыштастан, тасбақа, тас мүсін, арыстан бейнелі мүсін және балбал тастардан тұрған



Жас дос! Есінде болса, біз кітабымыздың Ұлы Ғұндар ордасы тура-лы әңгімелеген өткен тарауында ғұндардың бір тайпасы – иезуилердің бөліне көшіп, қазіргі Ауғанстан аумағына барып қоныс тепкеніне және тарихшылардың оларды “ақ ғұндар” деп атайдынына тоқталып өткен едік қой. Бұл кезде сол ақ ғұндар жергілікті халықпен (соғдылықтармен, қаңзылармен) араласып, Амударияның оңтүстігінен Солтүстік Үндістанға дейінгі аумақты иеленіп, қытай империялары мен Парсы елі (иран) аралығындағы қуатты мемлекетке айналған-ды. Жаңадан қуат алып келе жатқан Түрік қағандығына қауіп төндіре алатын жа-

### БІЛГЕ ҚАҒАН ЕСКЕРТКІШІ



135

Бәдіз – көне түркі дәүірінен жеткен ұғым. Бәдіз тастан шауып қашалып жасалған тас мұсін, өрнек, жазу. Көне ескерткіштерде “бәдізім үшін балбалдар алдым” деген тіркестер кездеседі. Бәдіз сөзі тас мұсіндерге, тас бағаналарға (балбалдарға) қатысты да айтЫлады.



қын маңдағы жалғыз қатер де – қандас туыстығын өлдекашан ұмытқан осы Ақ Фұндар мемлекеті болатын. Олар өздеріне мол пайда әкеліп отырған Қытайдан шығып, Иран арқылы Еуропаға асатын негізгі сауда жолы – Ұлы Жібек жолын ешкімнің бақылауына бере қоймайтын. Рим тарихшысының Істемі айтты деп жазып қалдырған эфталиттері, міне, осы ақ ғұндар еді. Түрік қағандығы өздеріне көз аларта бастаған ақ ғұндармен соғысқа мұқият өзірленеді. Ең алдымен Мұқан қаған қытай императоры Ювин-Тайдың қызын алып, одактастық шартын бекітеді.

## КҮЛТЕГІН

136



Күлтегін мүсіні

Күлтегін – Қапаган және Білге қаған дәуіріндегі түркілер мемлекетінің көрнекті өскери қолбасшысы. Құтылық қағанның кіші ұлы. Қапаган қайтыс болғаннан кейін, бүкіл түркілер мемлекетінің өскерін Күлтегін басқарды. Ол дана Тонықөкті ел басқару ісіне қайта шақырды. Күлтегін түркілер мемлекетін нығайту мақсатымен бірнеше рет жорыққа шығып, өзін қабілетті қолбасшы ретінде танытты. 718 жылы қас жауы табғаштар шабуылына тойтарыс берді. Екі ел арасында бірнеше жыл бойы бейбіт өмір орнады. Күлтегін қой жылы ақпанның 27-күні, 47 жасында дүние салды. Оны жерлеуге әлемнің төрт бұрышынан, улken көрші елдерден белгілі адамдар қатысқан.



Солтүстігінде пайда болған жаңа мемлекеттің қаһарынан сескенген Қытай империясы, тіпті, Түрік қағандығына алым-салық төлеп тұруға да келіседі. Қытай жылнамаларында тек қана Солтүстік Бейәuletі империясының Мұқан қағанға жылына 1000000 тай жібек пен мата беріп отырганы жазылып қалған.

Қытаймен қарым-қатынасты жөнге келтіріп алған соң, Іstemі жабғу Парсы еліне сөз салады. Иран шаңы Хосроу Ануширван 555 жылы Іstemіге елшісін жібереді. Іstemі оған одақтастықтың жоралғысы ретінде өз қызын ұзатады.

## КҮЛТЕГІН ЕСКЕРТКІШІ



**Күлтегін ескерткіші.**  
Әлемдік өркениеттің асыл қазынасы, түркі халықтары мәдениетінің ортақ мұрасы, символы

**Күлтегін ескерткішінің дәл қайталанған көшірмесі – Ел ордасы Астана қаласындағы Еуразия университетінің үлкен залына қойылды.**

“Күлтегін” жазуы – 137 Түрік қағандығының қолбасшысы, қогам және мемлекет қайраткері, Құтылық қағанның кенже ұлы Күлтегін батырдың (684 – 731) ерлік істері туралы құлыштасқа ойылып жазылған эпикалық шыгарма. Күлтегін қабіріне қойылған ескерткіште оның жауынгерлік жорықтары баяндалған. Күлтегін жағындағы шыгармалардың авторы өз дәуірінің аса дарынды ақыны, көрнекті қогам қайраткері Иоллығ Тегін еді, “Күлтегін” жыры елдің ішкі бірлігін жыр еткен түркілердің бага жетпес көркем туындысы.

Ғылымда бұл жазуларды “руна”, яғни “сыры ашылмаған”, “құпия” жазулар деп атап кетті. 1893 жылы Дания галымы Вильгельм Томсен осы жазуларды оқудың кілтін тапқанын, алғашқы оқыған сөзі “тәңірі” және “түрік” сөзі екенін өлем жүртшылығына хабарлады.




Алайда оқиға аяқ астынан шиеленіседі. Өзінің жан-жақтан қыспаққа түскенін сезген ақ ғұндар билеушісі Фатфар соғды жері арқылы Иранға сапар шегіп бара жатқан Іstemі елшілерін жолдан тосып тұрып, қырып тастайды. Тек бір ғана адам қанды қыргыннан қашып құтылып, болған оқиғаны Іstemіге айтып келеді. Іstemі жабғу шұғыл түрде өскерін жиып, ақ ғұндарды тас-талқан етеді. Сөйтіп, 565 жылы ақ ғұндар мемлекеті жойылды.

Мұқан қаған 562 жылы қытайдың Бэй-Чжоу өулеті билеген мемлекетінің күшейіп кетуінен сескеніп, оған қарсы жорық жасаған. Лоян

## ҰЗЫНСУ ЖАЗУЫ

138



Тас мұсіндердің орналасу реті

Едіге тауындағы тас мұсіндер – Орталық Қазақстанның Ұлытау төңірегіндегі тарихи екі дәуірді қамтитын тас мұсіндер тобы. Түрік қағандығы (VI – VIII ғасыр) кезіндегі тас мұсіндер – қол бастаған көсемдерді, ел басқарған билерді,abyz-oishyldardы бейнелесе, Қыпшақ заманындағылары (VIII – XIII ғасыр) еңбек адамдарын, қолына құты ұстаған әйелдерді, қобызышы-жырауларды мұсіндеңен. Қыпшақ заманындағы тас мұсіндер Ұлытау мен Едіге тауына жақын тұрған Жетіқызы, Тамды, Қараторғай, Арғанаты бойында да ұшы-

расады. Бұлардың ерекшелігі – тас обалардың үстінде не іргесінде тұрады. Едіге тауының батыс іргесінде (таудан 8 – 10 шақырым) оңтүстіктен солтүстікке бағыттай тартқан үш оба бар. Жас әйелдің келбетін бейнелеғен тас мұсін ортадағы обаның батыс үстінде, беті күншығысқа қартағынан. Жұмсақ құмайт тастан қашап түсірілген тас мұсіннің бет-пішіні, төгілген бұрымдары, омырауындағы алқасы келістіре безендірілген. Тап осындағы мұсін тастар Едіге тауының түбіндегі Қорғантас, Жылышай, Өрезайырда да кездеседі.



Ұзынсу жазуы

Ұзынсу жазуы – көне түркі жазба ескерткіші. Ол Жетісу өңіріндегі Ұзынсу өзенінің жағалауындағы Үйтас деген жерден табылған. Көне түркі жазуы Алтайдан бастап қазақ жерінің барлық өнірінен табылып отыр. Бұның өзі қазақ жері бүкіл түркілердің ата жүртесі екенін белдіреді. Қазақ халқы – соның мұрагері. Ұзынсу жазуын ғалымдар былай деп оқыды: “Алдың дос қауіпті аң (айдаһар), ал арбаулы (қасиетті) оқ, аңға шық, жолың болсын!”



қаласын қоршаганымен, оның қамалын бұзып өте алмай, кері қайтады. Өз амандығын күйттеген Қытай империялары Түрік қағандығына мол алым-салық төлеп тұрды. Ағылып келіп жатқан тай-тай жібек пен шұғаны, асыл тастарды шет елге өткізетін керуен жолы енді түркілерге де қажет болды. Шыққан тегі соғдылық Маниак елші, міне, осы тұста жарқ етіп көрінеді. Ол Истемінің тапсырмасымен жібек артқан сауда керуенін бастап Иран шаңы Хосроу Ануширванға барады. Хосроуға мұндай елшіліктің ұнамағаны анық. Түркілердің жібек артқан керуенін өз елі арқылы Византияға өткізсе, Рим империясы бай-

## ИОЛЛЫГ ТЕГІН

Иоллыг Тегін – Орхон ескерткішіндегі жырдың авторы. Туган және қайтыс болған жылдары белгісіз. VIII ғасырда өмір сүрген. Түрік қағандығының батыры Құлтегін (731), білгір басшысы Білге қаған қайтыс болғанда (731), қос қайраткерге ескерткіш үшін Иоллыг Тегін жоқтау жыр шыгарып, оны тасқа қашап жаздырады. Иоллыг Тегін бұл жырды жазып қалдыру мақсаты тура-лыбылай дейді: “Мұны естіп біліндер. Көңілімде қандай тәтті сөздерім болса, соларды мәңгі тасқа жаздырдым. Оларды менен кейінгі үрпақтарым, көріндер, ұғыныңдар”. Ескерткіш қазір түркі халықтарының ертедегі тарихы мен мәдениетін, тілін зерттеуші түркологтар үшін сирек кездесетін гылыми мәні бар қымбат мұрага айналды.



Балбал тастар түркі дәуірінің ескерткіші

лыққа кенеліп, қуаты артар еді. Өз елінен шығатын жібек құнының күрт төмен түсіп кететіні белгілі. Бірақ Іstemінің тілегін қабыл алмаудан сескенген Хосроу Маниак әкелген жібекті түгелдей сатып алыш, өртетіп жібереді. Екінші керуен де соның жолын құшады.

Парсылардың салқын қабағынан секем алған Маниак Іstemіге жібек артқан керуендерді басқа жолмен, Каспий теңізін айналып Қавказ тауы арқылы Византияға жеткізу жөнінде ұсыныс айтады.

Іstemі бұл ұсынысты да құп алыш, Маниакты Византия императо-

### ЕКІНШІ ШЫҒЫС ТҮРІК ҚАҒАНДЫҒЫ

140

Қапаған – Білге Құттығ қағаннан кейінгі түркі қағаны. Тұған жылы белгісіз. Қапаған Шығыс Түрік қағандығының беделін арттыруға көп еңбек сінірді. Қапағаннның даңқы VIII ғасырдың басында кеңінен мағлұм болды. Ол Түрік қағандығының территориясын ұлғайтуды мақсат етті. Қапаған алдымен көршілес отырған қытан және татабы тайпаларының шапқыншылықтарына батыл соққы берді. 711 жылы Алтайдан асып, Жетісу бойындағы он оқтарды бағындырды, 713 жылы Сырдариядан өтіп, Темір Қақпага жалғас жатқан Тоқарыстанға жетіп, соғдыларды қирата жеңді. 714 жылдан қайта бас көтере бастаған табғаштарға алты рет соққы берді. Табғаштар қытан және татабы тайпаларымен одақтаса бастаған-ды. Осы кезден Қапаған өскерлері әлсіреді.

Шығыс түрік қағандығы (582 – 745) – Қазақстан, Орталық Азия, Шығыс Түркістан, Оңтүстік Сібір жерлеріндегі өмір сүрген ежелгі мемлекет. Шығыс Түрік қағандығы Суй империясымен соғыста мемлекеттің төуелсіздігін қорғап қалды. Хели 620 – 630 жылдары Қытайға 67 рет жорық жасады. Соғыстан шаршаған халықтың Хелиге наразылығынан ел шайқалды. Соның нәтижесінде хели Қытаймен соғыста 630 жылы жеңіліп, тұтқында қаза тапты. Ел 50 жыл төуелсіздігінен айрылды. 681 жылы Білге Құтылық және оның кеңесшісі Тонықөктің Қытайға қарсы көтеріліске шығуы нәтижесінде мемлекет қайта жанданды. Қапаған қаған тұсында өз шекара-сын Манчжуриядан бастап, Сырдарияға дейін кеңейтті. Бағынышты тайпалар көтерілісі кезін-

де Қапаған қаза тауып, Алтай қайтадан Шығыс Түрік қағандығының батыс шекарасы болып қалды. Білге қаған (716 – 734) мен інісі Құлтегін ел төуелсіздігі үшін Таң империясымен (618 – 907) және оның одақтарымен кескілескен ұрыс жүргізді. Кейіннен әкесінің саясатын жүргізді. 741 жылдан қағандықтың ыдырауы басталды.



Түркілер мен қазақтардың атқа таққан белгілері: 1,2 - шок; 3 - шашақ; 4 - жыға; 5 - 6 - олардың тағылу ұлғілері. Тастағы суреттер (1,2,3) және XIX ғасырдағы өнер туындылары (2,5)



ры Юстин II-ге елшілікке жібереді. Юстин II Маниакты қуана қарсы алдып, Түрік қағандығымен одактас болуға келіседі. Қайтарда Маниак өз елшісі Земарх Киликийді қосып жолға шығарып салады. Іstemі Византия елшісіне құрмет көрсетіп өзінің Иран шаһына қарсы жорыққа өзірленген әскерін бірге көруге шақырады. Оқиғаның қатерлі сипат алдып бара жатқанынан сескенген Хосроу да елші аттандырып, екі елші Талас даласындағы Іstemі жабғы ордасында кездеседі. Іstemі Иран шаһының елшісін елеусіз қалдырып, Земархқа құрмет көрсеткен. Кейін Земарх Сарыжазықтағы Мұқан қаған ордасында да қабыл-

## АЛТЫНТӨБЕ ЖӘНЕ БОТАЙТӨБЕ



Алтынтөбе

Алтынтөбе – Қазақстанда ортағасырлардан сақталған көне қала орны. Отырадың солтүстік батысында 7 шақырым жерде орналасқан. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы 1969 – 70, 1986 жылдары зерттеғен. Қала орны солтүстіктен оңтүстікке қарай созыла орналасқан төртбұрышты төбе. Сыртқы қорғаныс қабыргалары солтүстіктен оңтүстікке қарай 950 метр, батыстан шығысқа қарай 500 метр. Қоршаган дуалдың әр жерінде күзет

мұнараларының орындары сақталған.

Жүргізілген қазба жұмыстары кезінде қыштан, шыныдан жасалған ыдыстар, темір заттардың қалдықтары табылды. Бөлмелердің бірінің еденінен табылған түргеш дәуірінің теңгелері қаланың уақытын анықтауға көмегін тигізді. Ол Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерінде VIII – X ғасырлар аралығында пайдаланылған. Алтынтөбе, Құйрықтөбе, Қөшакырымардан, Марданқүйік, тағы басқа қалалар секілді Отырадың серігі болған. Қазба кезінде алынған заттай деректер қаланың біздің заманымыздың басында қалыптасып, XI ғасырға дейін болғанын көрсетеді.



Ботайтөбе

Ботайтөбе – Қазақстандағы ежелгі қаланың орны. Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі Шәуілдір ауылының маңында. Астыңғы мәдени қабаттан алынған ыдыстар Ботайтөбенің көрші жатқан Қостөбе, Шашылдыққұмтөбе сияқты IV – VI ғасырларда болғанын көрсетсе, үстіңгі мәдени қабаттан ежелгі Қекмардан қаласымен, жұртымен (VII – VIII ғасырлар) мезгілдес екеніне дәлел бола алады.



дауда болған. Земархтың осы сапары туралы Рим тарихшысы Менандр егжей-тегжейлі жазып қалдырган:

“... Олар түстенді және күнді осы шатырдың ішінде тойлаумен өткізді. Шатыр жібектен жасалған және әр түрлі бояулармен әдемілеп кестеленген. Олар сыра ішті, бірақ та осы сыра біздің жүзімнен ашытатын шарапқа мұлде үқсамайды. ... Ертеңіне бұларды жібекпен жабылып, әдемі кестеленген басқа бір шатырға апарды. Бұл арада дегдарлар мен бекзадалардың бәрі жиналған. Дизавул (Мұқан қағанды еуропалықтар осылай атаған) ортадағы алтындаған тақтың үсінде отыр-

### БАТЫС ТҮРІК ҚАҒАНДЫҒЫ

**142** Батыс Түрік қағандығы – Түрік қағандығы ыдырап, екіге бөлінгеннен кейін қалыптасқан мемлекет. Батыс Түрік қағандығының негізін 582 – 585 жылдары Або (Абруй) қаған қалаған. Территориясы Алтай, Сібір жерінен бастап, Әмудария мен Еділ өзендерінің төменгі ағысына дейінгі аралықты қамтыған. Батыс Түрік қағандығының бірінші басшысы – қаған, жоғарғы билеуші әрі әскербасы саналады. Батыс Түрік қағандығы Шегүй (610 – 618) мен Тұн жабғу (618 – 630) қағандар тұсында күшейіп, мемлекеттік шекарасы кеңеи түскең. Шегүйдің інісі Тұн жағбу қаған мемлекетінің батыстағы шекарасын кеңеиту саясатын жалғастырды. 625 жылы Иранға қарсы Византиямен келісімшартқа отырған. Тұн жағбу император Ираклийдің Кавказға жасаған жорығына (628 жылы) қатысып,

Горе (Дербент) мен Тбилиси сияқты қалаларды өз үлесіне алады. 630 жылы түркілер Арменияга басып кірген. 656 жылдан Таң империясы бұрынғы түркі қағандарының қытайланған үрпақтарынан, басқақтарды – “куыршақ қағандарды” тайғайындал отырды. Дегенмен, олардың ішінде Дучжы (басқақ) елді төуелсіздікке жеткізуге үмтүлді. 679 жылы қытайлықтар оны алдаң қолға түсіріп, қорлап өлтірді. Ашина Синь соңғы қаған болды. Батыс Түрік қағандығының орнына Түргеш қағандығы құрылды.



Қазақ даласындағы түркі дәуірінен сақталған ескерткіштердің бірі – балбал тастар

**Батыс Түрік қағандығы (582-704)** – Алтай, Сібір жері, Әмудария мен Еділ өзендерінің төменгі ағысына дейінгі аралықты қамтыған ежелгі мемлекет.



ды. Бұл шатырдың ортасында алтын ыдыстар қойылған, ондағы шерпек те, бөшкелер де алтын. Олар тағы да думандатты... Іше отырып әр түрлі әңгімені қозғады, содан кейін тарқап кетті. Қелесі күні олар тағы да басқа бір шатырда бас қосты: оның ағаш діңгектері де, төрт жағынан көтеріп тұрган төрт тотықұстың бейнесі де алтындалған екен. Үлкен шатырдың алдыңғы жағына арбалар қаз қатар тізіліп қойылған, оның үстінде қаптаған құмістер, ыдыс-аяқтар мен себеттер, жанжануарлардың неше түрі бедерленген құймалар үйіліп жатты. Олардың сапасы біздің шеберлеріміздің қолынан шыққан дүниelerден бір


### ТАЛҒАР ҚАЛАСЫ



Талғар қаласынан табылған фарфор табақтың ішкі бетіндегі бейнелер

Талғар – Қазақстан-ның Іле алқабындағы ортағасырлық қала. VIII ғасырдан бастап гүлденіп, XIII ғасырдың соңына дейін өмір сүрген. Көне қала қазіргі Талғар қаласының шетінде орналасқан. Қала кезінде орман және

мұнаралы жалдармен қоршалған. Мұнда сауда айналымы мен қол-өнер өндірісі жақсы дамыған. Қазба барысында табылған қытай, жапон шеберлері жасаған мыс, фарфор ыдыстар Ұлы Жібек жолының бойында тұрганын көрсетеді.



Борана

Борана – Қазақстан-дағы орта ғасырларда салынған мұнара. X – XII ғасырларда азан шақыру үшін салынған. Биіктігі 50 метр. Ол Жетису аймағындағы түркілердің ислам дініне өткен кезеңінде салынып, жақсы сакталған. Мұнара күйдірілген кірпіштен қаланып, бірнеше бөліктерге бөлінген, өнбайы өрнектермен бе-зендірілген.



де бір кем емес. Түркі бекзадаларының байлығының, сән салатанатының өзі де осында жатыр” (Менандр жазбасынан).

Земарх Византияға қайтар сапарында онымен бірге Түрік қағандығының атынан Маниактың ұлы Таңба тархан бірге кеткен. Осылайша Византия мен Түрік қағандығы одақтас мемлекеттерге айналады. Византия Иранмен арадағы уағдаластығын бұзып, аварлармен байланыс орнатпауға уәде береді. Осы оқиғадан кейін де Түрік қағандығында Византияның Евтигии, Иродион, Павл, Амангаст есімді елшілері болып қайтқан.

### БҰҒҰТ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІ

144



Бұғұт жазба ескерткіші. Монголиядағы Архангай аймақтық мұражайында сақтаулы


Бұғұт жазба ескерткіші – VI – VIII ғасырлардағы көне түркі жазба мәтіні. Ескерткіш Монголиядағы Бұғұт елді мекенінен табылғандықтан осылай аталған. Бұл түркілердің ата-баба қонысы – көне түркі қорымындағы 270-тен астам балбал тастардың бірінде қашалған. Мәні анықталған сөздерге қарағанда Бұғұт жазба ескерткіші 691 – 742 жылдар аралығында Екінші Түрік қағандығы тұсынағы тарихи оқиғаларға арналған. Балбал тастагы жазуда: “Түрк нақаны Ниуар нақан..., Mahan Тегін тәнрі жеріне кеткеннен соң... Тышқан жылында” төрізді жолдар кездеседі.



Византиямен одақтастық келісімді бекітіп алған соң, Істемі Иран шаһына қарсы жорыққа аттанады. Оның қалың қолы Эмудариядан өтіп, Журжан қаласын бағындырады. Істемінің қаһарынан қорыққан Иран шаһы Хосроу Ануширван онымен бітім жасауға асығып, Соғды жерін Түрік қағандығына беруге келісті.

Түркі қағандығының аумағын кеңейтіп, іргесі берік ел еткен Мұқан қаған 572 жылы дүниеден өтті. Ал оның ағасы, ұлы қолбасшы Істемі аварлармен байланыс орнатпаймыз деген уәдесін бұзып, олардың Баян ханының Кандик есімді елшісін қабылдаған Византияға қарсы жо-


### ТАЛАС ЖӘНЕ ТҮРФАН ЖАЗУЛАРЫ



Талас жазулары

Талас жазулары – Талас өзені бойынан табылған көне түркі ескерткіштері. Ескерткіштер негізінен V – VIII ғасырлар ара-лығында жазылған. Ескерткіштер саны 20-

дан асады. Барлығы түркі халқының тарихынан мәлімет береді, Көбі зерттелген. Кейбірі Бішкек, Тараз, Алматы, Санк-Петербург қалаларың мұражайларында сақтаулы.



Түрфан жазуы

Түрфан жазуы – соғды жазуынан бастау алатын, жогарыдан төмен қарай жазатын, тік әріпті жазулардың бір түрі. Кейде үйғыр жазуы деп те атайды. Түрфан жазуының ескерткіштері бізге Шығыс Түркістаннан табылған қолжазбалар арқылы жетті. Түрфан әліпбиімен жазылған шығармалардың ішіндегі ең көрнектісі – Жусіп Баласағұнидің (1069 ж.) “Құтадғу білік” поэмасының бір нұсқасы.



рыққа аттанып, 575 жылы Қырымды алады, Солтүстік Кавказ арқылы Боспор бұғазына дейін жетеді.

Алайда ұлы қолбасшы келесі 576 жылы қайтыс болған. Іstemіні жерлеу рәсіміне алыс-жақын елдердің өкілдері түгел қатысқан. Осы рәсім үстінде Іstemінің ұлы Түріксанафтың Византия өкіліне: “Әлгі он түрлі сөйлеп, бір-ақ алдайтын римдіктер сендер емессіңдер ме? Менің аузыма он саусақ қана сияды, ал сендердің он тілдерің бар. Бір тіліңмен мені, екінші тіліңмен менің боданым аварларды алдайсыңдар... Сендердің патшаларың мұнысы үшін кезінде жаза-

## АЙНАЛАР

146



Айна

Аңдар бейнесімен бе-  
зендірілген айна. Біздің  
заманымыздың XII –  
XIII ғасырлар бұйымы.  
Қазақстанның көне

қоласынан жасалған. Та-  
былған жері белгісіз.  
Қазақстан Республикасы  
Орталық Мемлекеттік мұражайында  
сақтаулы.



Айна. Біздің заманы-  
мыздың XI – XII  
ғасырлар бұйымы,  
Қазақстанның көне  
қоласынан жасалған.  
Оңтүстік Қазақстан  
өңіріндегі Тараз қала-  
шығынан табылған.

Қазақстан Республи-  
касы Орталық Мемле-  
кеттік мұражайында  
сақтаулы. Айналар  
безендірілуімен көз  
тартады.



сын алатын болады... Аварлар түркілерге мен айтқан кезде-ақ қайтадан қосылады... Менің елшілерімді Қавказбен жүргіздіңдер, басқа жол жоқ деп өтірік айттыңыздар. Ал Данапр өзенінің қайда екені, Истраниң қайда құятыны, Эврдің ағысы қандай екені маган мәлім. Сендердің күштерің де белгілі” – деп айтқан өктем сөзі тарихи жылнамаларда жазылып қалған.

Амал не, Мұқан қаған мен Істемі жабғу дүниеден өткен соң Түрік қағандығының басынан бақ тая бастайды.

Мұқан қағаннан артында қалған үш ұлы Шету, Төремен және Аны-

### ТҮРКІ ДӘУІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ



Этеш бейнесі

Этеш бейнесі. Елтаңба-лық белгінің көрінісі. Біздің заманымыздың VI – VIII гасырлар бүйімы. Қазақ-

станның көне қоласынан жасалған. Шығыс Қазақстан өніріндегі Сандыққала қорымынан табылған.



147

Медальон. Біздің заманымыздың X – XI гасырлар бүйімы. Қазақстанның көне қоласынан жасалған. Оңтүстік Қазақстан өніріндегі Оқсыз қала-шығынан табылған.

Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұражайында сақтаулы.



рақ үлкен орда тағына таласып, біртұтас елдің бірлігіне сызат түсірді.

Осы тұста әкесінің орнына Түрік қағандығының батыс бөлігінің әміршісі болып сайланып, Түрік Тардұш хан атағын иеленген Іstemінің ұлы Қара Шора қағанаттың күш-қуатын сақтап қалуға барлық күш-жігерін жұмсайды. Ол қалай да Ұлы Жібек жолын қолынан шыгармай, Византия мен Қытайдың арасындағы ұлы даланы байлыққа кенелтуді ойлайды. Еділ мен Солтүстік Кавказдағы түркі әскерлерінің қолбасшылары Туріксанаф пен Бөрі ханды Византияға қарсы жорыққа аттандырып, өзі елдің шығыс шекарасын бекемдеуге сапарға шыға-

### ТҮРКІ ДӘУІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

148



Үш күлтелі ұштығы бар шаш әшекейі. Біздің заманымыздың VII – IX ғасырлар бүйімы. Қазақстанның көне қоласынан жасалған. Жетісү өңіріндегі Ақсай шатқалынан табылған. Қазір Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұражайында сақтаулы.



Әйел мұсіншесі. Тұтқа. Біздің заманымыздың XII – XIII ғасырлар бүйімы, Қазақстанның

көне қоласынан жасалған. Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі Қостөбе қала-шығынан табылған.



ды. Бөрі хан әскерлері 576 жылы Боспор бұғазы жағасына жетіп, Византия империясы армиясымен ұрысқа кіріседі. Түрік қағандығы мен Византия империясы арасындағы бұл соғыс 576 – 588 жылдар ара-лығында болған. Тарихи жазбалардан бұл соғыстың қанқұйлы сипат алғаны байқалады. Ұрыс даласында екі жақтан да құрбан болған 300 мың адамның денесі 160 шақырым жерге дейін созылып жатқан. Соғыс Византияның пайдасына шешіліп, 588 жылы олар Боспор бұғазын қайтарып алады. Түркілер үшін Ұлы Жібек жолының Кавказ тауы арқылы өтетін тармағы мәңгілікке жабылады.

### ТҮРКІ ДӘУІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРИ



Ауыздық-жүген жапсырмалары. Біздің заманымыздың IX – X ғасырлар бүйімы. Қазақстанның көне қоласынан жасалған. Шығыс Қазақстан өңіріндегі Қаратай қорымынан табылған.

Бұл ауыздық-жүген жапсырмалары біздің ата-бабаларымыздың қоланы тұрмыста пайдалана білгенімен қатар, сөндік тұргыдан да көркем безендіре алғанын көрсетеді.



Қасқырдың басы түрінде жасалған қамшы ұштығы. Біздің заманымыздың VI – VII ғасырлар бүйімы. Қазақстанның көне қоласынан жасалған. Оңтүстік Қазақстан өңірінен табылған.



Белдік бас. Біздің заманымыздың VI – VIII ғасырлар бүйімы. Қазақстанның көне қоласынан жасалған. Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі Қостөбе қалашығынан табылған.




Қара Шора енді бұл жолдың Иран арқылы өтетін бөлігін өз билігінде қалдыруға ұмтылады. Сөйтіп, кіші ұлы Сабаны 589 жылы Иранға қарсы жорықта аттандырады. Алайда Саба бастаған түркі сарбаздары ирандықтардың алдауына сеніп, Герат шатқалының тар аңғарында қыргынға ұшырайды.

Мұқан қаған қазасынан соң ыдырай бастаған Түрік қағандығының бүтіндігін қайта қалпына келтіру жолындағы Қара Шораның еңбегі босқа кеткен жоқ. Қытай билеушілерінің қитұрқы саясатының қармағына іліккен Мұқан қағанның үш ұлы – Шету, Төремен, Аңырақ

### ТҮРКІ ДӘУІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРИ

150



Құмыра. Біздің заманымыздың IV – VI ғасырлар бұйымы. Қазақ-

станның көне керамикасынан жасалған. Жетісу өңірінен табылған.



Ыдыс тұтқасы. Біздің заманымыздың XII – XIII ғасырлар бұйымы, Қазақстанның көне қоласынан жасалған. Жетісу өңіріндегі Талғар қала-шығынан табылған.



бірінен соң бірі құрбан болады. Үлкен орда тағына Он Иоллық тегін отырады да, негізгі билік Қара Шорада болады. Бірақ бұл кезде Сүй әулетінің билігі бекіп, бұрынғы қуатын қайта қалпына келтіре бастаған Қытай империясы Түркі қағандығына қарсы қитұрқы саясатын тоқтатпады. Олар енді Он Иоллық тегіннің немере інісі Жәңгірдің қолтығына су бүркіп, “Қара Шора – жалған билеуші, нағыз қаған – Жәңгір” деп лақап таратты. Жәңгірді жақтаған тайпаларға тай-тай жібек пен сый-сиапат үлестіріп, Қара Шораның түркілер арасындағы беделін түсіруге тырысты.

### ТҮРКІ ДӘУІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ



Шырағдан. Біздің заманымыздың XI – XII ғасырлар бүйімі.

Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі Тараз қалашығынан табылған. Көне керамика.



Құмыра мойны. Біздің заманымыздың XI – XII ғасырлар бүйімінің бір бөлігі. Қазақстанның көне қоласынан жасалған. Оңтүстік Қазақстан өңірінен табылған.



Құмияннан табылған құмыралар мен көзе. XI ғасыр



Қытайлықтар мен түркілер арасындағы шиеленіс соғыссыз шешілмеуге айналды. Қара Шора Византияға елші жіберіп, қытайлықтарға қарсы одактас болуға үәде байласты. Бірақ Византия бұл уәдесін орындаған.

Соғыс 588 жылы басталады. Алғашқыда түркілер үшін сөтті басталған соғыстың соңы ауыр қасіретке душар етті. Бұған бір жағынан Қытай өскерлерінің түркілерге қарсы мұлде басқа ұрыс тәсілін қолданғаны себеп болса, екінші жағынан түркі қолбасшыларының арасында бірліктің жоқтығы да көп кесірін тигізді.

Қара Шораның қытайлықтарға қарсы ең соңғы шайқасы 601

### ДОМБАУЫЛ КЕСЕНЕСІ

152



Домбауыл кесенесі

Түркі, оғыз – қыпшақ заманында салынған архитектуралық ескерткіш. Орталық Қазақстаниң Жезді ауданындағы Қенгір өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. Домбауыл кесенесінің

бийктігі 6 метр. Кесене сол дәуірдегі Қазақстанда кең тараған “үйтас” мәнерінде салынған. Кешеннің сыртқы түрі киіз үйге өте ұқсас. Сол дәуірдің шеберлері кесенені мәңгі бұзылмастай етіп жасаған.



Алтынасар

Алтынасар – Қазақстандағы көне қала орны. Қызылорда облысындағы Қуандария өзенінің ескі арнасының бойында орналасқан. Ежелгі аты белгісіз. Жүргізілген қазба жұмыстары қаланың I – VI ғасырларда салынғанын анықтады. Ал жоғарғы қабаты VI – VIII ғасырларда салынған. Қазба жұмыстары кезінде түрғын үйлер, ондағы ошақ орындары табылды.



жылы болған. Басы бірікпеген түркі өскерлерінің санының аздығына қарамастан Қара Шора соңғы күшін жинап жаумен арыстанша арпалысады. Бірақ, амал не? Күштінің аты – күшті. Амалсыз Тибет жеріне шегініп, сол жақтан күш жинамақ болған Қара Шораны тибеттіктер қапыда өлтіріп тынады. Осылайша, бірінші Түрік қағандығының соңғы билеушісі жат жерде көз жұмады.

Түркі халқы Қара Шора қолбасшы қаза тапқаннан кейін де басқыншыларға қарсы күресін жалғастыра берген. Осынау қыын кезеңде батыс түркілердің (яғни Іstemіден қалған он оқ елінің) басын бірікті-

## ТҮРФАН ҚАҒАНДЫҒЫ

Түрфан қағандығы, Тогыз оғыз қағандығы, Ұйғыр қағандығы (145 – 840) – VIII ғасырдың орта шенінде Селенга, Орхон, Тола өзендері бойында құрылған мемлекет. 606 жылдан бастап яглакар руы бастаған тоғыз оғыздар Шығыс Түрік қағандығына қарсы, өз төуелсіздіктері үшін кескілескен ұрыс жүргізді. Түрфан қағандығы осы қағандыққа қарсы Орта Азиядағы тайпалар одагын басқарды. 745 жылдың басында қағандық жеңіске жетіп, саяси-әскери билікті тұңғыш рет өз қолына алды. Шығыс Түрік қағандығының орнына жаңа мемлекет – Түрфан қағандығы пайда болды. Оның астасы Орхон өзенінің бойындағы Қарабаласағұн қаласына орналасты. Алғашқы қаған Пейло (748) болды. Пейло өлгеннен кейін оның баласы Мой-

ыншор таққа отырды (746 – 759). Ол мемлекетті нығайтып, Орта Азиямен және Қытаймен қарым-қатынас орнатты. Мойыншор Тываны да өзіне қаратты. Күштік Түрфан қағандығынан 757 жылы Қытайда соғдылық Ань-Лу-Шань бастаған көтерілісшілер бас көтергенде Қытай императоры Мойыншордан көмек сұрады. Түрфан ақсүйектерінің өзара қырқысуы мен тайпалардың қағандық билігіне қарсы күресі салдарынан VIII ғасырдың аяқ шенінде қағандық әлсіреді. Ақыры 840 жылы Енисей қырғызыдарының соққысынан күйреді. Тоғыз оғыздардың бір бөлегі (15 аймак) Алтай мен Тарбағатай аралығындағы қарлұқтарға өтті. Қалғаны Шығыс Түркістан мен Ганьсу аймағына қоныс аударды.

Мойыншор ескерткіші 153 – көне түркі жазба ескерткіші. 795 жылы жазылған. Солтүстік Монголия жеріндегі Селенга өзенінің жағалауынан табылған. Ескерткішті “Селенга тасы” деп те атайды. Ол тастың төрт жағына бірдей 39 жолдан тұратын жазу өрнектелген. Мойыншор Түрфан мемлекетінің ханы болған. Ескерткіш оғыз тайпасының өкілі атынан баяндалады. Эңгіме “Мен өзімнің жеке халқымды – тоғыз оғызды жинап алып, біріктірдім” деп басталады да, “менің 26 жасымда түріктер мемлекетінде қыпшақ түріктері 50 жыл ел билеп тұрганда” деп аяқталады. Ескерткіште қыпшақ халқы тұңғыш рет аталған. Түркі халқының тарихында бұл ескерткіштің де орны ерекше.



ріп, қуатты Қытай империясына қарсы күреске шыққан тағы бір қаған – Үшпара болатын.

Бұл кезде Батыс Түрік қағандығы дулат тайпасының бес ұлысынан 1) Тұргеш – Алашшор ұлысы; 2) Қойлау – Құлікшор ұлысы; 3) Шимойын – Лойшор ұлысы; 4) Үсты – Тоншор; 5) Жаныс – Шопаншор ұлысы және нүшеби тайпасының бес ұлысынан; 1) Азғыр – Құлеркін ұлысы; 2) Қасақ – Құлеркін ұлысы; 3) Барысқан – Тоншыбар ұлысы; 4) Азғыр (Ескіл) – Найжүқеркін ұлысы; 5) Қасақ – Шопанеркін ұлысы) тұратын.

## ҚОЙЛЫҚ ҚАЛАСЫ

154



Күміс бұйымдар. X – XIII ғасырлар

Қойлық, Қаялық – Қазақстанның Іле ала-бындағы аса ірі ежелгі қаланың атауы (IX – XIII ғасыр). Деректемелерде XI ғасырдан бастап белгілі, бір кезде ол Қарлук қағаны – Арыслан ханның ордасы болды. Француз королі IX Людовиктің елшісі Вильгельм де Рубрук Қойлықта 1253 жылы күзде болған. Бұрынғы Іле қыстағының жанындағы өткел арқылы Іле өзенінен өткеннен кейін ол былай

деп жазды: “Келесі күні онтүстік жақтағы үлкен таулардың сілемін құрайтын бір таудан асқанымызда, оң жағында биік таулары бар, ал сол жағында айналасы жиырма бес күндік жерді алып жатқан теңіз бе, көл ме – өйтекеір бір шалқып жатқан дариясы бар бір өсем жазыққа шықтық. Бұл жазық таулардан ағып келіп жатқан сулармен түп-түгел тамаша сұарылып, солардың бәрі де жаңағы аталған теңізге

(Балқаш көлі) құяды еken. Жазда біз бұл теңіздің биік таулы солтүстік бүйірінен оралдық, жаңағы айтылған жазықта бұрын көптеген қалашықтар болған, бірақ ол жерлер мал жайылымына өте-мөте қолайлы болғандықтан, өздерінің маддарын бағу үшін оларды түгелдей татарлар қираптып тастаған. Біз сол жерден бұрын базары болған және оған көптеген көпестер қатынап тұрган Қаялық деген үлкен қала таптық”. Қазақстан археологтары Қойлықтың орны Лепсі алабындағы қираган құрылыштар еkenін анықтады. Қойлықтың орнын қазғанда I – XIII ғасырлардағы қала адамдарының тұрақтары, қыштан жасалған ыдыс-аяқтар – құмыралар, көзелер, кеселер табылды. Одан табылған қола теңгелер қаланың IX – XIII ғасырларда болғанын дәлелдейді.



Жоғарыдағы деректен байқайтынымыздай, дулат тайпасы билеушілерінің лауазымы “шор”, ал нушиби тайпасы билеушілерінің лауазымы “еркін” болып аталған. Батыс Түрік қағандығының яғни он оқ елінің ең күштеген кезі Шегун (609 – 618 жылдары қаған болған) және Тон жабғу (618 – 630 жылдары қаған болған) билік құрған кезеңге дәл келеді. Әсіреке, Тон жабғу өз қағандығының астанасын Шу өзенінің жағасындағы Суяб қаласына (қазіргі Қыргыз Республикасындағы Тоқмақ қаласының маңы) көшіріп, елінің бастыстағы шекарасын кеңейтеді. Қала салуға, сауданы дамытуға,

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗУЫ

Орхон- енисей танбалары	Дыбыс- тық мағына	Орхон- енисей танбалары	Дыбыс- тық мағына
↓↑Х	а э (е)	❖❖❖❖	м м'
↑↑Х	ы ı (e)	○○	н
Ү>	о у	Н Н Ч Н	н'
Н Н Н	ә ү	Э	ң (ңй)
ԸԸԸ	б	Ү Ү ◇ ◇	ң ң'
❖❖❖❖	б'	1 1	п п'
ХЧХХ	ғ	Ч Ч Ч	р
Ҽ Ҽ Ҽ Լ	г	Մ Մ	ր'
ՅՅՅՅ	ձ	Վ Վ   Վ	ս
X+⊗	ձ'	-	ս'
ՀԿՀՀ	զ զ'	Ճ Ճ Ճ Ճ	տ
Ծ	յ	հ հ հ հ	տ'
ԳԳԳ	յ'	Լ Վ Լ	չ չ'
ՀԿՀ	կ	Վ Վ Վ Վ	շ
↓↑	կ օ կ յ կ	Վ Վ Վ Վ	շ'
ԾԾ	կ ե կ	Մ	լ տ, լ' տ'
ԿԿԿ	կ	Օ Օ Օ Օ	հ տ, հ' տ'
ԲԲԲ	կ օ կ յ կ	Յ Յ Յ Յ Յ	հ չ, հ' չ'
ԼՎԼ	լ	❖	ր տ
Կ	լ'	։ ։ ։ ։ ։	сөз аймру

Көне түркі жазуы – түркі халықтарының түнғыш әріптік жазуы. Көне түркі әліпбійінің құрамында 35 әріп бар. Жазудың бағыты оңдан солға қарай оқылады. Көне түркі жазуының құпиясын ашып, түнғыш оқыған Дания фалымы Вильгельм Томсен Людвиг Петер (25.1.1842 – 12.5.1927) болды. 1893 жылы алғаш “Тәңір” және “Түрік” деген сөзді оқып әлемге жариялады. Аталған көне түркі ескерткішін француз тіліне аударып, түсініктемелер берді. Қазақстан территориясында көне түркі жазуы бедерленген ескерткіш тастар көптеп кездеседі.



мәдениетті өркендетуге көп көңіл бөледі. Византия патшасы Ираклии мен одақтасып, оның Қавказдағы жорығына қатысады (627 – 628 жылдар). Осы жорық кезінде түркі өскерлері Дербент пен Тбилисиді бағындырган. Тбилиси қамалының түбінде одақтасы Тон жабгумен кездескен Византия патшасы Ираклии асқан құрмет белгісі ретінде түркі билеушісінің басына өз тәжін кигізіп, оған қызы Евдокияны ұзататынын мәлімдейді.

Тон жабғу Византия патшасының қызы Евдокияны ұзатып алғып келе жатқан жолда қарлұқтардың қолынан қаза табады. Бұл дүние-

## ХОРЕЗМ МЕМЛЕКЕТІ

**156** Хорезм – Орталық Азиядағы ертедегі түркілер мемлекеті. Хорезм ірі мемлекетке айналып, шығыста Фердана, солтустік-батыста Орал өңірінде және Каспий жағалауындағы далаларға ықпалын жүргізді. 712 жылы арабтар Хорезмді жаулаап алды. Мамун ибн Мұхаммед 995 жылы Хорезмді біріктірді. Мамун ибн Мұхаммедтің және оның мұрагері II Мамун ибн Мамунның тұсында Хорезм жаңадан гүлденді. Үргеніште әл-Бируни және Әбу Эли ибн Сина сияқты ірі ғалымдар жұмыс істеді. Атсыз (1127 – 1156) Хорезмді нығайтты. Кейіннен, оның шекарасын Каспий теңізі жағалауынан Парсы шығанағына дейін созылды. XIV ғасырда Хорезмнің гүлдену дәуірі басталды. Кейіннен, Хорезмде Әмір Темір мен Алтын Орда хандарының 100 жылдық соғысы басталды.



Хиуа – көне тарихи қала. Хиуа тарихи көне Хорезм мәдениетімен тығыз байланысты. Хиуа IX – X ғасырларда Хорезмнің кезінде гүлденді. Хиуа қаласындағы академияда Мұхаммед әл-Хорезми,

Әбу Райхан Бируни, Әбу Эли ибн Сина сияқты ірі энциклопедист-ғалымдар еңбек етті. Хиуа түркі халықтары архитектуралық өнерінің үздік үлгісі, шығыстың алтын қақпасы болып саналады.



мен қоштасар кезде оның аузынан шыққан: “Мені ашынған арыстандар қоршап алды, енді сен менің дидарымды көре алмайсың... Мен өлдім, сенен бала сүйе алмағаным өкінішті. Қош, Евдокия. Кароль Ираклииғе сәлем айт!” деген сөздері тарихи деректерде жазылып қалған. Бесбалықтан шегініп, Шу мен Талас аралығындағы он оқты панаған Ышпара қаған қытайлықтарға қарсы қол жинауға кіріседі.

Соңғы шайқас Тарбағатай тауының маңында болған. Бірақ құші басым басқыншы жаудан жеңіліп, тұтқынға түскен Ышпара да жат жерде құсалықтан қаза табады.

## ҚАРЛҰҚ ҚАҒАНДЫҒЫ

Қарлұқ қағандығы – Жетісу жеріндегі 766 жылдан 940 жылға дейін тарихта болған ежелгі түркілер мемлекеті. Қарлұқ қағандығының алғашқы қағаны – Тон Йабгу қаған болды. Суяб және Талас қалалары Қарлұқ қағандығына қарады. 766 – 940 жылдар Қарлұқ қағандығының кезеңі деп аталды. Олар Шығыста Тарым, Батыста Ферганадан асып Тохарстанға дейін үстемдік жүргізді. Алтай мен Жетісүудың саяси және өскери өмірінде қарлұқтармен қатар қаңлы тайпасы да елеулі орын алды. Қарлұқ алқабында VIII – IX ғасырларда Атлах, Хамукет, Суе, Такабет сияқты қалалар

болды. Жергілікті отырықшы халықтардың басым көвшілігі түсті және асыл металдар (алтын, күміс, мыс) өндірумен шұғылданды. Әсіреке Тараз, Құлан, Ашпара қалалары белгілі болды. VIII – X ғасырларда Жетісу қалалары орналасуы жағынан Орта Азия қалаларынан өзгеше болды. Яғни, бекініс түрінде қалыптасты. 940 жылы Шығыстан келген “мәжусилік түркілер” қағандықтың ыдырауына ықпал етті. Қарлұқ қағандығы кезеңінде Жетісу халықтарының арасында әлеуметтік-экономикалық, этнографиялық және саяси бірлесудің негізі қаланды.

Құлан – Қазақстандағы ортағасырлық қала. Оны Жамбыл облысы қазіргі Құлан кентінің маңында орналасқан. Араб географтары Хордад-бек пен Қудама оның “Тараздан он төрт фарсах жерде” екенін жазады. Арабтың X ғасырдағы географы әл-Мақдиси Құлан туралы “ұлкен Тараз жолында орналасқан, жұма мешіті бар күштейтілген қала” деп хабарлайды. Қала VII ғасырдан бастап гүлденген. Айналасында көптеген бекіністер, қолөнер орталықтары болған.

Аббас калифаты Харун ар-Рашид (786 – 809) басқарған жылдары гүлденіп, мұсылмандардың “алтын ғасыры” аталды. Осы дәуірде ислам ғылымы барлық салада дамып, алдыңғы қатарға шықты.



Бумын қаған негізін қалаған бірінші Түрік қағандығының тағдыры осылайша қайғылы аяқталған. Түркі халқы басынан кешкен осынау қатерлі жылдар туралы VIII ғасырдың басында тасқа қашап жазылған “Құлтегін” жырында Иоллық жырау былайша толғанады: “Алтынды, күмісті, дақылды, жібекті соншама шексіз беріп жатқан табғаш халқының (яғни, қытайлықтар – ред) сөзі тәтті, бұйымы асыл еді... Тәтті сөз, асыл дүниесіне көп алданып, түркі халқы қырылдың, түркі халқы жойылдың... Аштықта тоқтықты түсінбейсің, бір тойсаң аштықты түсінбейсің. Соның үшін алдандың, қағаныңың тілін алма-

### ЕНИСЕЙ ЖАЗУЛАРЫ

158



Енесай (Енисей) өзені

Енисей сына жазулары – Енисей (Енесай) өзені бойынан табылған көне түркі ескерткіштері. Шамамен V – IX ғасырларды қамтиды. Ескерткіштер, негізінен, құлыптастарға, сондай-ақ, үқсас бүйымдарға ойылып жазылған. Жалпы саны 150 шамасында

(негізінен, Қызыл, Абакан, Минусинск қалаларындағы өлкетану мұражайларында сақтаулы).

Бұл ескерткіштер XVII – XVIII ғасырларда табыла бастағанымен, оқылуының сырғы XIX ғасыр соңында Орхон сына жазуларының табылуымен байланысты ашылды.



Енисей маңынан табылған көне түркі жазба ескерткіштерінің бірі



дың. Жер-жерге бардың, өбден алқындың, арыдың. Сонда қалғандар жер-жерге қаңғып, өлімші босқын бол еді”.

Иоллық жырау тасқа қашап жазған бұл жырда талай-талай тарихи шындық жатыр. Мұқан қаған мен Істемі жабғу басын құрып, біртұтас ел еткен Түрік қағандығы бірте-бірте шағын иеліктерге бытырап кеткен еді. Сонау Кавказ тауының етегінде Хазар қағандығы пайда болды. Византиямен қарым-қатынасын үзбекен Хазар билеушілері кейін иуда дінін қабылдап, қара халықпен тіл табыса алмай, ыдырап тынды. Хазарлардың солтүстігінде дулат (дулу)

### АЯЗ ҚАЛАСЫ



159

Аяз қала

Аяз қала – Арал теңізінен 200 шақырым жерде, Эмударияның оңтүстік жағалауында Аяз-қала деп аталатын шоқының етегінде орналасқан. Біздің заманымыздан

бұрынғы III – II ғасырлардағы дәуірінде салынған. Кейіннен, біздің заманымыздың V – VII ғасырларында түркі дәуірінде қайта жаңғырып, гүлденген. Шоқы

басындағы бекініс жақсы сақталған. Қазба жұмыстары кезінде қанжар, пышақ, наизаның, жебенің ұштары, қола, алтыннан жасалған бүйімдары табылды.



тайпасынан шыққан Моходу ханның жиені Құбырат Ұлы Бұлгария мемлекетінің негізін қалады. Константинопльде білім алғып, христиан дінін қабылдаған Құбырат Византия патшасы Ираклиймен жақын дос болған. Ұлы Бұлгария мемлекеті мен Византия арасындағы тығыз одақтастықтың сыры міне, осында жатқан еді. Құбырат қайтыс болған соң, оның артында қалған бес ұлы елді бес бөлшекке бөліп әкетеді. Олардың арасынан есімдері тарихта жақсы сақталып қалғандары – Аспарух пен Ботбай. Аспарух өзіне қараған дулат (дулу) тайпасының бір бөлігін бастап, Дунай өзенінің

## ХАЗАР ҚАҒАНДЫФЫ

**160** Хазар қағандығы – Батыс Түрік қағандығының ыдырауы нәтижесінде Еділ бойы мен Солтүстік Кавказдың шығыс бөлігінде VII ғасырдың ортасында құрылған мемлекет, Хазар қағандығының астанасы Семендер қазіргі Дағыстан жерінде, ал Итиль қаласы Төменгі Еділде болды. Хазар қағандығы Солтүстік Кавказды, Азоу маңын, Қырымның көшілік бөлігін, Шығыс Еуропадан Днепрге дейінгі жерлерді иеленді. VIII ғасырдың басында Византияның әсерінен хазарларға христиан діні тарала бастады. Арабтар ислам дінін, Византия христиан дінін енгізуге тырысты. VIII ғасырдың аяғы мен IX ғасырдың басында хазарлар үрпағы Обадия Хазар қағандығын басқарды. Хазар қағандығы X ғасырда ислам дініне кірді. Ішкі қайшылықтардың шабуылынан Хазар қағандығы X ғасырдың соңында ыдырады.

Бұлан – Хазар қағанатының қағаны. Бұлан Кавказ жеріне ішкөрілей енген араб әскерлеріне қарсы құрес жүргізді. Бірақ оның бұл әрекеттері сәтсіз аяқталды. 727 жылы араб қолбасшысы Хабиб ибн Маслам Бұланға ойсырата соққы бергеннен кейін Хазар қағанатының астанасы – Беленджер қаласын жаулап алды. Бұлан қағанатты қайта нығайту мақсатында парсы елінен Дағыстан жеріне келіп қоныстанған еврейлерден көмек алуға ұмтылды. 731 жылы Бұлан қағанның өзі және оның қол астындағы Солтүстік Дағыстанды қоныстанған хазарлардың бір тобы иудей дінін қабылдады. Алайда, иудей діні Хазар қағанатында кең тарала қойған жоқ.

Итиль – Хазар қағандығының VIII – X ғасырдағы астанасы. Сол заманда Итиль атанған өзеннің (Еділдің) екі жағасын және кішкентай аралды алғып жатқан Итильдің әр бөлігі биік дуалдармен қоршалған. Қаланың Хазаран аталағын шығыс бөлігінде көпестер мен қолөнершілер тұрған, ал батыс бөлігінде үкімет мекемелері орналасқан. Итильдің көптеген тұрғындары мал шаруашылығымен, егіншілікпен, балық аулаумен айналысқан. Діни науымы жағынан олар мұсылман, иудей, христиан, пұтқа табынушылар болған. Олардың тұрғын мекен-жайлары ағаш шатырлар, киіз үй, жер үйлер болып келеді. Итильде 30 мешіт, сонымен қатар мұнара, медресе, монша, базар болды.



арғы бетіне өтіп жаңа мемлекеттің – қазіргі Болгарияның негізін қалайды. Ал оның інісі Ботбай болса өзіне қарасты елімен Хазар қагандығына қосылып, кейін бұл қагандық ыдыраған соң, Қаратай маңына қайта көшті. Қазіргі қазақ халқының құрамындағы дулат тайпасының бір тармағы Ботбай деп аталады. Біртұтас Түрік қагандығының одан бергі аумағы да бірнеше иелікке бөлінген еді. Олардың ішіндегі ең ірі – бес ұлыс дулат тайпасының бір көсемі Ушелік құрған Түргеш қаганаты болатын. Олардан оңтүстікке қарай орналасқан тоғыз оғыздар (карлук, басмыл, ұйғыр, оғыз т.б.)

## ҰЛЫ БҰЛГАРИЯ

Ұлы Бұлгария – Батыс Түрік қагандығының ыдырауы нәтижесінде Азов теңізі жағалауы мен Кубан өңірінде құрылған Түркі мемлекеті. Негізін салған – Құбырат. Ұлы Бұлгарияның негізгі тұрғындары түркі тілдес бұлгар тайпалары. Астанасы Фанагория қаласы болды. Ұлы Бұлгария Византиямен одақтаса отырып Хазар қагандығын төуелсіздікке қол жеткізді. 640 жылы Құбыраттың өлімінен кейін Ұлы Бұлгарияны Аспарух пен Ботбай биледі. Хазарлар мен аландардың біріккен күші оларды ыдыратты, Ботбай басқарған бұлгарлар Хазарларға төуелді болды, Аспарух басқарғандары Дунай өңіріне барып қоныстанды. Үшінші бөлігі Еділге ауды. Олар кейін Еділ Бұлгариясының негізін құрды.

Құбырат, Кубрат – ұлы Бұлгарияның негізін салушы, оның билеушісі. Туган жылы белгісіз. 640 жылы қайтыс болған. 605 – 630 жылдары Батыс Түрік қагандығы құрамындағы Кубань өңіріне билік етті. Батыс Түрік қагандығынан төуелсіздікке қол жеткізілді. Құбырат өз мемлекетінің саяси ахуалын күштейтіп, аварлармен күрес жүргізді. Бұл күресте Византиямен одақтасты. Қара теңіздің солтүстік шығыс жағалауын жауап алды. Оның балаларының ішінде Аспарух пен Ботбай есімдері белгілі. Құбырат Ұлы Бұлгарияның гүлденіп, дамуына үлкен еңбек сіңірген қолбасшы, ел билеуші ретінде тарихта қалды.

Аспарух – Дунайдағы түркі бұлгарларының алғашқы қағаны, Балқандағы Бұлгария (қазіргі Болгария) мемлекетінің іргесін қалаушылардың бірі. Ұлы Бұлгария мемлекетінің билеушісі Құбырат ханың ұлы. Аспарух басқарған бұлгарлар Византия империясының шекарасына жақын келіп орналасқан. Сөйтіп, ол басқарған тайпа Дунай бұлгарлары атанды. Дорд жуа және онымен іргелес аймақтарға қоныстанған олар жеті славян тайпалары одағы мен басқа да жергілікті тайпаларды күшпен бағындырып, 680 жылы Аспарух басқарған Бұлгар мемлекетін құрды. Оның астанасы Плиска қаласы болды. Аспарух 681 жылы Византияның билеушісімен бітім жасасып, Византия оның мемлекетін реңди түрде мойындағы.



да дербес хандық құрды. Енисей өзені бойын жайлаған қырғыздар да бөлек отау көтеруге кірісті. Ал түркілердің алтын бесігі Алтайдан Сарыжазыққа дейінгі аймақ Қытай империясының уысына тұсті.

Қытай тарихында Сүй әuletін тақтан ығыстырган Таң әuletінің билігі 618 жылды орнады. Таң империясы билеушілерінің сарайы маңында түркілердің ықпалы күштейіп, олардың саны 100000 адамға жетті. Бұлардың 40000 сарбазы, 30000 сәйгүлігі бар еді (Н.Я. Бичурин).

Таң империясы сарайының маңындағы мұндай ықпалды күштің бодандықты үнсіз мойындал жүре беруі мүмкін емес еді. Түркілер

## ТҮРГЕШ ҚАҒАНДЫҒЫ

**162 Түргеш қагандығы – Жетісу аймағында 704 жылдан 766 жылға дейін тарихта болған ежелгі мемлекет. Оның негізін Батыс Түрік қагандығының құрамында болған түргеш тайпасы қалаған. VI ғасырдан бастап түргештер Шу-Іле өзендері аралығын мекендеді. Олар сол кезеңде Жетісудағы керуен жолының негізгі бөлігін бақылауға алды. Түргештердің алғашқы қаганы Ушлік болды. Түргеш қагандығы әрқайсында 7 мың тұрғыны бар 20 әкімшілік орталықтан тұрды. Түргеш қагандығының ордасы Суяб қаласы болды. Ол**

Ұлы Суяб деп аталды. Түргештер Іле өзенінің бойындағы Құңгіш қаласына кіші ордасын орналастыруды. Сөйтіп, қагандық оң және сол қанаттарға бөлінді. Кейіннен Сарытүргештердің астанасы Суяб қаласы болды да, ал Қаратүргештердің астанасы Талас қаласы болды. Сол кезеңдегі маңызды оқиғалардың бірі арабтардың шығысқа жасаған жорығы еді. Түргештер оларға Талас бойында ойсырата тойтарыс берді. Кейіннен олар қарлұқтардан көп қысым көрді. Ақыры қарлұқтар жеңіп, 766 жылы Қарлұқ қагандығын орнатты. Астанасы Суяб қаласы болды.

Суяб – Қазақстан жеріндегі көне қала. Суяб қаласының іргесі V – VI ғасырларда қаланған. Суяб ірі саяси және сауда орталығы болған. Қала IV ғасыр бойы бірін-бірі алмастырган ерте ортағасырдағы үш мемлекеттің: Батыс Түрік қагандығы, Түргеш қагандығының Қарлұқ қагандығының астанасы болды. Суяб Ұлы Жібек жолының бойына орналасқан. Қала жұрты Ақ Бішім қорғанының маңында орналасқан.


Осы дәуірде Еуропада, Ұлы Карл өзінің ағасы Карломан қайтыс болғаннан кейін, 771 жылы франктердің, 774 жылы лангобардтардың королі және 800 жылы Рим императоры болды.



көтерілісі 679 жылы басталды. Көтерілішілер қалың жаумен арпалыса жүріп, Сарыөзеннен (Хуанхе) өтті де, Қарақұмға бет алды. Бірақ соңынан құған қытай өскерлерінің қатігездігі мен алдынан тосқан өз ағайындары тоғыз оғыздардың опасыздығы қыспағына ұшыраған көтерілішілер қын жағдайда қалды. Соңынан ерген елді құтқару үшін көш басшысы Бұлан хан өз еркімен жауга берілді. Қытай билеушілері оны өлім жазасына кеседі. Бұлан ханның басы кесілгенмен елі аман қалды. Қабырғасы қайғыдан қайысқан халық бодандыққа мойын ұсынғысы келмеді. Осы оқиға туралы Иоллық тегін жырау

## ЕДІЛ БҰЛГАРИЯСЫ

Еділ Бұлгариясы – X – XIII ғасырларда Еділ өзенінің орта ағысы мен Кама өзенінің аралығында болған бұлгар мемлекеті. Еділ Бұлгариясы X – XI ғасырларда Хазар қаганатымен құралған жағдайда құралған жүргізіп, Киев Русімен, Бұхарамен, Бағдатпен байланыс орнатты. Еділ Бұлгариясы 922 жылы ислам дінін мемлекеттік дін етіп жариялады. XI – XIII ғасырларда Еділ Бұлгариясындағы Биляр, Бұлгар, Суар қалаларында қолөнер дамып, Киев Русімен, Византиямен, Араб халифатымен сауда-саттық қызу жүрді. Кейіннен Еділ Бұлгариясы Киев Русінің Мурат (1088), Сузdalъ (1107), Ярославль (1152) қалаларына жорық ұйымдастырды. 1236 – 1237 жылдары



163

### Еділ өзенінің орта ағысы

Бату өскерілерінің жорығы салдарынан Еділ Бұлгариясы құлады. 1238 – 1241 жылдары Еділ Бұлгариясында Бату үстемдігіне қарсы Баян мен Жак бастаған көтеріліс болды. Бұл көтеріліс Бату жазалаушы өскери тарапынан жанышылғып, тоқталды. Бату Еділ Бұлгариясын Алтын Орда құрамына қости.

Биляр – Еділ Бұлгариясының астанасы. Ескі жүрті Татарстан Республикасының Биляр қыстағы маңында. X ғасырда негізі қаланған Биляр орыс жылнамаларында Ұлы Қала деп аталған. 1236 жылы Батудың Рұсь пен Шығыс Еуропаға жорығы кезінде қиратылып, ол бұрынғы саяси-экономикалық мәнінен айрылды.



былайша толғанады: “Түркі халқы қырылайық, жойылайық десті. Сол кезде көктегі түркі тәңірі, түркінің қасиетті жері, сусы “Түркі халқы жойылмасын, Ел болсын!” деп Елтеріс қаганды, Елбілге қатынды тәңірі тәбесіне ұстап жоғары көтерді”.

Елтеріс қаганың өз есімі Құтылық болатын. Жасынан өскери өнерді жетік менгерген Құтылық қалың жұртты бұрынғы қонысында қалдырып, жанына ұрысқа жарамды жасақтарды топтастырады. Ашидә мен Тонықөк сияқты дана абыздарды өзіне ақылшы етіп алады. Бұл туралы Иоллық тегін:

## ОҒЫЗДАРДЫҢ САЯСИ БІРЛЕСТІГІ

**164** Оғыздардың саяси бірлестігі – оғыздардың VIII – XI ғасырлардағы мемлекеті. Оғыз тайпалары, Жетісу түркілері қанатын жайып, өрісін кеңейтті. VIII ғасырдың 2 жартысы мен IX ғасырдың соңында Оғыз тайпалары мемлекет ретінде нығая түсті. Орта Азия, Шығыс Еуропаға, Шығыс Қазақстан мен Монголияға баратын көруен жолдарының тоғысқан жерінде орналасқан Жаңакент қаласы X ғасырда Оғыздар бірлестігінің астанасы болған. 965 жылы оғыздар Киев Русімен одақтасып, Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауларындағы жерлерді иемденген Хазар қагандығын талқандады. 986 жылы оғыздар орыс князьдерімен бірге Еділ-Кама бұлғаларын күйрете жеңді. Бұның

бәрі Оғыз мемлекеті саяси қуатының артуына жағдай жасады. Оғыздар арасында бірте-бірте ислам діні тарады. Сырдария алқабындағы, Араб теңізі, Каспий теңізінің солтүстігінде оғыз тайпалары қазақтың этнографиялық тарихында елеулі орын алды. Оғыздар – тарихи түрғыда түркімендердің, өзбектердің, қарақалпақтардың түпкі атапарының бірі. Оғыздардың бір тобы Еділ татарлары мен Орал башқұрттарының құрамына қосылды. XI – XIII ғасырларда Кавказ бен Кіші Азияға кеткен оғыздар азербайжан және түрк халықтарының қалыптасуына үлес қости. Оғыздар Сырдария алқабындағы Қарнак, Сүткент, Фараб, Сығанақ қалаларын мекендегенін Махмұт Қашқари өз еңбегінде жазған.

“Оғызнама” – XIII – XIV ғасырлар шамасында жазылған түркі халықтарына ортақ мұра. “Оғызнаманың” түпнұсқасы Париждің ұлттық кітапханасында сақтаулы тұр. Шығарма авторы Шығыс Түркістан мен Сыр, Жетісу бойын, Қазақ даласын жақсы билетіндігі, сол жердің түлегі екені еңбектен көрініп тұрады. Еділ, Қаратая, Мұзтау атауларының шығармада кездесуі, сөйлем құрылымының қазақ тіліне жақындығы оның авторының ұлы бағаларымыздың бірі екенин дәлелдейді. “Оғызнамада” қарасөзбен қатар, өлең ұлгілерінде жазылған жолдар да кездеседі.



— Экем қағанға он жеті ер еріпті. Шетте жортып жүр дегенді естіп таудағылар төмен түсіпті, қаладағылар қырға шығыпты. Жиылып жетпіс ер болыпты. Тәнірі қуат берген соң, әкем қағанның өскері бөрідей болыпты. Жаулары қойдай болыпты. Ілгері-кейін аттанып, жинапты, көтеріпті. Қолы жеті жұз ер болып, әлсіреген, қансыраған халықты, күнденген, құлданған халықты, түркі иелігінен айырылған халықты ата-баба иелігіне қайта оралтты, — деп толғанады.

Ал Тонықек абыз осы оқиғаның мәнін аша түседі: “Ойда-қырда қалғаны жиылып, жеті жұз болды. Екі бөлігі атты еді, бір бөлігі жаяу

## ҚОРҚЫТ АТА



Қорқыт ата. Суретші Ә.Бұхарбаев

Қорқыт Ата – түркі халқына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы. Шамамен VII – X ғасырлар аралығында өмір сүрген. Қорқыт Ата туралы мәліметтер ел аузындағы аңыз-әпсаналарда, тарихи

шежірелерде және “Қорқыт ата кітабында” сақталған. Қорқыт Атанаң өмірде ізгі, даналық сөздері, атақты күйлері қалған. Қорқыт Ата өмірде болған, кейіннен оны аңызға айналдырып, халық өзі жырға қосқан.

165  
Қорқыт Ата түркілердің үлкен тайпасы – оғыздардың арасынан шыққан делінеді. Халық арасында “Қорқыт – құтты адам, құт өкелетін адам” деген сөз бар. Қорқыт Атанаң тарихи тұлға екенін “Қорқыт Ата кітабы” растайды.

Рашид әл-Дин өзінің “Жами ат-тауарих” атты тарихи шежіресінде Қорқытты қайы тайпасынан шыққан десе, Әбілғазының “Түрік шежіресінде” оның тегі баят деп көрсетілген, Мұның екеуі де оғыз тайпасына кіретін этностар. Бізге жеткен тарихи шежірелерде Қорқыт Ата өмірде ізі, артында мұрасы қалған тарихи тұлға ретінде көрінеді.



еді. Жеті жүз кісіні ерткен ұлы шад еді. Ілесіңдер – деді. Ілескен мен едім – Білге Тонықөк. Сөйтіп, тәңірі ақыл берген соң, өзім оны қаған еттім. Тұстікте табғашты, шығыста құтанды, терістікте оғызды өте көп қырды. Ақыл иесі, сөз иесі мен болдым...”

Елтеріс (яғни Құтылық) қаған көтерлісі 682 жылы басталған. Алғашқыда маңына жинаған сарбаздарымен бірге көшпелілердің дәстүрлі ұрыс тәсілін пайдаланып, қаша жүріп соғысқан. Құш-қуатын молайтқан. Содан соң, өздеріне ту сыртынан қатар төндіріп тұрған ұйғыр өскерлерін тасталқан етеді. Тоғыз мың жылқы олжалап, мол қару-жарақты қолға түсіреді.

### КОРҚЫТ АТА КИТАБЫ

166



“Корқыт ата кітабы”. Көне нұсқасы

“Корқыт ата кітабы” – түркі халықтарына ортақ мұра. 1815 жылы неміс галымы Х.Ф.Диц Дрезден кітапханасынан “Корқыт ата кітабының” 12 жырдан тұратын нұсқасын тауып бастырды.

Италиялық галым Е.Р.Россидің еңбегі де ерекше. Ол Ватикан кітапханасынан “Корқыт ата кітабының” тағы бір нұсқасын тауып, 1956 жылы оны итальян тіліне аударып, Дрезден және Ватикан нұсқаларының факсимилесін бірге жариялады. 1916 жылы Килисли Рыфат Дрезден нұсқасын араб әріпперімен басып шығарды. Эпостың аудармалары және мәтіндері Лондонда, Белградта, Вильнюсте, Бакуде, Мәскеуде, Анкарада, Стамбулда, Ватиканда, Тегеранда, Прагада, Цюрихте, Алматыда тағы басқа қалаларда жарық көрді. 1999 жылы “Корқыт ата кітабының” 1300 жылдығы дүние жүзінде кеңінен атап өтілді.



Елтіріс қаған өскери бұл кезде бес мың адамға жетті. Эбден қарула-нып алған түркілер 682 жылы қытайлықтардың өзіне қарсы тап береді. Ұлы Қытай қорғанын бойлай шабуылға шығып, оның бойындағы бекіністердің бәрін, бес өскери округті талқандайды. 586 жылы Қытай империясы түркілерге қарсы орталықтан жаңа армия аттандырады. Қалың жауға қарсы шыққан Елтеріс қаған жасағының алдында бір гана таңдау тұрды, не өмір, не өлім. Қескілескен шайқаста түркілер жасағы қытай өскерін жеңіп шықты. Ұрыс даласында жау бес мың сарбазынан айрылды.

### КОРҚЫТ АТА МАЗАРЫ



Корқыт Ата Мазары. 1872 жылы жарық көрген “Түркістан альбомында” берілген тарихи сурет

Корқыт мазары – Қазақстанда шамамен IX – XI ғасырларда Корқыт Атаға тұрғызылған күмбез. Қазіргі Қызылорда облысының Корқыт темір жол станциясынан 3 шақырым жерде болған. Мазардың XIX ғасырдың аяғына дейін тұрғанын жоғарыдағы сурет дәллелдейді. XIX ғасырда Корқыттың сүйегі басқа жерге көшірілген. Сырдария арнасының ауытқуынан Корқыт мазарының қалдығы 1960 жылы шайылып кеткен.

167

Византия, Византия империясы – 359 – 1453 жылдар аралығында өмір сурғен мемлекет. Император Юстинианың тұсында (527 – 565) Византия қуатты мемлекетке айналды.




Мұндай масқара жеңіліске Таң империясы төзіп отыра алмады. Империя армиясы күш жинап, 687 жылы түркілерге қарсы тағы да жорыққа аттанды. Майдан даласында төгілген адам қанынан Сарыөзен сұзы қызыарып ақты. Елтеріс қаған өскері құші басым жаумен шайқаса жүріп, Ұлы далаға қарай шегінді.

Бұл кезде тибеттіктермен соғысып жатқан Таң империясының бодандықтан құтылып, Алтайға қарай бет алған түркілерді соңынан қууга шамасы келмеді. Алайда алтын бесігі – Алтайға бет алған түркілер үшін ендігі қатер бұрынғы өз туыстары тарапынан төнді. Оғыздардың

### ҚОРҚЫТ АТА КЕШЕНІ

168



Суретте: Қызылорда облысы Қармақшы ауданындағы Қорқыт Ата кешені

Бұл ескерткіш Қазақстанда 1980 жылы Қызылорда облысының Жосалы теміржол станциясынан 18 шақырым жердегі Қорқыт бекеті маңындағы тәбе басына орнатылған. Архитекторы Б. Ыбраев. Биіктігі 8 метр, 4 тарапқа қарталилып түргызылған қобыз бейнесінде жасалған. Ескерткіш жел соққанда қобыз сарындағы үн шығарады. Ал, “Қорқыт Ата ескерткіш кешенінің ішкі жағы “түйетабан” өрнектерімен нақышталған. Ол, Қазақстандағы үздік тарихи ескерткіштердің бірі.



билиеушісі Боз қаған қытайлықтар мен түргештерге елші жіберіп, жаңа күш алып келе жатқан Елтеріс қаған елін бірлесіп талқандауды ұсынады.

Боз қағанның бұл құпия жоспарын біліп алған Елтеріс өз өскерін үшке бөледі. Тонықөк бастаған сарбаздар Боз қағанға, Ашидә абыз бастаған сарбаздар түргештерге, Елтерістің өзі бастаған сарбаздар қытайлықтарға қарсы аттанады. Тонықөк қолы оғыздарды кері шегіндіріп, Боз қағанды өлтіреді. Ашидә абыз болса, түргештердің 140 мың адамдық жасағына тап болып, ұрыс даласында өзі қаза

## ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТИ

Қарахан мемлекеті – ертедегі мемлекет (Х ғасырдың ортасы – XIII ғасырдың басы, кейбір деректерде Х ғасырдың 90 жылында қалыптасқан). Шығыс Түркістан, Жетісу және Мауеранахрдың едәуір бөлігін қамтыды. Қарахан өүлетінің атына байланысты осылай аталған. Негізі түркі тайпаларынан құралды, солардың ішінде қарлұқ, қаңлы, шігіл және ягма (яғмарлар өр кезенде Шығыс Түркістанды, Іле, Шу алаптарын, Тараз тубін мекендерген) басты рөл атқарып, соңғысынан қарахан өүлеті тарады. 922 жылы Қарахан мемлекетінің басшысы Харун бօгра хан Бұхарды басып алды, 996 – 999 жылы оның ізбасары I Насыр бүкіл Мауеранахрды жаулап алды. Қарахан өүлеті Шығыс

Түркістанды, Жетісуды, Талас және Сырдария алқаптарын биледі. Қарахан мемлекетінің астанасы өуелі Қашқар, Баласағұн, Өзген, содан кейін қайтадан Қашқар болды. Ал бұрын Батыс Алтайда түрган қарлұқтар бұл кезде Шу, Талас алқаптарын қоныстанды. Қарахан өүлетінің басшысы Тамғаш хан (хандардың ханы), оның Талас алқабындағы мирасқор өмірлері “Арслан хандар” деп аталды. Қарахан мемлекеті жер үлестеріне бөлініп, оларды Қарахан өүлеті тегінен шыққандар – Ілек хандар басқарды. Жер бөліп беру жүйесі иқта деп аталды. Көшпелі мал шаруашылығы басым аймақтарда икта жер участесінен емес, көшпелі қауымдардың санына қарай берілді.

Бұрынғы қалаларда сауда-саттық, күшейіп, жаңа қалалар салынды. X ғасырда Қазақстан жері арқылы маңызды сауда жолдары өтті. Солардың бірі Шу өзені алқабын бойлап, Іле Алатауының сілемдері мен Талғарға дейін жетті де, одан әрі тармақталып кетті. Бір тармағы Шелекті басып өтіп, Шығыс Түркістанға дейін, екіншісі Іле өзені мен Алакөлден өтіп, Монголияға дейін созылды.

960 жылы Қарахан мемлекетінде ислам ресми мемлекеттік дін ретінде қабылданды. Мәдениет дамыды. Түркі тілінде шығармалар жазылды. Мысалы, Жүсіп Баласағұнидың “Құдадғу білік”, Махмұт Қашқаридың “Диуани лұғат ат-турк” атты туындылары. Баласағұн қаласының айналасы төртбұрышты қорғаныс дуалмен қоршалған.



табады. Елтеріс те қытайлықтардың бетін қайтарып, ордасын Өтеген өзенінің жағасына тігеді. Осы Өтеген жазығы Екінші Шығыс Түрік қағандығы аталатын мемлекеттің шаңырақ көтерген аумағы болып саналады. Елтеріс қаған жаңа қағандықтың іргесін бекітіп, аймағын кеңейту жолында қырық жеті рет жауға аттанып, өз елін алыс-жақын көршілерінің бәріне мойын-датты.

Екінші Шығыс Түрік қағандығының негізін салған Елтеріс 693 жылы қайтыс болған. Таққа оның інісі Қапаған қаған отырады. Бұл

## БАЛАСАҒҰН ҚАЛАСЫ

170

**Әулие Ата, Сатұқ**  
Бұғра Қарахан – қолбасшы, Қарахан хандығының негізін қалаушы. Шамамен 908 жылы дүниеге келіп, 955 жылы қайтыс болған. Аңыз бойынша, Сатұқ Қараханың түсіне көктен түскен, тұла бойынан нұр шашқан ақ сақалды, ақ шашты кісі еніп, оған түркі тілінде: “Ислам дінін қабылда! Сен бұл дүниеде және бұдан кейінгі дүниеде мұратыңа жетесің”, – дейді. Сатұқ ислам дінін қабылдауға ниет қылады. Сатұқ Бұғра Қарахан діни уағыз бер қылышқа қатар сүйене отырып, Қашқардан Сырға дейінгі халықты мұсылман дініне кіргізеді. Қарлұқ қағандығының орталығы Баласағұнды бағындырады (942). Сатұқ Бұғра Қарахан Артұшта (Қашқария) жерленген.

Әулие Ата, Ша-Махмуд Харун Бұғра Қарахан – Қарахан әuletінен Әулие ата атанған екінші хан. Ол 946 жылы дүниеге келіп, 992 жылы қайтыс болған. Ол атасы Сатұқ Бұғра Қараханың ұстанған бағытын жағастырды. Талас өзенінің шығыс мен батысындағы елді түгелдей өзіне қаратып, Ша-Махмуд Харун Бұғра “мемлекеттің жарық күні”, “мұсылман дінінің алтын дінгегі” атанды. Өз мемлекетін одан әрі кеңейту үшін күрес жүргізді. Самани әuletі билеушілерінен Испиджабты (Сайрамды, 990), көп ұзамай Самарқан мен Шашты, 992 жылы Бұхараны алады. Ол осы жылы Түркістан маңындағы Қошқарбасы деген жерде дүниеден өтті. Қабірі Тараз қаласында. Басына XI ғасырда кесене тұрғызылған.

Баласағұн – ортағасырдағы Қарахан мемлекетінің астанасы. Тарихи деректерде Баласағұн X ғасырдың өзінде ғұлденген үлкен қала ретінде аталады. VIII ғасырларда қаланың аты түркі тілінде Беклік, яғни Бекініс деп аталған. Ал, атақты бабамыз, ұлы ғалым Махмұт Қашқарі Баласағұн қаласының Құз-Ұлыс неме Құз-Орда деген басқа аттары болғанын айтқан. Баласағұн қаласының орны Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі Шу өзенінің жағасында орналасқан. Баласағұн қаласы V – XIII ғасырларда өркениет орталығы болған.



көк түркілердің Екінші Шығыс Түрік қағандығының тасы өрге өрлеп, қанатын кең жайған кезеңі болды.

Осы оқиға туралы “Күлтегін” жырында мынадай толғау бар:

“Әкем қағанның басына Боз қағанның балбалы қойылды. Оның елінің үстіне ағам қаған болды. Ағам қаған болып, түркі халқын көркейте тұсті, көтерді. Кедейді бай қылды, азды көп қылды. Ағам қағанмен бірге ілгері Жасыл өзеніне, Шақтүқ жазығына дейін аттандық. Бас-аяғы жиырма бес рет аттандық. Он үш рет соғыстық.

## ӘУЛИЕ АТА КҮМБЕЗІ



Әулие ата күмбезі. XI ғасыр

Әулие Ата күмбезі – Қазақстанда XI ғасырдан сақталған сөulet өнері ескерткіші.

Қазіргі Тараз қаласының батыс шетінде орналасқан. Кесене Қарахан өuletінен шыққан белгілі хан Ша-Махмуд Бұгра Қарахан қабірінің басына орнатылған. Күмбезі ғана құлаған кесененің төрт қабырғасы мен жылтыр кірпішпен өрнектелген

қос мұнарасы өткен XIX ғасырдың 90-жылдарына дейін сақталған.

1905 жылы оның құлаған бөлігі түгелдей бұзып алғынып, орнына 1906 жылы жаңа кесене салынған. Жаңа құрылышты сол кездегі Та什кент қаласының ишаны Сайд Бакханов қаржыландырған. Кейінгі салынған кесене алғашкысына ұқсамайды. Әулие Ата күмбезі төрт

бұрышты, ортағы кең бөлмeden және үш кіші бөліктен тұрады. Орталық бөлменің төбесі киіз үйге ұқсатылып жабылған. Артқы жағында екі мұнарасы бар. Кесененің қас беті онтүстікке қараган, ал кірер есігі оюмен безендірілген. Қабыргаларының ішкі жағы кесененің бұрынғы өз кірпіштерімен қаланып, сыртқы жағын қалауға жаңа кірпіш пайдаланылған.

Әулие ата күмбезі Қазақстан сөulet өнерінің үздік үлгілерінің бірі.



Елдігін өлсіреттік, қағандығын қансыраттық. Тізеліні бүктірдік, бастыны еңкейттік”.

Қапаған қаған тұсында Тонықөк дананың, Елтерістің ұлдары – Білге мен Күлтегіннің басқаруымен Екінші шығыс түрік қағандығының әскерелері бірнеше сәтті жорықтар жасады. Ең алдымен олар табғаштардың (яғни қытайлықтардың) шабуылдарын тойтарып, өздері де дүркін-дүркін жорыққа шығып отырды. Сөйтіп, Таң империясына жаңа мемлекеттің тәуелсіздігін мойындасты.

Бұл кезде Таң империясы шығысындағы қидандармен соғысып

## БАТЫС ҚАРАХАН ҚАҒАНДЫҒЫ

172



Қола білезік III – V ғасырлар. Қыркескен

Батыс Қарахан қағандығы – Мауереннахрдағы ортағасырлық мемлекет. Қарахан мемлекетінде Әли Арслан хан мен Хасан Богра хан балалары арасында билік үшін күрес үдей түсіп, 1041 жылдары мемлекеттің Шығыс Қарахан қағандығы және Батыс Қарахан қағандығы болып бөлінуіне алыш келді. Әли Арслан хан ұрпақының үлесіне тиген

Батыс Қарахан қағандығының территориясы Мауереннахрды және Фергананың батыс бөлігін қамтыды. Сырдария өңірі екі қағандықтың үнемі талас жеріне айналып, оған иелік ету қағандықтардың өл-қуатына орай өзгеріп отырды. Батыс Қарахан қағандығы астанасы алғашында Өзкент, одан соң Самарқан қаласы болды. Мемлекет басшысы “хан” лауазымын иемденді. Батыс Қарахан қағандығында Қарахан мемлекетіндегідей үlestік басқару жүйесі сақталды. Іс-қағаздары түркі және араб тілдерінде жүргізілді. Батыс Қарахан қағандығында егіншілік, мал шарашылығы қолөнер, сауда дамыды. Ұлы Жібек

жолы тармақтары Батыс Қарахан қағандығы жері арқылы өтті. Самарқан, Бұхара қалалары ислам мәдениетінің ірі орталықтары ретінде танылды. Батыс Қарахан қағандығы қалаларында мемлекет қаржыландырып оқытатын медреселер және емдеу орындары болды. 1089 жылдары Селжүк сұлтаны Мәлік шаһ көп әскермен Батыс Қарахан қағандығы шекарасына баса көктеп кіріп, оның астанасы Самарқанды басып алды. Батыс Қарахан қағандығы басшысы Насыр ибн Ибраһим өзін Мәлік шаңтың басқарғы деп мойындауға мәжбүр болды. Сөйтіп Батыс Қарахан қағандығы селжүктердің билігіне өтті.



жатқан еді. 696 жылы Қапаған қидандардың ту сыртынан тиісіп, оларды тас-талқан етіп жеңеді. Өз жауын талқандаған түркілер өрекетіне риза болған Таң империясының Уесімді әйел патшасы Қапаған қаганға оған ұлы тәңіркүт атағын береді. Екінші Шығыс Түрік қағандығын өзінің ықпалынан шықпайтын боданына айналдырығыс келген Қытай империясының түпкі ойын түсінген Тонықек У патша мен Қапаған арасындағы пайда бола бастаған ынтымақтастықты бұзуга тырысады. Сол мақсатпен ол 697 жылы жас батыр Құлтегін бастаған жасақты Таң империясының шекаралық

## ҚАРАХАНДАР

Әли ибн Хасан – Қарахан әuletінен шыққан Мауераннахрдың билеушісі. Туған жылы белгісіз, шамамен 1160-61 жылдары қайтыс болған. Сатық Богра ханның 6-ұрпағы. XII ғасырдың ортасындағы самарқандық және үзгендік билеушілер арасындағы куресте ол жеңіске жетіп, Самирқан тағына отырган. Сол кезден бастап Қарахан әuletі күйрекенге дейін Мауераннахр билігі үзгендіктердің қолында болды. Ол өзіне дейінгі Қарахан әuletі билеушілерінің саясатын одан әрі жалғастырып, қарлук тайпаларының қарсылығын басып отыруға тырысты. Олардың көсемі Бейгу ханды өлтірді.

Әли ибн Мұса, Арслан хан Әли – Қарахан әuletінен шыққан билеуші. Туған жылы белгісіз, 998 жылы қайтыс болған. Сатық Богра ханның немересі. Билік басына Харун Богра хан (Сатық Богра ханның Сүлеймен атты ұлынан туған немересі) қайтыс болғаннан кейін келген. Жамал Қарши оның Қашқарда жерленгендігін, Шахид (азаптан өлтірілген), Харик (өртеп өлтірілген) деген аттары болғандығын айтады. Насыр Елік хан, Мұхаммед және Мансұр бұлардың ішінде Насыр Елік хан 999 жылы Бұхараны алып, 1005 жылдары Орта Азиядағы Самани әuletін құлатып, Әмударияға дейінгі жолдардың бәрін бағындырган.



173

Моншақты шаш қыстырығыштар. Біздің заманымыздың VI – VIII ғасырлар бұйымы. Қазақстанның көне қоласынан жасалған. Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі Бөріжар қорымынан табылған. Қазір Археология мұражайында сақтаулы.



аудандарына жорыққа аттандырады. Құлтегін жорықтан олжалы оралған. Эрі түркілер өздерінің ата жауы табғаштармен арасын ашып алады. Енді ата жаумен ашық майданға шығуға да сyltau табылады.

Елтеріс қағанның ұлдары Білге мен Құлтегін де Тонықек дананың ұсынысын қолдайды. Қапаған қаған Тонықекті түркі өскерлерінің апартханы (бас қолбасшысы) етіп сайлауға мәжбүр болады.

Тонықек бастаған өскерлер Сарыжазыққа лап қояды. “Шантұң жазығын, Теніз өзенін тұқырттым, – деп жазылған тастағы “Тонықек”

## ӘБУ НАСР ӘЛ-ФАРАБИ

174



Әл-Фараби

Әбу Наср әл-Фараби, (870, Отырар қаласы – 950, Сирия, Шам қаласы) – қазақ даласынан шыққан ұлы ғалым, ойшыл философ, математик, астролог, музика теоретигі. Әскербасы тарханның отбасында дүниеге келген. Отырар медресесінде, Шаш, Самарқан, Бұхара, кейін Харран, Мысыр, Халеб (Алеппо), Бағдад шаһарларында білім алған. Әбу Наср әл-Фараби – түркі ойшылдарының

ең атақтысы, ең мәшінрі, “Әлемнің 2-ұстазы” атанған ғұлама. Тарихи деңгектер бойынша 70-ке жуық тіл білген.

Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музика салаларынан 150-ге тарта еңбек жазып қалдырыды. Алғашқы сауатын туған жерінде ана тілінде ашқан болашақ ғалым, 12 – 16 жас шамасында керуенге ілесіп, білім ізделп Бағдадқа кетеді. Бағдадта “Байт әл-хакма” атты ғалымдар үйі және әлемдегі ең бай кітапхана болған.

Әбу Наср әл-Фараби өз заманындағы ғылымның барлық салаларынан, өсіреле, математика, астрономия, физика, жаратылыстану ғылымдарынан көп мұралар қалдырыды. “Ғылымдар тізбесі” деген еңбегінде сол кездегі ғылымды үлкен-

үлкен бес салаға бөледі: 1) тіл білімі және оның тараулары; 2) логика және оның тараулары; 3) математика және оның тараулары; 4) физика және оның тараулары, метафизика және оның тараулары; 5) азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және дін ғылымы.

Әбу Наср әл-Фараби өмбебап музықант та болған. Саз аспаптарында ойнап, өн салған, өз жанынан өн, күй шығарған. “Музыканың ұлы кітабы” атты еңбегі бар.

Озінің барлық саналы ғұмырын ислам діні мен ғылымды бір-бірінен айырмай, егіз өргізуге арнаған ұлы бабамыз хижра жыл санауының 339 жылы ережеп (ражаб) айында, Шам қаласында (Дамаск) қайтыс болғанда оны сол елдің әміршісі Сайф әд-Даула өз қолымен жерлеген. Ұлы ғалымның мурдесі Сириядагы Баб әс-Сағир зиратында жатыр.



жырында: “Жиырма үш қала талқандалды. Үсін банту жерін, жұртын жайладық. Табғаш қағаны жауымыз еді”.

Осы жорық кезіндегі ең қаңқұйлы шайқас Шаңтұң жазығында болған. Шаңтұң шайқасында түркілер Таң империясының армиясын тасталқан етіп жеңеді. Енді Қапаған қағанның өзі Қытай императоры У патшайымға өктем талап қоюға мүмкіндік алады.

– Император ханым мені өкіл ұлым деп жарияласын, – деп сәлем жолдайды Қапаған қаған У патшайымға. – Қызымды Қытай ханзадасының ханымы етсін. Сарыжазықтағы түркілердің


### ӘБУ ИБРАЙИМ ЭЛ-ФАРАБИ

Әбу Ибраһим Исхақ әл-Фараби – қазақ дала-сынан шыққан ғұлама-лардың бірі, әдебиетші, тіл маманы, ұстаз. Туган жылы белгісіз, шамамен 951 жылы қайтыс болған. Әбу Наср әл-Фара-бидің замандасы. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының жеріндегі көне Фараби (Отырар) қала-сында туған. Жас кезінде сонда оқып, кейін білім ізделеп араб елдеріне аттанған. Біраз уақыт ерте кезден оқу, білім, ғылым орталығы болумен аты шыққан. Йемендегі Забид қала-сында тұрған. Көп жылдар шығыс елдерінде өмір кешіп, өзінің ғылыми еңбектерін жазған. Кейіннен Отанына ора-лып, ұстаздық етіп, туған шаһарында дүниеден қайтқан.



175

Сия сауыт. Біздің заманымыздың XII – XIII ғасырлар бүйімі. Көне қола. Отырар қаласынан табылған.



“Аң стилінде” жасалған ыдыс. Отырар қаласы. X – XI ғасырлар.



түгелін менің еліме қайтарсын. 100 мың қадақ тары, жер өндейтін 3 мың құрал-сайман және қару соғатын қорытылған темір берсін.

Мұндай талаптың астарында Таң империясы тағының мұрагері болашақта мен болуым керек деген өктем пиғыл жатыр еді. Эрине У патшайым мұндай пиғылды қабыл алмайды. Түркілер мен Таң империясы арасындағы қыргиқабақ соғыс жалғаса береді. Бұл соғыс Қапаған қағанға 714 жылы қытай кінәзінің қызын ұзатып, уақытша бітім жасаумен аяқталған.

### ЖӘУΗАРИ ФАББАС ИБН САИД

**176 Жәуһари Фаббас ибн Саид** (туған, өлген жылды белгісіз) – IX ғасырда Қазақстан мен Орта Азиядан шыққан астроном және математик. Оңтүстік Қазақстанның Отырар атырабындағы “Жәуҳарана” немесе “Гәуһарана” деп аталатын қалашықтан шыққан. Бағдадқа шақырылып, атақты Орта Азия математиктері және астрономдары Хорезми, Ферғани, Мервизилермен бірге Бағдад обсерваториясы мен “Даналық үйінің” негізін қалаған. Ол 829 – 30 жылдары Бағдадта және 832 – 33 жылдары Дамаскіде жүргізілген астрономиялық бақылауларға қатысады. Осы бақылаулар негізінде “Мамунның астрономиялық кестелері” деп аталатын еңбек жазылды. Жәуһари математикамен де шұғылданған. Ол – Евклид “Негіздерін”

түсіндіруге, толықтыруға арналған бірнеше трактаттардың авторы (“Евклид кітабына түсініктеме”, “Евклидтің бірінші кітабына қосылған сөйлемдер туралы кітап”, “Евклидтің бесінші кітабына қосымшалар”). Ол Шығыс математиктері ішінен ең бірінші болып Евклидтің параллель түзулер теориясын сынға алды. Өзінше үйгарым қабылдап, Евклидтің бесінші постулатын дәлелдеуге өрекеттенді. Дәлелдеу барысында үшбұрыштың орта сызығы туралы теореманы және бұрыш ішіндегі кез келген нүктеден бұрыштың екі қабыргасын да қызып өтетін түзу жүргізуге болатынын дәлелдеді. Жәуһаридің параллель түзулер теориясы туралы идеяларын кейіннен Эзербайжан математигі ат-Туси (1201 – 84) дамытты.



Шырағдан тұғыры. Біздің заманымыздың IX – XII ғасырлар бұйымы, Қазақстанның көне қоласынан жасалған. Жетісү өңіріндегі Талғар қалашығынан табылған.




Екінші Шығыс Түрік қағандығының сыртқы саясатындағы тағы да бір бағыт – өзіне туысқан тайпаларды бір мемлекет түсінгенде болатын. Осы мақсатпен Тоныкөк бастаған түркі өскерлері 709 жылдың қаңтарлы қысында Енисей қырғыздарына жорыққа аттанады.

“Күн демей, тұн демей желіп бардық. Қырғыздарды үйқыда бастық. Сұңгімен жол аштық. Ханы, өскери оянды. Соғыстық. Найзаластық. Ханын өлтірдік. Қағанамызға халқы бағынды. Жүгінді. Қайттық” деп айттылған осы жорық туралы “Тоныкөк” жырында.

Жырдан байқап отырганымыздай, Тоныкөк жасағы туысқан ха-

## ОТЫРАР ҚАЛАСЫ



Ежелгі Отырадың орны

Отырар, Фараб – Қазақстан жеріндегі көне қала. Отырар VIII ғасырдан бастап Тарбанд деген атаумен белгілі болған. Бұл атау Құлтегін мен Білге қаған құрметіне арналған көне түркі жазбаларында кездеседі. Отырар IX – X

ғасырдың өзінде гүлденген ірі қала, ғылымның орталығы болды. Мұнда ірі медреселер, ханакалар, мешіттер, кесенелер болды. Қала дуалмен қоршалған, үш қақпасы болған. Әлемге аты жайылған “Ұлы Отырар кітапханасы” да

осы қалада болған.  
Шыңғыс хан  
дәүіріндегі қырғында  
Отырар қаласы опат  
болды. Археологиялық  
қазба жұмыстар нәти-  
жесінде Отырар қала-  
сынан көптеген құнды  
бүйімдар табылды.  
Отырар қаласы XVI  
ғасырдан қазақ халқы-  
ның билігінде болып,  
XVIII ғасырдың басына  
дейін өмір сүрген.

177



Керамикадан жасалған шырғадан. Тараз қаласы. X – XII ғасырлар



лықты қырғынға ұшыратуды мақсат етпеген, бір орталыққа бағынғысы келмеген қағанын өлтіріп, халқын өз мемлекетіне қосуды көздеген.

Енисей қырғыздарын Екінші Шығыс Түрік қағандығына бағындырган соң, бас қолбасшы Тонықөк енді батыс түркілерді, яғни Түргеш қағандығына қарайтын бауырлас қалың елді өз мемлекеті құрамына қосып алуды ойлайды.

Осы мақсатпен ол Тарбағатай төсіне жорыққа аттанады.

Үшелік (кейбір деректерде Үшелі, Өжелі) іргесін бекіткен Түргеш

## ӘЛАМ ӘД-ДИН ӘЛ-ЖАУҢАРИ

**178 Әлам әд-дин әл-Жауңари** (Х – XI ғасырлар) – Отырардан шыққан ақын, ғалым. Исмаил әл-Жауңаридің ұлы. Ол туралы деректер бізге XIII ғасырда өмір сүрген ибн Сайд әл-Кифти мен неміс ғалымы Г.Зутер (1848 – 1922) арқылы жеткен. Ғалымның жастық шағы Аббас өuletі империясының күйреуі кезінде өткен. Эйтсе де ол жасынан жақсы тәрбие алып, үлкен білім көздерінен сусындаған. Сұлтан сарайлағында өтетін сөз зергерлері мен ғалымдар, ойшыл даналар, өнерпаздар кездесулеріне жиі қатысып, арасынан тұрған. Ол араб, парсы, ұнді халықтарының тілінде оқи да,

жаза да білді. Ол шешендік өнерімен, терең ойларымен тыңдаушыны баурап алатын болған. Ол ата жұрттынан шыққан, әкесінің жерлестері атақты Аббас әл-Жауңари, Әбу Наср әл-Фараби, Исхақ әл-Фараби шығармаларымен таныс болды. Тарихи деректер оның математика саласында аса күрделі еңбектер жазғанын, астрономиялық аспаптар жасау және оларды пайдалану ісінде асқан шеберлігімен танылғанын мәлімдейді. Ол ғалым-ақындар санатына жатады. Оның көптеген бейіттері “Әйел көркі – жүзінде, еркек көркі – ісінде” деген афоризмдік нақыл сарынында жазылған.



Шырағдан. Біздің заманымыздың XI – XII ғасырлар бүйімы. Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі Тараз қалашығынан табылған. Көне керамика.



Керамикадан киіз үй пішіндес жасалған шырағдан. Тараз қаласынан табылған. X – XII ғасырлар бүйімы



қағандығы бұл кезде Шаш (қазіргі Ташкент) қаласынан бастап, Тұрған мен Бесбалыққа дейінгі кең-байтақ алқапқа иелік ететін-ді. Таң империясының қолшоқпary Бөрі шадты Бесбалыққа қашуға мәжбур еткен Ушелік өз ордасын Шу өзенінің бойына орнатып, қарамағындағы елді 20 тұтықтыққа бөліп басқаратын еді. Эр тұтықтың жеті мыңға жуық өскер шығара алатын. Ушелік қаза тапқан соң Түргеш қағандығының тағына Сақал (Қытай деректерінде Согэ, соған сәйкес кейір қазақ тарихшылары оның есімін Сага деп те жазады) Жетісуға оңтүстіктен үнемі қатер төндіріп тұрган Қушадағы қытай гарнизонын

## ӘБУ РАЙХАН ӘЛ-БИРУНИ



Әбу Райхан әл-Бируни

Әбу Райхан әл-Бируни, Әбу Райхан Мұхаммед ибн Ахмед әл-Бируни – ұлы түркі ғалымы. 973 жылы қазіргі Қарақалпақстандағы Қият қаласының маңында туған. 1948 – 50 жылы Ауғанстан жеріндегі Фазни қаласында қайтыс болған. Негізгі еңбектері тарих, математика, астрономия, география, топография, физика, медицина, геология, минеро-

логия тағы басқа ғылым салаларын қамтиды. Әбу Райхан әл-Бируни көптеген тілдерді білген.

1000 жылы ортағасыр ғылымының энциклопедиясы аталған, өзінің әйгілі “Әл-құрун әл-Һалия” (“Бұрынғы үрпақтар ескерткіші”) деген еңбегін жазды. 1010 жылы Хорезм әкімі Мамун ибн Мұхаммед ұйымдастырған Үргеніштегі ғылыми орталықта Әбу Райхан әл-Бируни, Әбу Эли ибн Сина, Әбу Саһл Массих, Әбу-л-Хасан ибн Хаммар тағы басқа ғалымдар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Оның 1048 жылы жазылған “Асыл тастар” еңбегі екі бөлімнен тұрады, “1-бөлімде (36 тарау бар) лағыл, меруерт, ақық, маржан, қараба, алмас, шыны, жылан тасы тағы басқаларға сипаттама беріл-

ген. Ал, 2-бөлім (12 тарау бар) алтын, күміс, сынап, мыс, темір, қорғасын, қалайы тағы басқа металдар мен солардың қоспаларын сипаттауға арналған. Ал, “Масғұд каноны”, “Минералдардың меншікті салмағын анықтау ережесі” сияқты еңбектері белгілі. Жалпы алғанда ол 150 еңбек жазған, олардың 45 астрономия мен математикаға арналған. Әбу Райхан әл-Бируни дүниенің гелиоцентрлік жүйесін (Коперниктен 500 жыл бұрын), денелердің Жерге қарай тартылуын (Галилей мен Ньютоннан 600 жыл бұрын) болжаған. Әбу Райхан әл-Бируни Әлем қартасын жасаған. Топографияға байланысты “Геодезия” атты үлкен еңбек, дәрігерлік еңбектер жазған. Олар әлем тілдеріне аударылған.


тас-талқан етеді. Осы жорықтан соң Тұргеш қағандығының онтүстік шекарасында біршама уақыт тыныштық орнайды. Алайда қаған тағынан үміті бар Сақалдың інісі Женуй ордада бүлік үйымдастырып, Қапаған қағаннан көмек сұрайды.

Тоныкөк басқарған Екінші Шығыс Турік қағандығы өскерлерінің Тұргеш қағандығына 710 жылы жорық жасауына Женуйдің әлгі өтініші себеп болған.

“Сол сөзді естіп, өскермен жорыққа аттандым, – деп жазылған “Тоныкөк” жырында, – Алтын қойнауын жолсыз аштым. Ертіс өзенін

## ӘБУ ЭЛИ ИБН СИНА

180



Әбу Эли ибн Сина. С. Марфиннің 1968 жылы салған суреті

Әбу Эли ибн Сина – ортағасырлық ғалым, философ, дәрігер. 980 жылы Бұхара қаласының жанындағы Афтан ауылында туып, 1037 жылы Хамадан қаласында қайтыс болған. Латынша транскрипциясы (аты-жөні) – Авиценна. Басты философиялық еңбектері – “Дауда

кітабы”, “Өсиеттер мен кеңестер кітабы”, “Білім кітабы”. Оның философия және жаратылыстарының ғылымына арналған еңбектері, поэзиялық шығармалары да сақталған. 16 жасынан бастап жергілікті тәбиб әдістерін үйренді, кітаптардан ескі грек, руми, үнді, парсы, қытай медицина негіздерін оқып, өндеді. Гиппократ пен Галеннің еңбектерімен толық танысты, олар айтқан қағидаларды толықтырды, қатесін түзетті, ескірген ұғымдарын алып таstadtы. Әбу Эли ибн Синаның арқасында Гиппократ пен Галеннің даңқы қайта жайылды, әйтпегенде Еуропада олардың еңбегі түгіл есімі де ұмытыла бастаған еді. Оның күрделі туындысы – “Дәрігерлік ғылымның каноны” (“Китаб әл-канун фи-т-тибб”).


Араб, латын, тағы басқа әлем тілдеріне XII ғасырдан бастап аударылып, басылып келеді, 15-20 том болып жарық көріп жатты. Ол осы ғылыми еңбектері арқылы V – VI ғасырлар бойы медицина ғылымының дара жетекшісі, дәрігерлердің ұлы ұстазы болды. “Медицина ханзадасы”, “Шейх уррайс” деген ұлы есімге ие болды. Оның еңбектері араб, тағы басқа тілдерді санамағанда латын тіліне 30 шақты рет басылды. Әбу Эли ибн Синаның ең негізгі насхаты – саулықты күні бұрын сақтау. Бұл жөнінде оның қоятын шарттары: тағамды талғай білу, денені шынықтыру және таза ұстau. Қазіргі медицина ғылымында қолданылатын емдік жүйенің негізін Әбу Эли ибн Сина қалап кетті.



өткелсіз кештім. Тұн қаттық. Балшыға таң ата жеттік. Хабаршы келді, сөзі мынадай: “Жарас жазығына он мың қол жиылды” – деді. Бұл сөзді естіп, бектердің бәрі “Қайтайық. Өлімнен ұят қүшті” – деді. Мен былай дедім: “Мен – Білге Тонықөкпін. Алтын қойнауын асып келдік. Ертіс өзенін кешіп келдік. Келген адам – батыр. Бізді білмейді. Тәңірі – Ұмай анамыз, қасиетті жер-суымыз қолдайды бізді. Қөп екен деп неге қашамыз? Азбыз деп неге қорқамыз. Неге басындырамыз? Шабамыз!” – дедім. Шаптым. Қудық. Екінші күні тағы келді. Өрттей жанып келді. Соғыстық. Бізден екі-үш есе артық еді. Тәңірі қолдаған-

## МАХМУТ ҚАШҚАРИ

Махмұт Қашқари, Махмұт ибн әл-Хусейн ибн Мұхаммед – түркі халқын өлемге танытқан ұлы ғалым. Туған және қайтыс болған жылы белгісіз, XI ғасырда өмір сүрген. Махмұт алдымен Қашқар қаласында білім алып, кейін Бұхара мен Нишапур қалаларында жалғастырған. Махмұт Қашқари ғылымның барлық саласын қамтыған, өлмес мұра “Диуан Лұғат ат-турк” (“Түркі тілдерінің сөздігі”) еңбегінде түркілердің өмір-салтын барлық қырынан ашып берген. Онда XI ғасырда өмір сүрген көптеген түркі тайпаларының қалалары, олардың туысқандық бөлініс, ас-ерекшелігі, дәстүрі бәрі-бәрі қамтылған. Қазақ жерінде сол дәүірде болған оқиғалар жайында мол мәлімет берілген, Махмұт Қашқаридың еңбегі түркология ғылымының ірі жетістігі.



“Диуани лұғат ат-турк” еңбегіндегі карта.

“Диуани лұғат ат-турк” Махмұт Қашқаридың ірі еңбегі. Бүкіл әлемдегі түркі тілдес халықтардың бәріне бірдей ортақ асыл қазына. “Диуани лұғат ат-турктің” автор қолымен жазылған

түпнұсқасы сақталмаған. Көшірілген бір нұсқасы Стамбулдың Фатех кітабынан табылды. Фалым А. Егеубайдың аударуымен бұл еңбек қазақ тілінде 1997 – 1998 жылдары жарық көрді.



дықтан көп деп біз қорықпадық. Соғыстық. Тардұш шады айқасқа қатысты. Жендік. Қағанын тұтқындадық. Жабғысын, шадын сонда өлтірдік. Елудей ерін тұтқындадық. Сол түні ел-елге елші жібердік. Осы хабарды есітіп, он оқтың бектері, халқы – бәрі келді. Бағынды.”


Жас дос! Біздің VIII ғасырдың басында тасқа қашап жазылған “Тоныкөк” және “Құлтегін” жырынан қайта-қайта мысал келтіріп отырған себебіміз – бұл жырлар біздің ата-бабаларымыз қалдырган құнды әдеби мұралар ғана емес, өте бағалы тарихи деректер жинақталған

### ҰЛЫЛАРҒА ТАҒЗЫМ

182



М.Қашқари мен Ж.Баласагұниға Бішкекте қойылған ескерткіш. 1995 жыл



Шырағдан. XI – XV ғасырлар



Ваза. XI – XV ғасырлар



күжат та іспетті. Жырдан байқалып отыргандай, Жарас жазығындағы шайқас қанқұйлы сипатта болған. Бүкіл түркі халқын біріктіріп, бәрінің билеушісі болу түргеш қағанының да мақсаты еді. Эрі олардың әскерінің саны да көп болатын. Соған қарамастан, Тонықөк, Білге, Құлтегін басқарған Екінші Шығыс Түрік қағандығы әскерлері жеңіске жетеді. Түргеш қағаны Сақал (немесе Саға) да, оның опасыз інісі Женуй де тұтқынға түсіп, қаза табады. Он оқ елі (яғни батыс түркілер) түгелімен Екінші Шығыс Түрік қағандығына қосылады.

Бірақ түргеш әскерлерінің бас қолбасшысы Сұлұқ (кейбір дерек-

## ЖҰСІП БАЛАСАҒҰНИ

Баласағұни Жұсіп Хас Хажип – ақын, ғұламағалым. 1020 жылы Баласағұн қаласында туған. Қайтыс болған жылы белгісіз. Баласағұнидың біздің заманымызға дейін жеткен ең ірі туындысы 1069 жылы жазылған “Құдатғу білік” (“Құт әкелетін білім”) поэмасы. Поэманың үш нұсқасы сақталған. Мұның алғашқысы 15 ғасырда Гераттан (Ауғанстан) табылған. Бұл нұсқасы Вена қаласында сақтаулы. Араб әрпімен жазылған 2-нұсқасы Каирда үлттық кітапханасында, ал араб әрпімен жазылған 3-нұсқа Наманғаннан (Өзбекстан) табылған. Шығарма негізі әділдік (Құнтолды), бақыт (Айтольды), ақыл (Ойтольды), молшылық (Жетелеу什і) сияқты кейіпкерлердің өміріне тән образдар мен теңеулер молынан пайдаланылған.

Құтты білік, “Құтадғу білік” – атақты Жұсіп Баласағұнидің ірі шығармасы. Бұл шығарма 1070 жылы жазылды. Шығарманың қолжазба түпнұсқасы жоғалып кеткен. Алайда, оның көшірілген үш нұсқасы бар. Осы қолжазбалар Герат (1439), Каир (1896) және Наманған қалаларынан табылған, 85 тарау, 13000 өлең жолынан тұрады. Шығарма төрт таған, яғни төрт тақырып бойынша жүйеленген: 1. Мемлекетті дұрыс басқару. 2. Бақ-дәулет, елге құт қонсын деген мақсат. 3. Ақыл-парасат. 4. Қанағат – ынсан. Қоңе түркі тілінде жазылған “Құтты білік” барлық түркі халқына ортақ асыл мұра. Поэманың идеясы Эл-Фарабидің “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы” атты трактатымен үндес.



183


Шығардан тұғыры. Біздің заманымыздың IX – XII ғасырлар бүйімы, Қазақстанның көне қоласынан жасалған. Жетісү өңіріндегі Талгар қалашығынан табылған.

терде Сұлушор) шығыс түркілерге бағынбаған шағын топпен Сырданиядан өтіп, Соғды жеріне қарай шегінеді. Солардың ізінен құған Тонықек, Білге, Құлтегін жасағы 712 – 713 жылдар шамасында Соғды жеріне жетеді. Міне, осы аумақта олар оңтүстік-батыстан төніп келе жатқан жаңа күш – Араб халифаты әскерлерімен кездеседі. Шығыс түркілер Соғды патшасы Гүрек әскерлеріне көмектесіп, араб армиясының қолбасшысы Кутейба ибн Мұсілім сарбаздарына қарсы шайқастарға қатысады.

Алайда Тонықек әскери бұл шайқастың соңына дейін болмаған.

### СЫҒАНАҚ ҚАЛАСЫ

184



Сығанақ қаласының орны

Сығанақ, Сунақ – Қазақстандағы ортағасырлық қала орны. Сырдария өзенінің бойындағы Төменарық ауылынан 10 шақырым жерде орналасқан. Ертедегі Сығанақ Қыпшак мемлекетінің сауда және саяси орталығы болған. Сығанақ Ақ Орданың орталығы болған. XV ғасырдың 80-жылдары қаланы қазақ ханы Бұрындық иеленген. XV – XVIII ғасырларда қала бұрынғысынша сауда орталығына айналған. Сығанақ XVIII ғасырга дейін жеткен. Қаланың қазіргі орны Сунақ ата деп аталады.




Қапаған қаған ордасындағы тоғыз оғыздар бүлігі оларды тезірек еліне оралуға мәжбүр еткен.

Тоғыз оғыздар (ұйғырлар, байырқылар, басымылдар, қарлұқтар, оғыздар т.б.) Екінші шығыс түркі қағанатына ресми бағынғанымен, қолайлы сөтті қалт жібермей бүлік шыгарып, орталық мемлекеттен бөлінуге дайын тұратын.

Тоныкөк, Білге, Құлтегін Соғды жерінен оралған соң, Қапаған 716 жылы ордада Құлтегінге қалдырып, қалған өскерді өзі бастап, байыр қылардың бүлігін басуға аттанады. Шығыс түркі өскерлерінің негізгі

## САУРАН ҚАЛАСЫ



Бекініс мұнарасы. Сауран қалашығы

Сауран – Қазақстан жеріндегі орта гасырдағы ірі қалаларың бірі. Түркістанның солтүстік-батыс жағында, 30 шақырым жерде орналасқан. Сайрам ол кезде Сырдария алабындағы маңызды сауда орталығы ретінде белгілі болған. Араб тарихшысы Мақдисидің шыгармасында “Сауран жеті қабат дуалмен қоршалған үлкен қала, оның ішінде рабат, мешіт бар” деп жазған. XIII гасырдың орта шенінде Сауран Ақ Орданың астанасы болды. XVII гасырдың аяғында қаланы Әмір Темір өскери қамалға айналдырган. XVI гасырда Сауран мұнаралы биік дуалдармен қоршалған үлкен қала болған. Сауран XVII гасырдың аяғы мен XVIII гасырдың басында әлсіреп, XIX гасырдың басында біржолата күйрекен. Қаланың ішіне қақпа арқылы кіруге болады. Қаланы қоршаған дуалдың сырт жағында көптеген каналдарды іздері сақталған.




бөлігінің қаған ордасынан алыста жүргендігін пайдаланып, үйғырлар мен қарлуктар ордаға шабуыл жасайды. Құлтегін батыр ордада қалған шағын қолмен-ақ бүлікшілер жасаған тас-талқан етеді. Бұл кезде Қапаған қаған да көтерілісші байырқылар тайпасын қайта бағындырып, ордасына қайтып келе жатады. Дәл осы сапарында жолда жасырынған байырқылар оғынан Қапаған қаған мерт болған.

Ағасына арналған жұбату жырында Білге қаған: “Қарулылар қайдан келіп, тағы сені құлдыратты? Найзалылар қайдан келіп, тағы сені ыдыратты? О, қасиетті Өтүкен қойнауының халқы, бостың. Біресе

### САУРАН ҚАЛАСЫ

186



Сауран қаласының орны



ілгері шаптың, бірсек кері шаптың. Барған жерде не пайда таптың? Қаның судай құйылды, сүйегің таудай үйілді. Бек ұлдарың құл болды, пәк қыздарың күң болды. Білместігіңен, жалтақтығыңдан ағам қаған дүниеден өтті. Басына қырғыз қағанының балбалын қойғыздым”, – деп жаздырды.

Қапаған қаған қайтыс болған соң, оның ұлдары мен қытай әйелі арасында таққа таласқан қырқыс басталды. Мұндай ішкі алауыздық елдің бірлігіне сызат түсіретініне көзі анық жеткен Құлтегін батыр қатал да қажетті шешім қабылдайды. Ол өзіне қарасты жасақтарды

### САЙРАМ ҚАЛАСЫНЫҢ ОРНЫ



Сайрам қаласының орны

Сайрам, Исфиджаб – Оңтүстік Қазақстанның орта ғасырдағы ірі қалаларының бірі. Жұрты қазіргі Сайрам кентінің оңтүстік батысында, Шымкент қаласынан 12 шақырым жерде сақталған. Сайрам жайлы алғашқы дерек Махмұт Қашқаридің “Диуани лұғат ат-түрік” атты еңбегінде кездеседі. Онда: “Сайрам – Исфиджаб деп аталатын ақ қаланың

аты” делінген. Демек, Сайрам – Исфиджабтың кейінгі аты. XV – XVIII ғасырларда қазақ хандықтары кезінде Сайрам ірі сауда, қолөнер және діни орталық болған. Сайрам қаласының айналасы төрт қақпалы дуалмен қоршалған, кең алқапты жерді алып жатқан қала орны қазір сақталған. Қала ішінде көптеген мазарлар орны бар. Ең көнесі – Падишаһ Мәлік баба мазары.



Сайрам қаласындағы су құбарлары



Үдис. XI – XII ғасырлар бүйімі




маңына жинап алып, өзара соғысып жатқан Қапаган қағанның ұлдарын да, қытай ханымын да түтқындайды. Жорықта жүрген ағасы Білгені суыт сарайға шақыртады.

– Білге аға! – дейді ағасының алдынан қалың әскермен сап түзеп шыққан Құлтегін батыр. – Экеміз Елтеріс те, сен де, мен де еліміз үшін қан кешіп қағанат құрдық. Міне, соның шаңырағы ортасына түсуге шақ тұр. Сен шадсың – занды мұрагерсің. Қаған бол! Қағанатты қалпына келтіру сенің гана қолыңдан келеді. Биле елінді! Біз сенің қағанатдығынды мойындаң, әмірінді екі етпеуге ант береміз!

### БАБАТА ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰРТЫ

188



Бабата қаласының орны

Бабата – Қазақстандағы ортағасырлардан сақталған қала жұртты. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Бабата ауылының маңында орналасқан. Бабата – Түркістан мен Сайрамнан кейінгі өулие баб-

тардың жиналышп, Қыпшақ даласына ислам дінін таратуда үлкен орталық болған кенттердің бірі. Оны алғаш өркендетуші Ысқақ баб (халық Баб Ата деп атап кеткен). Осы кісінің құрметіне кент

те осылай аталған. Бабата кенті ғылыми әдебиетте көптен белгілі. Ортағасырлардағы жазбаларда жиі кездесіп отырады. XX ғасырда Бабата толық зерттеліп, оның кенттік құрылышы, мәдениеті, архитектурасы жайлы деректер жарықта шыққан. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы 1946 жылы зерттеген. 1953 – 54, 1957 – 58 жылдары экспедиция тұрақты қазба жұмыстарын жүргізді.



Табақша. IX – X ғасырлар бүйімі




“Ант береміз! Ант береміз!” деген қалың өскердің үнінен ұлы даға күніреніп кетті. Тоныкөк абыз жаңа қағанға ақ батасын берді. Бұл 716 жыл болатын.

Білге ұлы қаған тағына отырған соң, Екінші шығыс түркі қағанатының қайта түлеу дәуірі басталады. Туысқан түркі тайпалары бір мемлекет туы астына қайта топтасты. Білге қаған теле, тоғыз оғыз, түргеш тайпаларын өз бауырына тарта білді. Түргештер билеуші Сұлұқпен дос-жаран болып, оған өз қызын ұзатты.

Алайда қидандармен, тибеттіктермен соғысын бітіріп, есін жиып

### БАБ АТА КҮМБЕЗІ



Баб Ата күмбезі


Баб Ата күмбезі – 189  
Қазақстандағы сөулет өнері ескерткіші.  
Күмбез Әзірет Әлінің (Әли ибн Әбу Талиб)  
жетінші ұрпағы Ысқақ бабтың немесе Баб Ата-  
ның құлаған мазарының орнына күйдірілген шаршы кірпіштен түргызылған. Құрылыштың астыңғы негізгі бөлмелері төртбұрышты. Кесенені зөулім биік етіп көрсетіп түрган бас күмбез сегіз қырлы барабан үстіне салынған. Шағындау екінші күмбез де осы улғіні қайталайды. Баб Ата күмбезінде намаз оқитын үлкен бөлме, сагана, діни-рәсімдік, тағы басқа бөлмелер бар. Күмбездердің ішкі жағы жазулармен, өсімдік өрнектерімен бәзендірілген.



алған Таң империясы енді түркілер еліне көз аларта бастады. Алдымен басмыл, ұйғыр тайпаларын Түрік қағандығына қарсы айдал салуға тырысты. Осындай қитұрқы саясаттың алдын алған Білге қаған 720 жылы қыста қытайлықтардың өзіне қарсы шабуылға шығып, империя өскерін тас-талқан етіп жеңді. 721 жылы қидандар, 722 жылы татабтар Түркі қағанатының боданына айналды. Енді Таң императоры Екінші шығыс түркі қағандығының көсемі Білге қағанмен санасып отыруға мәжбүр болды. 724 жылы Сарыжазықтағы екі ел шекарасында айырбас сауда жасайтын базар ашылды.

## АЙША БИБІ

**190** Айша бибі – шамамен XI – XII ғасырларда өмір сурген аруқызы. Экесінің есімі – Айгожа. Айша бибі еліне сапарлап келген Қараханмен жүздесіп, бір-бірін ұнатады. Алайда тұтқылдан елін жау шапқанын естіген Қарахан дереу еліне аттанады. Үәдел кезде хабар болмаған соң, аландаган Айша бибі күйеу жігіт еліне барып, бір хабарын білейін, аман болса алдыңызға келіп ақ батаңызды алып қосылармыз деп, өкесінен рұқсат сұрайды. Бірақ қыз өкесі келісімін бермейді. Үш рет өтініп, меселі қайтқан Айша бибі 40 қыз жолдас ертіп, Қараханның еліне өз бетімен аттанады. Ел шетіне таяғанда дем алмақшы болып су бойына тоқтап жуынады. Сол кезде сөукеленің ішінде жа-



Айша бибі кесенесіндегі бағананың өрнегі

сырынып қалған улы жылан Айшаны басынан шағып алады.

Қыздардың хабарын естіп Қарахан да жетеді. Бірақ Айша тілге келмейді. Ең болмаса о дүниеде қосылайық деп Қарахан осы жерде Айшамен некесін қидырады.


Келін болып босаға аттамаса да, үәдеге берік Айшаның соңғы демі өз қолында шыққанына әрі риза, әрі құса болған Қарахан сол Айша бибі қабірінің үстіне күмбез түрғызырады. Халық Айша бибині әулие санатына қосып, табынады.



Ал 725 жылы Білге қаған ордасында Таң империясының елшісі Юань-Чжен болып, екі ел арасында келісім шарт жасалған. Осы келісім шарт бойынша Таң империясы Екінші Түрік қағандығына жылына 100 мың тай жібек беріп тұрмақ болды. Сондай-ақ, Білге қаған Қытайдың ішкі өлкесіне қымбат бағамен сәйгүлік аттар сату құқығына да ие болды. Осы келісім шарт негізінде түркілер мен қытайлықтар отыз жыл бойы бейбіт ғұмыр кешті.

Тонықөк дананың қай жылы дүниеден өткені белгісіз. Ал Құлтегін батыр 731 жылы қайтыс болған. Ол Орхон өзенінен (қазіргі Монголия

### АЙША БИБІ КЕСЕНЕСІ



Айша бибі кесенесінің кіре берісі

Айша бибі кесенесі – 191  
Қазақстандағы сәулет өнері ескерткіші. XII  
ғасырда салынған.  
Жамбыл облысындағы  
Айша бибі ауылында  
орналасқан. Құмбезді  
Қарахан салдырған.  
Бірақ кесенені салған  
сәулетші туралы нақты  
дерек жоқ. Кесене орта-  
сында құлпытас орна-  
тылған. Айша бибі  
кесенесіндегі бағаналар-  
ға араб әрпінде жазуы  
бар белдеу жүргізілген.  
Солардың бірінде “күз,  
бұлттар, дөңгеленген  
дүние...” деген сөздер  
жазылған. Айша бибі  
кесенесіне 60 түрлі әше-  
кей қолданылған. Кесе-  
не құрылышынан Әмір  
Темір дәуіріндегі сәулет  
өнерінің дәстүрі айқын  
аңғарылады. Ескерткіш  
мемлекет қоргауына  
алынған.



аумағында) 40 шақырымдай жердегі төбеге жерленген. Білге қаған інісі Құлтегіннің есімін мәңгі есте қалдыру үшін түркілер елінің тарихын, Құлтегіннің ерліктерін тасқа қашатып жаздырган. “Құлтегін жазуы” деген атпен дүниеге танылған бұл жыр – әлемдік мәдениеттегі аса құнды ескерткіштердің бірі болып табылады. 2000 жылы осы ескерткіштің дәл қайталанған көшірмесі Құлтегін батырдың тікелей мұрагерлерінің бүгінгі елі – Қазақстанға жеткізіліп, Астанадағы Еуразия университетінің үлкен залына қойылды. Ал Білге қаған болса, 734 жылы сатқын бекзадалардың уынан дүние салған. Оның орнына

### БАБАЖЫ ҚАТЫН КЕСЕНЕСІ

192




Бабажы қатын кесенесі

Бабажы Қатын кесенесі – Қазақстандағы X – XI ғасырдан сақталған сөүлет өнері ескерткіші. Тараз қаласынан 18 шақырым қашықтықтағы Айша бибі кесенесінің маңында орналасқан. Текше төрізді тік бұрышты, қызыл кірпіштен түрғызылған. Ескерткіш қос беті мен екі қапталы бір-біріне үқсас, мәнер-

леп қаланған кірпіштен күн төрізді өрнектер жасалған. Жоғары жағы аркалы, ішке кірер есік шығыс жақ қабыргасында орналасқан. Қабыргалардан сегіз қырлы барабанға аудысатын белдеу жасалған. Оның үстінен ішкі еңсенің 16 қырлы күмбезі басталады. Мұндай күмбездер Қазақстандағы Қеккесене, Жұбанана сияқты

көне ескерткіштерден кездеседі. Бірін-біріне қаптай салған қос күмбез ескерткіштің ұзақ сақталуы на себепші болған. Күмбез тұғыры аршамен құрсауланып, тақталардан суағарлар жасалуы сол кездегі құрылыш өнерінің өте жоғары дәрежеде болғанын көрсетеді. Бабажы қатын кесенесі сыртқы пішімінің жинақылығымен, құрылышының беріктігімен ерекшеленеді.




Керуен жолындағы мазар. XI – XII ғасырлар ескерткіші



таққа отырған ұлы Иоллық тегін есімі біздің заманымызға Күлтегін мен Білге қағанға арналған тастағы жырлардың авторы, ұлы жырау ретінде жетті.

Иоллық тегін 739 жылы өз ажалынан қайтыс болады. Билік оның кіші інісі Құтылық Білге қағанға көшеді. Ал 744 жылы көктүріктер әuletі билігі үзіліп, Екінші шығыс түркі қағанатының тағы басымыл тайпасының өкілдеріне көшті. 747 жылы билікті үйғырлардың яғлакар тайпасының өкілі Елетміш Білге қаған алды. Тарихта “Тұрған қағандығы” деген атпен белгілі болған яғлакар руы мемле-

## ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ҚОРҒАНЫ



Қорған XVI – XIX ғасыр. Түркістан

Түркістан, Иасы – Қазақстан Республикасындағы қала. Сырдарияның оң жақ жағалауында, Қаратай жотасының етегінде орналасқан.

Қаланың іргетасы біздің заманымыздағы 1 мыңжылдықтың орта шенінде қаланған. Түркістан ежелгі аты – Иасы. VII – XII ғасырларда Түркістан Түрік қағанатына қарады. Қожа Ахмет Иасауи осында келіп қоныс тепкен кезде атақданққа бөлөнді. Қожа Ахмет Иасауи қайтыс болғаннан кейін оның қабірі

басына мазар тұрғызылды. Ол қасиетті орын деген атқа ие болды. Қаланың Ұлы жібек жолының бойында болуы, жер жағдайдың қолайлылығы, сонымен бірге адамдардың мазарға төүеп етуі, сауданың қызу жүруі елді мекеннің өркендеуіне ықпал етті. Әмір Темір Тоқтамысты талқандағаннан кейін жаулап алған олжаның бір бөлігін Қожа Ахмет Иасауи кесенесін салуға жұмсайды. Иасы орта ғасырда Орта Азия гимараттары үрдісі бойынша дамыды: қамал,

шашристан, рабад қалыптасты. XV – XVII ғасырларда зираттың төңірегінде ақ сүйектер күмбездері салынып, олардың ішінде Рабига Сұлтан Бегім, Есім хан күмбездері ерекше маңызды болды. Түркістан Есім ханнан бастап қазақ хандығының орталығы болды. Сол кезден бастап Иасы қаласы Түркістан деп атала басталды. Сол кезеңде Түркістан қаласын балшықтан соғылған қамал қоршап тұрды. XIX ғасырдың 60 жылдары Түркістанда 20-ға жуық мешіттер, 2 медресе, 5 мындей тұрғыны болды. 1991 жылы Түркістанда Қожа Ахмет Иасауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің негізгі қаланып, қазіргі кезде елі-міздегі жетекші білім беру ордасына айналды. ЮНЕСКО шешімімен Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы өлемдік деңгейде аталып өтілді (2000).

193



кетінің түбіне олар Тибет ламалары ықпалымен қабылданған манихей діні жетті. Жат діннің ықпалына ұшырап іштей әлсіреген Турфан қағандығы IX ғасырдағы қыргыздар шабуылынан соң өмір сүруін тоқтатты. Түркі тайпалары арсындағы ендігі билік қарлуктарға көшті.

Бұл кезде түркі тайпаларының оңтүстік-батысынан төнген жаңа ықпалды құш – арабтар қатері өсе түскен еді.

Араб сахабаларының шабуылдарына түргештер билеушісі Сұлукқана тойтарыс беріп тұрды. Шамамен 720 – 721 жылдары Сұлукқ

## АРЫСТАН БАБ

**194 Арыстан баб – өулие.** Діни ақыздар бойынша Қожа Ахмет Иасауиге алғашқы ұстаз болған. Арыстан баб есімі Отырар, Сайрам, Иасы өндіріндегі сопылардың рухани ұстазы ретінде кеңінен жайылған. Оның үрпақтары да кейін Иасауи құрган сопылық ұйымдар жетекшілері болды. Арыстан бабтың өулиелігін халық мойындаған. Сондықтан зиярат етушілер бейсенбі сайын өулие басына түнеп, гибадат етеді. Ел арасында “Арыстан бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле” деген ұлагатты сөз бар.

Арыстан баб Отырардағы мубайдидай ілімін ұстаушылар қауымының рухани жетекшісі болған. Ал мубайдидай бағыты сол кездегі алдыңғы қатарлы ілімдердің бірі еді. Оның негіздерінен ғұламағалым Эбу Наср әл-Фараби де рухани азық алған.

Молла Мұса Сайрамидің “Тарих-и аминийа” атты еңбегінде келтірілген XVI ғасырда өмір сүрген

Әбілғазы Ұбайдаллах хан куәландырған шежіре бойынша, Арыстан бабтың арғы тегі Әзірет Әліден таратылады: Әлі имам Мұхаммед Ханафийа – Абд әл-Фаттах Баб – Абд әл-Жаббар Баб – Абд әр-Рахман Баб – Абд әр-Рахим Баб – Абд әл-Жалил Баб – Абд әл-Карим Баб – Ысқақ Баб – Исмаил Баб – Омар Баб – Осман Баб – Ифтихар Баб – Махмуд Баб – Иліяс Баб – Арыстан Баб. Арыстан баб есімі Қожа Ахмет Иасаудің “Диуани Хикметінде” жіңі аталады. Өлең жолдарынан Арыстан бабтың ұстаздық қызметі айқын байқалады. Бірінші хикметте “жеті жаста Арыстан Бабама бердім сәлем” деп ұстазымен алғаш кезіккен уақытын көрсетеді.

Тәрбие, оқудың кейір қырларын “Арыстан бабам ислам дінін баян қылды” (екінші хикмет), “мың бір зікір үйретіп, мейірбандық жасады” (тоқсаныншы хикмет) деген сөздерден

тансығандай боламыз.

“Арыстан бабам айтты”, “Арыстан бабам сөздері, естініз, тәбәррәк” деген жолдар жиңі қайталанатын тоқсаныншы хикмет Арыстан баб өситеттерінен тұрады десе де болады. Оның бірінші болігі құдай жолына түскен шәкірттердің қандай болуы тиіс деген сауалға ұстаздың берген жауабына ұқсайды. Онда дүние мен мансап үшін істелетін жамандық пен қиянат атаулының бәрінен қаш деген уағыз айтылып, талапкерге хақ жолынан айныма деген үндеу орын алған. Хикметте “кісі малын жейтіндерді”, “айла қылатындарды”, “иманын, дінін бергендерді” өшкере-лейді, нысапшылдық, қанағат-рахым дәріптеледі.

“Диуани Хикмет” бізге Арыстан бабтың тәлім-тәрбиесінің мазмұны сопылық, ал ол адамның рухани жағынан жетілу жолы екенин уағыздайды. Арыстан бабтың қабірі ежелгі Отырар қаласының маңында.



әскерлерінің қолбасшысы сары түргештер тайпасының көсемі Құлашор (араб деректерінде Курсуль) Соғдыдағы араб әскерлеріне қарсы сәтті ұрыс қимылдарын жүргізген.


Омейя әулетінен шыққан Хишам халиф тұсында арабтар Сұлұққа арнайы елші жібереді. Осы елшілік кезінде болған оқиғалар араб тарихшысы Ибн әл-Факихтың әңгімесі арқылы бізге жеткен.

“Мен қағанның қабылдауына кірген кезде, – деп еске алады елші, – қаған өз қолымен ер жасап отыр екен.

– Бұл кім? – деп сұрады қаған тілмашынан.

### АРЫСТАН БАБ КЕСЕНЕСІ

195



Арыстан баб кесенесі

Арыстан баб кесенесі – Түркістан халқының арасында мұсылман дінін таратушы Қожа Ахмет Иасаудің ұстазы болған Арыстан баб ата қабірінің басына салынған ескерткіш. Кесене дәлізхана, мешіт, құжырахана, азан ша-

қыратын мұнара сияқты жеке бөлмелерден құралған. Кешен XII ғасырда салынған.

Арыстан баб кесенесі XX ғасырдың басында жергілікті халықтың қаражатымен Меккеге қараған есігі Түркістанға, Әзірет

Сұлтанга бағытталып қайта жөнделді. Кесене мемлекет қоргауына алынған. Арыстан бабтың қабірі ежелгі Оттырар қаласының маңында орналасқан. Арыстан бабқа зиарат етушілер, соның басына барып түнейді.



- Менің боданым ба?
- Арабтар тайпасының елшісі.
- Иә.

Содан соң, қаған мені шатыр ішіне алып баруга бүйрық берді. Онда ет көп екен, бірақ нан аз. Аз уақыттан соң, қаған мені өзіне шақыртты.

– Саған не керек? – деп сұрады ол. Менің оған өтірік айтуыма тұра келді. Мен қағанға өз өміршім оның ислам дінін қабылдауға кеңес бергенін жұқалап жеткіздім.

- Ислам деген немене? – деп сұрады қаған.

### ҚАРАШАШ АНА КҮМБЕЗІ

196



Қараша ана күмбезі – XIII – XIV ғасырларда Қожа Ахмет Иасаудің анасы Қараашастың басына тұргызылған архитектуралық ескерткіш. Оңтүстік Қазақстан облы-

сының Сайрам ауылында орналасқан. Күмбездің жалпы жобасы шаршыланып келген, төбесі күмбезді, биіктігі 7,08 метр. Беріктік үшін қабырға қалауына

қосымша тіреу ретінде арша қондырылған. Оңтүстігі мен батысында екі порталы бар. Өрнекті кірпіш қалау әдісімен күмбез дөдегесін айналдыра басқұр тартқан.




Мен қағанға ислам дінінің ережелерін, міндеттерін айтып бердім.

– Исламды кімдер ұстанады? – деп сұрады қаған.

– Қала тұрғындары, олардың ішінде ұсталар, шаштараздар тігіншілер, етікшілер бар.”

Осы өңгімен соң, Сұлұқ қаған араб елшісін төбе басына алыш шығып, өз әскерлерінің шеруін көрсетеді. Шу өзенінің сағасына сығылысқан қалың әскер сап түзеп, елшінің алдынан өтіп жатты. Сарбаздардың легі таусылған кезде араб елшісінің де қабагы түсіп кеткен еді. Сұлұқтың осыншама көп әскери бар деп ойламаған.

## ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ




Қожа Ахмет Иасауи

Қожа Ахмет Иасауи – түркістандық ғұлама. Қожа Ахмет Иасауи Сайрам (Исфиджаб), қаласында дүниеге келді. Ол “Диуани Хикмет” атты еңбегінде өзінің Түркістанда туғандығын білдіріп отырады. Қожа Ахмет Иасаудың туған жылы анық емес. Кейбір де-ректер оның жұз жи-ырма бес, жұз отыз жыл өмір сүргенін ай-

тады. Иасауи 1103 жылы туған деген көзқарас басым. Оның әкесі Исфиджабта атақ, даңққа бөленген әулие Әзірет Элінің үрпағы – Шейх Ибрахим. Анасы – Мұса шейхтың қызы Айша (қазақтар ол кісіні Қараашап ана дейді). Мұса шехта Исфиджабта әулиелік кереметімен танылған адам болған. Қожа Ахмет Иасаудың ұстазы атақты Арыстан баб. Иассаудің алғашқы шәкірті атақты Арыстан бабтың ұлы Мансұр Ата, екінші шәкірті – Сайд Ата Хорезми, үшінші шәкірті – Сүлеймен Бақыргани. Иасаудың асыл мұрасының бірі – “Диуани Хикмет”. Хикмет – білімнің қайнары. Адам “кемелдікке” жету үшін қажетті білімді игеріп, онымен қарулануы қажет.

Ғұламаның одан басқа “Мират ул-Құлуб”, “Пан-қырнама” деген еңбектері бар.



Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің солтүстік жағынан көрінісі



- Мына елшіден сұрашы, – дейді қаған тілмашқа қарап, – мына сарбаздардың шаштараз, тігінші, етікші, ұста болуы мүмкін бе?
- Жоқ, ондайды байқамадым, – дейді елші.

Ендеше сенің уағызыңмен өмір сүрсе, бұлар қайтып күн көреді? Халифке айта бар, оның шарифаты бізді өлімге итермелейді.

Тарихшы ибн әл-Факих жазып қалдырган араб елшісінің әңгімесінде түркілерге қатысты таңданыс басым. “Хариджит (яғни араб сарбазы) жебесіне бір оқ салғанша, түрік он рет атып үлгіреді, – деп әңгімелейді ол. – Хариджит теп-тегіс жерде атпен қалай шапса,

## ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИДЫҢ ЕҢБЕКТЕРИ

198

“Диуани Хикмет”, “Ақыл кітабы” – Қожа Ахмет Иасаудің дидактикалық мазмұндағы ақыл кітабы, “Диуани Хикметтің” түпнұсқасы сақталмаған. Ең ескі нұсқасы XV ғасырдың орта кезінде араб әрпімен көшірілгені. Кейіннен, бұл ескерткіш 1887 – 1901 жылдары Қазан қаласында, 1901 жылы Стамбулда, 1902 – 1911 жылдары Қазан қаласындағы баспалардан жарық көрген. “Диуани Хикмет” – әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке, адамгершілікке бағыттайтын, тәрбиелік мәні аса зор еңбек, Қожа Ахмет Иасауи әрбір адамның қадір-қасиетін оның жандүниесінің тазалығымен өлшейді және адам өз бойындағы адамгершілік қасиеттерді ұдайы жетілдіріп отыруы тиіс деп түйіндейді.

“Мират ул-кулуб”, “Көңіл айнасы” – XIV ғасырда жазылған Қожа Ахмет Иасаудің рисаласы. Ол Швецияның Упсала қаласындағы университет кітапханасының ескі жазбалар қорында сақтаулы. Қолемі 534 паралдан тұрады. Рисаланы жинақтаған – Сопы Мұхаммед Данышменд Зарнуқи. Ол Қожа Ахмет Иасауи шәкірттерінің бірі болған. Оның қабірі, Элим Шейхтың мәлімдеуінше, Отырар қаласында жатыр. “Көңіл айнасының” жазылу мақсаты – Қожа Ахмет Иасаудың сопылық ой-тұжырымдарын жинау болып табылады. Эйтсе де еңбекте Нажмедин Кубра мен Сопы Мұхаммед Данышмендтің де өз ойлары мол ұшырасады. Еңбек шарифат, тариқат және хақиқат деген үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде исламдық және сопылық ахлақ, екінші бөлімде тариқат әдебі

(этикасы) жайында айтылса, ал үшінші бөлімде магрифатумах (Алланы тану) турасында әңгімеленеді.

“Көңіл айнасы” еңбегінде жалпы сопылық ілімнің өзегін құрайтын “көңілдің көзін ашу”, “рухани жетілу” басты мәселе ретінде қаралады. Ондағы мол ұшырасатын сопылық дүниетанымдық категориялар Иасаудың сопылық фәлсафасын тұжырымдаудың кілті ретінде қызмет еткен.

“Көңіл айнасы” рисаласының Швеция – Упсала нұсқасы Туркияның Стамбул қаласындағы Ислам ғылыми зерттеу орталығының “Ғылыми зерттеу журналында” жарияланған (1997). Қазіргі кезде осы нұсқа қазақ тіліне аударылу үстіндегі. “Көңіл айнасы” еңбегінің Қожа Ахмет Иасауи дүниетанымын зерттеуде, оның әдеби-рухани мұрасын толықтыруда маңызы зор.



түрік дәл сондай жылдамдықпен таудан түсіп келе жатып та шаба алады... Арабтардың қылышы он адамның қолынан өтіп жасалады... Ер, садақ ... қалқан, найза, басқа қару-жарақтар да осылай өзірленеді. Ал түрік басынан аяғына дейін бәрін өзі жасайды... Ол ұстага барып, оның өтірік уәделерін тоспайды, уақытын асықтырып мазасын алмайды, оған ақысын төлеуді де ойламайды..."

Самарқан мен Бұхара тұргындары 728 – 729 жылдар аралығындағы арабтарға қарсы көтерілісі кезінде Сұлұқтан көмек сұраған. Сұлуқ бастаған түргеш өскерлерінің Соғды еліне басып кіруі араб-

### ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ КЕСЕНЕСІ



Қожа Ахмет Иасауи кесенесі. XIV ғасыр




тарды кейін шегінуге мәжбүр еткен. Олар тек Самарқанды ғана қорғап қала алды. 730 жылы арабтар қайтадан шабуылға шықса да, 731 – 732 жылдары түргештер оларды Кеш пен Самарқан қалалары аралығында тас-талқан етіп жеңеді. Арабтар Сұлұқты Әбу Музахим (Сузеген) деп атап, Соғды жеріндегі ең бірінші қарсыласы ретінде бағалады.

Сұлұқ 738 жылы өзінің қол астындағы сары түргештер батыры Баға тарқанның қолынан қаза табады. Сұлұқ қазасынан соң қара түргештер мен сары түргештер арасында таққа таласу басталып, батыс түркілер елінің берекесін кетірді. Бұл жағдай Таң империясының

### ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ КЕСЕНЕСІ

200



Қожа Ахмет Иасауи кесенесі (жанынан қараганда)

Қожа Ахмет Иасауи кесенесі – Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңында түрғызылған архитектуралық ғимарат.

Қожа Ахмет Иасауи дүние салғаннан кейін халықтың көп жиылудымен өзіне арнап соғылған кішкене мазарға жерленеді. Кейін бұл кесене мұсылмандардың жаппай төуеп ету орнына айналды. Қожа Ахмет Иасаудің ескі мазарының орнына жаңа, зор кесене ор-

натуды үйгараады. Мұны Әмір Темір Мөулен Убайдула Садырға жүктеді.

Қожа Ахмет Иасауи кесенесі – аса үлкен порталды-күмбезді құрылыш, оның ені – 46,5 метр, ұзындығы – 65 метр. Оның орталық залының төңірегіне түрлі мақсатқа арналған 35 бөлме салынған. Жамағатхана күмбезінің ұшар басына дейін есептегендегі ғимараттың биіктігі – 37,5


метр. Сыртқы қабыргалардың қалындығы – 1,8 – 2 метр, қазандық қабыргаларының қалындығы – 3 метр. Келген адам орталық залға бас порталдың сәнді есігі арқылы кіреді. Қазандық Қазақстан мен Орта Азиядағы кірпіштен өрген күмбездердің ішіндегі ең үлкен, диаметрі 18,3 метрлік күмбезben көмкөрілген. Бұл бөлмeden өткен соң оюмен өрнектелген ағаш есік арқылы Қожа Ахмет Иасауи мүрдесі жатқан бөлмеге кіруге болады. Онда Қожа Ахмет Иасаудің сағана-құлыптасты орнатылған. XVI ғасырдан бастап кесененің жекелеген бөлмелеріне әйгілі адамдардың сүйектері қойыла бастады. Онда Жолбайрыс хан, Есім хан, Абылай хан, Әмір Темірдің шебересі Бабыр хан, Қаз дауысты Қазыбек би, Жәнібек батыр тағы басқа белгілі адамдар жерленген. Кесене ЮНЕСКО-ның Қызыл кітабына енгізілген.



батыс түркілер еліне жорық жасауын тездетті. Қытай өскерлері 740 жылы Таразды, 748 жылы Суюбы, 749 жылы Шашты (қазіргі Ташкент) басып алды.

Қытай өскерлерінің батысқа жорығы Хорасандағы араб билеушілерінің мазасын кетірді. Қөп ұзамай Салих ибн Хумейд бастаған араб өскерлері Таразға басып кірді. Бірақ күші басым қытай өскерлерінің қоршауына түсті. Хорасандағы араб билеушісі Әбу Мұсілім Тараз қаласында қоршауда қалған өскерлеріне көмекке Зайд ибн Салих бастаған жаңа қол аттандырады.

### ТАЙҚАЗАН



201

Қожа Ахмет Иасауи кесенесіндегі Абд ул-Әзиз ибн Шараф Әд-Дин құйған тайқазан



Қытай және араб өскерлері 751 жылы Талас өзені жағасында кездескен. Олар бірнеше күн бойы ұрысты бастауға батылы бармай қолайлы сөтті күтумен болған. Бесінші күні қытай өскерлерінің ту сыртынан қарлуктар шабуыл жасайды. Арабтар да қарсы беттен шабуылға шығады. Екі жақтан соққыға душар болған Таң империясының армиясы (яғни қытайлықтар) қырғынға ұщырап, аман қалғандары ұрыс даласынан өзөр қашып құтылады. Тарихта “Талас шайқасы” деген атпен қалған осы соғыстан соң Таң империясы түркілер еліне беттемейтін болған.

## СҮЛЕЙМЕН БАҚЫРҒАНИ

202

Сүлеймен Бақыргани – түркі даласынан шыққан ұлы ғалым, ақын, діни қайраткер. Халық арасында Хакім ата есімімен де танымал. Араг маңындағы Бақыргани қаласында дүниеге келген. Туган жылы белгісіз. 1186 жылы қайтыс болған. Ислам дінін қыпшақ даласына уағыздалап, таратушы көрнекті діни қайраткер. Түркі әлемінің ғылым мен өнер ошақтары – Сайрам, Отыrap, Түркістан шаһарларында ұзақ жылдар оқып, ислам ілімінің аса көрнекті ғұламаларынан дәріс алған. Қожа Ахмет Иасаудің ең қабілетті шекірті, ізбасары болған.

“Бақыргани кітабы” – түркі халықтарының XII ғасырдан сақталған сопылық-дидактикалық ағымдағы әдеби ескерткіштерінің бірі және қазақ әдебиетінің де ортағасырлық үлгісі болып табылады.

“Бақыргани кітабы” – түркі тілдес халықтардың әдеби ескерткіштерінің бірі. Авторы – Сүлеймен Бақыргани. Ақын мұрасы тек XIX ғасырдаған толық жинақталып, Қазан және Стамбул баспаларынан “Бақыргани кітабы” деген атпен бірнеше рет (1846, 1877, 1882, 1898) басылып шықты. “Бақыргани кітабы” – бес бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі – көніл-күй жырлары, екіншісі – сопылық идеясын насиҳаттауға арналған дидактикалық-философиялық хикмет-өлеңдері, үшіншісі – Алланы мадақтауға арналған жырлары (“Мереж-наме”), төртіншісі – “Ақыр заман көріністері” дастаны, бесіншісі – “Бибі Мариям” толғауы.

“Бақыргани кітабының” басты идеясы – оқырманың ізгілікке,

имандылыққа, рухани тазалыққа үндеу. Ақынның айтуынша әрбір адам рухани тұрғыдан кемелденген дәрежеге жету үшін Алланы (Хақты) толық танып-білуі тиіс. Ал, бұл биік мақсатқа жету үшін адам алдымен төрт асудан сүрінбей өтуі керек. Олар: шаригат (ислам заңдары мен әдет-ғұрыптарының жинағы), тариқат (сопылық ағымның идеясы, мұрат-мақсаты), магрифат (мұсылмандықтың қағида-шарттарын танып-білу) және хақиқат (Хаққа жақындау).

“Бақыргани кітабы” Алла сыйлаған өмірдің ләззатынан безбеуге, махабbat қызығын көруге, ғылым мен өнерді меңгеруге үндейді. Адамды сую арқылы Құдайды суюғе болатыны жырланған.

“Бақыргани кітабы” оқырман қауымды имандылыққа, ізгілікке, құдайға құлшылық етуге шақырады.



Ал ұлы даладағы түркі тайпасы қарлұқтардың ұstemдігі бірте-бірте күшіне берді. Олар Екінші Шығыс Түрік қағандығының билігіне ие болып қалған яглакарлықтарға (ұйғырларға) қарсы 752 жылы соғыс бастады. Соғыс екі жылға созылған. Алайда қарлұқтар Өтүкен жерін ала алмады. Кейін шегініп, 766 жылы Тараз бен Суяб қалаларын иеленді. Сөйтіп, олар Жетісу мен қазіргі Оңтүстік Қазақстанға табан тіреп, Шығыс Түркістан үшін құресін жалғастыра берді.

Кейінгі тарихшылар Қарахандар әuletі мемлекеті деп атайдын үлкен империя құрган қарлұқтар дегеніміз кімдер еді?

## АХМЕТ ЖҮЙНЕКИ

**Ахмет Жүйнеки (XII ғасырдың соңы, Түркістан өңірі – XIII ғасырдың басы) – ортағасырлық ақын, хакім, ойшыл.** Жүйнек қаласында туып өскен. Загип болып туып, фәни жалғаның жарық сөүлесін көрмей бақыра озған Ахмет жастайынан ілім-білімге құмартып, түркі тілдері мен араб тілін жетік меңгерген. Шаригат қағидаларын жан-жақты зерттеп, терең іліміне сай “Әдіб Ахмед” деген құрметті атқа ие болған. “нибуат ул-хақақ” (Ақиқат сыйы) деп аталағын дидактикалық өлеңдер жинағы әлемге танымал. Мазмұны, танымдық нәрі жағынан алғанда “Ақиқат сыйы” – Әбу Наср әл-Фараби, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Иасауи мұраларымен іштей астасып, IX – XIII ғасырлар аралығындағы түркі дүниесінің рухани қазыналарының жарқын туын-

дысына айналды. Оның “Ақиқат сыйының” түпнұсқасы біздің заманымызға жетпей, біржолата жоғалып кеткен. XIV – XV ғасырларда жасалған 3 түрлі көшірмесі, 3 түрлі үзінді бар. Оның ішіндегі ең ескісі – 1444 жылы Самарқанда Арыслан Қожа тархан Әмірдің қалауымен Зәйнүл Әбідін бин Сұлтан Бақыт Журжани Құсайын көшіріп жазған нұсқа. Жалпы көлемі – 508 жол. Бұл мұра қазір Стамбұлдағы Айя София кітапханасы қорында сақтаулы, 2-нұсқа Стамбұлда 1480 жылы Шайх зада Абд әр-Раззақтың ұйғыр және араб жазуымен көшірғен, 506 жолдан тұратын үлгісі. Парсыша, тәжікше түсініктемелері бар. Стамбұлдағы Айя София кітапханасында сақтаулы бұл жәдігерлікті Н.Әсім 1915 жылы, ал Қ.Манмұров 1972 жылдары алғаш жариялаған. “Ақиқат

сыйының” үшінші арабша нұсқасы XIV ғасырдың ақырында, немесе XV ғасырдың басында 524 жол өлең көлемінде көшірілген. Ол Стамбұлдағы Топ-Қапы сарайында сақтаулы. Сол сияқты “ұзын көпірдегі Сейіт Элі” деген кісінің кітапханасынан табылып, Анкара кітапханасына табыс етіліп, кейін мұлдем жоғалып кеткен Ахмет Жүйнеки мұралары туралы дерек бар. Анкарадағы Маариф кітапханасынан табылған Берлин қаласында сақтаулы тұрған өзге нұсқалардың із-жосықтары Ахмет Жүйнеки еңбектерінің қаншалықты кең көлемде таралғанын дәлелдей түседі. “Ақиқат сыйының” XIV ғасырдағы түпнұсқасының фотокөшірмесі, транскрипциясы қазақ тіліне қара сөзбен жолма-жол және өлеңмен аударылып, 1985 жылы жарық көрді.



Жоғары атап өткеніміздей, қарлұқтар – ежелгі түркі тайпаларының бірі. Араб тарихшысы Мұхамед әл-Масуди қарлұқтар туралы былай деп жазады: “Алтай тауын мекен еткен қарлұқтар бұрын тоғыз оғыздарға тәуелді еді. Бұлар кейін тоғыз ұлысқа бөлінді. Мұның ішінде үш ұлыс шігіл, үш ұлыс қазақ бар...” Ал, қазақ тарихшысы Нығмет Мыңжанұлы қытай деректеріне сүйене отырып, қарлұқ тайпасының құрамын былайша тарқатады: “Қарлұқ одағы алғашқыда болат, жұз себек, (Тонықөк дана осы рудан шыққан деп саналады, қазіргі қазақ халқының құрамындағы беріш тайпасының

## ҚЫПШАҚТАР

204

Қыпشاқ – қазақ халқының, тағы басқа түркі халықтарының негізін құраған ежелгі тайпа.

Ортағасырларда Орталық Азия мен Шығыс Еуропа-ны мекендеген аса ірі тайпалар бірлестігі.

Мұсылман деректерінде оларды “қыбشاқ”, “кипчак”, батыс еуропалықтарда “коман”, ал орыс жылнамаларында “половцы” деп атаған. VIII ғасырдың аяғы мен X ғасырдың аралығында шығыста Алтай мен Ертістен, батыста Оралға дейінгі аралықта қыпшақтардың этникалық бірлестігі қалыптаса бастады. Алтай, Ертіс, Сырдария аралығы Дешті Қыпشاқ (Қыпшақ даласы) атанды. XI ғасырдың орта түсінан бастап қыпшақ тайпалары Еділ өзенінен өтіп, Батысқа қарай жылжыды. Қыпшақтар Киев Рүсі (1067) мен Византия империясы-

на (1064), Болгария жеріне (1065) шабуыл жасап, 1071 жылы Солтүстік Трансильвания арқылы Молдавия мен Валакияға өтті, ал алғашқы тобы (командар) 1080 жылдары Дунай өзеніне келіп жетті. Түркі тайпаларымен бірлесе отырып Кіші Азияға да тарай бастады. Сонымен XI – XII ғасырларда Алтай мен Ертістен бастап Карпат пен Дунайға дейін созылған аса үлкен еуразиялық ұлы Дағаны мекендеген халықтардың бәрі қыпшақ атады. Қыпшақтар екіге бөлініп, Еділ өзенінің шығыс жағында Шығыс Дешті қыпшақ, ал батысында Батыс Дешті қыпшақ тайпалар одағы құрылды.

 Қыпшақтар кейіннен қазақ халқының қалыптасуына негіз болды.

Қыпшақтардың бір бөлігі Шам мен Мысырдағы арнайы әскери жасақ, мәмлүктерді құрады. Қыпшақ-мәмлүктерден шыққан әйгілі әскери қолбасшылар Айбек пен Бейбарыс түсында олар сұлтан үкіметін басып алып (1250), мәмлүктер мемлекетінің негізін қалады.

Алтын Орда билеушілері бірте-бірте түркіленіп, жергілікті қыпшақтарға сіңіп кетті. Сондықтан көп ұзамай Алтын Орда халықтары “қыпшақ ұлысы”, “қыпшақ тілдес халықтар” деген жалпылама атаумен аталып кетті. XIII ғасырдың аяғында Алтын Орданың құрамындағы қыпшақ тайпаларының этникалық негізінде құрылған автоно-миялық бірлестік Ақ Орда күшейе бастады.



бір тармағы себек аталады – ред.) ташлы сияқты үш тайпадан құралғанымен, кейін құрамына осы қарлұқтардың қол астына қараған түркі тілдес тайпалар – тоқсын, шігіл, өзкіш, халаж, жарық, аргұс (арғын), барысқан т.б., кірген. Олардың қатарында оғыз, түрікмен, тіпті, түріктенген соғдылар да болған”.

Қалай болғанда да, бұрынғы Тұргеш қағандығының орнын басқан қарлұқтар құрамына Жетісуды, Оңтүстік Қазақстанды, Фергананы, Сыр бойын мекендеген барлық түркі тайпаларының енгенін байқаймыз.

## ДЕШТІ ҚЫПШАҚ ДАЛАСЫ

Дешті қыпшақ, Қыпшақ даласы – XI – XIV ғасырларда қолданылған тарихи-географиялық ұғым. Одан бұрын Оғыз даласы аталған. Оғыздардан тараган Қыпшақ ұлысының қимақ саяси-әлеуметтік қауым құрып, байтақ мәдени із қалдырган өлкесі. XV ғасырдың 2-жартысынан бастап қыпшақтардың негізгі мұрагері және үрпағы болған қазақ халқының байтақ мекені – Дешті қыпшақ даласы. Ол кейін “Қазақ даласы”, “Қазақ сахарасы” деген атпен белгілі болды. Дешті қыпшақ “Оғыздар даласы” алып жатқан жерден де кең аймақты қамтыды. Сонымен қатар Ертісті мекендеген қимақ мемлекетінің жері де қыпшақтардың билігіне тиді. XI ғасырдың орта-

сында қыпшақтар Еділдің оң жақ бетіне өтіп, орыс жылнамаларында (1054) половцы деген атпен белгілі бола бастады. Ал Батыс Еуропа мен Византия шежірелерінде куман немесе коман деп аталады. Орыс жылнамаларында “Қыпшақ даласы” деп шығыста Еділге, ал батыста Днепрге дейін созылып жатқан жерлерді атаған. Ал іс жүзінде қыпшақтар қонысы Карпат тауларының орманды бөктерлеріне дейін жеткені тарихи деректерден мәлім. XI ғасырдың аяғында қыпшақтар Византияның Дунайдығы шептеріне ілігіп, XII ғасырдың орта шенінде олар Дунайдан әрі батыстағы жерлерді тұпкілікті қоныстанған. Сонымен қатар қыпшақтар Қырымның далалық

бөлігін, одан әрі шығыста 205

Еділдің құяр сағасы мен Саксин төңірегін де мекендеген. Олардың “саксин тобы” деп аталған ерекше тобы, орыс дала-ларын қоныстанған.

Дешті қыпшақ қызырсыз кең жеріндегі саяси билік қыпшақтардың қолында болып, оларға көптеген этностық топтар бағынған. Қыпшақтардың осылай өз жерін ұлғайтуын олардың батысқа қарай жаппай қоныс аударуы деп түсінуге болмайды. Олар осы кең алқапты тегіс мекендеген. Плано Карпини (1246) мен Рубрук (1253 – 55) саяхатынан кейін қыпшақ жерінің шын мәнісінде ұшы-қызырсыз екені белгілі бола бастады. Армян патшасы Гетум қыпшақтардың қонысы шығыста Хорезм патшалығы, одан әрі Ертіске дейін созылатынын айтып, таңдана жазған (1307).



Х ғасырда парсы тілінде жазылған “Худуд әл-Әлем” (Әлем шекаралары) кітабында төмендегідей жолдар бар: “Қарлұқ мемлекетінің бір шеті мен екінші шетінің арасы 30 күндік жол. Бұл аралықта бір тілді, көшпелелілері мен отырықшылары аралас, бақшашылығы бар, мал бағумен бірге егіншілікпен де айналысатын халықтар қоныстанған. Бұлар бір зор мемлекет құрған”.

Жаңа мемлекеттің құрылуы оңай болмаған. Қарлұқтар бір жағынан ежелгі түркілердің үлкен ордасының билігіне ие болып қалған ұйғырлармен толассыз құрес жүргізсе, екінші жағынан араб

### ДЕШТІ ҚЫПШАҚ

206



Дешті Қыпшақ (Қыпшақ даласы)



әскерлеріне қарсы тұруға мәжүр болады. Арабтардың 812 – 817 жылдар арлығында Отыrap қаласына шабуыл жасағаны, қарлұқтардың шекаралық бекінісінің бастығын өлтіргені тарихи деректерде жазылып қалған.

Жоғарыда айтқанымыздай, 840 жылы Тұрған қағандығындағы үйғырлар билігін қырғыз тайпалары құлатып тынды. Түркілер еліндегі ендігі үлкен мемлекет иесі қарлұқтар болып қалды.

Сөйтіп, қарлұқтар дербес мемлекет құрды. Бұл мемлекет құрамының негізін бұрынғы Батыс Түрік қағандығының тұрғылықты

## ҚЫПШАҚ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ

“Кодекс Куманикус”, “Қыпшақ тілінің сөздігі” – қыпшақтардың тілінде жазылған діни мәтіндер мен сөздіктер (XIII – XIV ғасырлар). Қөлемі – 82 парап (бірінші бетінде “1303 жыл” деген жазу бар). Бұл қолжазба параптарының бір кітап бол жиылып, тұптелген кезі болса керек. Тұпнұсқасы 1294 жылы жазылған да, оның бірінші көшірмесі 1303 жылы жасалған, ол толығымен 1330 жылы көшіріліп біткен. Дунай өзенінен Қытай қорғанына дейін, Батыс Сібірден араб елдеріне дейін қыпшақ тілін түсіне беретін болған. Бағзы бір жерлерде ол ресми тіл ретінде қолданылған,

осыған орай Батыс пен Шығыс елдерінің арасында ол “түрік тілі” есебінде халықтаралық тіл (“Лингва куманеска”) болып саналған. Жалпы алғанда, “Кодекс куманикус” қолжазбасын құрастырушылар үлкен мақсат көздеғен. Заманында латын тілі Еуропа елдері үшін қандай рөл атқарса, біrsыпра Азия халықтары үшін қыпшақ тілі де сондай қызмет атқарған. “Кодекс куманикус” Венециядағы Марк өулие шіркеуінің кітапханасында сақтаулы. Дүние жүзінің көрнекті ғалымдары оның материалдарын оқып үйренуге көп көңіл бөлді. “Кодекс куманикустің” куманша бөлімі басқа тілдерге аударылып бірнеше рет

басылып шықты (француз тіліне, Париж, 1828, латын тіліне, Будапешт, 1880, 1981; неміс тіліне, 1887, Копенгаген, 1942). Оның тұпнұсқа баспасы (факсимилесі) да бар (Копенгаген, 1936), парсы бөлімі де жарық көрді (Иран, 1972). Қазіргі түркі халықтарының, оның ішінде қыпшақ тобына жататын елдердің (қазақ, қарақалпақ, ногай, татар, башқұрт, қарайым, қарашай-балқар, құмық, қырым-татар, қырымшак, қырғыз, алтай халықтарының) қоғамдық, этнографиялық, саяси-әлеуметтік, әдеби-мәдениеттік, жалпы өркениеттік және тілдік тарихын зерттеу барысында “Кодекс куманикустің” тигізер пайдасы мол.



халықтары – үйсін, дулат, тұргеш, қыпшақ, арғын, шігіл, ягма тайпалары құрады. Білге Құл Қадыр қаған тұсында (840 жылы таққа отырған) мемлекетінің астанасы Баласағұн қаласына (қазіргі Қырғыз Республикасындағы Тоқмақ қаласының маңы) орнықты. Қаған өзіне “Арсылан Қара қаған” деген жаңа есім алды. Тараз қаласы Кіші орда атанып, онда Богра қара қаған билік жүргізді. Тарихи деректерден байқалатындай, Үлкен орда билігі шігіл тайпасы өкілдерінде, Кіші орда билігі ягма тайпасы өкілдерінде болған.

## ҚОНШАҚ, АРТЫҚ – ҚЫПШАҚ ХАНДАРЫ

**208** Артық Сарыханұлы – қыпشاқ ханы, әйгілі қолбасшы, батыр. Орыс жылнамаларында “половецтердің Шарухан (Сарыхан) әuletінен шыққан Отрок хан” деп те аталады. Ержүрек қыпشاқ жауынгерлерін өлем патшалары өздерінің таңдаулы өскери жасасына айналдыру дәстүрі әбден орнықкан заманда Мысыр, Византия, Венгрия, Еуропа мен Азия елдерінің билеушілері қыпшақтарды қалқан етіп ұстал, қаһарлы күш ретінде пайдаланды. Киев князі Владимир Мономахтың өскерімен кескілескен ұрыс жүргізді. 1118 жылы Грузия патшасы Давид (Дәуіт) IV-нің арнағы шақыруымен қыпشاқ ханы Артық 45 мың атты өскермен

Қап тауына келіп, бас-қыншылардан азат етті. Диңгөри айқасында Артықтың 45 мың сарбазы Дәуіттің 15 мың өскерімен бірігіп, 300 мыңдық парсы қолына соққы берді. Грузиндер тарихында айрықша орын алған осы шайқастың нәтижесінде Грузия ұлттық тәуелсіздік алды. Артық Тұрантоқты атты қызын Дәуітке берді. Артық хан Қап тауында 8 жыл тұрып Дешті Қыпшаққа қайтты. “Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол” деген сөз Артықтан қалғандығы жөнінде деректер бар. Артықтың баласы Қоншақ орыстың “Игорь полкі туралы жырындағы” басты тұлғалардың бірі.

Қоншақ – қыпشاқ ханы. Туған және өлген жылдары белгісіз. XII ғасырдың 2-жартысында Шығыс Қыпшақ тайпаларын біріктіріп, күшті өскери мемлекет құрды. Бұл кезде қыпшақтың Шаруқан әuletінің хандары Донец, Дон, Азов жағалауы мен Кубань бойындағы тайпалардың басын қости. Осы әuletten шыққан Артық ханның баласы Қоншақ 1183 жылы Переяславль жеріне шабуыл жасады. Қоншақ 1185 жылы орыс поляктарын Каялы өзені бойында жеңіп, Новогород-Северскінің және Черниговтың князі Игорь Святославичті және онымен бірге басқа да князьдерді тұтқынға алады. Бұл оқиға “Игорь жасагы туралы жыр” эпосына арқау болды.



Білге Құл Қадыр қаған ұзақ билік құра алмаған. Ол қайтыс болған соң, ұлдары Базыр Арслан қаған мен Оғұлшақ Қадыр қаған таққа отырған. Оғұлшақ қаған тұсында Самани өuletі билеген Иран мен Қарахандар мемлекеті арасында Орта Азия қалалары үшін ұзақ та кескілескен соғыстар болған.

Оғұшақтың ұлы Сатық Богра қаған таққа отырған соң, Самани өuletі билеушілерімен бітімге келіп, 915 – 955 жылдар арасында бүкіл қағанат халқын ислам дініне енгізді. Түркілердің жаңа діни сенімді, яғни мұсылманшылықты қабылдауына үйітқы болған


## ӘБУ-Л-ҚАСЫМ ЭЛ-ФАРАБИ

Әбу-л-Қасым әл-Фараби – ойшыл-ғалым. Шамамен 1130 жылы Отырар қаласында дүниеге келіп, 1210 жылы қайтыс болған. Осында білім алып, кейін оны Иасы, Шаш, Самарқан және Бұқара қалаларында одан әрі жалғастырған. Философия, логика, этика, тарих, география, астрономия іспетті ілімдерден жан-жақты мәліметі болған және бұл салаларда терең ойлы тұжырым, көзқарастары арқылы айтартылған. Бізге “Фылым түрлери”, “Таза шындық”, “Пайғамбарлардың қасиеттері туралы өулиелер сөзі”, “Ұағыз үлгілері” атты шығармалары жеткен. Болмыс шындығы туралы

“Фылым түрлери” аталағын еңбегінің қолжазбалары Үндістан, Голландия, Түркия, Египет, Ватикан кітапханаларында, Та什кент пен Санкт-Петербургтің Шығыстану институттарында сақтаулы. “Таза шындық” өзі өмір сурген қоғамы мен халқын рухани тазалыққа үндеген, адалдық пен имандылыққа шақырған игілікті дүние. Ол ой мен бой, тән, жан тазалығын сақтауға үндейтін өсиетімен және ислам іліміндегі “мемлекеттің қарапайымдылығы, құдірет иесінің кешірімділігі, ашу кезіндегі ақыл, мұсіркеусіз қайырымдылық” деген төрт қагидастын ұағыздауымен құнды.



Отырардан табылған табак



Шырагдан. XI – XII ғасыр. Көне керамика



Сатық Богра қаған есімін қазақ халқы өлі күнге дейін қастерлеп, оны Әулие Ата деп атайды. Бұгінгі Тараз қаласындағы Әулие Ата кесенесі әрі тарихи ескерткіш, әрі қасиетті орын ретінде қастерленеді.

Сатық Богра қағанның ұлы Мұса билік құрган жылдары Қарахандар мемлекетінің аумағы кеңейіп, Әмударияға дейінгі жерлерді өзіне қаратты. 1130 – 1210 жылдары Жетісуда қидан тайпасының билігі орнады, 1210 жылғы Найман хандығымен арадағы соғыс Қарахандар мемлекетінің ыдырауын тездетті. 1212 жылы

## ҚИМАҚ МЕМЛЕКЕТІ

**210** Қимақ мемлекеті – Шығыс және Орталық Қазақстанда IX ғасырдың ақыры, XI ғасырдың басында болған ертедегі мемлекет. Мемлекеттің орталығы Ертістің орта алаңында болған. Қимақтар VII ғасырда Алтайдың солтүстігіне, Ертіс жағалауына орналасып, Батыс Түрік қағандығының құрамына кірген. VIII ғасырда қимақ тайпалары Ертістің орта ағысын мекендеді. IX ғасырдың алғашқы жартысынан Жетісудың солтүстік-батысындағы Алакөл аймағына қоныстана бастады. Олардың батыс шекарасы Оңтүстік Оралдың шығыс бөлігі мен Арап жағалауларына дейін жетті. X ғасырдың ортасында қимақтар шығыстан батысқа қарай ойысты. Олар Оңтүстік Орал тауының Оңтүстік және Оңтүстік-батыс бөктерінде, Каспий жағалауында көшіп-қонып жүрді.

Махмұт Қашқаридың қимақтар туралы деректері (XI ғасыр) осы уақытқа саяды. “Диуани лұғат ат-түркте” берілген картада қимақтар өздері бір тұтас топ болып тұрған Ертістің жағалауындағы жерлердеға ғана көрсетілген.

Қимақ мемлекеті туралы алғашқы деректер IX ғасырдың ақыры мен X ғасырдың бас кезіндегі араб тілдеріндегі тарихи-географиялық шығармаларда кездеседі. “Түркістан мен түріктер, – деп жазады әл-Якуби (IX ғасыр) – бірнеше халықтар мен мемлекетке бөлінеді, соның ішінде қарлуктар, тоғыз оғыздар, қимақтар және оғыздар бар. Түріктердің әр тайпасы жеке мемлекет және бірімен-бірі соғысып тұрады”. Қимақ мемлекеті құрылған күннен бастап олардың

патшалары ең жоғарғы түрік атағымен “қаған” деп аталды. Ол “жабгу” атағынан екі дөреже жоғары. Елді қаған мен оның аймақтардағы он бір мұрагері (әмір) биледі. Ел билеушілері бір жағынан әскери көсемдер болды да, қағаннан тиісінше үлес алды. Эрбір иеліктер қағанға белгілі көлемде әскер беріп тұрды. Бұл мемлекетте салық жинаған, көне түркі жазуы болған.

Қимақтар, негізінен, мал шаруашылығымен айналысты. Олар мұнымен қатар егін шаруашылығымен де шұғылданды, балық, аң аулады, тайгалақтар аймақтарда қымбат аң терілерін дайындағы. Қимақтар арасында қолөнер де дамыды, мата тоқып, киім тікті, металл бүйімдар шығарды. Өз территориясында темір, күміс, алтын өндіріп, металл құйды.




Самарқанда Хорезм шаңы Мұхммед батыс қарахандар ұлысының соңғы билеушісін дарға асты.

Алайда бүгінгі Қазақстанның оңтүстігінде 200 жылға жуық билік құрган Қарахандар әулеті мемлекеті кезінде бұл өлке қарқынды экономикалық және мәдени дамуды басынан кешіргені тарихи шындық.

Сол мәдени өрлеудің бізге жеткен белгілері – Отырар мен Сауран, Сайрам мен Баласағұн қалаларының орындары. Айша бибі мен Бабаджы қатын, Арыстан баб пен Баб ата кесенелері де сол дәуірге

### ҚИДАНДАР МЕМЛЕКЕТИ

Қидандар, түркі тобынан жататын тайпалар. Ежелгі замандарда қазіргі Алтай өңірінде көшіп-қонып жүрді. Қидандар IV ғасырдан белгілі. 907 жылы тайпа көсемі Ила-Абуғи өзін Қидандардың императорының деп жариялады да, бірқатар көрші тайпаларды бағындырып, империя жерін батыс пен шығысқа қарай кеңейтті, ал 926 жылы шығыста Бохай патшалығын жаулап алды. 983 жылы Ұлы Қидандар мемлекеті болып аталды. Жапон теңізінен Шығыс Түркістанға дейін созылған Қидандар мемлекеті Шығыс Азиядағы өте қуатты елге айналды. 1005 жылы Қытай Қиданмен соғыста жеңіліп, оларға жыл сайын алым төлеп тұрды. XI ғасырдың аяқ шенінен бастап, Қидан мемлекеті құлдырай бастады.



211

Түркілердің атажұрты



жатады. Отырар қаласында дүниеге келіп, есімі бұкіл әлемге танылған ұлы философ, әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Наср әл-Фәрабидің өмір сүрген уақыты да осы Қарахандар өулеті билік құрған кез. Баласағұнда туып, “Түрік тілінің сөздігін” жазған Махмұт Қашқари мен “Құтты білікті” жазған Жұсіп Баласағұни да сол дәүірдің перзенттері.

Қарахандар мемлекеті тек түркі мәдениеті ерекше қарқынмен өркендеген орталық болып қана қойған жоқ, жан-жаққа тараған, өрісін кеңейткен түркі тайпаларының ата мекені де болып тарихта қалды.

## БАРШЫНКЕНТ МАЗАРЫ

212




Баршынкент мазары

Баршынкент – Қызылорда облысы Сырдария ауданындағы ортағасыр қаласы. Қақпасы батысқа қараган қала Сырдарияның сол жақ бетінде орналасқан. Сығанақ халқының Жошы әскерінен қырғын тапқаңын естіген қала тұрғындары Жошы қолына айтарлықтай қарсылық көрсетпеген. Баршынкент туралы де-

ректер әр қылыш. Қорғаның ішінен құм басқан үш ірі құрылыштың ізі байқалған. Күйдірілген қышиң жергілікті халық тасып кеткен. Қорғаның шығысында 400 қадамдай жердегі өзеннің кеуіп қалған арнасын Баршындария деп атаған. Қала маңына жақын жерде мазар бар. Мазар қорғаның

батыс жағында, қала қақпасынан 280 қадамдай жерде орналасқан. Тұрған жері биік құм. Құмбезі бар мазар есігінің сыртындағы жазудың (“ғұммал жай лаһат”) яғни, “ғұммал” – тыныштық, “лаһат” – жалаңаш деген ұғым беретінін ғалым Ә.Қоңыратбаев оқыған.



Шырағдан. IX – XI ғасырлар бұйымы



Қарахандар әулетінен яғни қарлұқ тайпасынан ең алдымен оғыздар мен қыпшақтар іргесін ажыратқан.

Тарихшылар кезінде бір тайпалық бірлестіктің құрамында болған қарлұқтар мен оғыздардың бір-бірінен бөлекtenуінің өр түрлі себептері болғанын айтады. Қалай болғанда да, оғыздар VIII-X ғасырларда дербес мемлекет құрған.

Оғыз тайпалары одағының билеушісі де ябғу (жабғы) атанған. Мемлекеттің астанасы Сырдарияның төменгі ағысындағы Жанкент қаласы болған. Оғыздар Арал теңізінің маңын, Сырдарияның

## БЕГІМ АНА МҰНАРАСЫ



Бегім Ана мұрасы

Бегім ана мұнарасы – Қазақстандағы шамамен XI – XII ғасырлардан сақталған сөулет өнері ескерткіші. Қазіргі Қызылорда облысы Арал ауданы Жаңақұрылым ауылынан оңтүстікке

қарай 35 шақырым жерде. Аңыз бойынша, Бегім ана Жанкент өмірінің әйелі, нақақ жаланың құрбаны болған. Мұнара шикі кірпіштен тұрғызыл-

ған, екі қатар күйдірілген кірпішпен қапталған. Биіктігі 10,5 метр. Жоғары қарай сөл құсырыла келген сегізқырлы призма пішінді, төбесі пирамида болып біткен. Орта деңгейге дейін мұнара бағанасты тұтас, одан жоғары бөлме бар, бұған шығыс жағындағы аркалы ойық арқылы кіруге болады. Мұнара ескерткіш үшін де, не өлдебір белгі беруге, қарауыл қарауга арналып салынуы да мүмкін деген болжам бар. Қазақстанда осы тәріздес ортағасырлық мұнаралар көп кездес-пейді, ал Орта Азияда мұлде жоқ. Бірақ “мұнаралы кесене” деген атаумен белгілі (XIII – XIV ғасырлардан кейін) мұндай ескерткіштер Иран, Түркия, Эзербайжанда кең тараған.




орталық және төменгі ағыстарының бойын, Қаспий теңізінің солтүстігін, Үстіртті, Сарысу, Шалқар және Ыргыз өзендерінің бойын иеленген.

VIII ғасырдың өзінде-ақ біртұтас оғыз тайпалары арасында жікке бөліну үрдісі байқалғаны анық. Ислам дінінің ықпалына мойын ұсынған оңтүстіктегі оғыздар бірте-бірте күш алғып, билік тізгінін өз қолына алса, дәстүрлі тәңірге сенімін қастерлеген солтүстіктегі оғыздар кейін қыпшақ тайпаларына араласып кеткен.

### БУРАБАЙ КӨЛІ


214



Бурабай көлі

Бурабай кеніші, Бурабай қазынасы – Солтүстік Қазақстан өңірінен табылған IV – V ғасырлардың мәдениет ескерткіштері. Беті үлкен жалпақ таспен жабылған қабірден адам сүйектері-

нен басқа қола қазан, айылбас, ауыздық, найза, жебе, алтын мен күмістен жасалған түрлі өшекей бүйымдар, тастан, сүйек пен шыныдан істелген моншактар табылды.



Бурабай кенішінен табылған бүйымдар



Күні кешегі бауырлардың екіге жарылуы елді үлкен дүрбелеңге салып, халықта қайғы-қасіret өкелген. Сол дәуірде Сырдария бойында ғұмыр кешкен ұлы дана Қорқыт Ата жырлары мен күйлеріне арқау болған оқиғалар да осындай жікке бөлінушіліктен пайда болған еді.

Ислам дінін қабылдаған оғыздардың X-XI ғасырлардағы билеушісі Селжүк есімі көптеген тарихи деректерде жазылып қалған. Ислам дінін қабылдаған Селжүк өзіне бағынған елді бастап оңтүстікке қарай жылжиды. 1030 жылы Фазнауи сұлтандығы билеушілерінің сеніміне

## СЕЛЖҮК МЕМЛЕКЕТІ

Селжүк мемлекеті – түрік-оғыздардың үрімбұтағынан тарапып, Селжүк есімді басшыларының есімімен аталған, сондай-ақ, селжүк мұсылман өулетіне құрылған мемлекет. Тогұрлыбек тұсында салжүқтар Хорезм, Иран, Эзербайжан, Құрдістан, Иракты жауап алды, 1055 жылы Бағдатқа басып кірді. Тогұрлыбек мемлекетінің астанасы Рей қаласы, агасы Чагыбек иеліктерінің орталығы Мерв болды. Алп-Арслан тұсында (1063 – 72) Арменияны жауап алды (1064), Манцикерт түбінде Византия әскерлерін жеңді (1071). 1071 және 1081 жылы аралығында Кіші Азия және басқа да территорияларды жауап алды. Мәлік шаһ тұсында Селжүк мемлекетінің шекарасы Сырдариядан Нілге дейін, Каспийден Жерорта теңізіне дейін

созылды. Мемлекет астанасы Исфахан қаласы болды. Мәлік шаһ тұсында Селжүк өuletінің үрімбұтағы билеген Керман (1041 – 1187), Рум (Кіші Азияда 1077 – 1307), Сирія (1094 – 1117) сұлтандықтары құрылды. Селжүк мемлекет крес жорығынан кейін және өзара ішкі қырқыстан әлсірій береді. 1118 жылы Селжүк мемлекетін Мәлік шаһтың балалары бірнеше иеліктерге бөліп алды. Санжарға – астанасы Мерв қаласы болған, шығыс облыстары, Махмұдқа Иран мен Ирак селжүк сұлтандығы, (1118 – 94) тиді. Санжар (1118 – 1157) дербестікке үмтүлған ақсүйектермен күрес жүргізді. 1157 жылы Санжар өлімінен кейін Хорасандығы “Ұлы Селжүк” өкіметі өмір сүруін тоқтатты. Тек Коний сұлтандығы сақталып қалды.

Тогұрлбек, Мұхаммед Тогұрлбек – Селжүктер мемлекетінің билеушісі. Туган жылы белгісіз. 1063 жылы қайтыс болған. 1038 жылы Хорасанның солтүстік бөлігін жауап алдып, Нишапурда өзін сұлтанмын деп жариялады. 1040 жылы Мерв түбінде фазнауилар сұлтаны Махмұдты жеңіп, бүкіл Хорасанға иелік етті. Мұның артынша Хорезмді бағындырды. 1050 жылы Тогұрлбек Иранның басым бөлігіне билік жүргізді. 1055 жылы Бағдадты бағындырды. Бағдад халифи оның сұлтан лауазымын мойындауға мәжбүр болды. Тогұрлбек Бағдадта билік еткен Буидтар өuletін жойып жіберді. Тогұрлбек билігі кезінде Селжүктер мемлекеті нығайып, терриориясы онан әрі кеңеіле тусты.



кіріп, сол мемлекет иелігінен өз халқының қоныстануына жер алады. 1038 жылы Селжүк қайтыс болып, әке билігі ұлы Тоғрыл бекке көшеді.

Тоғрыл бек тек Селжүк өулетінің атын шығарып қойған жоқ, бүкіл түркі жұрттының өрісін кеңейтті. Екі жылдан соң ол Фазнауи сұлтандығының тағын тартып алды. Содан кейін Иранды, Эзербайжан мен Курдстанды жаулап алды. Араға 17 жыл салып, Бағдат халифатын өзіне бағындырды. Ғұлама дін басылары Тоғрыл бектің сұлтандықлауазымын мойындап, халифаттың әміршісі деп санады.

## ФАЗНАУИ СҰЛТАНДЫҒЫ

216



Түркі жауынгері

Фазнауи сұлтандығы – Алып Тегін құрган мемлекет. Ол 962 жылы көтеріліс жасап, бұрын Сасани өулеті билеген Балшан, Кабул, Фазна қалаларын басып алды. Алып Тегін болашақ мемлекеттің бағдарламасын жасағанмен, оны іске асыра алмады. Ол қайтыс болғаннан кейін, Фазна қайтадан Самани өулетінің қолына өтті. Тек 15 жыл өткенде гана Алып Тегінге жақын

түркі Себук Тегін (977 – 997) Фазнаны қайтадан жаулап алыш онда Фазнауи сұлтандығын құрылды. 999 жылы Қарахан билеушісі Богра хан ұзақ уақыт гүлденген Самани мемлекетін құлатты. Осыны пайдаланған Себук Тегіннің ұлы Махмұд (998 – 1030) Фазнауи сұлтандығының тағына төуелсіз билеуші ретінде отырды. Кейіннен Үндістанга жасалған 17 мәрте өскери жорық нәтижесінде Сол-

түстік Үндістан да Фазнауи сұлтандығына қосылды. Фазнауи сұлтандығына жоғарғы билеуші сұлтан болды. Мұсылман дінбасыларына құрмет көрсетіліп, оларды сарай жиналыштарына қатыстырып отырды. Фазнауи сұлтандығында ақындар мен тарихшыларға, ғалымдарға үлкен құрмет көрсетілді. Олардың ішінен Фирдоуси, Бусти, Санай, Мұхтари сияқты ақындар, Гардизи, Утби, Бейнаки сияқты тарихшылар сұлтанның қолдауымен шығармашылық жұмыспен айналысты. Фазнауи сұлтандары мешіт, медресе, сарайлар құрылышына көп назар аударды. Олардың ішінде Фазна, Лашкари, Базар Сарайларын айтуга болады. Мемлекеттің құлдырауы Масуд сұлтанды (1031 – 1041) тұсында басталды. Осы кезде күшейген салжүктар, 1040 жылы Фазнауллерге соққы беріп, Хорасанды алды.



Тогрыл бектің тұсында Кіші Азияға жеткен оғыз түркілердің тыныш өмір сүріп кетуі мүмкін емес-ті. Эрі бұл кез мұсылмандар мен христиандар арасындағы текетірестің дәл осы аймақта өршіген шағы болатын. Селжүк өулетінің маңдайына мұсылман өулетінің Византия христиандарына қарсы құресін басқару міндеті жазылышты.

Тогрыл бек 1063 жылы дүниеден өтіп, оның орнына Алып Арсылан сұлтан болып сайланды. Алып Арсылан 1071 жылы Византия империясының туын жығып, Анадолы жеріндегі бүгінгі Түркия мем-

## ОСМАН СҰЛТАНДЫҒЫ




Осман сұлтандығының гербі

Осман империясы – XIV ғасырдан XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейінгі дәуірде салтанат құрған, әлемдегі ең ірі империялардың бірі. Осман мемлекеті – сонымен қатар, дүние жүзі тарихындағы мемлекеттік құрылымын ең ұзақ мерзімге сақтай алған санауды империялардың бірі. Осман сұлтандығы – Осман өулеті есімімен байланысты шыққан. Осман сұлтандығын қалыптасты-

рудың басында Ертогрұл батыр тұрды. Осман сұлтандығының мемлекеттік құрылымының тұңғыш элементі – бейліктердің пайда болуы осы кезең. Ертогрұл Бей (Осман батырдың әкесі) шамамен 90 жасында қайтыс болған. Осман I Бейлік тағына сайланды. Осман бей өзара қырқысқан бейліктермен араласпай, Византия мемлекетіне көз салады. Осындаі саяси көрегендігі арқасында басқа бейліктерге де басшы болады және Византияға қарсы тұратын бірден-бір құш болады. Осман сұлтандығы тарихы ұзақ VI ғасырда әлемнің жартысын билеген кезі болды, XX ғасырдың басында Осман сұлтандығы әлемдік қоғамдастықтың қатардағы бір мүшесіне айналуга мәжбүр болды. Осман сұлтандығының тарихи мирасқоры болып табылатын Түркия Республикасы орнады.

Ертогрұл – XIII ғасыр-  
дың аяғында Орта Азияға  
келген Оғыз тайпасының  
жетекшісі. Шамамен  
1198 жылы туған, 1281  
жылы қайтыс болған. I  
Османнің әкесі. Түрік  
ақызы бойынша, Ер-  
тогрұл салжүк сұлтанды-  
нан Сегют аймағының  
Солтүстік-Батыс Анадолы  
шекарасынан үлеске жер  
алды. Бұл жер кейіннен  
Осман сұлтандығының  
үйтқысы болды.



Қарс қамалы. Түркия




лекетінің негізін қалады. Кейін бұл мемлекет билігі Селжүқ әулетінен Осман әулетіне көшті. Осман империясы негізінде қазіргі Түрік Республикасы құрылған.

Оғыздар үрпақтары тек Түркияда ғана емес, қазіргі Әзербайжан, Түркменстан, Қазақстан халықтары құрамында сақталып қалған.

Екінші Шығыс Түрік қағандығы 745 жылы ыдыраған соң, қарлықтармен, оғыздармен, т.б. бірге батысқа ығысып, өз алдына қуатты мемлекет құрган түркі тайпаларының бірі – қыпшақтар.

### КЕРЕЙТ ХАНДЫҒЫ

**218** Керейт хандығы (IX – XII ғасырлар) – ежелгі түркі мемлекеттерінің бірі (“Керей” тайпа атауы да, т тунгус, моңголша көптік жалғауы). Керейттер – XI ғасырдың соңғы жартысында алғашқы хандық, билік құргандар. XII ғасырда ұлыс ел деңгейіне көтеріліп, оның Маркүз Бұйрық хан биледі. Керейттер астанасы Қарақорым қаласы болды. Тарихта керейттердің дәуірлеген кезеңі – Уаң хан басқарған тұс. Тәмужин (Шыңғыс хан) 1189 жылы Моңгол әулетінің ханы сайланғанда оны алғаш қолдағандардың бірі осы Уаң хан болды. Керейттер Тәмужин бастаған моңголдармен бірлесіп 1198 жылы татарларды шапса, 1201 жылы Жамуха бастаған Алакай-бұлақ одағына соққы берді. Бірақ керейт – моңгол достығы үзаққа созылмады. Даңқы арта түскен



Түркілер Отаны

Тәмужин керейттерді өз елінің құрамына кіруін талап етті. Бірақ, керейттер бұл пікірді қабылдамады. Сөйтіп, екі жақ 1203 жылы

актық шайқасқа шығып, керейттер женіліп, тарих тұғырынан тайды. Жалпы керейттердің негізгі құрамы қазақ ұлтының құрамында қалды.



Ашина тайпасымен бірге Ұлы Түрк қағандығының тірегі болған қыпшақтар қағандық ыдыраған соң Ертіс бойын жайлап (Қимақ мемлекеті), бірте-бірте Дунай өзеніне дейінгі кең даланы иемденіп, Дешті Қыпшақ мемлекеттік бірлестігін құрды.

Дешті Қыпшақ даласын жайлаған қыпшақтар, Киев Русімен саяси дипломатиялық, экономикалық және өскери қатынастар орнатып, VIII-XIII ғасырларда Еуразиядағы ықпалды күшке айналған. Бұған қазіргі Қара теңіз жағалауында өрістеген сауда-саттықтың қыпшақ тілінде жүргізілгені дәлел бола алады. Шет елдіктерге арнал-

## АЛМАТУ ҚАЛАСЫ

Алмату – орта ғасырлардағы қала орны. Қазіргі Алматы қаласы тұрған жерде орналасқан. Алматудан қалған ескерткіштер XX ғасырдың 40 – 50-жылдарына дейін сақталған. Алматының шетіндегі ауыл – “Тау қыратындағы” қазба жұмысы жүргізілген тәбе үстіне кейін үйлер тұрғызылған. Төбенің солтүстік-батыс қабырғасынан тік бұрышты алаңша қосылған. Қабыргамен қоршалған, бұрыштарында дөңгелек мұнаралары болған. Үстінен жиналған ыдыссынықтары X – XII ғасырларға жатады. Осындағы құрылым орны қазіргі Алматы қаласындағы Ботаника ба-

ғының орнында да болған. Ол жерден 1969 жылы бірнеше құмыралардан, сырлы сапты ыдыстардан тұратын көмбे табылды. Табылған ыдыстар XI – XII ғасырларға жатады. Алматыдағы Шекарашибалар мектебінің территориясында жүргізілген құрылымы жұмыстары кезінде орта ғасыр үстаханасының орны ашылған. Эр жылдардағы қазба жұмыстары кезінде теңгелер табылған. Теңгелердің бір бетіне соғылған жерінің аты көрсетілген. Мұның бері Алмату X – XIV ғасырлар аралығындағы ірі қала орны болғанын дәлелдейді.

Бұзықтөбе – Қазақстан- 219 дағы орта ғасырлардан сақталған көне қала орны. Оңтүстік Қазақстан облысы Шелек ауылының солтүстік-батысында орналасқан. Ертедегі егіншілердің мекені ретінде қалыптастып, VI – VIII ғасырларда қалаға айналған. X ғасыр шамасында Бурук деп аталған. Ортағасырлық автор әл-Мағдисидің жазбаларында қала ірі сауда орталығы болғаны айттылады. XIV ғасырдың соңы мен XV ғасыр деректерінде ол Шелек деген атпен белгілі. Қала тіршілігін XV ғасырдың бірінші жартысында тоқтатқан. Бұзықтөбені алғаш 1951 жылы, кейін 1970 жылы Отырар археологиялық экспедициясы зерттеген. Қазба жұмысы кезінде қаланың I – XV ғасырлар аралығында өмір сургенін білдіретін көптеген археологиялық материалдар: қыш ыдыстар, шыныдан жасалған заттар, теңгелер табылды.



ған “Қыпшақ тілінің сөздігі” (Кодекс кумманикус) жасалатыны да осы кез. Қыпшақ тайпасының билеушілері Киев Русінің, Грузия патшалығының, Арменияның ішкі мемлекеттің істеріне белсене араласып, өз ықпалын жүргізіп отырған. Оңтүстіктегі Хорезм мемлекетін билеуші әulet те қыпшақ тайпасы өкілдерінің үрпақтары болатын.

XIII ғасырда Хинган тауларынан Дунай өзеніне дейінгі ұлы далада Қарахандар (қарлықтар), қыпшақтар, оғыздар билік еткен мемлекеттерден өзге де хандықтар құрылып, көп ұзамай ыдырап кетіп жатты. Олардың қатарында шығыстан бой көтеріп келе жатқан Най-

## НАЙМАН ХАНДЫҒЫ

220



Ертіс өзені

Найман хандығы – (IX – XII ғасырлар) ежелгі түркі мемлекеттің бірі. Найман тайпасы ежелгі заманнан Ертіс өзенінің бас жағындағы таулы өлкені қоныстанған. Олар Ертіс пен Орхон өзендерінің аралығын қоныс еткен түркі тайпаларынан саяси-мемлекеттік бірлестік құрды. Қөрші Хань империясының жазба деректерінде Найман атауы көп кездे-

седі. XII ғасырдың аяғына дейін Найман мемлекетін Инанг Білге Бұқа (Инанг – сенімді, білгі – даңышпан) басқарды. Найманның XII ғасырдың аяғында өмір сүрген ақыны Құба тегін Найман мемлекеті Инанг Білге тұсында гүлденіп өсті деп жырлайды. Олар Инанг Білге билік еткен кезде қидандардан бостандықты жеңіп алды, Инанг Білге өлген соң, Найман ұлысы

екіге бөлінді. Бірін Таян хан, екіншісін Бұйрық хан басқарды. Екеуінің арасындағы саяси дағдарыс Шыңғыс ханның өскер күшінің артуымен тұстас келді. Найман мемлекеті Шыңғыс хан империясының құрамында тарап, Алакөл, Балқаш көлі, Тарбагатай, Жетісу, Есіл, Сырдария, Ұлытау бойына жайыла қоныстанды. Наймандардың негізі қазақ ұлтын құрады.



ман хандығы мен Керейт хандығын атауға болар еді. Алайда бұлар туралы келесі кітабымызда толығырақ өңгімелемекпіз.

Иә, бір кезде біртұтас Түрік қағандығына біріккен ұлы дала XIV ғасырдың басында көзге ойдым-оидым аралдар сияқты елестейтін. Қағанат ыдыраған соң жан-жаққа бытыраған түркі тайпалары дербес мемлекеттерін құрып, шағын шаңырақтары аумағында тірлік кешіп жатты. Бірақ мұндай өлара кезеңнің ұзакқа созылмайтыны белгілі болатын. Тынырсық ауадан бүкіл даланы ұйқы-тұйқы етіп қайта біріктіретін дүлей дауыл лебі сезілетін. Ол дауыл тағы да шығыстан көтеріліп келе жатты.

## КЕТБҰҒА ЖЫРАУ



Кетбұға жырау

Кетбұға – жырау, күйші. Шамамен 1150 жылы дүниеге келіп, 1225 жылы қайтыс болған. Руы – найман, оның ішінде балталы. XIV ғасырда жазылған “Шаджарат өл-атрак” (“Түрік шежіресі”) атты

кітаптағы деректер мен ел аузындағы аңыздар бойынша, Дешті Қыпшақ әмірі – Жошы хан аң аулап жүріп қаза тапқанда, Шыңғыс ханға қаралы хабарды жеткізуғе ешкім батпайды. Сонда Кетбұға бас кетер ауыр міндетті өз мойнына алады. Әуелі: “Теңіз бастан былғанды, кім тұндырар, а, ханым, Терек түптен жығылды, кім тұргызар, а, ханым”, деп Шыңғыс ханды қаралы хабарга әзірлеп алады да, баласы Жошының өлімін күймен естіртеді. “Ақсақ құлан – Жошы хан” күйі осылай туыпты-мыс. Бізге Кетбұғаның осы күйі және күй шығарар алдында айтқан бірнеше жол өлеңі гана жетті. Басқа әдеби

не музыкалық шығармасы сақталмаған.

Алайда үрпақ аузынан ұлы жырау деген атақ алған Кетбұғаның өз кезінде шығармалары халық арасына кең тараган, көшпелілер арасында сөз өнерінің дамуына ерекше ықпал еткен көрнекті тұлға болғандығы байқалады. XIV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың алғашқы ширегінде жасаған Доспамбет жырау Кетбұға биді құрметпен аузына алады, оның сөздерімен өзінің таныстығын билдіреді. Халық өлеңдері мен аңыз өңгімелерде де Кетбұға ел қамқоры, дана ақсақал ретінде бейнеленген. Ол туралы аңыздар көршілес қырығыз халқының фольклорында да бар.

## Пайдаланылған өдебиеттер



1. Медоев А. Наскальные гравюры, А., 1970;
2. Бойс М. Зороастрыйцы. Верование и обычай. М., 1987;
3. Марғұлан Ә. Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер // Ежелгі мәдениет күөлары. А., 1966;
4. Струве В.В. Родина зороастризма. М. 1948;
5. Ницше Ф. Так говорил Заратуштра. А., 1991;
6. “Түркістан”. Халықаралық энциклопедия. А., 2000;
7. Акишев К.А. Курган Иссык. Искусство саков Казахстана. М., 1978;
- 8 Акишев К.А. Искусство и мифология саков. А., 1984;
9. Мурад Аджи. Полынь Половецкого поля. М., 1994;
10. Иностраницев К.А. Хунну и гунну. Л., 1926;
11. Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов. Л., 1951;
12. Гумилев Л.Н. Хунну. Средняя Азия в древние времена. М., 1960;
13. Банаеддин Өгел. Ұлы хұн империясының тарихы. 1 – 2 т., А., 1988;
14. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.–Л., 1951;
15. Стебелева И.В. Поэзия тюрков VI – VIII вв. М., 1965;
16. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. М., 1993;
17. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. А., 1992;
18. Жұртбай Т. Дұлыға, 1 – 2-т., А., 1993.



2000 жылдан бері  
“Аруна” баспасы өзінің  
оқырмандарын көркем суретті,  
полиграфиялық орындалу сапасы жогары,  
мазмұнды кітаптар шығарумен айналысып келеді.  
Бұл баспаның мақсаты – оқырмандарын Қазақстан  
халықтарының тарихы, мәденисті, этнографиясымен,  
халық ауыз әдебиетінің үлгілерімен таныстыру, балалардың  
коркем әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың  
жан-жақты дамуына, білімдерін тереңдетуіне ықпалын тигізу.  
Баспадан жарық көрген кішкентай бүлдірішіндеге арналған  
“Балақай”, мектеп жасындағы балаларға арналған “Сен білесін  
бей?” атты тоғтамалар Қазақстанның түкпір-түкпірінде тұратын  
оқырмандарымыздың сүйікті кітаптарына айналды.  
Сонымен қатар баспа балаларға арнал “Қазақ ертегілерінің  
антологиясын”, 16 томдық Қазақстан балалар энциклопедиясын,  
“Шығыстың ұлы тұлғалары” атты тарихи кітаптарды даярлау  
үстінде.  
Балалар энциклопедиясының “Ежелгі Қазақстан” атты бірінші  
томы, “Қазақ ертегілерінің антологиясына” енген: “Жануарлар  
туралы ертегілер”, “Киял-гажайып ертегілері” жарыққа шықты.  
Сондай-ақ, “Ормандағы оқигалар” ертегілер жинағы да  
оқырмандар қолына тиді.

Бұл туындылар қазақ және орыс тілдерінде балаларға  
түсінікті, жеңіл тілмен жазылған.

“Аруна” баспасы алдағы уақытта да өзінің жас  
оқырмандарын жаңа туындыларымен қуанта  
бермек.



Біздің мекен-жайымыз:  
Қазақстан, 480057, Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 163 а үй; Тел.: 8 (3272) 745-632, 624-532, 426-667  
E-mail: aruna59@mail.ru

# ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН

"Аруна" баспасы "Харрикейн-ШНОС" компанияларының Тобына "Ежелгі Қазақстан" атты Қазақстан балалар энциклопедиясының алғашқы басылымының шығуна көмектескені үшін алғысын білдіреді.

Компанияның демеушілік саясатының құндылығы сол, олар балалар үйымдарына, балаларға арналған баспа өнімдеріне, мерекелік шараларға қол ұшын береді. Соңғы бес жылда Қазақстан саудасына "Харрикейн-ШНОС" компаниялар Тобынан әртүрлі демеушілік және қайырымдылық істеріне 29 млн. АҚШ доллары бөлінді.



Құрастыруыш-авторлар:

Т. Жұмаханов, Т. Шаңбай, Б. Жұматаев, Л. И. Тетенко

Кітаптың дизайнін жасап, көркемдеген

Л. И. Тетенко

Беттеуіші операторы

А. Ауанова

2002 ж. "Аруна" баспасы

Тел: (3272)630-690, факс: 745-949

Бас редакторы

Қ. Байғабылова

Корректоры

Д. Мамырбаева

Мүқаба мен тараулар беттерінің қалыптауы мен дизайні  
"Баур" баспасы/[www.baur.kz](http://www.baur.kz)

Таралымы 10 000. Көтерме бағамен сатып алу мәселесіне байланысты  
"Гүлянда" сауда үйіне хабарласу қажет. Тел.: (3272)325-290, 320-415

Түркия. Стамбул. "Mega Basim" баспаханасында басылып шыққан.

## ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН

**ТАРИХ АТА**

Ежелгі Қазақстан  
Қазақстан хандығы  
Империя құрамында  
Қазақстан Республикасы

**ДҮНИЕТАНЫМ**

Таным  
Дәстүр  
Мәдениет  
Тұрмыс

**АТАМЕКЕН**

Отан  
Жануарлар  
Өсімдіктер  
Қазына

**ТЕХНИКА**

Өнеркәсіп  
Көлік  
Ақпарат  
Фарыш



HURRICANE



ШНОС

ШЫМКЕНТНЕФТЕОРГСИНТЕЗ

қаржылық көмегі арқылы басылып шықты

